

Ораз ҚАУҒАБАЙ

А 2016  
3070к

ӘЗ ТӘУКЕ  
ЖӘНЕ  
ӘЛМЕРЕК

Ораз ҚАУҒАБАЙ

Әз Тәуке және  
Әлмерек

  
**ХАНТӘҚІРІ**  
баспасы

Алматы  
2016

ӘОЖ 121.512.122-5  
КБЖ 84 (5 Қаз)-5  
Қ 36

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және  
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

## **Қ 36 ҚАУҒАБАЙ ОРАЗ.**

### **ӘЗ ТӘУКЕ ЖӘНЕ ӘЛМЕРЕК:**

Ораз Қауғабай. – Алматы: «Хантәңірі», 2016. – 248 б.

ISBN 978-601-03-0333-2

Белгілі қаламгер, танымал қонаевтанушы Ораз Қауғабайдың Әлмерек әлемін зерттеп келе жатқанына 30 жылдан асты. Әз Тәуке хан тұсында белгілі билердің бірі болған, тарихи тұлға туралы жазған «Әлмеректің бес баласы және Еділ-Жайық» кітабы жарыққа шықты. «Әз Тәуке және Әлмерек» деген атпен жаңа тараулармен толықтырылған кітап әйгілі хан мен белгілі бидің арасындағы қарым-қатынасты шынайы баяндайды.

ӘОЖ 121.512.122-5  
КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-03-0333-2

© Қауғабай О., 2016  
© “Хантәңірі” баспасы, 2016

## КІТАПТЫҢ КІРІСПЕ ТАРАУЫ

# ӘЗ ТӘУКЕ ЖӘНЕ ӘЛМЕРЕК ӘЛЕМІ

### Ағайынды Айт-Бозым

Әз-Тәуке хан тұсында Албан тайпасының биі, ғұлама кемеңгері болған Әлмерек жайында Кеңсе Үкіметі кезінде айтылмады. «От ауызды, орақ тілді» би-шешен Тәуелсіздіктен кейін жарыққа шықты. Би бойындағы ерекше қасиетке қатысты: «Ұлы бабам Әлмерек, шын сыйынсаң әл береді» деген дұға тәмсіл ғана халық жадында ұмытылмай сақталды. Өйткені, қазақтың бойындағы «Әруаққа сыйыну, тәу ету ел санасынан өшкен жоқ. Әлмерек өз елінде хан уәзірі дәрежесіне көтерілген Бәйдібек бидің тікелей ұрпағы еді. Албан молдалар шежіресі мұны бұлтартпай дәлелдейді және ұрпақ жалғастығы оның есімін күні бүгінге дейін жаңғыртып тұр. Албан ішінде «Айт-Бозым» дейтін іргелі тайпа бұрыннан атақты еді. Ұлы Шоқан «Жоңғария очерктері» саяхат кітабында жазатын Айт-Бозымнан Әлмеректің тегі шығады. Айтпақшы, Айт пен Бозым ағайынды, бір әке-шешеден туған туыс-бауырлар. Әрқашан екеуі қосарланып айтылып, кейін рулы елге айналады.

1916 жылғы Албан көтерілісі жайында «Қилы заман» атты кітап жазған Мұхтар Әуезовтың шығармасында Айт-Бозым ұрпақтары Әубәкір, Ұзақ және Жақыпберді Әлмеректің зәуаттары болып келеді. Бидің өз әкесі Бозымның ұлы

Жаншық бір аласапыран көш кезінде шешесін тосын толғақ қысып, жаны шығып кете жаздап туғандықтан кейін Жаншық атанады. Бұл кісінің есімі бай, Қызыр шалған кісі ретінде аты аңызға айналады. Әлмеректің түп-тегі мен оның жеке басы жайында аты Алты Алашқа аян Көдек ақын былай деп жазып кеткен:

Бозымнан Сары, Жаншық анық өткен,  
Жаншықты Қызыр атаң шалып өткен,  
Жаншықтан Әлмерек пен Олжай туып,  
Әлмерек батыр болған бағы өктем.

Айт-Бозым туралы айтқанда соғыс шапқыншылық кезінде бір-бірінен айырылып, кейін бірін-бірі іздеген, ағайын-туыс және іні-қарындас арасындағы бауырмалдық оқиға өрбиді. Ағайынды екі жігіттің ортасындағы жалғыз қыз Қарашаш тағдыры өз алдына әңгіме. Туыстық, сүйіспеншілік бауырмалдық өнегесін «Айт-Бозым» Қарашаш оқиғасы дәлелдейді. Өйткені, Әлмеректің бауырмалдығы мен мейірімділігі түп-тегі Айт-Бозымнан басталады. Ағайындар арасындағы алауыздықты болдырмау үшін жанын салған, туыстыққа мейлінше мән берген, мейірімділікті өнеге еткен би текке аз-Әлмерек атанбаса керек.

Тарихи тұлға Әлмерек Төле би, Қазыбек, Әйтеке билер сияқты үш жүзге әйгілі болмасада Жетісуда оған жететін би-әулие, кемеңгер және сәуегей – абыз қыдыр дарыған данагөй жоқ еді.

### **Шонжы қалмақпен шайқас**

Әлмеректің төртінші атасы Сүйменді өте ірі тау тұлғалы, ерең күштің иесі болғаның «ұрпақ тарихы», шежіре-дерегі бізге жалғайды. Сүймендінің алыптылығына және қайрат-күштің мықтылығына байланысты Таубұзар атанған. Әлмеректің тұлға, кескіні төртінші атасы Сүймендіге тартқаны анық байқалады. Құдай-Тағала айырықша жаратқан оның бір ерекшелігі тосын жағдайларда оң қолы мен сол қолы теңеліп, үйлесіп, қатар қимылдап, тез ыңғайланады екен. Жауға шапқанда бір қолына шокпар, бір қолына найза ұстап жекпе-жекке шығатын болған.

Әлмеректің басында бағы жанған ер, кейін жүрек жұтқан

батыр атанғаны бойындағы осы таңғажайып қасиеттен болса керек. Өйткені жігіт кезінде Әлмерек алдымен батырлығымен танылады. Жоңғар қолбасшысы Шонжы қалмақты шоқпар, найзаны қатар ұстап жекпе-жекте өлтіруі оның ерлік даңқын шығарады. Әлмерек жайында кітап жазған, Қытайдағы шежіре, тарихты көп зерттеген Әскер Тойғанбаевтың көркем шығармасында Әлмеректің жауынгерлігі жақсы баяндалады.

Осы жазушының баяндауынша Әлмерек отызға таяғанында Наурызбай батырдың немере қарындасына үйленеді. Дерек, оқиғаларды көнекөз қариялардан, сұңғыла ақсақалдардан естісе керек. Әлмерек қазақтың құда-жекжаттың салты бойынша үш жүзден қалыңдық көріп, жар сүйген. Ұлы жүзден, орта жүзден өзі ұнатқан қыздарды айттырған. Үш некелі болған Әлмеректің үшінші әйелі Рысты Кіші жүздің қызы. Әлмерек ұрпақтары әлі күнге дейін үш жүзді байланыстырып, өрісін кеңейтуде.

Қазақтың хандық дәуіріндегі бірліктің, тайпалар арасындағы ілік- жақындықты және құда-жекжаттық байланысты Албан елінен көруге болады.

Алтай мен Атыраудың, Хантәңірі мен Жайықтың арасында өрмекшінің торындай болып, тамырланып, тұтасқан ұлттық бірлесу кезінде мықты еді. Марқұм Әлкей Марғұлан тұтасып жатқан тайпалық, елдік байланыстың осы ежелгі үрдісін өте жақсы білген. Қазақтың осыншама кең далаға ие болуы тамырланған бірліктің арқасы еді.

### **Бидің Райымбекке берген батасы**

Әлмерек жігіт шағында батыр, жігіт ағасы кезінде жасақ, қол бастаған сардар, кейде дау-жанжалдарға араласқан ақылшы ретінде сол заманның барлық әскери және билік сатыларынан өтеді. Елуге келгенде әр қырынан кемелденіп, Албан тайпасының билігін қолына алады. Сары, Сүйіндік билердің жолын жалғастырады. Әсіресе, Айт Сүйіндік бидің тәрбие, тағылымы, дау шешудегі даралығы мен көрегенділігі көп әсерін тигізеді.

Райымбек батырды тай күнінен танып, қолбасшылықты соған тапсырған Әлмеректің көрегендігі кейін аңызға айналады. «Бала қыранды» бозбала күнінен біліп, тәрбиелеген, әскер өнерін үйретіп, машықтандырған ол

кейін ақ батасын береді. Мұқағали Мақатаевтың Райымбек жөніндегі дастанында Әлмеректің батырға бата берер алдындағы сөзі былай жалғасады:

Ханкелдінің сауытын кигізіңдер,  
Қынан алып қылышын сүйгізіңдер.  
Сырымбеттің туының алдына әкеліп,  
Тәубә еткізіп, басында игізіңдер.

Түбін қуалағанда Мұқағалидың түп нағашылары Айт-Бозым. «Үй жақсысы – ағашынан, жігіт жақсысы – нағашыдан» дейді қазақ. Сондай-ақ Мұқағалидың ұлы аталары Сырымбет, Хангелді, Әлмерек ілік-жақын қарға тамырлы қазақ болғаны шежіреден белгілі. Ел ішінде Әлмерек «би ата», Райымбек «батыр ата» атанған. Райымбектің қандай батыр болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Әз-Әлмеректен бата алғаннан болар Райымбек өте адал, соғыс кезінде түскен олжаны алмайтын, шамасы келгенше ешкімге қиянат жасамайтын рухы таза кісі болған. Сондықтан батыр өмірден өткен соң – әулие атанып кетті. Қазір оның басына келіп, дұға оқып, зиярат ететіндерде есеп жоқ. «Әлмерек – Райымбек» егіз ұғым. Бұл күнде екеуінің кесене, мазары бір өңірде Іле-Алатау алқабында, Аматы шахарында тұр.

Қазіргі Елбасы Нұрекеңнің шешесі перзентке зар болып, Әлмеректен бата алған Райымбектің басына түнеп, Нұрсұлтан атты ұл көргені жалпақ жұртқа белгілі. Райымбектің ар жағында әз-Әлмеректің тылсым рухы тұрғанын ешкім білмейді. Тәңір құдірет сыры ашылмаған жұмбақ. Райымбек Нұрекең шешесінің түсіне кіріп, перзент сүйетінін меңзейді. Бата деген Тәңір тылсымы. Әлмерек бата бергенде батасы орындалатын «батағой баба» деген сирек атқа ие болған көріпкел еді. Қазір Алматыда Әлмерек рухани сауықтыру орталығы бар.

### **Шоған абыз және Сүйіндік**

Қазақтың хандық дәуіріндегі билік құру, үлкен билікке жету және ел билігін ұзақ ұстап тұру ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан. Алты аңызға айналған, 15 жасында билердің жанында жүріп, ел тізгінін ұстаудың кемеңгерлік, көрегендік жолын ұстанған Шоған абыздың даналығы мен қасиеті ел

жадында сақталған. Шоған абыз мейірім шапағаты мол, жоқ-жітікке қамқор, жетім-жесірге пана болған, жатты өзіне санап, жұрт жыртығын жамаған, бірлікті ту еткен данагөй ата атанған зор тұлға. Дін сауатын ашып, Шығыс елдерінің бірінде болған ғұлама шамамен 1550-1618 жылдары өмір сүрген деп топшылайды оның өмірін зерттеушілер. Соғыс, шапқыншылық кезінде бөлшектеніп, тоз-тозы шығып кеткен Албан тайпасын біріктіріп, ел қылудағы оның еңбегі ерен, ақыл-парасаты мол дана екені күні бүгінге дейін ел жүрегінде тұр. Екеуі екі жаққа кетіп, елден адасқан Айт пен Бозымды бозбала кезінде іздеп тауып, туған еліне әкелген осы жарықтық еді. Сондай-ақ, тағдырлары тәлкекке түскен Алжан (Мәмбет), Шажаны (Үмбет) бауырына басып, баласындай тәрбиелеп, соңында бір қауым елге айналдырған Шоған абызды халық пір тұтқан. Сондықтан Әлмерек Шоған өнегесін өсиет етіп, алдымен ел тәрбиеледі. Соңында өзі билік жүргізді.

Әлмеректің билік құрған кезіндегі шешендік сөздері, дау-дамайды тоқтатқан «кеменгерлік кесімдері» ұмытылған. «Бақ-дәулет бірлікте, атқарылған тірлікте», «Ер айналып еліне келеді, Құс айналып көліне келеді» деген сияқты тәмсілдері ғана сақталған. Шоған абыздан кейінгі бір қауым ұлыс елді билеген Сүйіндік би Әлмеректің замандасы. Әлмерек пен Сүйіндік Таубұзар – Сүйменнің ұрпақтары. Сүйіндік қара қылды қақ жарған би әрі «дуан бегі» еді. Тайпа емес бір «дуан-аймақ» елді басқарады. Әсіресе, кісі өлімі, қанды ұрлыққа байланысты қиын қылмыстық дауларды шешуде ол өте зеректілігімен, тапқырлығымен, батырлығымен аты айырықша шыққан. Ұрпақтары қара ормандай өсіп, он атадан асып, соңында «Сүйіндік» атты рулы елге айналады. Бидің өз жекебасы билік көсемдері жөнінде дерек оқиғалар жеткілікті. Билік «қан қасиеті» арқылы оның ұрпақтарына жалғасады. Бұл жерде Сүйіндік ұрпағы Құдайназар бидің ерекше қасиетін айтуға болады. Адал, тазалығына және сәуегейлігіне байланысты ол «әулие ата» атанған. Тегі Сүйіндік Жайнақ батыр жөнінде әңгіме өзалдына. Ұрпақтары оның басына белгі қойып, ауылға Жайнақ деген ат қойды.



## Әлмеректің Әз-Тәуке ханға келуі

Халық данагөйлігіне, көрегендігі мен кемеңгерлігіне және парасат қасиетіне сай Жәңгір ханның ұрпағы Тәукені Әз-Тәуке деп әспеттеп, құрметтегені тарихтан белгілі. Түркістанда өткен бір хан кеңесіне атақты Төле бимен бірге Әлмеректе келіп қатысады. Ұлы жүздің төбе биі Төле атамыз Әлмеректі хан мәслихатына текке әкелмеген ғой. Басында батыр, кейін қол бастаған сардар, соңында аймақ биі Әлмерекке жүктелер мәселені ханға айтса керек. Өйткені, жоңғарлардан азап шегіп, қорлық көрген Жетісу қазақтарының жағдайы мәз емес еді. Шегінген жаудың түбінде қайта шабатыны да ықтимал болатын. Сондықтан алдымен елдің бірлігін, ру, тайпалардың ынтымағын күшейту басты назарда тұрды. Аттандап тұра шабатын, жаугершілік өмірді, көшпенді салтты ұстанатын қазақтарды отырықшылыққа, диханшылыққа және кәсіп жасауға бейімдеудің пайдасы жөнінде әңгіме қозғалады. Үйсіндердің о баста қамал, қала салғаны белгілі. Қару-жарық жасағаны шындық. «Жау жоқ деме, жар астында» деген. Астыртын оқ-дәрі жасау керек. Сөйтіп, ұзаққа созылған соғыстан кейінгі тыныштықты пайдаланып, егіншілік және үй-жай салу, ұсталық кәсіпті жалғастыру сияқты мәселелер жөнінде Әлмерек билерге құлақ қағыс қылады. Оның айтқанын Төле би қолдайды. Өйткені Ташкент маңы, Жаркент өңірі қазақтары ежелден отырықшы, кент-қала тіршілігіне бейім үйсіндердің ұрпағы емес пе.

Алдымен Ташкенттегі, кейін Түркістандағы хандар мен билердің кеңесіне қатысқан Әлмерек дау-жанжал, тартыстарды қойып, халықтың еңбекпен, кәсіппен шұғылданып, саудамен айналысқанын жөн деп табады. Түркістаннан оралғаннан кейін Алатау етегіндегі жазыққа, Іле бойындағы сулы жерлерге егін егіп, диханшылықты жүргізудің жолын көрсетеді. Арық, тоған қаздырады. Әлмерек дәуірінде өмірге келген су құрылысы «Әлмерек тоғаны» сұлбасы қазір Талғар ауданындағы Қызыл Ту өңірінде әлі бар. «Әлмерек қорым-зиратының» күншығыс жағында жатыр. Оның Баба атты баласының ұрпақтары қазған «Баба-тоған» Шелек өңірінде жер-су атауы болып, Әлмерек рухын жаңғыртып тұр.

Қазақ тарихындағы басқа билерден Әлмеректің артықшылығы жасы алпыстан асканда егіншілік пен диханшылықтың пайдасын ұрпақтарына өсиет етуінде. Әлмеректің үй-жай, кент-қыстауы нағыз отырықшылықтың белгісі болып қалған. Орыс отаршылары келгенде бұрынғы Іле өңіріндегі Әлмерек өзені мен Қотырбұлақтың қиылысар тұсындағы оның «мекен-кенті» жермен жексен болып құрыды. Үйсін дәуірінен келе жатқан қорым-зираттағы Әлмерек мазар-қорғаны қырқыншы жылдардың соңына дейін еш бүлінбей тұрған. Қараусыз қалғандықтан кейін құлап, төбешік болып қалды. Ескі мазар орнына 2001 жылы жаңа кесене салынды. Бұл күнде қалаға кірген «Покровка» ауылының күншығыс жағындағы ескі қорымда күмбезі жарқырап Әлмеректің сегіз қырлы кесенесі тұр.

Қазақтың белгілі, атақты билерінің жатқан жері әлі белгісіз. Кейбіреулерінің мүрде-қорымы жайында талас, дау әлі айтылып келеді. Ал, Әлмерек бидің жатқан жері, оның қорым бейіті неге күні бүгінге дейін тұр? Өйткені отырықшылықтың арқасында жатқан жеріне зор қорған тұрғызылды. Басына ай белгісі қойылды. Қырық күнге созылған дұға оқу рәсімі жалғасты. Атына заты сай мазардың жоқ болып кетуі мүмкін емес еді. Рух мен құрылыс үйлесіп, мәңгілік белгі болып қалды.

### Әлмеректің құлағында әңгіме бар

«Алпысқа келгеннен сақал сұра» деген қазақтың даналығында теңдесі жоқ кеменгерлік жатыр. Әлмерек елуден асып, алпысқа иек артқанда ақыл-ойы бұрынғыдан кемелденіп, көрегенділігі одан сайын елді тәнті етеді. Ол абыз атанған тұста оны іздеп келіп, ақыл-кеңес сұрайтындар, бата алып, бақытты болғысы келетіндер көбейеді. Атақты Өтеген батырдың өзі Әлмерек лебізін естіп, сөзін тындауға құштар болады. Кейбір шежіре-деректерде Мүйізді Өтеген батыр арнайы келіп, батагөйден бата алған деген ел аузында тәмсіл әңгіме бар. Әлмерек бата сұрап келгендерге бірден қолын жайып, бет сипап «жолың болсын» деп айтпайды екен. Пәлен айдың пәлен күнінде таңертең не сәске түсте келесің немесе жыл өткізіп, Бейсенбі күні бесін мезгілінде келесің

деп ескертеді екен. Айға қарап Тәңірге сыйынған, жұлдызға қарап жол жүрген Әлмеректің батагөйлік қасиеті ешкімде жоқ тылсым күш еді. Екі көзін жұмып, үшінші «ой көзін» ашып ол болашақты болжап, рухы таза, жаны пәк талай кісіге, батыр бағланға, тіпті, кожа-молдалардың өзіне бата берген «баба-батагөй» өз заманының шын көріпкелі еді. Аян беріп, сыбырлаушы оның періштелеріне байланысты «Әлмеректің құлағында әңгіме бар» деген сәуегейлік нақыл қалған. Асыра айту емес шежіре шындығы осылай. Әлмерек әулиемашайықтар, софы-сәуегейлер, молда-хазіреттер жатқан Түркістанға жылына екі рет барып, Алла Тағалаға мінажат еткен, кейін өзі оңаша дұға оқып, «тылсым дүниемен» байланысқа түскені жұмбақ, ашылмайтын құпиясы бар, мұғжиза дарыған кісі болғанын діни деректер дәлелдейді. Ол жасы тоқсаннан асып өмірден озарына аз қалғанда бес баласына өсиет сөзін айтады.

Әлмеректің тікелей ұрпағы, Нострадамус атындағы халықаралық көріпкелдік сыйлықтың лауреаты, емші-шипипагер марқұм Ермек Мырзагелдиев түсінде Әлмеректі көріп, оның асатаяғын өңінде жасатып, емшілік жолға түскен болатын. Ғылым сәуегейлікті, көріпкелдікті жоққа шығармайды. Нағыз экстрасенстердің қасиетін теледидар қазір көзге ұрып көрсетіп жатыр. Қазақтың сана-рухында, бой-тұлғасында, жүрек рухында ежелден бар Тәңірлік ілімнің көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін таңғажайыбы Әлмерекке тосын қонған.

Қазір Америка ғалымдары Тәңірлік ілімнің ұмытылған рух күштерін жаңғыртып, әлемді телепатия арқылы бақылаудың құпия жолдарын ойластыруда. Біз сияқты жері көп, байлығы ұшан-теңіз, бірақ халқы аз халық үшін «Әлмерек тылсым әлемін» зерттеп, кемелдену қажет.

Әлмерек ұрпағы Ермек бойындағы қасиетті зерттеп, онымен жиі әңгімелесіп, таңғажайыбының сыйқыр күшіне көзім жетіп, қалай түсіндірсем деп жүргенде ол кенеттен өмірден озды. «Әлмерек-әлемі» тылсым құдіретін өзімен бірге алып кетті. Өкініштісі осы.

### Бидің махаббаты

Ұлы адамдар және әйгілі данышпандар мен патшалар туралы әңгіме болғанда олардың «махаббат әлемі» де қағыс қалмайды. Бұған Мұхаммед пайғамбардан бастап толып жатқан даналардың әйелдерге деген махаббат, сүйіспеншілігін тілге тиек етуге болады. Қазақтың ежелгі неке салтын ұстанып, үйленген әулие махаббатта бақытты болды. Үш некелі болған Әлмерек көзінің тірісінде оншақты ұлға әке болып, немере сүйді, шөпшегін көрді. Жәнібек, Құрман, Баба, Тоқан, Қаракісі, Еділ-Жайық және Жұмықтан тараған оның ұрпақтары қазір өзара қыз алысатын бір тайпа елге айналып, Алматы облысының бес ауданында өмір сүріп жатыр. Әлмеректен тараған қалың қауым ел бір дуан-ұлыс десек артық болмас. Ал, Қытайда Құлжа, Текес өңірінде Әлмерек ұрпақтары тағы біраз бар. «Айт-Бозымдар» Австралияда жүр. АҚШ-та, Сауд-Арабиясында бар.

Әлмеректі өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұртына қарап, оның үш жүзге ортақ текті тұлға екенін білеміз. Алғашқы әйелі Ұлы жүз Шапырашты елінен. Көркем шығармада оның аты Зәуре. Екінші қалыңдығы Найман Қабанбай батырға бір ілік жақындығы бар сұлу. Ұрпақтары оның атын Күлжамал дейді. Ал, ең сүйікті, ақылына көркі сай, өзінен көп жас кіші жұбайы Рысты Еділ-Жайық жақтан келген кіші жүздің қызы. Әйтеке бидің руынан шыққан қас арудың Әлмеректі таңдауы аңызға айналған шын оқиға.

Әлмерек елуден асқанда оған жағдайын айтып, көмек сұрайтындар, дау-жанжалға байланысты жүгінуге келетіндер көбейеді. Зарын айтып, жоқ-жітік, жетім-жесірлер босағасында жатады. Өйткені оның мейір, шапағаты тимеген елде адам болмаса керек. Бірде кеш құрым төбе басында отырғанда екі жігіт асығыс-үсігіс келіп, Әлмерекке тек сәлем беріп, аты-жөндерін айтпай кетіп қалады.

Ертеңінде әлгі екеуі тағы келеді. Бұл жолы асықпай, аптықпай өздерінің кім екендерін айтады. Біреуі еркекше киініп алған, еркекшора бойжеткен екен. Әңгімені қыз бастайды. «Ата мен бір байдың еркекшора болып өскен жалғыз қызы едім. Бала кезімізде ойнап жүргенде мына жігітті ұнатып, оған бойжеткенде көңілім ауды. Сөйтіп жүргенде

әкем мені қатыны өлген шалға бермекші болды. Бұған мен келіспей жанымда отырған сүйген жігітіммен қашуды жөн көріп, сонау Еділ-Жайық жақтан Жетісу жеріне жетіп, сіздің ақылгөй елағасы екендігіңізді естіп, кеше жай сәлем беруге келдік. «Түсі игіден түңілме» деген бізге қандай ақыл-кеңес бересіз» дейді. Сонда Әлмерек тұрып, «бірге жүріп, бірге түнегендеріңе қанша болды» дейді. «Айдан асып кетті» дейді жігіт бидің нені тұспалдап тұрғанын сезіп. Әлмерек аз ойланып отырып, «мен екеуіңді үйлендіріп, некелеріңді қидырып, той жасап, жеке отау етіп, жағдайларыңды жасаймын. Інім, сен жылқы бағасың, қызым сен түнде қой күзетесің» дейді. Ғашықтар бұған келісіп, қатты қуанып, жігіт Әлмерекке «өкіл бала», қыз келін болады. Ғашықтар тағдыры қашанда қасіретпен аяқталады ғой. Арада көп өтпей жігіт тосын дүние салады. Әлмеректің үйлі-баранды болған бес баласы жесір келіншекке таласып, соңында жағдай ушығады. Бірде өте ақылды сезгір бәйбішесі келінің көңілі сенде, қой күзетіне барғанда ол сырын айтты. Балалардың біріне шықса олар бір-біріне өшігіп, соңында жауласып, әулеттің берекесі кетеді. Сондықтан Рыстыны өзің алғаның жөн. Оның көңілі сенде» - дейді. Әлмерек бұған келісіп, «келінді» өзі алады. Әлмеректен Рысты екі ұл туады. Аттарын Еділ, Жайық деп қояды. Рыстының төркін жұрты сол жақта болғандықтан осылай ырымдап ат қойды. Кейін тағы бір бала дүниеге келеді.

Әлмерек өміріндегі «Еділ-Жайық» махаббат оқиғасы абыздың жатты өзіне санаған, бейтанысты бала қылған, бейшараны демеген, жесірді жебеген, қазақы кемеңгерліктің және ерекше мейір шапағаттың үлгісін паш етеді. «Еділ-Жайық» оқиғасына байланысты бұл хикаяның әртүрлі нұсқасы бар. Шындыққа жанасатыны осы нұсқа.

Алматы облысы, Жылсай ауылында тұратын Жайықтың жетінші ұрпағы ұстаз Болат Әбікенұлы Рысты ана жөнінде былай толғанады:

Анамыз Жайық жақтан келіпті ғой,  
Әлмеректің құшағына еніпті ғой.  
Тілегін анамыздың қабыл қылып,  
Жаратқан екі бала беріпті ғой.

Әулие махаббаты, оның сүйіспеншілігі, ұрпақтарының ұлағаты осылай ұмытылмас аңызға айналған.

### Жау жайратқан Жәнібек

Әлмеректің тұңғыш ұлы Жәнібек әкесі сияқты батыр болып туылып, ол да жаумен шайқасады. Райымбек жасағында жан беріп, жаналысқан соғыста жүреді.

«Жәнібек тұңғышы еді Әлмеректің,

Қайтпаған алған беттен, айтқан серттен» деген жыр жолдары оның ержүрек екенін айтқызбай дәлелдеп тұр. Ол кезде қараға қыз бермейтін бір ханның қызына батыр тосын үйленеді. Бұл өзі өте қызық, болған оқиға және ұрпақтары арқылы әлі жалғасып келеді.

...Жәнібек, оның екі інісі Баба мен Құрман жорықтан келе жатады. Іле бойындағы ну тоғай қонысқа келіп, аттан түсіп, демалғылары келеді. Бір қалың жынысты орман, топ торалғының жанында тұрған ертоқымы күмістелген екі арғымақты көреді. Кенет сауыт киген, бес қаруы сай екі ержігіт шыға келеді. Біреуі жалма-жан шапшаң қимылдап, серігін тастап, атына мініп, жын ұрғандай қаша жөнеледі. Ол әлгі бейтаныс Әлмеректің үш ұлын жол торыған қаракшылар деп ойласа керек. Қалған серігі «сенің қоянжүрек қорқақ екенінді білмедім ғой» деп беліндегі қанжарын алып, жерге қадап, ыза-ашудан өзіне келе алмай теңселіп, әрі-сәрі болып, қапаланады. Жәнібек «сен не қылған жансың. Жүріс-тұрысын ер адамға ұқсамайды. Өзің әйел сияқтысың» дейді. Сонда бейтаныс «Мен әйел емеспін» деп қасарысады. Сонда Жәнібек «Кеудендегі киімінді шеш. Әйтпесе, басынды қағып түсіремін» деп қолына қылышын алады. «Иә, батыр мен әйел емеспін, қыз-бойжеткенмін. Керек десең ханның қызымын. Жаңағы қашып кеткен серігім ханның жылқышысы еді. Ордадағы бір жағдайға байланысты жылқышымен көңіл қосып, қашып келе жатқанда сен кезіктің. Қытай асып кетпекші болғанбыз. Сен түр-тұлғаң келіскен батыр екенсің. Мен саған құдай кезіктірген олжа болып тұрмын. Мені тастамай өзіңмен бірге ала кет. Сенген серігім сенен қорқып тастап кетті» дейді. Сөйтіп, Жәнібек екі бауырымен бірге хан қызын алып, үйіне келеді. Әлмерек қыздан аты-жөнін, сұрап, әкесінің қай хан екенін білгісі келеді. «Мен еш нәрсе

айтпаймын. Егер оқиғаны айтып, мұны ашулы әкем естісе балаңыздың басы кетеді» деп қысқа қайырады. Әлмерек одан әрі қазбаламай батасын беріп, той жасап, некесін қиып, ұлын олжа «хан қызына» үйлендіреді. Үйленерде Жәнібекке қыз мынадай шарт қояды: «Менің тегімді сұрап тергемейсің. Мен жалғыз қалғанда баса-көктеп кірмейсің, рұқсат сұрайсың» деп тағы да бір нәрселерді есіне салады. Көп өтпей Жәнібектің әйелі босанады. Ұл туады. Атын азан шақырып, ақсақалдар «Байсейт» деп қояды. Әлмеректің атақты немересі Байсейт батыр осылай дүниеге келеді. Райымбек жасағында қасық қаны қалғанша соғысатын Байсейт те ел есінде ерекше қалған. Батыр ұрпақтары рулы елге айналып, қазір өздерін «біз Байсейтпіз» дейді. Байсейт ауылы Әлмеректің осы ұрпағының атымен аталады.

Әлмеректің тұңғышы Жәнібек батыр қырық жасында бір қырғын соғыста қаза табады.

Жәнібек ұрпағы Ермек Мырзакелді Әлмерек қорым-сайында жатқан батыр бабасына бұдан үш-төрт жыл бұрын белгі қойды.

Түп нағашылары қазақтың бір белгілі ханының қызы болғандықтан Байсейт ұрпақтары кейде өздерін «хан тұқымымыз» деп айтқанды жақсы көреді.

«Шетінен мерген, шешен, күшті палуан,

Адам жоқ өнеріне табынбаған.

Бір кезде «хан тұқымы» атанып ек,

Ауылға беталды адам бара алмаған» деп боздақ, ұлт бостандығы үшін шәйт болған Әуезхан ақын текке жырламаса керек. Жәнібек ұрпағы, Әлмерек зәузаты Әуезхан отызыншы жылдары Қытайда атылады.

Хан қызына үйленген, жау қолынан өлген, керемет мерген, жүрек жұтқан, батыр Жәнібектің бұл әйелімен махаббаты аңыз оқиғамен аяқталады. Қайқайып жүруіне байланысты «Қайқы-Ана» атанған хан қызы өмірінің соңында «пері иектеп» бір күні зым-зия жоқ болады. «Оны перілер алып кетті» деген аңыз қалады. Бұл тылсым оқиға, аңыз-хикая. Түйіп айтқанда сертті бұзғаны үшін Жәнібекке ренжіп, бір күні көзден ғайып болады. Өкініштісі, сол Қайқы-Ананың қай ханның қызы екені белгісіз және о бастағы шын аты да беймәлім. Осы жерде Әлмеректің «хан құдасы» кім деген сауал туады. Бұл да әлі жұмбағы ашылмаған тарих тәмсілі.

### Әлмеректің ақ туы

Іле ауданының орталығы Өтеген кентіне онша алыс емес жерде Әлмеректің аспан түстес сегіз қырлы кесенесі күнбіз-түні көз арбайды. Әсіресе, түнде керемет. Самаладай жарық көктегі жұлдыздармен шағылысып, мұнда келгендер онда тылсым әлем ішінде жүргендей сезінеді. Мәңгілік нұр мен сәуле көктен құйылып тұрғандай...

Бірде, өзі шешен сөйлейтін уағыз айтқанда мүдірмейтін, бірнеше рет қажылыққа барған діндар Мұхаммед пайғамбар туралы толғап, соңында ойын тежеп, неге екені белгісіз Әлмеректің әйгілі ұрпағы Мұсылманбай жайында жан-тәнімен беріле сөйледі. Оның Әлмеректің ақ туын көтеріп, жауға шапқаны күллі қазаққа аян еді. Қытайға елшілікке барғанда белгілі италияндық суретші (1758 ж.) Мұсылманбайдың серіктерімен суретін салған.

Батыр жайында әңгіме неге әулие басында діндардың уағызына арқау болды. Мәселе осында. Мұсылманбай мұсылмандықты өте қатты ұстаған. Сондықтан, Алла-Тағала сүйікті құлының даңқын мәңгі етіп тарихта қалдырған. Мұсылманбайдың даналығы мен кие-қасиеті жөнінде Қытай мұрағатын зерттеп, ондағы шежіре қарттардың, сұңғыла даналардың және сөз бастағанда «астапыралла» деп айтпайтын молда-қарилардың дерегі негізінде «Қайран елім» атты тарихи деректі роман жазған Әскер Тойғанбекұлының кітабында біраз айтылады. Бұл өзалдына ұзақ әңгіме.

Енді Әлмеректің туажаты Мұсылманбайдың бір италян суретшісінің картинасына арқау болуының сыр-жұмбағын топшалайық. Картинада алдымен жал-құйрығы төгілген ақбоз ат көрінеді. Бұл атақты «Манас» жырында жиі айтылатын. «Албан – күліктің» өзі. Мыңжылқы тауының етегінде Қарқара жайлауы «Албан күліктердің» өмірге келген жері. Шамасы бұдан 2000 жыл бұрын бұл өлкедегі Албандардың сәйгүліктері мен тұлпарлары «Албан күлік» атанып әлемге әйгілі болған. «Манас» жырындағы деректер мұны бұлтартпай дәлелдейді. Яғни, Үйсін – Албан дәуірінен жалғасқан жылқының асыл тұқымы отызыншы жылдарға дейін келіп, кейін құрыды. Бұрынғы Кеген қазіргі Райымбек



ауданында ұйымдастырылған «Қарқара» жылқы заводының ақ боз асыл тұқымды айғырлары отызыншы жылдардың ортасында көрші елге кетіп қалған. Тұқымы екі-үш мың жылға жалғасқан «Албан күлік» аттың бірін Мұсылманбайдың шөбересі Жақыпберді батыр мініп, отызыншы жылдары Қызылдарға қарсы соғысып, кейін Қытайға барғанда тұлпары өзіне сор болып, оның ұсталуына себеп болған. Мұсылманбай Қытай патшасына сыйлаған (суреттегі) сәйгүліктің «Албан күлік» екенінде дау жоқ. Жүз жасаған Мұсылманбайдың бір өзінде бес мың жылқы болған. Оның жартысынан көбі жорға, ұшқан құс, жүгірген аңға жететін тұлпарлар болғанын сардар ұрпақтары кезінде аңыз қылып айтатын еді. Үйсін-Албан дәуірінен тұқымдары жалғасып келе жатқан сәйгүліктердің тұқымы кейін құрыды.

Жылқы қазақтың әлі жазылмаған тарихы, шежіре-дерегі, мәдениеті, тіпті, рухани әлеміндегі тірі дерек екенін қазір зерттеушілер айта бастады.

Атақты картинада сәйгүліктің жанында қызыл шапаны, кара бөркі бар, жас шамасы қырық-елуге келген, сақалды кісі тұр. Бұл шамасы Мұсылманбай (Пұсырман). Өйткені, оның бойы топ ішінде бәрінен сұңғақ тұр. Қараған кісе белдігіне назар аударады. Осы жерде өзім куә бір таңғажайыпты айтсам бұған біреулердің сенбеуі мүмкін. Жаңылмасам 1989 жылы қыста Мұсылманбайдың тікелей ұрпағы, Қытайда оқыған Райымбек ауданы, Шырғанақ ауылында тұратын сауатты, шежіреге сұңғыла Нөкербай аға маған жүз жасаған әулие Мұсылманбайдың кісе белдігін көрсеткен еді. Әруағы жебеп-желеп жүрсін деп. Өйткені, мен мұсылманбайдың ұрпағы кеңес үкіметіне қарсы оқ атқан батыр, асқан мерген Жақыпберді жайында жазамын деп, жазаланып кете жаздағанмын. Бағыма қарай 1991 жылы тамыз бүлігі болып, Кеңес Үкіметі құлап, Құдай өзі пәледен құтқарған болатын.

Суреттегі кісінің буынған белдігі сол мен көрген жалпақ қара қайыс белдікті көз алдыма әкелді. Адам айтса сенгісіз таңғажайып оқиға. Бұдан ширек ғасыр бұрын Мұсылманбайдан қалған тәбәрік кісе белдікті ұстаған мен суретші салған сол кездегі сардардың суретін көріп, тылсым тарихты жазуға мәжбүр болдым.

Аталған картинада Аспанасты патшасы алдында

жайбарақат, иіліп-бүгілмей Мұсылманбай тұр. Көк шапан, қызыл бөрік киген жас жігіт сәйгүліктің (Албан күлік) шылбырын ұстап, бүктүсіп жерде жатыр. «Қайран, ақбоз тұлпар жатқа кеттің бе?» деп жылап жатқан сияқты... Картинада Үйсін-Албан елінің нағашы «хан тұқымынан» тараған Мұсылманбайдың (сардар) бейнесі оның сол кісі екенін дәлелдеп тұр.

Алыптығына байланысты Таубұзар атанған Сүйменді батырдың ұрпағы Мұсылманбай жорықта жүріп, кеш үйленеді. Оның сексен жасында отыздағы қырғыз батыры Тоқтарбайды жекпе-жекте құлатып, соңында оны өлтіруі аңызға айналған. Тоқтарбай өлген жер күні бүгінге дейін «Тоқтарбай сайы» аталады.

- Албанда батыр бар ма Пұсырмандай,  
Демінен сайдың тасын ұшырғандай.  
Руы Әлмеректің Жәнібегі,  
Байсейт өзі әкесі ер Қонысбай.

- деп Омар Қиқым жырлағандай Мұсылманбай (Пұсырман) әлі зерттелмей жатқан тарихи тұлға. Қазақ хандық мемлекетінің 550 жылдығы аясында оның аты жаңғыруы керек. Әлмерек-Жәнібектің ұрпағы батырлығы өзалдына – жомарт қайырымдылығымен де даңқы алысқа кеткен.

\*\*\*

Қазақтың хандық мемлекетінің тарихын терең зерттеп, нақты, шынайы деректер арқылы өте құнды еңбек жазған жазушы Мұхтар Мағауин екенін көбіміз білмейміз. 1995 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақ тарихының әліппесі» атты деректі толғам» кітабын өзім жиі оқимын. Осы кітаптың бір тарауында әз-Тәуке хан жөнінде айтылады. Мұхаң тарихта дана хан атанған әз-Тәуке жайында былай толғайды: «әз-Тәуке билікке бейбіт күнде келді. Жері байтақ, халқы мол, іргелі ұлыстың тізгінін алды. Бірлігі берік, берекесі зор, кеудесі жоғары, Алаш қауымының ежелгі тағына отырды. Ұлттық дәстүрі қалыптасқан заң жүйесі бар, айбарлы жұртқа ие болды» деп оның тарихтағы орнына тоқталады. Атақты «Жеті жарғы» әз-Тәуке хан тұсында жетілдіріліп, ел билеудің, басқарудың ізгі-имани үрдістері қалыптаса

бастады. Әлмеректің Албан еліне отыз жыл би болып, билік тізгінін ұстауы осы дана ханның тақта отырған заманында жалғасқанын жоғарыда айттық. Сондықтан Әлмерек көне көздердің, ақын-жыраулардың айтуларына кей кездері «әз-Тәукенің замандасы әз-Әлмерек» деп те әспеттелген екен. Қытайдағы қазақ зрттеушілері мен қаламгерлері, сұңғыла шежірешілері әз-Тәуке мен әз-Әлмерек арасындағы қарым-қатынасты көбірек қаузап, хан мен би арасындағы ел билеуге байланысты ойларының үйлескенін меңзейді. Әрине, Әлмерек әз-Тәукенің үнемі қасынан табылатын Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би сияқты әйгілі болған жоқ. Ол хан дәрежесіндегі Үйсін Төлебидің оң қолы, сол дана кісі арқылы ханға жақындаған ақылман еді.

Жетісудан алғаш Түркістандағы «хан кеңесіне» келгенде ол әңгімесін былай бастайды: «Қазақтың үш жүзі – ошақтың үш бұты сияқты. Егер біреуі сынса қазан төнкеріледі, ас төгіледі. Үш жүздің бірі қия тартса, күллі қазақ бүлінеді. Хан ием, «Бақ-дәулет бірлікте, атқарылған тірлікте» деп жиі айтатын нақылын мұнда тағы қайталайды. Бірлікті ту етіп көтерген Әлмеректің Албан елінде билік құрған кезінде дау-дамай, барымта, жер дауы, жесір дауы сияқты сол кездің қоғамдық қайшылықтары бәсеңсиді. Ел тыныштығын ойлағаны соншалық - қазақ пен қырғыз арасындағы қақтығыстың алдын алу үшін бір ұлын «антқа байлап» құрбандыққа шала жаздайды. Шоған абыздан кейін Албан елінде, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман осы Әлмерек бидің тұсында болады.

Алатаудың сілемдерінде (Жамбыл ауданы) «Әлмерек тау», «Тәуке жайлауы» деген жер-су аттары бар. Жайлауда би мен хан кездескен жерлер кейін осылай аталып кетсе керек. Жазба деректер бойынша көшіп-қонып жүретін хан ордалары мен би ордалары (Тәуке, Әлмерек) бір жылдары Алатау жайлауларын жайласа керек. Әлмерек тек қана ел тыныштығын ойлаған жоқ. Кенеттен ықтимал жау шабуылы болып қалуы мүмкін деген оймен ара-тұра қорғаныс істеріне де көңіл бөлген. Кері қайтқан қалмақтар қайта шабуыл жасаса оларды Іле өзенінен өткізбеу үшін қамал қорғандар тұрғызуды ойластырады.

Жетпісінші жылдары Іле өзені буылып, Қапшағай су

қоймасының құрылысы кезінде Әлмерек тұсында салынған көптеген жер үйлер, тас қоралар, күмбез, қорғандар, арық-атыздар жоғалып, су астында қалды.

Әлмеректің ұсталықты, егіншілік және зығыр өсіріп, одан май шығаратын кәсіпті меңгеруді нұсқаған және оны ұрпақтарына, еліне өсиет еткен даналығы әлі зерттелген жоқ.

Ешбір ханда, батырда, биде жоқ сәндік гаухартас Әлмеректе болған. Әлмеректің ұрпақтары арқылы жалғасқан гаухартас жайында осы жолдардың авторы кезінде «Гаухартастың сәулесі» атты эссе-мақала жазған болатын. Гаухартас тек патшаларда болған. Ал, би ұстаған құран 2015 жылы табылды. Әлмеректің алтын аса таяғы жөнінде Ермек Мырзақелді көп айтушы еді. Ол Әлмеректің Құран аяты жазылған «ақ туының» символикалық нұсқасын жасатты. Өмірінің соңында әулие атанған Әлмеректе тайқазан және «жорық қазаны» болған. Жігіт-батыр кезінде жорыққа шыққанда алып жүретін кішкене қазанның ошағы (қара ошақ) Жылсай ауылындағы бабаның бір ұрпағының үйінде әлі сақтаулы тұр.

Әз-Тәуке хан тұсында Әлмеректің тұңғышы Жәнібек жекпе-жекте өледі. Әкесі жатқан жерге кейін белгі қойылды. Әлмерек кесенесі тұрған қорым-зиратта қазір оның біраз ұрпақтары жатыр.

Осы жолдардың авторы Әлмерек жайында өткен ғасырдың сексенінші жылдары дерек жинап жаза бастаған. Өкініштісі, кезінде жарияланбады. Кеңестік саясат батырлар мен билер туралы жазуға тиым салды. Сөйтіп, Әлмерек жайындағы кітап 2001 жылы жарық көрді. Оқырмандар сұранысы бойынша толықтырылып 2014 жылы екінші рет жарыққа шықты.

Алғашқы кітаптың сүйінші данасының бірін мен Мұхтар Мағауинге сыйлаған едім. 1997 жылы Мұханды Әлмерек еліне әкеліп, біраз бидің ұрпақтарымен кездестіріп, Қарқара, Шырғанақ, Көктөбе жайлауларында саяхаттап, сайрандағанымыз бар.

Қазақ хандары жөніндегі деректі толғамында әз-Тәуке хан жайында айырықша айтатын Мұхтар Мағауин Әлмерек жайында алғаш менің жазғандарымды оқып, риза болған еді. Ол кезде Мұхаң «Жұлдыз» журналының бас редакторы

болатын. Әлмеректің өзіне тартқан батыр ұрпақтары Тазабек, Сауырық, Әубәкір, Сұлтанбек, Жақыпберді және Шалтабай ақын туралы «Жұлдызда» көп жарияланды. Авторы өзім болатынымын. Мұхаң «сен әулиенің ұрпағысың» деп әзілдейтін. Әлмерек тақырыбына байланысты, Д.Қонаев әлеміне қатысты мені қанаттандырған Мұхаң болатын.

Әлмерек жайында кітап жазылды, Қор құрылды, кесене тұрғызылды, мешіт, ауылдың аты берілді. Енді, ол кісіге ескерткіш орнату жөнінде мәселе көтерілуде. Райымбек ауданының орталығы Кегенде бас қосқан елдің біраз зиялы қауымы жақында ескерткішті қолға алу жөнінде кеңесіп, жұмысшы табын құрды. Мүсінші, ескерткіштің жобанұсқасын көрсетті.

### **Орыстар дұға оқиды**

Әлмерек кесенесі тұрған жерге қазір Қазақстанның әр түкпірінен келіп, тәу ететін, зиярат жасайтын пенделерде есеп жоқ. Оларды неге екені белгісіз – бір құдіретті күш мұнда әкеліп, еріксіз Құдайға құлшылық еткізеді. Биылғы Ораза айында Ислам дінін қабылдаған бір қауым орыс әйелеректері келіп, бала-шағаларымен осында Тәңірге тәу етті. Құран жазуы жазылған тасқа қолдарын қойып, Құдайға сыйынып, әулие рухынан жақсылық тіледі. Әрине, Ислам діні сүннет парыздары бойынша. Ұзын көйлек киіп, ақ жаулық таққан мұсылман орыстардың Ислам дінін ұстауында діннің қасиеті жатыр. Олар мұнда Алла-Тағаланы көрмеседі, оның сүйікті құлы, әулие-кемеңгердің қасиетін көріп, жаратқан иеге жалынады. Жақсылық тілеп, Тәңірге табынады. Қазақтың «Құдай қолда, әруақ онда» деген ежелгі даналығында бір тылсым күш жатқанын иманы бар пенделер біледі. Ислам дінін қабылдап, Әлмерек басына зиярат етуге келгендер Құдайдың бар екеніне кәміл сенетіндер болса керек.

\*\*\*

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бала кезінде әулие басына келіп, бұлағынан су ішкен. Ал, әкесі Меңдіахмет қария дұға оқығанда әйгілі әулиелердің қатарында тұрған Әлмеректің те атын атап, үнемі есінде ұстаған. Баласы Димашқа әулие

қасиеттерін әрқашан әңгімелеп, зерде санасына сіңірген әр дұға ғибадатында әулие атын айтып, Алла-Тағалаға мінажат еткен Меңдіахмет қарияның рухына қазір ондағы шырақшылар дұға оқиды.

Мекең ұлы Дінмұхамедті әулие басына қалай, қашан әкелгені жөніндегі шынайы деректі еске алсақ артық болмас.

1921 жылы Әлмерек жазығында (қазіргі Әлмерек ауылы тұрған) діндарлар жиылып тасаттық берген жерге үлкендерге сәлем берсін деп тоғыз жасар ұлы Димашты ертіп келеді. Тасаттық діни жоралғысы біткен соң, осы маңға жақын Әлмеректің қорған-мазарына келіп, дұға оқиды. Өзімен бірге келген баласына «Мынау, елі Албан-Ата Әлмерек деген атақты, өзі ерекше қасиетті кісінің мазары» деп абыз жайында әңгімелейді. Күн ыстық болғандықтан мазардың төменгі жағындағы бұлақтардан екеуі су ішеді. Бұл оқиға бала Димаштың есінде ерекше сақталып қалады. Жұлдызы жанған жетпісінші жылдары Жетісу жеріндегі шежіретарихты, қасиетті адамдар жатқан қорым-зираттарды және белгілі молда, сопылардың өмір-өнегесін жақсы білетін Димекең ақын-жазушыларға, өзінің мұсылманша оқыған достарына Әлмерек жайында «сыбырлап» айтып жүреді. Жазушылар Одағында болған бір жиында шай ішу кезінде Димекең өзіне қызмет етіп жүрген қазіргі белгілі қаламгер Тұрсын Жұртбайдан қайда тұратынын сұрайды. **«Аға, мен Алматының шетіндегі Гагарин кентінде тұрамын»** дейді. **«Қарағым, ол жердің байырғы аты Әлмерек болатын. Кейін Гагарин болып осылай өзгерді»** дейді. Бірақ, толық ешнәрсе айтпайды. Жер-судың байырғы қазақша аттарын біліп жүр дегенді меңзейді. Ол кезде жас жігіт Тұрсын Әлмеректің басына бала кезінде «үлкен кісінің» келгенін кайдан білсін.

Әлмерек би батырдың өмірі мен өнегесі, ерлігі мен тағылымы жөнінде және оның атамекеніндегі жер-судың қасиеті жайында Димекең өте көп білген. Бұл жайында Әлмерек елі азаматтары белгілі қоғам қайраткерлері Әріпбай Алыбаевқа, Заманбек Батталхановқа және қазір көзі тірі Кеңес Аухадиевке Димекеңнің әңгімелеп жүретіні рас еді. **Жетпісінші жылдардың соңында Тұрсын Гагарин кентінің бұрын Әлмерек атанғанына байланысты Димекеңнен**

естігенін курстасы әрі жақын досы, Әлмеректің тікелей ұрпағы айтыс ақыны Айтуған Шайымға айтады. Ел ішінде көп жүретін ақын мұны жалпақ жұртқа жаяды. Кеген, Нарынқолдағы абыз ұрпақтары естиді. Сөйтіп, Димекең айтқан дерек бойынша Әлмеректің жатқан жері анық белгілі болып, кейін ескі қорған-мазарына келіп дұға оқушылар көбейді.

Бірінші тарау

# ӘЗ-ӘЛМЕРЕК





## БАТЫР БАБА БАЕЫЖДА

### АТА АЯНЫ

**Б**ұдан екі-үш жыл бұрын Оңтүстік астананың Біргесіндегі Покровка ауылында осындағы ел-жұртты қайран қалдырған бір оқиға болды. Түркіменстаннан көшіп келген Мұхаммедқали Нәбиұлы деген кісінің немересі шетінеп, “бала-періштені” осындағы “Әлмерек қорым” сайындағы зиратқа қойған атасы арада аз уақыт өтпей, бір елес-түстен айыға алмай қиналады. Таң алдында судың аржағында жатқан бейіт-төбешіктен бір адамның бес салалы саусағы көрініп, қолдың жарығы төңірекке сәуле шашады. Бірнеше рет қайталанған бұл “түс-құбылысты” зайыбы Қымбатқа ғана айтып, аталары Меккеге қажылыққа барған, діндар Мұхан: “Мұнда бір қасиетті адам жатыр. Құрбандық шалып, дұға оқу керек болар”, - дейді бәйбішесіне. Бұл ауылға жаңадан көшіп келген, сонау Түркіменстандағы Адайлардың арасында өскен Мұхаң осы Қорым зиратта атақты әулие-абыз Әлмеректің жатқанын білмейді. Маңғыстаудағы қасиетті Бекет ата аруағына табынып, Түркістандағы Әзірет Сұлтанға сыйынатын Мұхаң Алланың аянын сезіп, түбінде топырақтың осы жерден бұйыратынын да біліп, бақи дүниені де ойласа керек.

Құдайдың құдыретіне қараңыз, бала-шағасы ержетіп, немере сүйген Мұхаң арада бір жыл өткен соң, өзіне белгісіз әулие жайында толық біле алмай, бірақ онда бір қасиетті адам, киелі ата жатыр деген сөзді жиі айтып жүріп, дүние салады. Туыс-жақындары Әз-Әлмеректі түсі арқылы сезіп, оның аруағынан “тылсым-аян” алған Мұхаммедқали ата-

ны осы қорым зиратқа жерлейді. Мұхаңның төртқұлақ мәрмер-тас бейіті қазір бұрын басында күмбез, төңірегінде қоршау-қорған болған Әлмерек абыз-киелі ата мүрдесінің күншығысында жатыр. Діндарлардың айтуынша, осы маңда түнде шырақ жанады.

1998 жылы көктемде күллі ауыл куә болған бұл тосын оқиға ежелден аруағы арқылы аян беретін Әз-Әлмеректің бір кие-қасиетін айғақтаса керек. Ұрпақтарының шежіре-деректері бойынша шамамен бұдан 300-350 жыл бұрын өмір сүрген киелі Ата жайында қызықты да құнды деректер жеткілікті. Марқұм Мұхаң түсінде көрген бес саусақ Хантәңірі-Қарқара қазақтары арасында “Әлмеректің бес баласы бар” деп басталатын шежіре-үрдістің тәмсіл-дерегін сездірсе керек.

### ДИМЕКЕҢНІҢ ДЕРЕГІ

Әз кіндігінен Құрман, Тоқан, Жәнібек, Баба, Қаракісі деген бес баласы және кейін Еділ, Жайық, Жұмық атты перзенттері өсіп, бір қауым-тайпа ел болған Әлмерек-абыз алдымен ұрпақтарымен ұлы ата атанған.

Баба басындағы тылсым-аян оқиғадан кейін бұрыннан қамданып жүрген ата ұрпақтары “Әлмерек қорым сайында” аруаққа арнап ас беріп, тәу ету тағзымын жасады.

Асқа шежіре-ақсақалдар, көнекөз қарттар және ғалым-зерттеушілер о баста Жоңғар шапқыншылығында батыр, би өмірінің соңын әулие-абыз атанып, көріпкелдігімен де даңқы шыққан тарихи тұлғаны біліп, жатқан жерін көрді. Ақтық байлап, белгіледі.

Әулие, қасиетті адамдардың көпшілігінің бейіт-күмбезі бұлақ басында, жол бойында болатыны белгілі. Алатау шатқалдарының бірінен бұлақ-жылғалары басталып, Оңтүстік астананың ортасын жарып өтіп, Ілеге келетін судың бойындағы “Әлмерек қорым зираты” ағылып көп көлік жүретін даңғыл-жолдың да жағасында жатыр.

Албан-Әлмеректің бұрынғы кесене-мазары жайында деректі ел ақсақалдары Димекеңнің (Д.А.Қонаев) аузынан

естіген. Әкесі Ахмет: “Балам, бұл жерден өткенде оған тағзым етіп жүр”, - дейді екен зерделі қария. Әкесінен естігенін кейін Димекең зиялы кісілерге айтып, қарттардың құлағына салса керек.

Қазіргі Покровка, Гагарин ауылдары тұрған жазық алқап бұрын түгелдей “Әлмерек қонысы”, “Әлмерек шабындығы”, “Әлмерек тоғаны” деп тізбектеліп аталған екен. Бұлардың ішінде бәрі ұмытылып, “Әлмерек шабындығы” мен “Әлмерек қорымы” ғана сақталған. Ата аруағының қасиетінен болар, Гагарин ауылы қазір Әлмерек деп аталады. Ономастикалық комиссия осылай атауға шешім шығарған.

Әлмерек ұрпақтарының айтуынша, қабірін қырық адам қазған әулие ата, әрине, о баста тегін кісі болмаған.

Баба басында екі шырақшы тәу етушілердің ата-бабаларына арнап дұға бағыштайды. Дұға оқығанда әулие ата жайында дерек айтқан Димекеңнің де есімі (қол жайылған кезде) еске алынады. Өйткені Әз-Әлмеректің өзіне пір тұтқан Димекең де өз заманының әулие-абызы, қайраткері болды ғой.

## АҚОРДА

**Б**ұрынғы Гагарин қазір Әлмерек, оның алдында келімсектердің келуіне байланысты “Қарасек” деген анайы атқа ие болған бөлімше-шаруашылықтың көнекөздері кезінде Әлмерек ата жайында көп айтады екен. Өріске сыймаған жылқысы, тоғай толған түйесі болған бай әрі бидің қонысы қазірге дейін Әлмерек аталатын өзен-алқаптың маңы екен.

Бұрын қызылша, жүгері, жоңышқа егілген осы кең жазықтың Қотырбұлақ деген жерінде көне там үйлердің із-сұлбасы байқалады. Ал, судың аржағындағы әскери бөлімше тұрған үй, корпустардың төңірегі бұрын осы маңды мекендеген Албан, Дулаттардың қоныс-жұрттары екенін ұқтырды. Өйткені, Әлмерек атанған осы байырғы жер-су атауы қазақтың ата қонысын айғақтап, ежелден отырықшы Үйсін-Албандардың бір көсемінің қоныс-мекенін меңзеп, тіпті

көрсетіп тұр. Әлмеректің кейінгі қасиетті мекені жер-су шежіре-дерегі бойынша дәл осы маң.

Албан шежіресі бойынша өмірінің соңында батагөй баба атанған Әлмерек Атаның Райымбекке бата беретін жері екі өзеннің түйісетін маңындағы осы қасиетті су бойы ғой деп топшылауға тура келеді.

Әулие-баба аруағының тіріліп, жебеуімен болар – оның бір ұрпағы Сүйгенбай деген үлкен қария он екінші атасына тәу етудің тәмсіл-жолын ұстанып, бабасы жатқан жерге (Әлмерек) алты қанат киіз үй тікті. Баба аруағы айдап келген қарт шырақшы болып жүріп, дүние салды. Моңғолиядан келген қандастардан сатып алған, іші атшаптырым Ақорда – қазір Әз-Әлмеректің рухына тағзым етушілердің сиыну орны. Жұма сайын жұрт келетін Әлмеректің Ақордасы рухани тазарту қызметін атқарады. Өйткені “Ұлы бабам Әлмерек, шын сыйынсаң әл беред” деп ежелден ел осылай аруағына сыйынған.

Тәңірге сыйынып, жолым ашылсын деп келушілерге, ауру-сырқауларға Ақорда әулие Әлмерек рухы арқылы Алланың ақ жолын үгіттейді. Әулие-Ата түсіне кіріп, одан аян алып келіп, осында ауруынан айыққандар тағы қайта оралып, шипалы бұлақтан су ішеді.

Әлмеректің жаңа кесенесі тұрған жердегі жарқабақтың етегінен үш шипалы бұлақтың көзі ашылған. Емдік қасиеті бар бұлақ суына келушілер көп. “Әулиенің зәмзәм суы” деп ішіп, одан жазылғандар – киелі баба рухына шын тәу етіп जाताды.

Кезінде суына аққу мекендеп, қарлығаш жаға-жарқабағына ұя салған “баба басы” бір сиқырлы күшпен өзіне тартады.

## ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ҰҒЫНУЫ

**Қ**асиетті Қазығұрт, Қаратау өңірінде өмір сүрген белгілі бек-би Бәйдібек ата-дананың жетінші ұрпағы Әлмерек қалмақтар жаулаған ежелгі

атақонысы Жетісуды жаудан тазартудың жанқиярлық күресін бастаған тұлға. Ұлы Төле бидің төңірегінде болған оның би-сардар екені ежелден белгілі. Ағайынды Айт, Бозымның ұрпағы, көш-аласапыранда жаншылып туған Жаншықтың ұлы Әлмеректің жас кезінде жаужүрек батыр, тау бұзатындай күш-қайратты, найзагер, жекпе-жекте жеңілмейтін мықты, ерекше ертұлға болғаны ол кісі жайындағы әр аңыз-әңгімеден көрінеді. Қаншенгел, Сөгеті және Ойрантөбеде болған қанды шайқастарда талай қалмақ батырлармен Әлмерек жекпе-жекке шығады. Жорық-шайқастарда батылдықты дау-жанжалдарда ақылдылықты бойына дарытқан батыр кейін қалмақтар кеткен соң, тайпалық ел билігін қолына алады. Албан тайпасының айбынды биі қонысы Іле-Алматы, жайлауы Қарқара-Шәкеде болған елдің тізгінін өзі ұстайды. Қазір күмбезі тұрған Іле алқабындағы кең жазықты мекендеген халық кезінде Әлмеректі “хан көтеріп” тайпа көсемін тыңдаған.

Жетісуда Ресейдің отарлық саясаты басталғанда (1840-1860 ж.ж.) Әлмеректің елі Іле бойынан ығысып, Сөгеті арқылы Хантәңіріне қарай жосиды. Ата қоныста бірең-сараңы ғана болмаса тегіс онда кетеді. 1916 жылы және кейінгі отызыншы жылдардың ойранында Әлмерек ұрпақтары шекара асып, Қырғызға кетіп, әлемге тарыдай шашылады. Аласапыран-үркіншілікте қуғын, сүргін көріп қасіретке душар болып, тауқымет тартқан Құрман, Тоқан және Жәнібектердің тағдыры өз алдына ауыр хикая-тарих.

Босқындық өмірді бастарынан кешіріп, атамекендеріне оралған Әлмеректің тікелей ұрпақтары Шәйім молда және халық емшісі, дәрігер Нөкербан ақсақал көздері жұмылғанша ұлы аталарының аруағына табынып, Әлмерек жайында шежіре айтумен өмірден өтті. Әлмеректің ұрпағымын деп сөйлеуден сескенетін сексенінші жылдары белгілі айтыс ақыны Айтуған Шәйімұлы баба жөнінде ел арасында дерек айтып жүрді.

Әлмеректің Жәнібек атты баласынан тарайтын елге келін болып түскен, қой қырқудан жетпісінші жылдары

Республика чемпионы болған, Жаңа Зеландияға барып, ондағы мал шаруашылығымен танысқан бұрынғы әйгілі қырықтықшы Гүлмәрия Қожасанова ата аруағы жайында мынандай қызықты әңгіме айтады.

Сексенінші жылдардың соңында Әлмерек ауылында (бұрынғы Қараесек-Гагарин) соғыс ардагері, қайынатасы Танабек ақсақал қайтыс болып, шалды туған жері Кеген өңіріне жерлеу керектігі сөз болады. Қайта құрудың қайшылықты кезеңі-қайыршылық заманы басталған уақытта алысқа мәйіт апарудың оңайға түспейтіні рас еді. Қайғы-жазымштан не істерінбілмей отырған туыс-туғанға жасы жүзге келген Әбутәліп қария: ”Текке бастарыңды қатырмаңдар. Мұнда ұлы атасы Әлмерек жатқан зират бар. Тәкеңді сол жерге қойыңдар”, - деп сөздің жөнін айтады.

Әлмеректің бейіті осында екенін білмейтін жұрт бұған қайран қалады. Соңында қасиетті бабаларын қазада білген туыс-жақындар Тәкеңді осында жерлейді. Ұлы ата аруағы ұрпағын қалай өзіне тартқан. Әлмеректің шын әулие екенін ұмытқан ұрпақтары осыны ұғып,басына барып,топырақ салуды бастайды. Өйткені атақты Көдек ақын: ”Әлмерек батыр өткен бағы өктем” деп текке айтпаған ғой.

## НАЙМАН ЕЛІНДЕГІ ТОЙ

Атадан жалқы, әкеден жалғыз Әлмеректің атын өзі өмірге,жаугершілік жорық-әрекетке, сол дәуірдің салт-дәстүрі мен тіршілігіне бала кездерінен тәрбиелеп өсірген бес ұлы шығарады. Найман еліндегі атақты бір бидің асында Жәнібек жамбы атудан, Құрман палуан күрестен, Токан жорға жарыстан, Баба шешендік сөзден және Қаракісі тағы да осы сияқты бір “жарыс-өнерден” алдарына жан салмайды. Кенжесі Қаракісінің көріпкелдік қасиетін де жұрт осы аста білсе керек. Ат жалын тартып мінген ұлдарының бас бәйге алып, ”ас-тойдың” сәні мен мәні болғаны жалғыздық жанын жасытып,еленбей

жүрген Әлмеректің аруағын көтереді. Бұдан кейін болған бір шіріген байдың асына Әлмерек тағы бес баласымен барып, бір күннің ішінде байып, күллі Албан, Дулатты аузына қаратады. Өзіндегі және балаларына дарыған жақсы ниет, бақ, қасиетпен болар бәйгеде бәстесіп, елу сәйгүлік тігіп, оны бес жүз жылқы қылып қайтарып алады. Күш-қайрат сынасатын жарыста екі ұлы құнан өгіз, тайлақ көтеріп, бір ұлы өзегіне қорғасын құйған қамшымен түйе құлатып, жұртқа бұрынды-соңды болмаған кереметті көрсетеді. Түйе құлатқан ұлы Тоқан болуы керек. Өйткені осы атадан тарайтын Малгелді ұрпақтарының ішінде қарабақсы Құнанбай атанған болыс шабарманы Құнкен Шәлкөде, Сарбастауда отырғанда кейінгілерге бұл әңгімені айтып отырады екен. Аталарынан дарыған қасиет болса керек. Құнекен де бір жорықта құтырып, өзіне шабынған бураны бабалары ұстаған қорғасын қамшымен қарақұстан ұрып өлтіреді.

Әлмеректің “бақ-жұлдызы” жанған бес баласы үйлі-баранды болып, бір қауым елге айналғанда бидің дұшпандары одан ығысып, Айт-Бозым атанған ел оны төңіректейді.

О баста жалғыздық жанына батып, жабығып-қамығып жүргенде Құдай бес ұл беріп, олардың бәрі шетінен шешен, батыр, палуан, найзагер, жұлдызшы болып, Әлмерек бар билікті қолына алғанда, Алла-тағала оның ұрпақ өрісін тағы кеңейтеді. Өз алдында бір махаббат хикаясының кейіпкері Рысты анадан Еділ, Жайық өмірге келеді. Қаракісіге тән оның інісі Жұмық туылады. Сөйтіп, соңында Әлмеректің ұлы сегізге жетіп, топталып келіп топ жаратын күшке айналады.

Әлмеректің арғы аталары мен оның жеке басы жайында Айт-Бозымның ақиығы Көдек ақын былай деген екен:

Бозымнан Сары, Жаншық анық өткен,  
Жаншықты Қызыр-Атаң шалып өткен.  
Жаншықтан Әлмерек пен Олжай туып,  
Әлмерек батыр болған-бағы өктем.

## Екінші тарау

### ЖАУЖҮРЕК ЖӘНІБЕК

Ұлы баба бұл ұлына атақты Әз-Жәнібек хандай дана болсын деп осы атты қойса керек. Өйткені сол жаугершілік заманда атақты Әз-Жәнібектің аты ерекше жаңғырып тұрған. Үйсін-Албандардың ішінде қазақтың елдігі үшін күрескен ханға қызмет етіп, хан тілегі бойынша “Шипагерлік баян” атты емшілік кітап жазған Өтейбойдақтың түбі Албанға тіреледі.

Құралайды көзге атқан мерген Жәнібек батырдың бойында ханға лайық қасиеттер болған. Аңыз бойынша бір таудың ішінде аң аулап келе жатқан батыр жау екен деп кездейсоқ кездескен екі салтаттының біреуін атып жаралайды. Келсе, жығылғаны өте сұлу әйел екен. Садақ атқанынан оның сайыпқыран батыр екенін білген әйел: “Серігім мені тастап қашып кетті. Егер шын батыр болса сенімен соғысар еді. Қоянжүрек қорқақ екен. Мен енді сендікпін”, - дейді.

Аңыз дерегінде перінің қызы дейтін олжа әйелде бір ерекше кие-қасиет болса керек-оған үйленерде Жәнібек білуге тиіс емес бір құпия нәрселерді айтады. Жәнібектің жаужүрек батыр, өнерлі әрі сері-саятшы және ақылды екенін бағалайтын әйелі: “Көп асып-тасымай және маған берген уәденде тұрсаң түбінде хан боласың”, - дейді екен.

Бір жорықтан келгенде батыр әйеліне байланысты үйінде беймәлім тосын құбылысты көріп, онымен ажырасады. Аңыз-тәмсілде әулие әйел Жәнібектің көзінше ғайып болып, жоғалып кетеді. Әлмеректің Жәнібек ұлына қатысты шын оқиға мен осы аңыз айтыла-айтыла ұрпақтарының санасына сіңгені соншалық-ұмытылмайтын “хикая-тәмсілге” айналған. Жәнібек батырдың Талғар, Түрген үшін қалмақтармен соғысы, қырғыздармен шайқасы әлі айтыла қоймаған тарих дерегі.

Ата батасы, әке тілегінен болар Жәнібек Қойлыбай,



Байсейіт, Токсейіт және Көшек деген төрт ұл көреді. Бұлардың ішінде Байсейіт ерекше батыр болып туады. Еңбекшіқазақ ауданындағы Байсейіт ауылы осы Жәнібектің белгілі ұлының есімімен аталатыны бұған дәлел. Байсейіт атауына байланысты біреулердің жаңсақ дерегін батырдың көзі тірі ұрпақтары қазір жоққа шығарады. Көнекөздердің “Жәнібексіз жау жеңілмес, Құрмансыз дау шешілмес” деп айтатын “тәмсілдерегі” таза шындықтан туған даналық сөз екенін дәл ұқтырса керек. Жәнібектің жаужүрек батырлығы мен айбаттылығы оның ұрпақтарына да жалғасқан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде 1758 жылы Төле бидің бір ұлымен Қытайға елшілікке барған Пұсырман жарты патша, оның ұлы Абайдың әкесі Құнанбай аға сұлтанмен 1846 жылы Шұбарағаш-Ойжайлауда кездесетін атақты Албан Тазабек батыр, 1916 жылы ұлтзаттық көтерілістің көсем-қаһарманы Әубәкір және отызыншы жылдардың ойранында Шығыс Түркістанда опат болған Жақыпберді Жәнібек — Байсейіттің тікелей ұрпақтары. Меркі болысы батыр Әубәкір ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың “Қилы заман” шығармасындағы басты кейіпкер. Оның баласы Бәукей Әубәкірұлының Шығыс Түркістанда атты әскерлер полкінің командирі болғанын кезінде айта алмай, енді ол кісі жайында қаламгерлер еріксіз қалам тартып жатыр. Ол кісі осында шырақшы болып жүріп өмірден өтті.

Ұлы бабасы әулие Әлмеректің рухы қалай көтерілсе, оның перзенті Жәнібектің де аруағы аунап, атағы жаңғыруда.

Жаужүрек Жәнібектің аруағын көтерген бір тосын оқиғаны айтпай кетуге болмас. Әлмеректің күмбез кесенесінің қазығы қағылып, босағасына белгі қойылған күннің ертеңінде Өр Албаннан келген ақын-ұстаз Дәулетбек “Опық” деп ат қойған “Жәнібек- Қайқы” хикая-толғауын осы жерде - “Әлмерек ордасында” оқып, тарихи тұлғаны қауымелге танытты.

Ұрпақтарының шежіре-аңызы бойынша Әлмеректің түсіне тұлпар мініп, ту ұстап кірген Жәнібек батырлық пен билікті қатар ұстаған бабаның сайыпқыран ұлы ретінде бейнеленеді.

Арғы аталары Жәнібек, қазіргі белгілі емші, Әлмерек

аян берген “түс-таяқ” арқылы емдеп, бәрін “жүрек-рухымен” сезетін Ермек Мырзакелдінің емшілігі осы бабаларында болған бір тылсым күштің ұрпаққа жалғасқан қасиетін елестетеді. Батыр тұлғалы емші «Жәнібектің “пері” әйелі қасиетті Қайқы-Ананың рухы Қулық тауында. Өйткені жас кезімізде шешелеріміз осылай айтатын еді» дейді. Аңыз астарында Жәнібектің тек батыр емес киелі адам болғаны да сезіледі. Аңыздағы өкінішті іс-сол әкесі хан дәрежесіндегі би Әлмеректің ұлы Жәнібектің хан бола алмай қалғаны.

Жәнібек-Байсейіттердің отызыншы жылдары өздерін не себепті “хан тұқымы” деп атағандары тегін емес. Бұл кезінде хандық дәрежеге жақындап, бірақ таққа жетпеген Жәнібектің аруағын асқақтатқан “тәмсіл-түсінік” болса керек. Жәнібек-Солтанбек би “Албан-Бұғының” ханы атанған. Соған карағанда түбі Әлмерек Жәнібектің хан дәрежесіндегі тарихи тұлға екені байқалады. Өкініштісі, ол кісі жайында тек аңыз ғана сақталып, таза тарихи оқиғаның ұмытылуы Жәнібектің бұрынғы ерлік ісін кейінгілерге жеткізбей, опық жегізіп отыр. Жәнібек қазір бір рулы елдің “тек-атасы” ғана.

## Үшінші тарау

### ҚҰТ ҚОНҒАН ҚҰРМАН

**Т**арихи тұлға, тайпа атасы Құрман жайында оның ұрпақтары туралы аңыз, деректер көп. Әлмерек балаларының ішіндегі құт қонып, береке дарыған, батырлық пен ақындық және зор байлық бітіп, өте өсіп-өнген ел Құрман.

Құрманның о бастан зерек, бұрыннан оқып, тоқыған, ата-баба шежірелерін баяғыдан-ақ хатқа түсірген зиялы ұрпақтары бір айрықша қауым-лек.

Қалмақтармен соғыс Құрман батырдан басталып, кейін оның ұрпақтары арқылы 200-300 жылға жалғасқан ұрыс-шайқас жазса том-том кітап болады.

Құрман — қазіргі көзі тірі ұрпақтарының айтуынша Қазығұрттан Меркі, одан Іле-Жұлдыз аралығына дейін жортып, қалмақ қуған батыр. Жоңғар жеңілгенде оның астанасы-Сүйдін-Күреге дейін барып, Үйсін-тауды айналып, Алатау етегін, Сөгеті тауын көп шарлаған көрінеді. Әлмеректің көкжал ұлы. Тегін адам “Әулет-ру” атасы болмайды ғой. Өздерін “Құрманбыз” дейтін қазақтар Қытайда қордалы ел, Монғолияда тайпа, Атырау-Жайықта этникалық топ болып қалыптасқан. Жетісудан қалмақтар толық ығысқан соң шекаралық аймақты бақылауға алған Әлмеректің бір ұлы осы Құрман болса керек. Өйткені Малыбай, Киікбай деген Құрман ата ұрпақтарының атымен аталатын жер-су аттары бар (Еңбекшіқазақ ауданында).

Райымбек ауданындағы Түменбай қорым-зираты Құрман ұрпақтарының жаугершілік жорықтарын айғақтайтын “дала-шежіре”. Мұнда Құрманның тікелей ұрпақтары Түменбай, Алпар, Тұлпарлардың сүйегі жатыр. Албанға атақты Сауырық батыр да осында жерленген.

Әлмерек – Құрманның өте батыр, өжет ұрпағы Сауырық таулы өңірдегі қалмақтың қалдықтарын түгел шекара асы-

рып қуып, Шәлкөде, Текес маңын өзіне түбегейлі қоныс етіп, Қарқараны жайлайды. Қытайдың білдірмей отарлап, Шығыс Түркістанды жаулауына байланысты ондағы халықтың ұлт-азаттық көтерілісін қуаттап және төніп келе жатқан Ресей империясының әскери күшіне қарсы әрекет жасап, екі ажадаһаның арасында арпалысады. Қалмақты қуып, Қытайға қарсы, Қырғызды жеңіп, орысты тоқтатуды ойлап, атамекені үшін айқасқан Сауырық сияқты батыр тарихта сирек.

Тазабек би, Шалтабай ақын және Сауырық батырдың бірігіп ақ патшаға қарсы (1870) шығып, өздерінен мың есе күшті жаумен алысуын қалай ұлы ерлік демейсіз. Құрман Шалтабай ақынның айдаудағы «терме-жыры» ел жүрегінде ерекше сақталған. 1916 жылғы Албан көтерілісінің батыры ел еркіндігі үшін құрбан болған Ұзақ Сауырықұлы қазаққа белгілі тұлға. Ұзақ, Жәмеңке ұрпағы үшін опат болды. Бұларда «Қилы заманның» боздақтары. Орыс-Қытайдың арасында еркіндік үшін қасірет көріп өлген Қожеке күйші батыр тағы бар.

Құдай алдымен бақ-дәулет беріп, « ілім-құранға» ұйытып, билік-байлыққа жеткізген Құрман ұрпақтары: Елікбай, Киікбай, Орынтай, Малыбай, Жетібай және Елемес болып іргелі аталарға бөлінеді. Бұлардың бәрі Қара, Мәмбет, Үмбеттен тарайды.

Әлмерек атаның түсіне қалың қара қой мен торала жылқының ішінде елестеген Құрманның малбасы қалай өссе, жанбасы да солай көбейіп, қара орман ел болған. Сондықтан Хантәңірі етегіндегі тау қазақтары «Қабырға жетпес қара Құрман» деген қанатты сөзді текке айтпаған.

Қашанда шекаралы аймаққа мықты тайпа-елді қою ата-бабаларымыздың о бастан ұстанған «үрдіс-саясаты». Ұзақ, Сауырық елі шекара белгіленгеннен бері қазірге дейін сол қауіпті аймақта сес болып отыр.

Құрман атаның бойындағы асыл қасиеттер оның қазіргі ұрпақтарына да дарыған. Соғыста ерлік көрсетіп, еңбек майданында атағы шыққан, өнер, әдебиетте де жұлдызы жанған ата үрім-бұтақтары жетеді. Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев Құрманның жауынгер «бес

найза» деген тармағынан. Қазіргі белгілі бизнесмен Серік Сұлтанғалиев те осы атадан.

## **ТОҚАН-ТАҒДЫР НЕМЕСЕ АНТҚА БАЙЛАНҒАН ҰЛ**

**Ә**лмеректің «бес қару» — бес ұлының бірі Тоқан ата жайында қазақтың жеті атаны білу тәмсіл-шежіресі әлімсақтан әсерлі әңгіме қозғайды.

Тоқан бабаның ортаншы ұлы болса керек. Өте еңбеккор, шаруа-істің тіршілік әрекеттің ығын білетін Тоқан ағаларына салмақ салмай, өздігінен мал тауып, жан бағуды мақсат еткен еті тірі, тентектігі де бар, саяқтау жүретін, бірақ текті, намысқой ұл болса керек. Өз-Әлмеректің бұл ұлы да әкесіне тартып, билікке, даулы мәселелерге араласып, биге сүйеу, тірек болған. Адалдық пен әділдік, кісі ақысына қиянат жасамау Тоқанға тән қасиет екен. Әлмеректің ерекше алғыр ұлы «Тоқан сай», «Бай Баржықтың көлі» деген жер-су аттарымен есімін тарихқа жазған.

Бабасы Бәйдібек-Әлмеректің бұл ұрпағынан Данай, Қонай, Тұрлы деген билер шығып, ел тізгінін ұстаған. Тоқан-Баржық бай жайындағы оқиға (аңыз емес) таза еңбекқорлық пен ғажап қайсарлықтың қазақта жоқ үлгісін ұқтырады. Атамекен-қоныстары Үш Меркі, Кеңсу, Жайдақбұлақты ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов зерттеп жазған Тоқан елінің тарихы «тағдыр-тәмсіл».

Өткен ғасырдың соңында қатты бір жұтта Тоқандардың малы түгел қырылып, тігерге тұяқ, соярға лақ қалмайды. Сөйтіп, малдан айырылған ел енді жан сақтау үшін тоз-тоз болып, жан-жаққа тарыдай шашырап кетеді. Басқа түскен осы тағдыр-нәубетке байланысты шыққан болуы керек: «Тоғайсыз ағаш болмайды, Тоқансыз ел болмайды» деген сөз салты айтылатын.

Арада біраз уақыт өтіп, әр жерде кірме болып, саяқ жүрсе де Тоқандар елдігін сақтап, ата қоныстарына қайта

оралудың қамын ойлайды. Өзге жұртта жүрсе де өрлік мінездерін жоғалтпай, тіршілік етудің тегін біліп, естерін жиған соң бұрынғы мекендеріне де қайта оралады. Тарыдай шашырап кеткен Тоқандарды Үш Меркіге осы атадан шыққан белгілі Адыр болыс жинайды. 1916 жылдың зобалаңында Албан көтерілісіне қатысқан Әлмерек ұрпақтарының бірі Тоқандар тағы тағдырдың тәлкегіне түсіп, енді тіпті шекара асып, Қырғызға кетеді. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары патша лаңы кезінде езіліп, еңсесі түскен елді енді Жетісуға аты мәлім бай Иманқұлдың ұлы Бәтжан болыс жинайды. «Адыр болыс болғанда жатты өзіне санаған, Бәтжан болыс болғанда жұрт жыртығын жамаған» деген даналық тәмсіл осыған байланысты шыққан. Аласапыран жылдары шешендігіне байланысты «Алмас кездік, айбалта» атанған Бәтжан босқындық қамытын киіп, кейін жат жұртта шерменде болып, көз жұмады. Шекараның аржағында босқын елдің тағы басын қосып, жоғалуға айналған жұртты ел қылған Бәтжанның жанқиярлық ісі мен ерлігі жазса дастан болатын оқиға. Тек-түбі Әлмерекке тірелетін Тоқан-Бәтжан да мықтыларға жатады. Әлмеректің бұл ұлынан тараған ұрпақтар қазір аз да болса Шырғанақта, Кегенде тұрады. Абыз-ата түсіне жалғыз кіретін Тоқанның өз өмір-тағдыры тағы хикая.

О баста анадан алғыр, зерек туған Тоқанның ұрпақтары ілім-оқуға құштар, мұсылмандық үрдіске берілген баба үрім-бұтақтары.

Тоқан Тұрлы би кезінде Стамбұлда оқып, Ислам ғұламаларынан білім алса керек. Тұрлы бидің тұқымы Бура молда (Қанапия) Қарқара өңірінен Шығыс Түркістанға барып бала оқытқан. Өкініштісі, репрессия жылдары “Арақ ішпесең – атыласың” деген сөзді естіген молда әрі ақын бойындағы кие қасиет-дарынын дамыта алмай қор болады. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Бураның білімділігін бағалап, Жалаңаш өңіріне келгенде ол кісімен әңгімелеседі екен. Тоқан ұрпақтарында қара суды теріс ағызған молдалар көп болған. Ал, Албан ішінде қара бақсы атанған Құнанбайдың

кие-қасиеті жөніндегі аңыз- хикая бір “тылсым-әлем”. Ата шежіресі бойынша Қазгелді, Жангелді және Малгелді болып бөлінетін Тоқандар мекен еткен Орта Меркіні Шоқан суреттеп жазып, оның пейзаж-суретін салған.

Шоқан жазған жер-суда туып өскен академик Нұрғали Мамыров, ғалым Бақытқан Дәулетбақов және архитектор Серік Бураев т. б. ел мақтанышы.

Малгелді-Әжібай, Андас, Сыпатай атты баба ұрпақтары біреуінің жаугершілікте жау қолынан қаза табуы, оған Жайдақбұлақта ас берілуі бізге беймәлім өткеннің көп сырын ашады. Адыр, Сағымбек, Момыш, Сәрке және Иманқұл аттары ел ішінде аңызға айналған, заман зобалаңын көрген кісілер. Ділмар, көріпкел, құмалақшы Айжан апа жөнінде, оның тағдырына қатысты таусылмайтын тарих-хикая бар. Шүленбай дейтін шайтанды күлдіретін әзілкеш өткен. Қу тілді “Қараланың қағытпаларын” ауыл-аймақ әлі күнге дейін айтады. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары елдің мазасын алған белсенділерге байланысты “Тоқандар, атқа мінсе қоқандар” деген әзіл Тоқандардың топ жаратын мінез-болмыстарын білдірсе керек.

\* \* \*

“Қыдыр қонған Құрманым көлдей болар,  
Бұла өскен бір ұл,  
Тоқан елге тоқтау болар”

деп абыз алдын болжаған Тоқанға байланысты осындай “тәмсіл-баян”бар. Мұны Тоқан ұрпағы Жұмаділ қария жиі айтатын. Ал, Тоқанның антқа байлануы “хикая-тағдыр”.

\* \* \*

...Әлмеректің інісі Олжай Қырғыздағы бір жорықта құн төлейтін іске ұрынады. Шамасы кісі өлімі болып, бір байдың кие малына саналған бурасының өркеші кесілсе керек. Яғни, қанды дау, кек алу бес ұлы бар Әлмеректің бір баласының құрбан болуымен бітуі керек екен. Заманның заң-үкімі солай құн-антқа Тоқан байланады.

Ағасының қылмысына байланысты жазаға ілінген Тоқан жан беру (өлім) үшін жолға шығады. Антқа байланып, жанын өзі құрбан ету маңдайында жазылса – оған не шара. Тоқан жаза орындалатын уәделі жерге жақындап, ішінен “мені қалай өлтіреді екен” деп иман-дұғасын айтып келе жатқанда күн бұзылып – алай-дүлей жаңбыр жауады. Төбе басында оны тосып тұрған “жендет-топтың” үстіне найзағай түсіп, оқыста біреуі өледі. Қалғандары “мына жігітте бір кие қасиет бар екен. Оны өлтіруге болмас. Түбінде өзіміз жазым болармыз” деп Тоқанды “жаның сауға” деп еліне қайтарады.

Өлімнен құтылып бір-екі күн жол жүріп, шаршаған ажалы жоқ Тоқан бір жерге келгенде шөлдеп, жолдағы кішкене киіз үйге түседі. Үйде бір кейуана құмалақ ашып отырады. Ол Тоқанның бетіне бір қарап, басынан кешкен оқиғаны өзі көргендей қылып әңгімелеп береді. Соңында “Балам сені періштең қақты. Аман қалдың. Бірақ антқа байланған жаман ырым. Аман бол, үйде келіншегің босанғалы отыр. Жолың болсын” деп кейуана батасын береді.

Тоқан тірі келгенде туыс-бауырлары жылап-көрісіп, “Ант байлауынан” аман қалғаны үшін мал айтып сояды. Қуаныш үстінде ай-күні толып отырған келіншегі босанып, ұл туады, жұрт оның атын “Тоқанның жаны аман қалды” деп балаға Жангелді деп ат қояды.

Уақыт өте өз алдына бір әулет атаға жеткен Жангелдінің ұрпақтары бір қауым елге жақындады. Жангелді деп әкесі Тоқанның тосын тағдырына байланысты ырымдап қойған ат әулеттің мал-жанына бақ-береке әкеледі.

Антқа байланып, бірақ құдай сақтап, аман қалған Тоқанның өсіп-өніп, соңында ұрпақтарының бір қауым елге айналып, жеке ата болуы “тайпалық тарихтың” бір тосын “оқиға-дерегі”.



## Төртінші тарау

### БАЙ-БАБА

Мау етегіндегі ұжымақ өлке Ұзынбұлақ өңірі ежелгі ел тарихы мен салтанат байлығының бір қордалы қазынасы болған десек өтірік айтпаймыз. Сонау Сак дәуірінде жер қайысқан төрт түліктің оның ішінде тұқымы ежелгі қазақы қойдың, кейінгі будан мериностың ұлы отаны Ұзынбұлақ деген жер екені әлімсақтан аян. Орта жасқа келгенде айдаған малы Іледен Үш Мерке, Ұзынбұлаққа жеткен бай Әлмеректің бір ұлы Баба есепсіз қоралы қойымен теңдесі жоқ атақты адам атанған екен. Осы баба ұрпақтарының бірі Жетісуға белгілі бай (он мың қойы су ішкенде кішігірім өзен суы тоқтап қалатын). Әбділда – Әлмерек тегі жайында Жамбыл мен Құлманбет айтысында мынандай өлең шумақтары бар:

Жеті мың қой қорада шулап жатыр,  
Бес мың құлын желіде тулап жатыр.  
Он түйеге көшкенде жамбы артады,  
Әдекеңнің тіккені жібек шатыр.

Баба-Атаның және оның ұрпақтарының ежелгі Үйсін-сак дәуірінен келе жатқан атакәсіпті өмір талабына, тұрмыс үрдісіне сай қалай үйлестіре жалғастырғанын тарихшы – зерттеушілердің өзі біле бермейді. Бабалардың қой жүнінен киіз басып, киім-кешек жасауы көне қазақ тұрмысын зерттеушілер үшін құнды тәмсіл-тақырып. Ел ішінде “Киіз аяқ Баба” атанған Әлмерек ұрпақтарының қой жүнінен жасаған аяқ киімдері былғары етіктен мықты, тесілмейтін, таулы-тасты жерге ыңғайлы таза қазақы тұрмыс құндылықтары екенін дәлелдейді. Киізден темірдей етік жасаған қазақ оңай халық емес.

Ұзынбұлақ, Көртоғай, Торыайғыр өңірінің изен, жусаны және көкпек шөбі қатты қыста қыңқ етпейтін қазақы қойдың

Құдай айырықша жаратқан нәрлі азығы болған. Сондықтан осы түліктің санын қарақұрым қылып көбейткен. “Бабаның қойы қаптағанда, Көртоғайдың суы тоқтаған” деген тәмсіл-деректе шындық жатыр.

Бір жағы Қырғыз, бір жағы Қытай – ерекше шекаралық аймақ болғандықтан аласапыран, үркіншілікті жиі бастан кешірген Албан елінің ақсақалдары бір тосын жағдай болса “Елде баба тынышпа?” деп сұрайды екен. Өйткені көп босып, ығысып кетпейтін, бұрыннан бір жерді мекен еткен, тұрақты қонысында өсіп көбейген Бабалар текке желігіп, үркіп-көшуді қаламаған, ырыс пен бақ-дәулетті, жақсы тұрмысы қалған Абыз атаның кәсібі мен нәсібі үйлескен бір ынтымақты ұрпақтары. Баба баласы түсіне кіргенде Әлмерек бір жерге ұя салған торала қазды көреді.

Жетісу өлкесін мекендеген ежелгі үйсіндердің ертеден-ақ егіншілікпен шұғылданғанын, диқаншылықты кәсіп еткені белгілі. Еңбекшіқазақ ауданында кезінде бабалар қазған “Баба-Тоған” деген жер-су атауы бұған куә.

Жамбыл мен Құлманбет айтысындағы “Бабаға барып тығылма, Бабан қойын бу қылып, Аруаққа ұрынба” дейтін “тәмсіл-өлең” бабалардың тек бақ-дәулеттің ғана иесі емес, ел басқарып, ел билеген текті ата екенін де аңғартады. Қазақ, қырғыз арасындағы үлкен дауларға төрелік айтып, қалмақ хан-төрелерін сөзге жыққан Әлмеректің бойындағы шешендік қасиет Баба Қашаған биге дарыған ғой. Қашағанның ұлы жүздің Албан, Суан, Дулат, Жалайыр, Шапырашты және Қаңлыға белгілі би болғаны тарихтан белгілі. Сондықтан “Әуелдің ұлы Қашаған, Құдай артық жасаған” деген даналық сөз қалған.

“Жер дауы”, “Жесір дауы” деп аталатын қазақ қоғамындағы қайшылықты мәселелерді ақылмен шешіп отырған Қашаған бидің көсемдік, шешендік сөздері өз алдына әңгіме. Қашаған Ұлы жүзді билеген Тезек төремен терезесін тең ұстаған.

Осы атақты Қашаған бидің төртінші ұрпағы, белгілі Әбділда байдың немересі марқұм Рәсілбай аға туып-өскен елінің шежіре-тарихын, жер-су ерекшелігін бір кісідей

білетін сұңғыла еді. Рекеңнің айтуынша Баба-Төлебай, Игілік (Байқұл), Құттымбет және Барлыбай болып, төрт атаға бөлінеді. Бәрін, әрине тізіп жату мүмкін емес. Әлмерек – Қашағанның тікелей үрім-бұтағы болғандықтан болар Рекең әңгіме бастағанда көбіне адалдық пен ақиқатқа жүгінеді. Оның үстіне бұл ағаның “ тағдыры тарих ”. Заң-саясаты қан ағызған Кеңес үкіметінің отызыншы жылдардағы ойранында әкесі Әділханды белсенділер тұншықтырып өлтіреді. Жетімдіктің қасіретін көріп өсіп, ер жеткенде төрт ағасы майданға кетіп, соғыстан оралмайды. Алғашында орта мектепте мұғалім, кейін әртүрлі партұйымдарында қызмет істеп, аудан экономикасын көтеруге атсалысып, халық қалаулысы депутат та болған Рекең атына заты сай Әлмеректің ұлағатты ұрпақтарының бірі еді. Өйткені кезінде ұлы бабасы Әлмерек атамекенін жаулардан қалай қорғаса, Кеңестік дәуірде Рекеңнің төрт ағасы Отан үшін опат болды. Иван, Шайхыдан, Барахан және Мамыхан атты Әбділда ұрпақтары жаумен алысып көз жұмды. Рекеңнің өзі тоқырау жылдары Кеген – Қарқараның жайлау-өрістері тасталқан болып жыртылып “К-700” тракторларының белі үзілгенде (шилi жерлерде) бұл есуастық әрекетке қарсылардың жағында жүрді. Ата шежіресі мен ел тарихынан жер-су жайынан толғана сыр шертетін қайсар, қажырлы кісі ұрпақ қамын ойлап, ел тағдырын екшеп ұлағатты сөз айтатын.

Қазақстанға белгілі Ешімбет Байбарақов сияқты және Стақан Белғожаев секілді баба ұрпақтары “Ата көрген оқ жо-нар” деген тәмсіл-даналықтың өмірдегі көрінісін айғақтайды.

“Бағы өктем Әлмеректің бел баласы ” Баба – Байдың ұрпақтары қазір де данқты.

## Бесінші тарау

### ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ ИЕСІ – ҚАРАКІСІ

Әлуінші жылдардың басында арғы беттен байырғы Атамекеніне оралған жұрттың біразы Жылсай өңіріне келеді. Ел шежіресінде ерен сұңғыла қарттар: “қара кісілер келді, Әлмеректің қара шаңырағы оралды” деп осы ата ұрпақтарын жақсы қарсы алып, тіпті той-томалақ жасап, дүрлігеді. Қазақ салты бойынша Әлмерек дүние салған соң оның қара шаңырағына кенже баласы Қаракісінің ие болғаны рас. Әр баласына сыншы болған әулие ата көзінің тірісінде соңғы өсиетін айтып қарашаңырақтың түбінде кімде қалатынын ұрпақтарына ерте бастан ұқтырып кеткен. Бұл өсиеттің бір үзiгi мынадай: “Құрманым көптің белгісі екен, айтар сөзі жарлық екен, Тоқаным торым екен, ыстық-суыққа бірдей қолым екен. Қаракісімде қалар қарашаңырақ – бұл өзі ақжолтай неме екен”.

Қара кісі шежіресі бойынша Аю, Марал, Ит, Сары, Мәш, Сақау, Шоқан, Әлібек, Шүрек болып бөлінетін тармақтың Сақау ұрпағы Божбан ата немересі Күшке үйінде “қара ошақ” сақталған. Сондықтан Сақау ұрпағы күні бүгінге дейін ел ішінде “Қара шаңырақ” атанады. Әлмерек – Қаракісінің үрімбұтағы Божбан қасиетті кісі әрі көріпкел болыпты. 1910 жылғы Жетісудағы жер сілкінісін және 1916 жылғы үркіншілікті алдын ала айтқан екен жарықтық. Далайты аңғарында Божбан әулиенің бейіті бар.

Қаракісіде қалған Әлмеректің қасиетті қара шаңырағының бір мүлкі үлкен қара қазанның үш бұтты темір ошағы да осы әулет-ұрпақта төрт жүз жылға жуық сақталып келе жатқаны – тарихшылар естісе естерінен танытын тосын жаңалық. Ұрпақтары ақ шүберекпен орап, әспеттеген мұражайда тұруға тиіс бұл мұрағат – әулие

атадан қалған киелі тәбәрік. Неше түрлі аласапыран, үркіншілік заманда жоғалмай, соңында шекара асып, жарты әлемді шарлаған “тәбәрік-мүлік” Әлмерек киесінен болар құрып кетпей қазір тіпті қасиетті затқа айналып отыр.

Ата өсиет-мұрасына адал Қаракісі ұрпақтары жөнінде айту – парыз. Өйткені өмірден өткеніне III-IV ғасыр болған Әлмеректің қара шаңырағын қасиет тұтып, қара ошағын сақтаған ұрпақ әрине, текті. Әкеден немере-шөбере, ту-ажат, неменеге, жүрежатқа дейін жалғасып сақталған Әлмеректің жорық қазанының “үш тірек ошағы ” Қағба затындай қадірлі, оны көргендер ата әруағына сиынып, мүлік-киені қастерлейді.

Әулие-ата өмірінің соңғы шағында ақжолтай ұлы Қаракісінің әке аялаған үйінде жасы келіп, қарттыққа бой алдыра бастағанда бір тосын түс көреді. Төрге қонған көк ала үйрек шаңырақтан ұшып шығып, көзден ғайып болады. Түсін іштей өзі жорыған әулие аз уақытта бұл өмірмен қоштасатынын сезіп, енді бақи дүние қамын жасай бастайды. Қаракісіге теліген Жұмық атты кейінгі бір “ерекше ” ұлының баласы Бекбауды уақыты таянған қарт өте жақсы көріпті. Бала кезінде Әлмеректің күмістей аппақ сақалымен ойнап, атасының ең соңғы сөзін естіп, әулиенің айрықша ықыласы түскен осы немересіне айтқан “түнде – жұлдыз, күндіз – күлкі қарғам” деген сөзінен бала жанды әулиенің перзенттеріне деген айрықша аталық мейірімі өзгеше тәнті етеді. Немересі осы Бекбау ата көрген өнегеден болар кейін ержүрек батырлардың бірі болғаны белгілі. Барлық баласына жолға не жорыққа шығарда жеке бата беріп, ақ тілеу тілейтін абыз ата ең соңғы батасын Бекбауға береді. Өкініштісі, әулие-атаның жыр-ұйқаспен, ұлағатты сөзбен берген “бата-тәмсілі” ұмытылған.

Қара шаңырағы мен “қазан-ошағы” қалған Әлмеректің Қаракісі баласы көріпкел, жұлдызшы әрі сыбызғы, қобыз тартатын өте өнерлі кісі болған деп айтады оның ұрпақтары. Әлмерек жорыққа шыққанда ұлы Қаракісіні қасынан тастамай алып жүреді екен. Көріпкел Қаракісі бәрін алдын-ала болжайтын болған. Қаркісінің көріпкел болғанын оның кейінгі

ұрпағы белгілі Божбан әулиенің кие-қасиеті дәлелдейді.

Қаракісі – Жұмық (Әлмерек екеуінің жұбын жазбай әкелі-баладай болып жүруін өсиет еткен) қазақтың әлі түгенделіп болмаған тарихындағы танылуға тиіс кісілер. Өйткені әулет шежіресінде «Шоқан» деген кісі бар осы атадан тарайтын ұрпақтардың бірі Қорам батырдың бейітін ұлы ғалым Шоқан 1856 жылғы Ыстықкөл сапарында көрсетіп тұрып жазады. Сондықтан Шоқанның жазғанын қазқалпында келтіруді жөн көрдік. “Қаратұрықтан Шелекке баратын жолдың сол жағында жатқан сулы сай - бір қазақ батыры Қорамның бейітіне байланысты осылай аталады”. Қаракісі – Жұмық шежіресі бойынша Шоқан жазған Қорам батыр Әлмеректің сүйікті немересі Бекбау сардардың Сата-Сарымырза деген ұрпақтарынан тарайтын үрім бұтақ. Бекбау – Қорам Әлмеректің тікелей ұрпағы әрі тарихқа есімдері жазылған белгілі адамдар болғандықтан Шелек өңіріндегі қазіргі Қорам ауылына байланысты жер-суды зерттеп жүргендер бұл шындық деректі жадыларына сақтаса қателеспес.

Шоқан өзінің жолсапарында осы өңірге Абылай ханның келіп, қалмақтарды қуғанын да жазады. Яғни, Қорам батыр Абылай ханның жойқын жорығында ерлік көрсеткен. Атымен үлкен бір ауыл атанған (қазірге дейін) Қорам батыр жайында ұрпақтарында “шежіре тізбектерінен” басқа қандай мәлімет-деректерде бар екен? Өйткені Шоқанның қаламына іліккен тарихи тұлғаның ерлік ісін толық ашу үшін бұл зерттеушілерге қажетті дүние.

Ұрпақтарының айтуынша Көкпекті – Шелек өңірінде Қорамның түп бабасы Қаракісінің де бейіті бар көрінеді.

Қаракісі баласы алғаш түсіне кіргенде Әлмерек-ата үйдің босағасына ұялап, жұмыртқа басқан бозторғайды көреді. Түсін бәйбішесіне айтып, жорыған ата осы баласынан көп немере, шөбере көріп, түбінде ұрпақ қызығына кенелетінін сездіреді. Қыздарын қоспағанда Әлмерек Қаракісіден сегіз немере сүйеді. Қалған ұлдары Тоқаннан үш, Жәнібектен төрт және Баба, Құрманнан да бір шоғыр немере көрген ата бір қауым перзент – ұрпағының қызығына тоймай өмірден өтеді.

Он шақты ұлы болған Қаракісінің де ұрпақтары да көбейген. Қаракісінің тең жартысы Қырғызда деген дерек бар. Қара шаңырақ Қаракісі Әлмерек өзі ие қылған ата қоныстарынан онша алысықа кетіп, көп шашырамаған қауым-жұртқа ұқсайды. Қаракісілер тұратын Қулықтауы өңірінде туып өскен белгілі журналист, аудандық газеттің бұрынғы редакторы Жолшы Бікібаев және ауданға белгілі азамат, күйші, домбырашы Бағашар Токмолдаевтың атамекенде баба аруағын көтеріп халық игілігі үшін аянбай еңбек етіп жүргендері жұртқа аян. Атамекен елінде тапжылмай тиянақты қызмет істеп танылған мұндай қазақ зиялылары мақтаныш емес пе?

Дүрбелең жылдарда шекара асып, Қазақстан мен Қытайдың арасында құрылған Шығыс Түркістан атты мемлекеттің әскер басшысы, баһадүр-сардары болып, соңында ондағы Кеңес азаматтарына қатысты дипломатиялық қызмет атқарған Қаракісі Сұраншының өмір тарихын жазып жатқан қаламгер бар. Босқын қазақтарды шеттелде жүріп Отанына оралтудың күрес-майданында болған Сұраншы ұлт мақтанышы.

Қасиетті бабаның осы Қаракісі баласына телінген, оның ұрпағына саналған “тағдыры-тылсым” Еділ-Жайық ұлдары жайында хикая-оқиға Әлмерек әулиеге ғана тән даналық сырын ашады.

## “ЕДІЛ - ЖАЙЫҚ” ХИКАЯСЫ

Әлмерек әулет-ұрпағына байланысты бұл оқиға атаның жасы алпыстан асып, абыз-дана атанып, бақ-дәулеті шалқып, барлық жағынан толысқан шағында болған бір тәмсілл-өнеге екен. Бәйдібек тегі би Әлмерек қазақ даналығы “Кең болсаң, кем болмайсың” дейтін ұлағатты сөзді жиі айтады екен. Сондықтан атаның мейірімділігі мен кендігіне байланысты шындық бұл. “Батырлық, байлық кімде

жоқ, ғашықтың жөні бір басқа” дегендей әңгіме бір екі жастың сүйіспеншілік, махаббатынан басталады. Біреуді біреу біліп болмаған аласапыран, жорық-шапқыншылық заманда ел-жұртынан айырылған екі “жігіт” Әлмерек әулетіне сіңіп, біреуі бидің жылқысын бағады, біреу түнде қой күзетеді. Мейір-шапағаты мол, көңілі дархан ата оларды жатқа санамай өз балаларындай көреді. Күндердің күнінде үлкен бәйбіше бірде Әлмерек жалғыз қалғанда: “Мына малда жүрген екі “достың” бірі қыз. Қой күзететін бала қыр асып, түзге отырады”, — дейді. “Жарайды, оны өзің тағы әбден анықтап білші, содан соң көрерміз”, — деп Әлмерек бір жаққа кетеді.

Бәйбіше еркекше киінген бойжеткенді бір күні өзіне шақырып, амалын тауып, суға шомылуға мәжбүр етіп, қыз екеніне көзі жеткен соң: “Бұларың қалай, қарақтарым?” — дейді.

“Сырымызды сіздерге айта алмай әрең шыдап жүр едік. Ақыры Сіз білдіңіз. Біз бала кезімізден бір-бірімізді ұнатын, жақсы көріп, сүйіп, кейін қосыла алмайтынымызды біліп, ұрыс-шапқыншылықты пайдаланып, елден қашып, еш жерден сүйеу таба алмай осылай “ағайынды” жігіт сияқты еріксіз көз алдап, күн кешіп, соңында Әлмерек атаны ғана пана тұтқан мұңлықпыз”, — деп албырт қыз шындығын айтады. Сөйтіп, жылқысын баққан жігіттің сырттай бір текті жерден шыққанын сезіп, қой күзеткен қыздың пысықтығы мен адалдығын көріп, екеуіне үлкен той жасап, Әлмерек “екі ғашықты” үйлендіреді. Жігіт Әлмеректің бір ұлына, қыз оның келініне саналады. Әлмеректің кісілігі мен мейірімдалігіне риза болған қос ғашық түбі кіші жүз, Еділ-Жайық деген жақтан келгендерін де жасырмай айтады. Қашанда ғашықтар тағдырының қайғымен аяқталатыны рас қой. Арада көп өтпей Әлмеректің жылқы баққан баласы, яғни өкіл ұлы (өкініштісі, есімі айтылмаған) кенеттен қайтыс болады. Қазақта “Жақсыны жатқа жіберме” деген мәтел бар. Ақылды бәйбіше жесір қалған келісті “келінді” (шежіреде есімі Рысты) бес ұлдың біріне қосуды қалайды. Бірақ Кіші жүздің ерік талғамы еркін қызы әлі отыздағы жігіттей от шайнаған Әлмеректің өзін қалайды. Биге тұрмысқа шығады. Шежіреде Әлмеректің Еділ, Жайық



балалары осы анадан туады. Рысты ана елі Еділ мен Жайық өңірінде болғандықтан балаларына осылай деп ат қоюды өтінді. Қаракісінің қамқорлығында болған Еділ, Жайық осы атаға телінген.

Әлмеректің бұл ұрпақтары аз болғандықтан абыздың алдыңғы бес баласы сияқты “іргелі атаға” кетерілмей Қаракісіге жақын туыс ұрпақ болып өсіп-өнген. Әлмеректің бес баласының ішінде Қаракісіге табиғи осы ата ұрпақтарынан да белгілі адамдар бар. Отан соғысы кезінде Мәскеу түбіндегі ұлы шайқасқа қатысқан Нүсіпбек атты қарияның (марқұм) есімі ауданға белгілі еді. Ал, елде Рабат деген әкім азамат бар. Жайықтың “дін-ілімге” берілген бір ұрпағы ертеректе Меккеге қажылық сапарында жолда қайтыс болады.

Орынтай, Шеру деп өз ішінде екіге бөлінетін баба ұрпақтары көбіне Жылысай өңірінде тұрады.

Еділ темірден түйін түйіп, ағаштан өрнек жасаған жажап ұста бөлыпты. Бір күні Ақтоғайда ағаш кесіп, жетінші “шетенталға” келгенде сорғалап қызыл “қан” ағып тұрған, бұрын өзі көрмеген ерекше дараққа кездеседі. Балта салғанда ес-түсінен айырылып, жығылып кейін қайтыс болады.

Үлкендер ағаш киесіне тап болған Еділдің ұрпақтары аз деген аңызды айтады. Ел ішінде Еділді Елдей деп те атайды. Еділдің шешесі де өте ісімер, қолынан келмейтіні жоқ шебер болған ғой. Ұста шеберлік Еділге ана жағынан дарыса керек.

Әлмерек Әулет-ұрпақтарына байланысты “Еділ — Жайық” оқиғасы кейде басқа нұсқада да айтылады. Онда елі індет ауруынан қырылған алыстағы бір жұрттан ағалы-қарындасты екі ержеткен бала осы әулетке сіңеді. Қызда ерекше бір қасиет болса керек. Түнде қой күзеткенде кеудесі сәуле шашып, жарқырап жатады. Әлмерек бір қасиетін біліп, іштей өзі ұнатып жүрген қызды бәйбішесі оған тоқалдыққа алып береді. Ал, ел аузында дәлелденіп, көп айтылатын оқиға жоғарыдағы “Ғашықтар хикаясы”.

Өйткені, таза шындықтың осы нұсқада қоспасыз қазқалпында айтылатыны жұртқа бірден түсінікті.

Әлмерек өмірінің соңында Еділ, Жайыққа байланысты жәйді ұрпақтарына дұрыс түсіндіріп, “Бәріңнің әкелерің бір,

бөлінуші болмандар” деген өсиетті қадап айтады. Сондықтан күні бүгінге дейін Еділ-Жайық ұрпағы аталары Әлмеректі түгел пір тұтады.

... Жылысай ауылында тұратын Жайықтың жетінші ұрпағы Болат Әбікенұлы ұлы бабасы Әлмерек пен Рысты ананың сүйіспеншілігі жайында көне көздерден көп естіген әңгіме-хикаяны елдегі екі нұсқасы негізінде есінде ерекше сақтаған екен. Өзі ұстаз, білікті азамат, кейінге өнеге болатын осы тәмсілл-хикая жайында тебіреніп, толғанады. Бөкеңнің “Еділ-Жайық” туралы толғауында мынандай шумақтар бар:

Шешеміз Жайық жақтан келіпті ғой,  
Бабаның құшағына еніпті ғой.  
Тілегін анамыздың қабыл кылып,  
Жаратқан екі бала беріпті ғой.

Қанша уақыт өтсе де ел ішінде Әлмерекке байланысты “Еділ-Жайық” оқиғасының ұмытылмауы өз дәуіріндегі “тарихи тұлға” дарабоздың даналығын ұрпаққа жалғайды. Шығыс Жетісуда болған “Еділ-Жайық” оқиғасы шынайы “дастан-тәмсіл”. Әлмерекке байланысты әңгіме болғанда әжелер мен қариялардың сүйікті “сөз - жыры” осы “Еділ-Жайық” ұрпақ санасынан әлі өшкен жоқ.

## МҰСЫЛМАНБАЙ

Қытай патшасына «Албан күлік» ақбозат сыйлаған Әлмерек бидің туажаты Мұсылманбайдың елшіліктегі (1758) ерлігі жайында және оның ұрпақтарының өктемдікке қарсы жүз жылға созылған соғысы туралы тарихи деректер мен оқиғалар баяндалады. Мұсылман рухты, «тәнір жүректі», «қазақ қасиетті» тұлғаның даралығы туралы таусылмайтын оқиға жалғасады.

### 1. Әулие туажатынан бата алған және жүз жасаған кейуана

1928 жылы атақты қол мерген, 1916 жылғы Албан көтерілісі батырларының бірі Жақыпберді (Жансейіт) жасақ жинап, Қулық тауында Кеңес үкіметіне қарсы көтеріліс бастады. «Дін-иманды талақ еткен, қызыл кәпірлер қазақты жер бетінен жояды» – деп мұны ашық айтты. Сөйтіп, Айырлы асуына бекініп, бірде шабуылдап, бірде шегініп, «Қызыл отрядқа» қырғындай тиді. Атқан оғы мүліт кетпеген мерген бір күні дұшпаның барлаушы ұшағын атып түсіреді. Оқ ұшақтың бензин бағын жарып жіберген. Содан ұшақ бензині таусылып құлайды.

Шыны керек оқыған, көзі ашық және молда-имандар, жожа-діндарлар Жақыпберді жағында еді.

Жақыпбердіні көзімен көріп, Мұсылманбайдың ұрпағынан бата алып, перзент сүйген Қазына әже жүз жасап, Тәуелсіздіктің қарсаңында дүние салды. Тегі Торы Қыпшақ, аталары Қостанай-Торғай жақтан келген, Әлмерек абыздың Тоқан еліне келін боп түскен, ауыл «қыпшақ әже» дейтін кейуананың үйінде талай болып, қолынан дәм татқан едім. «Балам, мен бір перзентке зар болып, мойныма бұршақ салып Жаратқанға жалынып жүргенде бір топ серіктерімен кездейсоқ келген, асқан батыр, «киелі кісі» атанған Мұсылманбайдың туажаты Жақыпберді қайынымнан бата алғанмын. Ол кісі бата берген соң көп өтпей тұңғышым Жұмаділ дүниеге келді.

Бұл өткен ғасырдың жиырмасыншы жылының соңы болатын» деп кейуананың Жақанды егіле еске алғаны бар. Отызыншы жылдардың ойран соғысы кезінде 12 жастағы бала – әкем Дөңгенбай да атақты батырды көрген. «Мойнында үш бұрыш тері тұмары бар, астында жарау сәйгүлік тұлпары ауыздығымен алысқан, бесатар мылтығын тастамайтын, қоңқақ мұрынды қарасұр, өте ірі кісі елу-алпыс адаммен әкем Құнанбайдың үйіне келіп, бір түнеп кеткені әлі есімде. Содан бері арада алпыс жыл өтті. Анда-санда батыр түсіме кіреді» деп отырушы еді Қадыр түні қайтқан қария. Мұсылманбайдың ұрпағы Жақыпберді жайында естіп, білгендерімді зерделеп және жүрген жерлерін көріп, көңілге түйгендерімді түйіндеп яғни, шынайы шындықты арқау етіп, сексенінші жылдардың соңында «Жетісу» газетіне, кейін «Қазақ әдебиетіне» мақала жаздым. Екеуі де жарияланды. Өкініштісі, жазғандарым өзіме сор болып, соңында жазаланып кете жаздадым. Мені 1991 жылы КСРО-да болған «Тамыз бүлігі» құтқарды. Өйткені, осы жылы Кеңес Үкіметі құлаған болатын.

### **Мұсылманбайдың кісе белдігі немесе туған елмен қоштасу**

«Қазақ әдебиетінде» Жақыпберді «бандыға» байланысты мені айыптаған мақала шыққан соң – елде дүрбелең туып, Жақанның туған ауылы Жылсайда сол кездің белсенділері «автор жазалануы керек» деп шу шығарады. «Батырға да жан керек» деген. Қауіп күшейіп, не істерімді білмей әрі-сәрі күйде жүргенмін.

Құдай бар ғой. Бір күні қалай қорғануды ойлап, жалғыз өзім жұмыста отыр едім. Бір жас жігіт кіріп келді. «Аға, мен сіз мектеп бітірген Шырғанақ ауылынан келдім. Әкем Нөкербан Жақыпберді жайында жазған мақалаңызды оқып, сізге қатты риза болды» деп батыр жайында жазылған үш-төрт шумақ өлеңді көрсетті. Мына жолдарды табан астында жаттап алдым. «Қайқының шығып тұрмын кезеңіне, Жалт бұрылып артыма қарағанда өрт түсті өзегіме» деген шумақтар қатты әсер етті. Жау күш алып, көзін құртпақшы болған соң батыр туған жерімен қимай қоштасып, жат жұртқа кетерде

осылай күйзелген екен. Бақсам ол «бандит» емес жүрегі жылы, иманды, мейірімді адам болған екен. Дін-иманы үшін ол Қызыл Үкіметпен ымыраға келген жоқ. Большевиктер оны халыққа «бандит» деп қаралап, «банды» деп жариялайды. Ешкімнің жанына, не малына тимеген, шын халық үшін туған ер екеніне кейін әбден көзім жетті. Өйткені, халықтың аяусыз жазадан, нәубет аштықтан қырылатынын біліп, елдің өмірін сақтау үшін күндіз-түні Қытай мен Кеңес Үкіметінің арасындағы бейтарап шекаралық аймаққа ел көшірген. Көш қауіпсіздігін өз мойнына алған. Үркіншілік кезінде шекара асып, аман қалғандар және олардың ұрпақтары қатал Кеңес заманында Жақанды жылап отырып еске алатын еді. Әсіресе, молдалар батыр рухына салауат айтып, дұға оқитын. Бұған өзім талай куә болғанмын. Бір сөзбен айтқанда Жақыпберді 1916 жылы Ақпатшаға қарсы қол бастап соғысты. 1928 жылы Қызыл Үкіметке бағынбай, кейін шетелде шейт болған, бостандық туын көтерген боздақ еді.

Жақанның арғы атасы Мұсылманбайға қатысты ол жайында естимін және құнды жәдігер, белгі-тәбәрікті көремін деп үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Қытайда дәрігерлік білім алған түп аталары Жәнібек –Байсейіт – Қонысбайдан тарайтын Мұсылманбайдың зәузаты Нөкербан аға көргені көп, түйгені мол сұңғыла болатын. Батыр бабаларына деген құрмет, сүйіспеншілігі әр сөзінен аңғарылатын. Жақыпберді батырға қатысты, басым пәлеге қалып, не істерімді білмей жүргенімде бірде: «Інім, мен сені айыптағандармен ашық шайқасамын. Жақыпберді олардың әкесін өлтірген жоқ. Пұсырман (Мұсылманбай) Тазабек, Әубәкірлердің ұрпағы біз не көрмедік. Солардың аруағын көтерген сені Құдай пәле-жаладан сақтасын» деп Тәңірден құрбандық шалып тілеген еді. Әсіресе, рухтандырып, мерейімді өсіріп, баталы сөзін айтқаны да есімде. Бәрінен бұрын кім көрінгенге көрсете бермейтін Мұсылманбайдың кісе белдігін сандықтан алып көрсетіп, дұға оқығаны көз алдымда тұр.

Сардар, әскер басы, әулие, сұңғыла, елші-ер Мұсылманбайдың бір баласы «тау көкжалы» атанған Тазабек би туралы мақалам жарыққа шыққанда Нөкең егіліп, көзіне

жас алған болатын. Мұсылманбайдың Тазабегі туралы кейін айтамыз.

Мұсылманбайдың өзім көрген қара кісе белдігі маған жәй зат емес, әулиеден қалған бір асыл тәбәріктей көрінді. Онда бір тылсым қасиет бар сияқты сезілді. Қазір кімнің қолында екенін білмеймін. Есімі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан жаны әруақтан рухқа айналған Мұсылманбай киесі оның үрім-бұтағына дарыған.

### **«Албан полковник» немесе Бәукейдің Құлжаға баруы**

Екі мыңыншы жылдың ортасында Мұсылман-байдың ұрпағы, Тазабек бидің шөбересі, «Қилы замандағы» атақты Әубәкір болыстың белбелесы Бәукей Әубәкірұлы дабыра қылмай Құлжаға барды. Осы қаланың төңірегінде мұсылман қорымына жерленген 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілістің көсемі әкесі Әубәкірдің басына құлпытас қойып, дұға оқытып, мұсылмандық сауапты іс жасады. Ұлттық рух пен намыс, иман, ілім, дін-зерде ұлы атасы Мұсылманбайдан дарыған қарияның бұл әрекеті ерлікпен пара-пар еді. Әлмерек дүние саларда туажаты Мұсылманбайға бата беріп, соңғы өсиетін осы ұрпағына айтып кеткен. Әлмерек абыз кесене кешенінде Бәукен шырақшы болып жүріп, тәуекел етіп, жолын тауып, Құлжаға барды. Шетелге шығу ол кезде қиын болатын. Бәукеңнің туа біткеннен батыр әке-аталарына тартқан әскери адам екенін жұрт жақсы білетін. Ол қыркыншы жылдардың ортасында Шығыс Түркістан Республикасында әскери командир болған. Кейін Қытай армиясының бір полкінде әскери қызмет атқарады. 1955 жылы Қытай Үкіметіне өтініш жазып, туған жері атамекені Кеген (Алматы облысы) ауданына келеді. «Сен басында орысқа қарсы болған Тазабек бидің ұрпағысың, бауырың Жакыпберді Кеңес Үкіметінің қасдұшпаны болды. Еліне барғанда сені есіркемейді, ұстап әкетеді», – деп басында Қытайлар оны еліне жібергісі келмейді. «Мейлі, атып тастаса

да маған бәрі бір. Туған еліме барып, топырағын иіскеп өлсем арман жоқ» деп тоқетерін айтады. Бойында қорқыныш, үрей деген жоқ батырлық қасиет соңында оны отанына осылай оралтты. Алдымен Алматыға келіп, бұрын Қытайда қалада тұрған Бәукеңол кездегі астанада қалғысы келеді. Сөйтіп, үй сұрап сол кездегі «совминнің» төрағасы, атақ-даңқын Қытайда жүргенде талай естіген Дінмұхамед Қонаевқа хат жазады. Көп өтпей Алматының бір мөлтек ауданынан пәтер берілетіні жөнінде Үкімет адамы қол қойған хат алады. Қуаныштан төбесі көкке екі елі жетпей, қайын жұрты жағына хабарласады. Қонақтап келген жүкті әйелінің босанып, ұл туғаны жөнінде олар сүйінші сұрайды. Берілейін деп тұрған үйге карамай Бәукең Қарқараға тартады. Сөйтіп үйден құр қалады. Мұсылманбайдың ұрпағы «Албан полковник» өзіне әкесіндей жақсылық жасаған нағыз мұсылман Димекең – Дінмұхамедке өле-өлгенше риза болып кетті. Әлмерек басында шырақшы болып жүргенде әр ғибадатында Қонаев рухына дұға оқып, қазақтың бағына туған кеменгерді есінен бір сәт шығармады.

Димекең Әлмерек абыз жайында, оның аңызға айналған ұрпағы Мұсылманбай туралы көп білетін. Тоғыз жасында (1921 жылы) «Әлмерек» жазығында осы аттас өзен маңында діндарлар тосаттық бергенде әкесімен ілесіп келіп, абыз мазарын көрген. Әлмерек оның ұрпағы Жәнібек және бидің зәузаты Мұсылманбай жайында әкесі Меңліахмет қария айтқан әңгіме, жыр толғаулары Димекең есінде өл-өлгенше сақталады.

Мұсылман әлеміндегі ұлы тұлғаның сыртқа білдірмей нәпіл ғибадаттар жасағаны, өмірінің соңында Меккеге қажылыққа баруға ниет еткені және Түркияға барғанда: «Менің қырық жыл намаз оқығанымды түрік бауырлар сезіп тұр» деп әзілдеуінде мән бар. Әлмерек, Мұсылманбай, Жұмабай, Бөйіт сопының мұсылмандық ғұрып пен салтты бұлжытпай ұстаған олардың өнеге ғибраты, өсиеті оны Димекеңе бала кезінен белгілі еді.

Димекеңнің нысаналы болып туылуы, адалдығы,

тазалығы, жомарттығы, тәуекелшілдігі және діндар-мұсылмангершілігі Мұсылманбайға ұқсайды. Құдайдың күдіретіне қараңыз, есімдеріндегі әріптердің саны бірдей (II) және екеуі де ұқсас діни аттар. Ал, алыптылығында еш айырма жоқ. Әруақтардың рух әлемінде жұмбақ көп. «Құдай оңда, әруақ қолда» деген қазақтың ежелден келе жатқан діни тәмсілінде Жаратқанға сыйынудың еш халықта жоқ даналығы жатыр.

Қазір Әлмерек абыз кесенесі жанындағы намазханада мұнда келгендер Мұсылманбай, Дінмұхамед, Меңліахмет рухына дұға оқиды. Үйсін дәуірінен келе жатқан Әлмерек қорым сайында Мұсылманбайда жерленген болуы керек. Өйткені әулиенің Әлмеректен кейінгі атасы Жәнібекке топырақ осы жерден бұйырған.

### **Әлмеректің Мұсыманбайдың өмірін болжауы және өсиет батасы**

Мұсылманбайды мен көрген жоқпын. Оның қасиетін рухы мен ұрпақтары арқылы біліп, танып әбден зерттеп, соңында жазуға бір тылсым күш әсер етті. Бойларында аталарынан дарыған қасиет бар Мұсакеңнің тікелей ұрпақтары офицер Бәукей, молда Шайым, ақын Айтуған және дәрігер шипагер Нөкербанмен әңгімелесудің, сұхбаттасудың арқасында әруақ рухы тылсым күштер кемеңгер бейнесін елестетті. Әсіресе, Франциядағы Халықаралық М.Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, Ресей мұсылмандар қоғамының алтын медалін алған, «Әлмерек рухани-сауықтыру» орталығының ұстазы тегі Әлмеректің жаужүрек ұлы Жәнібектен тарайтын Ермек Мырзагелдіұлында Мұсылманбайдың «рух-ұшқыны» сезілетін. Өйткені, ол көріпкел, бір тылсым күш дарыған жан еді. Оған Алла-Тағала «әруақ әлемін» көрсететін. Оған өзім талай куә болдым. Әлмерек жайында менің естіп, білгендерімнен басқа ол неше түрлі таңғажайыптарды айтатын. Кейін оның бойындағы тылсым күшке көзім жетті. Атасы Жәнібектің



қайда жатқанын, қанша жасында жау қолынан қаза тапқанын дәл тауып, басына құлпытас орнатқан.

Қазақтың бойында о бастағы Тәңірлік ілімнің (дін емес) қасиеттері мен кие, белгілері сақталған. Өкініштісі, оны білмейміз және білуге құлықсызбыз. «Таңғы ас Тәңірден» деп ерте шаруасын бастап, атқа қонатын қазақ ұланғайыр жерді оқу-білім емес, ілімнің арқасында ежелден иеленіп келе жатыр. Ежелгі біздің ілім-дінімізде қиял ертегі, фанатизм жоқ.

Мұсылманбай бойында ежелгі «ілім-дін» мен кейінгі «құран қасиеті» оның рухында қатар қонақтаған. Ол өмірдегі ақыл-ой жетпейтін күрделі мәселелерді, бас қатыратын шаруаны, ертеңгі болатын ауа райы мен келесі жылы қыс кезінде не істеу керектігін алдын ала айтып отыратын теңдесі жоқ ғұлама, сәуегей ретінде аты аңызға айналды. Қалың қабақты оның «ой көзі» төңіректі түгел түнегіне дейін көретін бір ерекше қасиет иесі болғанына сан түрлі дерек, мысал, дәйек келтіруге болады.

Ұлы атасы Әлмерек бәйбішесінен туған төрт баланың, тоқалынан туған бір баланың және соңғы әйелінен өмірге келген үш баланың қасиеттерін алдын ала біліп, сол ерекшеліктеріне байланысты тәрбиелеп, баулыған. Әлмеректің «тәрбие әлемі» әлі сыры ашылмаған ұлттық ерекшеліктің бір өнегелі «ғұрып-салтын» елестетеді. Мұсылманбай туғанда Әлмерек біраз жасқа келген екен. Бала нысаналы болып туып, әке-шешесін, ағайын-бауырды ширақ қимыл-қылықтарымен, тосын мінез-әрекеттерімен, ойын-ой, арман-қиял ерекшеліктерімен қайран қалдырады. Сексеннің сенгіріне шыққан Әлмерек туажаты өмірге келгенде «Адам мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды, мен жүзге жақындап дүниеден өтемін. Алла-Тағала маған туажатты көрсетті. Өмір жасы ұзақ болсын. Күлкісінен күн көрініп, айдарынан жел ессін, мұсылманның пірі болсын» деп атын азан шақырып, Мұсылманбай қояды. Өйткені Әлмерек сексеннен асқанда мұсылман ғұрпы бойынша пірәдәрілік жолға түсіп, оқшауланып, күндіз-түні намаз оқып, ғибадат

жасап, жаратқан иеге жақындаудың жолын таңдағаны белгілі. Бұл жерде ерекше айта кететін нәрсе о бастағы аты Мұсылманбайды орыс отаршылары (фанатик христиандар) мұсыманды – «басурман» деп кемсітіп айтатын әдеттері бойынша «Пұсырман» деп жылнама-құжаттарына жазады. Мұсылманбай Жетісуға келе бастаған орыс отаршыларына алғаш қарсы болған, «кәпірлер – мұсылманды аямайды» деп ел ішінде насихат жүргізген Алланың ақ жолындағы «молдасардар» болғаны оның әр іс-әрекетінен көрініп тұрды. Бұрынғы ескі көнекөздер болмаса кейінгі ұрпақтарының өзі қазірге дейін Мұсылманбай демей аталарын әлі «Пұсырман» деп айтады, жазады. Отаршылдықтан қалған дерттің бірі осы.

Әз-Тәуке хан тұсында жас жігіт, Абылайхан кезінде шау тартып, қарттыққа бой ұрған Әлмерек алпысқа жеткенде айтқаны дәл келетін, берген батасын Алла қабыл алатын «ғажайып қасиетке» ие болады. «Мұғжизалық киенің» көрінісі сезіледі. Өтеген, Бақай, Тайлақ, Малай батырлардың жекпе-жекке шығарда немесе жорыққа аттанар алдында Әлмеректен бата алып, жауын жеңіп оралатындары сол кезден жалғасқан әңгіме-аңыздардың бәрінде айтылады. Оның ішінде Райымбекке берген «баталы сөзі» әлі ұмытылған жоқ. Жолы болмайтындардың жолын ашқан, білмейтіндерді білгізіп, көзін ашқан, шаруасы тұйыққа тірелгендердің ісін оңдаған Әлмерек шын мәнінде мұғжиза қасиеті бар әулие еді. Мұсылманбайға қасиет сол жарықтықтан дарыған.

Райымбектен кейін өзінің туажаты Мұсылманбайға бата беруі және Құран аяттары жазылған зерлі ақ туын оған аманаттап, соңғы өсиетін айтуы оның көреген, асқан дана екенін дәлелдесе керек. Әлмеректің қасиетті ақ туы Мұсылманбайдан – Тазабекке, Тазабектен – Солтанбекке, Сотанбектен ең соңғы Жақыпбердіге дейін жалғасты. «Батырлық кие» белгісі жәдігер 1929 жылғы шекарадағы қырғын, қанды көште жоғалады. Тудың жоғалмауы керек еді. Қызыл қарақшы, қандыбалақ, «комотряд» әскерлерінің тосыннан қырғын салуы тудың түбіне жетті. Сөйтіп,

Әлмерек, Жәнібек, Тазабек, Мұсылманбайдан жалғасқан әулеттік ерлік дәстүр соңында еріксіз тоқтады. Туды соңғы рет (1928 ж.) көтеріп шыққан Жақыпберді атылды. Бұл 1933 жыл болатын...

### **«Хан тұқымы» немесе қалмақтың мұсылман болуы**

Әлмеректің әйгілі ұрпақтарының билік шежіре-дерегі ауызшада айтылып, кейде бір тосын жағдайларда жазылып отырған. Мұсылманбай заманында медреседе оқыған молдалар және молдадан дін сауатын ашқан кісілер қатары елде біразға жеткен. Араб әрпімен өткен-кеткенді сауатты жазатын зерек молда, шежіре жылнамашылардың болғаны күмән тудырмайды. Байсейіт батыр жөніндегі шындық оқиғанның күні бүгінге дейін қаз-қалпында ұрпаққа жалғасуы осыны дәлелдесе керек.

Мұсылманбайдың әкесі Қонысбай, оның әкесі Байсейіт (Әлмеректің немересі) атасына тартып батыр болып туады. Оның шешесі бір ханның қызы екен. Айттырған жеріне бармай ханның жылқышысымен көңіл қосып, қашып келе жатқанда серігі тосын кездескен Жәнібек батырдан қарадай қорқып, сүйгенін орта жолда тастап кетеді. Қапаланған «хан қызы»қанжарын алып, өзін жарып тастамақшы болғанда Жәнібек райдан қайтарып, жағдайды білген соң, ханшаның өзіне кетары емес екенін сезеді. «Қоян жүрек қорқақ» серігінен көңілі қалған «хан қызы» Жәнібекке олжа болып, оған тиеді. Үйленерде Әлмерек қай ханның қызы екенін сұрайды. «Айтпаймын, айтсам балаңыздың басы кетеді» деп қысқа қайырады. Осы хан қызынан, яғни, Жәнібектің екінші әйелінен Байсейіт батыр туады. Одан Қонысбай оның ұлы Мұсылманбай дүниеге келеді. Яғни, Мұсылманбайдың түп нағашылары «хан тұқымынан» екені айтпаса да түсінікті. Шежіре кітапта Байсейіттердің өздерін біз «хан тұқымымыз» деп айтатындарының сыры осында. Ол кезде қараға шықпайтын «хан қызы» қалай Жәнібекке жар болды деген заңды сұрақ туады. Бұл жерде Әлмеректің көрегендігі

мен ақылдылығы және «хан дәрежелеріндегі» би болғаны есте тұрады. Әлмерек әз-Тәуке хан ордасында талай болып, билер мен хандардың кеңесіне қатысқан сұңғылалардың бірі еді. Тарихта әз-Тәуке жанына батырлардан гөрі даналарды, ғұламаларды, молда, сопыларды және кемеңгер билерді көбірек жыйнап, олармен үнемі ақылдасып отыратыны айтылады.

Әлмерек терең ойлап, ақылға салып, үлкен той жасап, батасын беріп, «ханқызын» Жәнібекке ақ некелі етіп үйлендіреді. Келіні «ханқызы» Әлмеректі ерекше құрметтеп, алдынан қия өтпей, хандар салты бойынша өмір сүруді қалайды.

Арғы әжесі әйгілі «ханқызы» , аталары Әлмерек, Жәнібек Байсейіт батырдан тамыр алып, ержетіп, өніп-өскен Мұсылманбай шынында текті тұқымнан шыққан асылзада екенінде еш дау жоқ.

Әлмеректің назарына ерте ілініп, оның сөзін тыңдап, өсиетін өл-өлгенше ұмытпаған Мұсылманбай бозбала кезінде жауынгерлік машықтан өтеді, дін сауатын ашады, сол заманға тән ілім-білімді бойына сіңіреді. Бәрінен бұрын атын Мұсылманбай деп айғайлап айтып тұрғандай мұсылмандық өнеге, тәрбиені, қасиетті қатты сақтайды. Оның жаугершілік жорықтары жөнінде біраз айтуға болады. Солардың бірі «Шебік қалмақ» оқиғасы. Қалмақ батыры Шебік бір шайқаста қолға түседі. Пенде болып, сардарға бас иеді. Оның жәй жерде емес, жойқын соғыста шайқасып, тосын қолға түскенін біліп, қалмақ батырын өлтірмейді. «Кәлима» айтқызып, Құран ұстатып, шарифат-хадисті түсіндіріп, соңында сүндеттеп, мұсылман дінне кіргізеді. Жалғыз Шебік емес оның біраз серіктері мұсылман дініне кіреді. Сөйтіп, соңында Шебік Мұсакеңнің әскерінде елубасы болып, жорыққа онымен бірге аттанатын батырларының біріне айналады.

Мұсылманбай әскерінде «үш жүздің» бәрінен жауынгер, садақшы, найзагер және мергендер болған. Орта жүз Арғын Ахмет батыр, Кіші жүз он екі ата бай ұлы Бөжеке батыр сардар қоластында небір ауыр шайқастарға қатысып, асқан

ерлік көрсетеді. Бөжеке ту ұстаушы болады.

### **Тәңірге табынып, Құдайдан бала сұрауы**

Тәңір сөзі Құдай сөзіме мағыналас ұғым. «Бір Құдай, Құдай онда» деп сөз бастайтын қазақтағы «Көкте Құдай» деп те айтады. Сондай-ақ «Тәңір-Ие», «Тәңір Жарылқасын» деген бата-тілек сөзі тілдік қорымызда бар. Бір Жаратқанға, яғни, бір Құдайға табыну мен сыйыну Ислам дінін бұрын қазақта болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп атам қазақ қалай тауып айтқан.

Мұсылманбай көпке дейін бір перзентке зар болып, қапаланып қатты налып жүреді. Бір туысының «сенің батырлығың, байлығың кімге керек, дүниеден қубас болып өтесің» деген қорлық сөзі оны қайғыға батырып, қамықтырады.

Бір күні Мұсылманбай ешкімге білдірмей жалғыз өзі үйінің маңындағы қалың шеңгелдің ішіне түнейді. Ертеңінде сәске түсте жартылай жалаңаш шеңгелдің ішінде денесін тікен бұталарына тілдіріп, тұла бойын қып-қызыл қан қылып, Жаратқанға жалынады. Налып, мұң-зарын айтып жылайды. «Құдай мені шын мұсылман – Мұсылманбайғып жаратсаң маған бір «шикі өкпе» бер деп қатты дауыстайды. Сөйтіп, түнде келіп ұйықтайды. Бір керемет бірақ қорқынышты түс көреді. Түсінде тоғыз қасқыр қоршап, оған сес көрсетіп, бір кезде ғайып болады. Ертеңінде жұма күні бес уақ намазын қазақылмайтын руы Тоқан ғұлама молдаға кезігіп қалады. Көрген түсін айтады: «Тоғыз қасқыр көрген екенсін Құдай саған тоғыз ұл береді. Олардың ішінде біреуі көкжал қасқырдай мықты, батыр әрі ел билейтін би болады» деп түсін осылай жориды. Мүсекеңнің Құдайға жалынуы Тәңір-Иеге жетіп, ол соңында оншақты перзент сүйеді. Сүйікті әйелі Шапырашты Наурызбай елінен келін болып түскен Шақанайдан кенже ұлы Тазабек өмірге келеді. Орысқа он жыл бағынбай, он жыл соғысып, отаршылар қолынан қаза табатын, «тау көкжалы» Тазабек бидің тағдыры Орыс, Қытай тарихында «бүлікші» деген атпен белгілі болып, әлем

тарихында қалғанын біз білмейміз.

Тазабек би жайында Жамбыл мен Сарбас ақынның айтысында мынандай жолдар бар: «Пұсырманның (Мұсылман о.к.) баласы, Тазабек деген ер шыққан. Орыс пенен Орманнан әсте беті қайтпаған». Атақты Ілияс Жансүгіровбатыр би жайында арнайы еңбек жазған. Ал, Көдек ақын жоқтауы оның ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жалғады.

1846 жылы Жетісудің Семей өңірімен шектесетін бір жайлауында би-болыстардың, хан-сұлтандардың Құрылтайы болып, оған Албан елінен Тазабек би қатысып, аға сұлтан Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлымен кездеседі.

Жазушы Әскер Тойғанбаевтың «Қайран елім» атты тарихи-деректі шығармасында Тазабек бидің тағдыры, ерлігі, кемеңгерлігі шынайы бейнеледі. Әлмеректен бастап, Мұсылманбайдан тартып, соңы Жақыпбердіге дейінгі ерлік шежіре Қытайдан шыққан осы кітапта жақсы баяналады. Сондықтан кейін Қазақстанда шыққан оның кітабына алғысөзді осы жолдардың авторы жазған болатын (2008 ж.).



### «Албан күлік» арғымақ немесе Қытайға елшілікке бару

Тарихта белгілі Жоңғар мемлекеті құлаған соң Қытай патшасы мен Қазақ хандарының арасындағы елшілік-дипломатиялық байланыс күшейді. 1758 жылы Мұсылманбай Хангелді батыр және Төле бидің баласы Жоламан, тағы да бірнеше белгілі кісілерден нөкер ертіп, Қытайға елшілікке барады. Қытай тарихында бұл елшілік сапары ай-күніне дейін жазылған. «1798 жылы қарашада Төле бидің баласы Жаулен (дұрысы Жолан О.Қ.), Хангелдінің інісі (дұрысы

тайпалас туысы О.Қ.) Пұсырман (Мұсылманбай О.Қ.) елші болып, астанаға барып, Шаңлуң патшаға жолықты». Бұл деректе одан әрі қарай ішінде Мұсылманбай бар топқа патшаның қонақасы бергені айтылады. Не үшін патша арнайы қонақасы берді. Өйткені патшаға Мұсылманбай нөкерлерімен жолығып, сол кезде даңқы шыққан «Албан күлік» ақбоз, күреңқасқа арғымақтар сыйлаған. Осы салтанатты сәтті сол кезде Қытай астанасында болған италиян суретшісі қаз қалпында айнытпай салады. Суреттің түпнұсқасы Парижде Лувр мұражайында сақтаулы тұр. Классикалық туынды осы тарихи суреттің көшірмесі менің қолыма кездейсоқ түсті. Оны кім көшіріп, Қазақстанға әкелді. Ол жағы беймәлім. Суретте топ адамның ішінде дара көрініп, үстінде қызыл шапаны, басында қара бөркі бар, беліне кісе белдік таққан, шоқша сақалды кісі тұр. Маңғаз, тау қозғалса да қозғалмайтын, сабырлы, ойлы кісі суретін көргенде менің көзалдыма ерекше сүйек-саны, түр-тұлғасы, қазандай басы, кескінкелбеті аңыз болған Мұсылманбайдың бейнесі келді. Бәрінен бұрын Мұсылманбайдың ұрпағы Нөкербан ағаға біраз ұқсастығы еді және ол кісінің үйіндегі мен көрген кісе белдіктің (суретте) көзіме оттай басылғаны – қатты әсерге бөледі. Суретте нағыз тау қазағы иілмей, бүгілмей тұр. Қалғандары «Аспанасты» патшасы алдында бір нәрседен секем алғандай күйде. Мұсылманбайдың жанындағы белбеу таққан қара шапанды кім? Ол – Хангелді болар. Ол еңкейіңкіреп, бір нәрсе деп сөйлеп тұрғандай.

Суреттің Мұсылманбай екенін дәлелдейтін тағы бір белгі – ол өзі жарау, үйретілген, жүген-шылбыры бар сәйгүлік ақбозат. Бір өзіне бес мың жылқы біткен, оның ішінде күрең қасқа, ақбоз арғымақтары Қытай ұлықтарының «көз құрты» болған ғой. Мұны білетін Мұсылманбай «патша сый» аттарын өз жылқысынан тандап, жүгендеп әкелгені суретте көзге ұрып тұр.

Пәлең мың жылдық тарихы бар «Манас» жырында көп мақталатын және түркі батырлары мінетін «Албан күлік» атты тұлпарлардың шыққан жері Қарқара жазығы мен Мыңжылқы тауы жән Қулық, Торайғыр деген жылқы аттарымен аталатын

жайлау, өрістер екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар.

Мұсылманбай ат десе «ақылынан» адасатын, жылқы қасиетін білетін, атбегі де болған. Оның өмір-жасын ұзартқан, бойына күш-қуат берген жоғарыда айтқан сәйгүліктері мен тұлпарлары еді. Сондықтан әулиенің: «Мінгенім Мұзбел болса, сүйгенім Қызбел болса, мен қалай қартаямын» деген қанатты сөзі бұрыннан тәмсілге айналып кеткен.

Бұл жерде Мұсылманбайдың сәйгүлік, тұлпарларына қатысты адам айтса сенгісіз «жылқы-тарихты», «оқиға-деректі» айтудың реті келіп отыр. Мүскеңнің туажаты, Тазабек бидің немересі Жақыпберді батырда тұқымы әулеттен-әулетке жалғасқан айғыр болған. Мұсылманбай кезіндегі тұлпарлардың тұқымы болса керек. Жақаң атысып-шабысып Қытайға барғанда бір шонжардың айғырға көзі түсіп, әдейі қонаққа шақырып, соңында «Астындағы айғырыңды маған тастап кет» дейді. Бұған батыр келіспейді. Міне, Жақаң байланысты Қытайда қуғын-сүргін басталып, оның соңы немен аяқталғаны белгілі.

Италиян суретшісі салған картинада Мұсылманбай бейнесімен оның сәйгүліктері туралы әңгіме жалғасты ғой. Олай болса белгілі картинадағы Мұсылманбайдан басқа үш-төрт адам кім? Қайсысы Хангелді, қайсысы Жолан? Осы сауал зерттеушілерге ой салып, оларда өз болжауын, топшылауларын айтса екен деген тілек бар. Мен шамам келгенше өз болжам деректерімен, тарихи оқиғалар ізімен, кездесіп, жолыққан сардар ұрпақтарының көзбен көрсетіп, қолмен ұстатқан (кісе белдік, ат) заттары арқылы қазақ тарихындағы бір соқталы тұлғаның бейне-суреті жайында осылай ой түйдім.

Мұсылманбай жайында бұдан бұрында, біраз зерттеп, артық кетпей қаз-қалпында жазғанмын.

Маған еуропалық суретші салған «картина-дерек» қатты ұнады. Таң қалдым. Қазақ хандығы дәуірінің Абылай хан тұсында Қытайға елшілікке барған, аты-жөні таңбаланып, тарихта қалған және суретін еуропалық суретші салған, елші, пірәдар, батыр, сардар Мұсылманбай шын мәнінде айтулы тұлға екенін «сурет-дерек» осылай дәлелдеп тұр.



Мен эз-Тәуке хан тұсында би болған Әлмерек абыз жайында отыз жылдан бері зерттеп келемін. Құдай өзі тереңдей берсең – небір деректерді, оқиғаларды кездестіреді екен. Мен тұлға кейіпкерімнің (Әлмерек) қара ошағы мен қабіріндебүлінбей сап-сары болып жатқан сүйегін көрдім. Сөйтіп, қабір басында дұға оқыдым. Бұл туралы бүге-шүгесіне дейін жазылған мақала ертеректе бір басылымда жарияланды. Соңында Әлмеректің туажаты Мұсылманбайдың суретін, суреттегі сәйгүлігін көремін деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмеген. Мұхтар Мағауиннің «әруақтар өзі жетелеп бәрін көрсетеді» дегені рас екен. Райымбек ауданында Абылай хан шыққан Көктөбеге көтерілгенде, Мұсылманбайдың замандасы Түменбайдың атымен ежелден аталатын ауылда қонақ болғанда Мұхаң жоғарыда айтқан сөзін бірнеше рет қайталап айтып еді. «Құдай қолдайды, әруақ ондайды» деген қазақ көрегендігіне тең келетін әлемде даналық жоқ екен. Біз аз болсақ та ақыл-ойы өзгелерден көш ілгері озық, кемеңгерлігі өзінің кең даласындай, батырлығы, тіпті, басқаша халық екеніміз Мұсылманбай өмір-тағылымынан көрінеді.

\* \* \*

Әл-Фарабидей әлемге әйгілі философ, Қажымұқандай аты дүниеге Машһүр (әлемде теңдесі жоқ) палуан, Абайдай ұлы ақын, Д.Қонаевтай кемеңгерді өмірге әкелген қазақ топырағында мұсылмандықты мықты ұстанып, ол жолда Пайғамбар сақабаларындай сардар, көреген, кемеңгер, жаужүрек, жүз жасаған, ұрпағы рулы елге айналған Мұсылманбайдай әйгілі атамыздың да болғанын мақтанышпен айтатын кез келді.

Өзі көзге көрінбесе де, оның рухы эз-Тәуке ханның замандасы эз-Әлмерек мазар-кесені маңында нұрға бөленіп, ұрпақ-зәуаттрының үнін естіп, дұға-тілектерінен қуат алып, ұйықтап жатса керек.

23.11.2014 жыл  
8-702-158-52-75

## АЛПАРҰЛЫ САУРЫҚ

**Қ**алмақты Қарқарадан Құлжаға дейін қуып, Құлжа қаласындағы Ресей сауда факториясын талқандап, соңында 1871 жылы он жыл түрме жазасы кесілген Алпарұлы Саурық батырдың ерлігі тарих шындығы.

1850-60 жылдары Хантәңірі мен Қарқара өңірін мекендеген қазақтар (Албан тайпасы) тұс-тұстан анталаған жаудың ортасында қалып, атажұрт, жер-суы үшін жанталасып арпалысты.

Батысында Қырғыз қырғын салып, Шығысында ата жау қалмақтардың қалдығы қоқандап, ту сыртынан орыс ойран салып, шекара жақтан Қытай қарауылға алған тау қазақтары небір сойқан-шапқыншылықты бастан кешірді. Әсіресе, екі жақты отарлаудың құрбаны болған елдің тағдыры аянышты еді. Атақты Тазабек би мен Саурық батырдың жан-жақтан тиіскен жауға қарсы майдан ашқан кезі осы тұс. Ұлт азаттығы үшін алысқан бұлардың есімдері отаршылдардың “жылнама- тарихтарында” “ұры”, “қарақшы” деген атпен жамандалып, Тәуелсіздікке дейін “жау” болып келді.

Белгілі Райымбек батырмен қатар аты ұранға айналған Алпарұлы Саурықтың кейінгі қаһарлы қалмақты тәубеге келтіріп, қырғызды қия бастырмай, орысқа бағынбаған ерлігі ел ішінде аңызға айналған. Өкінішті, Саурық батыр саясатқа байланысты “қапас-түнекте” жатты, ұрпақтары “халық жауы” атанып, атажұрттан безіп кетті.

Түменбай әулиенің Алпар, Тұлпар атты екі көкжал ұлының бірі ақиық Алпардан туатын Саурықтың ұлы бабасы Үйсін — Албанға аты аян тағы Әлмерек би. Көңілі кең — жүрегі түкті Құрман батыр Саурықтың түп-тегі.

Тарихтан белгілі — ХҮІІ ғасырда Жетісуда Жоңғар мемлекеті құлаған соң, о баста күшті қалмақтардың кейбірі ру-тайпалары — Қарқарада қалып, көпке дейін күш бермеген. Тіпті, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылына дейін Қарқараға таласқан қалмақтардың қалдығы кейін ел үріккенде

Албандарды тағы тонаған.

Аласапыран шекаралық аймақта қалмақ ханы Бүрге казактарға бүйідей тиіп, маза бермейді. Батыстағы Бұғы-қырғыздар жекелеген руларға шабуыл жасап, мал-мүліктерін тонайды. Әсіресе, Бүрге ханның, лаңы шектен шығады. Бұған шыдай алмаған Саурық Албан қолын жинап, Бүргеге қарсы соғыс ашады. Бүргені Саурық “орда — мекенінен” Құлжаға дейін қуып барып, жеткен жерінде жекпе-жекте өлтіріп, басын алады. Құлжа төңірегіндегі жаңа жерге әлі екі ортада тиянақтай алмай жүрген кейбір руларды қоныстандырады. Құрман-Саурық десе қалмақтар ғана емес тараншы-сарттар да сескенеді екен сол кезде. Ежелгі Үйсін-Албандардың қалмақтар жаулаған қара қонысына ел қондырып, өзі мұнда иелік етеді. Енді Албандар Қарқарадан Құлжа, Жұлдыз, Қас деген жерлерге дейін мал айдап, көшіп, қонатын болады. Бұл Саурықтың Үйсінтаудағы ежелгі атақонысқа Үйсін-Ата ұрпақтарын қайта әкелген зор ерлігі. Арада көп уақыт етпей, ру-ру, тайпа-тайпа болып өзара қырылысып, ұйғыр, казак болып бөлінісіп, дүнген, тараншы болып жерге таласып жатқан өлке-аймақты Қытай жаулай бастайды. Қара дүлей Қытайдың күшті екенін сезген Саурық оған сырттай мойынсынғанымен іштей бұл айдаһарға қарсы болады. Өз қоныс иелігін қалай қорғап, сақтаудың камында жүргенде әкесі Алпар дүниеден өтеді. Әкесінің сүйегін “арша-табытқа” салып, Құлжадан Қарқарадағы атасы Түменбай жатқан зиратқа әкеліп жерлейді. Өйткені Құлжаны түбінде Қытайдың алатынына батырдың көзі жеткен.

Құлжа түбегейлі Қытайға өтіп, онда Ресейдің сауда факториясы ашылады. Енді екі жақтың шекара бөлуі басталып, бұл Албандар үшін сүргін-сойқан болады. Бұл өз алдына бір жеке әңгіме, яғни, өткен (XIX) ғасырдың алпысыншы жылдары Саурық елі екі оттың ортасында күйіп, жанады. Ел, жер иесі ретінде Саурық “Қарқарадан Құлжаға дейін Албандардың атақонысы жері” деп ұғады. Қазіргі Райымбек ауданындағы Есекартқан, Сүмбе деген жерлердің түбінде шекара болып белгіленетінін сезеді. Шекара сызығының Құлжа маңынан өтуін қалайды. Өзінің Құлжа маңын қоныстанғанын алға тартып, екі империя ауыз жаласып,

әбден келісіп алғандықтан “сорлы” Саурықты тыңдасын ба дегендерін болдырып, бір тайпа елді жер-суымен екі бөліп тастайды. Сөйтіл, шекараның аржағы Албан, бер жағы орыс елі атанады. Отаршылардың зорлығы мен қорлығына ызаланған Саурық 1864 жылы Құлжадағы Ресей сауда факториясын талқандап, Жетісудың генерал-губернаторы Г. Қолпаковскийге қарсы көтеріліс ашқан Тазабек бидің әскер-жасағына қосылады. Мұның алдында Қытайға бағынғысы келмеген дүнген тараншыларды жақтап, оларға көмектескен Саурық отаршылардың оңдырмайтынын сезіп, өз дербестігі үшін өлсе де беріспеудің амалын ойлайды. Оларға пенде болмау үшін арпалысады. Саурықтың ұлы патшалық Ресейдің сауда факториясын талқандап, Құлжада бүлік шығаруы екі империя ұлықтарының есін шығарса керек-батырды ұстауға “қос айдаһар” жанталаса кіріседі. О баста Қарқараға келіп, шұрайлы жерлерді иемдене бастаған казак-орыстардың ата жау Саурықтың көзін құрту — Жетісу ұлығының “ұлы шаруасына” саналады. Сөйтіп, Саурықты казак-орыстар Құлжада бір қапылыста қолға түсіріп, бірден өлтіріп жіберсек арты пәле болар деп он жыл түрме жазасына кеседі.

Райымбек ауданында алғаш казак мектебін ашқан, белгілі ағартушы қайраткер Сұраншы Сауранбаевтың “естелік шежіре” дәптеріндегі әңгімелері Саурық батырға қатысты тарихи деректерді толықтырады. Сұраншы ағаның “сүрленген дәптерінде” Саурық батырдың жазасын өтеп, еліне келгенде қалай өлгені жөніндегі дерек өте қызық. Батырды он жыл түрмеде азаптап, одан шыққанда еліне барып өлсін деп у ішкізіп жіберсе керек. Елге келгенде бір-екі күн өтпей өзі ауырып, мама ағашта тұрған жирен қасқа аты кісінейді. Саурық туыстарына «мен түрмеден шыққанда: Батыр еліңе барарсың, барарсың да өлерсің» деп бір жанашыр адам осылай деген еді. Ол бір нәрсені білген екен. Көзім жұмылғанда жиренқасқа атты асыма сойыңдар. Талай жорыққа мінген жануар келген иесінің өлетінін біліп кісінеді” деп ертеңінде батыр бауыр-туыстарымен бақылдасып, о дүниеге аттанады. Айтқан өсиеті бойынша туыстары жиренқасқаны асына сойып, әкесі Алпар, бабасы Түменбай жатқан жерге батырды жерлейді. Кейін

мазар ағашына аттың басын іледі. Саурықтың жиренқасқа атының басы осында елуінші жылдарға дейін тұрады. Саурықтың ұлы, 1916 жылғы Албан көтерілісінің көсемі Ұзақ батырдың да сүйегі осы Түменбай зиратында жатыр. Қарақолда өлген батырды туыстары әкесінің қасына әкеліп қойған.

Құлжа, Қарқара өңірін көп зерттеп, 1858 жылы Қашқар асқан ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов бір хатында дүнген тараншыларға болысып жүрген Саурықтың атын атайды. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: “Қилы заман” шығармасында Райымбек пен Саурықтың аруағын шақырып, анттасқан елдің “бата-тілегін” келтіреді. Албан Асанның жырларын жарыққа шығарған Ілияс ақын “Мақпал” поэмасында Саурық пен Тазабектің аруағын көтеріп, сөз бастайды. Сондықтан Саурықты отарлық езгіге қарсы болған тарихи тұлға, батыр деп атын ардақтау парыз.

...Түменбай бұлағындағы зиратта Саурықтың ырғай сапты найзасы жаншылған бейіттің алпысыншы жылдарға дейін тұрғанын оны көргендер айтады. Өкініштісі, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға қарсы, аруақ қорлаған кенестік дәуірде (60-шы жылдары) батырдың осы жаугершілік заттарын біреулер алып кетеді.

Басында қалмаққа тұтқын болып түсіп, соңында бір тайпа қалмақты тәубеге келтіріп, кейін орысқа ойран салған Саурық батыр қазақтың ұлттық мақтанышы. Пұсырман мен Саурықтың Қырғызға қарсы соғысына байланысты (Тоқтарбай, Теке) ел арасында екі ұдай, керегар деректердің бар екенін де айта кеткен жөн.

## ТАЗАБЕК БИ

**Ж**етісуды жаулаған Г. Колпаковскийдің казак-орыс әскеріне қарсы соғысып өлген “тау көкжалы” Тазабек би.

Шығысында қытай-қалмақ шырқын бұзып, батысында қырғыз-бұғылар қоқаңдап, ту сыртынан Жетісуды жаулауды бастаған казак-орыстар ойран салып кірген Қарқара өңірі анталаған қалың жаудың дода-көкпарына түсті. Құлжа, Қашқардағы қанды қырғын ұлт-азаттық кетерілістің сойқанынан қашып, босқан ұйғырлар мен дүнгендер де Іле-Текес аймағында дүрбелең туғызып, өлкедегі қазақтардың атажұртына олар да жармасты. Қарқарадағы қазақтар үшін бәрінен қауіпті және өте күшті жау казак-орыстар болды. Алматыны “Верный” деп өзгертіп, бекініс салған отаршы-қарақшылар Шығысқа қарай жылжи берді. Түйемен зеңбірек сүйреген әскери экспедициялардың “саяхаттарының” астарында жаулаған жерлерді картаға түсірудің жымысқы әрекеті жатты. Сөгеті мен Іле және Жалаңаш маңындағы Албандарды казак-орыстар атажұртынан тауға қарай тықсырды.

Жетісуды орыстардың жаппай жаулап алуына қарсы ру, тайпалардың арасынан шыққан батырлар дұшпанмен шамалары келгенше шайқасты.

Іле — Қарқара өңіріндегі Албандардың орыс отаршыларына қарсы алғашқы ұрыс-шайқасын Пұсырман батырдың ұлы Тазабек би бастады. Казак-орыстардың елді бағындыру сойқан жорықтарына, білгенін істеген бейбастық қылықтарына төзе алмаған Тазабек би Албан елінен біраз жасақ жинап, сарбаздарымен алғаш Кетпен тауында жауға сес көрсетеді. Оның туыс-жақындарынан, рулас ағайындарынан жиналған жасағында құба қалмақты бездіріп қуған, ата жаудың Қарқарадағы хан ордасын талқандап, шекара асырып жіберген Айтбозым Сауырық батыр, Албанға аты мәшһүр жаугершілік жорық ақыны Шалтабай болады. Тазабектің қол жинап, қарулы қақтығысқа шығуы сол кездегі Жетісу

өлкесінің генерал-губернаторы, Қарқараны алып, Қашқарға қол салуды ойлаған Г. Қолпаковскийдің қатты ашу-ызасын келтіреді. Бақайшағына дейін қаруланған қазақ-орыс отрядтары қазіргі Райымбек ауданындағы Кетпен тауы мен Шәлкөде және Сүмбе өңірлерінде (Тазабекті құртып, оның көзін жою үшін) қанды майдан ашады. Күші өзінен жүз есе артық жаумен алысқан көзсіз батыр Тазабек тау-тасты қорған қыла жүріп, ұрысын тоқтатпайды. Кетпен тауында Тазабектің жаужүрек жігіттері қаһарын төккен Г. Қолпаковскийдің 30 солдатын қолға түсіріп, қару-жарақтарын олжалайды. Батырдың жауға қарсы шайқасы енді күшейеді. Тазабек жасағына содыр казак-орыстардан қорлық көрген біраз казак қосылып, Жетісудің “жарты патшасын” үрейлендіреді. “Бұзық- бүлікші”, “дұшпан-сатқын” деп оған ат қойған. Г. Қолпаковский Тазабекке қарсы жорықты соңында өзі бастап, Іле-Сүмбеге дейін келеді. Қару-жарағы сайлы, күші басым жаумен қаша соғысқан таудың көкжалы қолға түспеу үшін ебін тауып, шекарадан өтіп, Құлжаға келіп бекінеді. Онда бір тараншы ұлығымен одақ жасасып, соңынан келген жаумен табан тіресіп соғысады. Дүниені ойрандаған орыс әскерлерінен қорыққан “дос” тараншылар, өздеріне қауіп төнгенде сатқындық жасап, Тазабекті дұшпанының табанына салып береді. Ақиық ақын Ілияс Жансүгіровтың кейін 1994 жылы жарияланған Жетісуды орыстың отарлауы жөніндегі архивтік еңбегінде Тазабектің басында тараншылармен бірігіп соғысқанын дәлелдейтін деректер бар.

Тазабектің Г. Қолпаковскийдің 30 солдатын тұтқын қылып құртқаны Қарқара өңірінде аңыз болып тарайды. Осыған қатты кектенген Жетісудің соғыс генералы тараншылар ұстап берген Тазабекті 1871 жылы өлтіріп тынады. Өлген жерінен сүйегін алып кету үшін келген қазаққа білгенін істеп басынған баскесер казак-орыстар бидің туыстарынан 200 жылқы “құн” төлеуді талап етеді. Отарлық езгінің осындай сойқанды қорлығын қай халық көрді екен?

Тазабек оқиғасына байланысты орыс, қытай отаршыларының кикілжіңі басталды. Орыс әскерлері Тазабектің Қытайға өткені үшін ондағы ұлықтарға ерегісіп,

Құлжа қаласын жаулап алады. Орыстар он жыл Құлжада билік жүргізеді. Қазақ жеріне таласқан қытай мен орыстардың басқыншылық әрекеті үндістердің жер-суын жаулаған испандықтар мен ағылшындардың отарлық озбырлығын елестетеді.

Ата жауымен ақтық демі таусылғанша айқасқан тарихи тұлға Тазабектің ерлік өлімі бұрын айтылмады. “Сары сүргін” мен “қызыл сүргіннің” құрбаны болып, 1933 жылы Қытайда атылған Әуезхан ақынның “Қасірет толғауын” жатқа айтатын бірен-саран адамдар ғана халық “хан тұқымы”, “көкжал бөрі” деп атап кеткен Тазабекті ел ішінде білдірмей дәріптейтін. Пұсырманұлы Тазабекке қатысты тарихи деректер бұрын мүлде беймәлім болған. Өйткені орыс пен қытайдың тарихында Тазабек “ата жау”, “қас дұшпан”, “қарақшы қазақ” атанған. Ұлты үшін құрбандыққа шалынған Тазабек бидің аруағы 1993 жылы тірілді. Осы жылы Республика мемлекеттік Ұлттық архиві өткен ғасырдың ортасында билік құрған билыстардың, хан-сұлтандардың, белгілі ру басыларының Жетісудың бір жайлауында өткен Құрылтай жиыны жөнінде баспасөзде құнды дерек жариялады. Абайдың Әкесі аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы қатысқан үлкен Құрылтайға Қарқарадан (1846 ж) Тазабек бидің келіп, тиісті құжатқа қол қойып, өзінің мөрін басуы, түнекте жатқан Тазабекті жарқ еткізіп, ел-жұртына әйгіледі. Тазабек бидің тарихи тұлға екенін айғақтады. Осы Құрылтай кездесуде Тазекен Құнанбай қажыны еліне Қарқараға қонаққа шақырады. Бидің ұрпақтарының бірі: «Абайдың әкесі Құнанбай Тазабек Албанды билеп тұрғанда Қарқараға келіп, жер-суды көрген» деген еді бір әңгімесінде. Сол кездегі шекаралық аймақтағы орыс, қытай саясатының сойқан-дүрбелеңіне байланысты, ел жаулаушыларың жер бөлісуді ойлаған жексұрындық әрекетіне қатысты Тазабек би мен Құнекең өздеріне ғана аян іс жөнінде әңгімелескен болуы керек. Өйткені кеңес үкіметі өмір сүріп тұрған кезде әлгі қарт: “Мұны айтуға болмайды. Қарқараға Құнанбай шекара мәселесіне байланысты келген” деп сактандырған болатын. Шекаралық аудандағы партиялық аппарат қызметінде істеген ол кісі СССР мен Қытай арасындағы



бұрыннан шекара дауының бар екенін сездіретін. Бұл қазақ жерін екі жақты отарлаудың салдарынан болған кілтипан екенін енді білдік. Қытай мен Қазақстан арасындағы шекара біздің ел тәуелсіздігін алғаннан кейін түбегейлі шешілді.

Қасиетті атамекендерінің жат қолына көшуіне байланысты Тазабектің заманында Қарқарада мынадай қара өлең жолдары жиі айтылады екен:

Шет Меркі, Орта Меркі, Меркі, Меркі,  
Шырғанақ, Қалдыбұлақ жердің көркі.  
Бір орыс мылтығымен шыға келсе  
Қазақтың селкілдейді сеңсең бөркі.

Баласы Бәйдібектің Албан еді,  
Қой жылы Қарқараны алған еді,  
Ақ патша азап, қорлық көрсеткен соң,  
Мұзартқа Албан үркіп барған еді.

Осы екі шумақ өлең орыс отаршыларының ойранын ұрпақтан-ұрпаққа ұқтырып келді. Тыныш жатқан елді бүлдіріп, жаулаған, діні жат дұшпанға жер-суын иелендірмеу үшін соғыс ашқан Тазабек батыр туралы да осындай өлең, жырлар көпке дейін айтылып жүрген. Өкініштісі, олар жиналып, хатқа түспеген. Тазабектің жау қолынан қиылған өмірі Жамбылдың айтыстарында, жоғарыда айтылған Ілекеңнің шығармасында және босқындық құрбаны Көдек ақынның жоқтау-жырларында айтылады. “Жұлдызда” жарияланған Жамбыл мен Сарбас ақынның айтысында Тазабек былай таныстырылады:

Пұсырманның баласы,  
Тазабек деген ер шыққан.  
Орыс пенен Орманнан  
Әсте беті қайтпаған.

...Қар жаудырып кабаққа,  
Мұз қондырып мұртына.  
Өзі тірі күнінде  
Кім батып еді сыртына.

Тазабектің ұрыс-шайқасына қатысып, Құлжада қолға түскен Шалтабай ақынның батыр-би жайында толғауы болған екен. Бірақ бидің туыс-жақындарының босқын болып, шетелге кетуіне байланысты толғау сақталмаған. Оның үзік-үзік жолдарын айтатын бидің үрім-бұтақтары әлі бар.

Тарихи тұлға Тазабекке қатысты құжат-деректер Ташкент архивінде жатса керек. Өйткені Жетісу өңірі ол кезде Түркістан өлкесіне қарады. Мұны ұлы бабаларының өміріне қатысты материалдар жинап жүрген бидің қазіргі оқыған туыс жақындары айтады.

Тазабек атылып, оның жорық сарбазы Шалтабай ақын Итжеккенге айдалып бара жатқанда, “Менің атым Шалтабай, Әкем Алпар, өтіп кетті Тазабек қайран сұңқар” деп бидің ерлігін еліне білгізіп, жұртына ұқтырған.

Қарқараны қанға бөктірген отаршы жеңдеттердің қолынан өлген Саурық батыр, Тазабек би және он жылға жер аударылған Шалтабай ақын қазақ әдебиеті мен тарихына әлі белгісіз “ақтаңдақ” тұлғалар. Сондықтан бұл қасиетті ата-бабаларымыз жайында айтпау олардың аруағына қиянат, ұрпағына сын.

Орыс, Қытайдың Қарқара, Құлжа өңірін қанжоса қылып, жаулау саясатының тарихында “бұзық - бүлікші” атанған Тазабек би сұраусыз кеткен боздақ. Шейіт болып өлген Алаштың ақиық азаматы, қан жұтып дүниеден өткен қаһарманы.

## Алтыншы тарау

### ҰЗАҚ БАТЫР

Орыс пен Қытай 1883 жылы тау қазақтары Албандардың атақонысын екіге бөліп, шекараны түбегейлі белгілейді. Оған дейін бұл тайпа елдің Қарқара мен Құлжаның арасында еркін көшіп-қонып, Іле-Текес өңірінде диқаншылық кәсіппен айналысқаны тарихтың айдай анық шындығы. Екі империяның біртұтас ел мен жерді қақ бөліп, қан ағызуы Албандарды Америкадағы үндістер сияқты құртудың сүргін-сойқанын елестетеді. Өйткені негізгі шаруашылығы мал қазақтың тұтастығынан айрылып, өзінің парша-парша болып бөлшектенуі жер бетінен жоғалуы ғой.

Шекара сойқанына байланысты Шәлкөде жайлауында болған бір оқиғаны көнекөздер көпке дейін күңірене айтып келді. Орыс әкеліп, Қытай хатқа түсірген алғашқы шекара белгісі — екі - үш тонналық ауыр тас 1883 жылы Шәлкөденің Есекартқан деген жеріне қойылады. Жергілікті халықпен, осы жердің иелерімен келіспей қойылған “белгі тасты” бір түннің ішінде Құрман елінің азаматтары алпыс өгізбен сүйретіп, арасы 20 шақырымдай жер Сүмбе суының арғы жағасына апарып тастайды. Сөйтіп, бір шекара бөлінісі кезінде қазіргі Шәлкөде — Есекартқан түн ішіндегі “төтенше тәуекелдің” арқасында бері қалып, Сүмбенің шығыс жағы Қытайға кеткен. Бұл Ұзақ батырдың басында айқай-шу шығармай, Орыс, Қытаймен қақтығыспай ақыл-айла арқылы атақонысты алып қалған үлкен ерлігінің бірі.

Екі ортаға шекара белгісі қойылғанымен осыған қатысты тәртіптің жоқтығынан ру-тайпалар бұрынғы жайлау-қоныстарында көшіп-қонып жүре берген. Ал, көкірегі ояу, зерделі ел ақсақалдары мен би, батырлар зорлықпен жасалған жер шектеуін мойындамай жер-судың бұрынғы тұтастығын сақтау жолында көпке дейін шекара ұлықтарын тыңдамаған. Әсіресе, Ұзақ ешнәрседен қаймығып, қорықпай кедергіні елемей еркін жүреді. Қазіргі Шәлкөде, Сарбастауды қалай

мекендесе, шекара болған Сүмбе, оның ар жағындағы Текес, Қарағанды, бір кезде әкесі Саурық қоныстанған Құлжа төңірегіне дейін малын апарады. Екі аждаһа қысып бара жатқан соң ежелгі қас дұшпан қалмақпен де орайы келгенде тіл табысады. Қытайға жұтылып бара жатқанын қалмақ та сезсе керек. Ұзақтың бөлінген жер-су мен шекараға қатысты ұрыс-шайқасы, жортуы басқыншылық әрекетке кектенуден басталады. Әкесі Саурық батыр қалмақтардан босатқан жерлерге рулы елімен ие болу - Ұзақтың түпкі мақсаты еді.

1895 жылы Нарынқол, Текес өңірінде, Сарыбастау, Сүмбе жағында қыс өте қатты болып, жұт қауіпі төнеді. Ұзақ жылқыларын Қытай жақтағы бір таудың етегіне қыстатады. Жергілікті Қытай үкіметі “Албандар шекараны бұзып, маза бермей жатыр” деп Жетісудағы патша ұлығына мұны хабарлайды. Арада көп уақыт өтпей, жол-жөнекей елді қырып-жойып, зорлықпен ат мініп, жендеттей жетіп жеті казак-орыс солдатты келеді. Ұзақтың жігіттері мен жылқышылары “жеті жендеттің” алтауын өлтіріп, біреуін жаралайды. Бұл Ұзақтың нұсқауымен болған басқыншылыққа қарсы алғашқы қанды оқиға еді. Ұзақ өзі Құлжа жаққа барып, жасақ жинап, түбінде бір зауал, шайқастың болатынын біліп, бой тасалап, білдірмей жасырын қамданып жүреді. Серіктері өліп жараланып жеткен жеті солдаттың тірі қалғаны Жаркенттегі ұлыққа келіп, бар жағдайды айтады. Енді Ұзаққа қарсы бақайшағына дейін қаруланған бір отряд өскер шығады. Ұзақтың ауылына келіп, баласы Рүстемді өлтіріп, туыстарын тұтқындап ойран салады. Ауылының шабылғаны, баласының өлімі, туыстарының зары Құлжада қол жинау қамында жүрген Ұзаққа жетеді. Еліндегі ойранға шыдай алмаған Ұзақ батыр ғой қорықпай Жаркентке қарайтын Қырғызсайдағы патшаның жергілікті ұлығына өзі келеді. Келген бетінде: “Алты солдатты өлтірген мен. Басқаларда жазық жоқ. Қандай жаза қолдансаң еркінде. Тек туысқандарымды тұтқыннан босат. Оларды қинама” деп өтінеді.

Патша “әскер ұлығы” өзі келіп, шындықты айтқан Ұзақты өлтірмей бір жағынан елдің кектенуін болдырмау үшін батырды 7 жылға соттайды. Ұзақ бұл мерзімнің 5 жылын өтеп, қалған екі жылына ақша төлеп, сайлау құқығынан

толық айырылып елге келеді. Бұл Ұзақтың 1916 жылғы “Албан көтерілісіне” дейінгі зорлық пен шекара сойқанына қарсы ерлігінің бір ерекше оқиғасы. Сайлау құқығынан жұрдай болған Ұзақтың кейін елге келген ұлық-ояздарды ұрып, сабап жіберетін дойыр қылығы осы қиянаттың әсерінен еді.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің “Қилы заман” шығармасында “етінен ет кессе де былық етпейтін” деп суреттелетін батырдың жеті жендетті өлтірген осы шекара оқиғасында айтылмайды. Оның көтеріліс көсемі болып, соңында Қарақолда шейіт болғаны баяндалады.

1916 жылы ұлу жылы 61 жасында елінің азаттығы үшін құрбан болған әйгілі Ұзақ батырдың қырық жыл ғұмыры Орыс пен Қытай ойран салған жер-суды, ел-халықты қорғаумен өтіпті. Сүмбе Хантәңірі өңірінен Тарбағатайға дейін тартылған шекара сызығын елемей Еренқабырға, Текес, Құлжа және Қарқараның тұтастығы үшін түрмеде жатып, соңында абақтыда атылған Ұзақтың иманы саламат.

...Ұзақ шын мәнінде ұлы батыр. Өйткені оны ұлы жазушы Мұхтар Әуезов суреттеп жазған ғой. Батырлығы мен бірге оның кезінде билікке “таласқаны” да шындық. Қазаққа оқу, білімнің керегін де қатты түсіндірген Ұзақ. Райымбек ауданынан шыққан белгілі ағартушы қайраткер Сұраншы Сауранбаевтың түземдік мектепке түсуіне Ұзақтың бір айтқан сөзі себеп болған. Ұрпағы үшін шейіт болған Ұзақ ұмытылмайды.

Қырылды Қарақолдың түрмесінде,  
Басшысы Жәменке, Ұзақ кеменгерім,  
Далада көр-кебінсіз бекер қалды,  
Маңдайын күн шалмаған өңкей ерім, —

деп Көдек ақын жырлаған кеменгердің бірі Әлмеректің үрім-бұтағы осы Ұзақ батыр.

## ШАЛТАБАЙ АҚЫН

Орыстық отаршылдыққа жас кезінен наразы, есейгенде қарсы, егде тартқан шағында шайқасып, соңында сойқанды қуғын-сүргінді көріп келген Шалтабай - Тазабек, Саурықтың көтерілісінде болған ақын әрі сазгер-күйші.

Бозбала кезінде ауылда серілік құрып, билік жүргізе бастаған казак-орыстардың айтқанына көнбей, домбырасын асынып еркін жүрген ақынды бір күні бес солдат “ұрысың” деп ұстап алады. Бірақ “қылмысын” дәлелдей алмай босатады. Шалтекеннің мына бір шумақ өлеңі осы оқиғаға байланысты шыққан:

Қолымда ақ домбырам салдырлаған,  
Жан едім кісі көңілін қалдырмаған.  
Ел ішінде “еліріп” бейқам жүргенімде  
Бес орыс ұстап алды балдырлаған.

Бала, бозбала шағынан орысқа жұлдызы қарсы Шалтабай Патша ұлықтарының айтқан әмірін кейін жігіт болған кезінде де тыңдамайды. Елге белгілі адамды, әрі дарынды ақынды өзіне қарату үшін бір рет болыстыққа да сайлайды. Орыс әкім- төрелері осы “жақсылығының” өтеуі ретінде Шығыс Түркістандағы дүнген-тараншылардың көтерілісіне (1864 ж.) қарсы көмекке баратын әскерлерді бастап апаруды Шалтабайға және Жансерке деген болысқа жүктейді. Мансапқұмар Жансерке өзіне бөлінген әскер тобын тиісті жерге аман-есен жеткізіп, шекпен киіп, шен алды. Ал, Шалтабай болса оларды әдейі адастырып, әскерге жол көрсетпей өзі ретін тауып қашып кетеді. Кейін Тазабек жасағанына қосылып, соңында ұсталып, Сібірге он жылға жер аударылды. Басында түрмеде отырған Шалтабай ұрпақ- туыстарының айтуынша абақтыда башпайымен домбыра тартып, түрме қарауылын қайран қалдырып, қолындағы темір кісенінен құтылады. Қанша жендет болса да түрме бастықтары оның өнері мен ақындық дарынын сыйласа керек. Өздерінің қиянат жасағандарын ұлықтар бір жағынан білген ғой.

Төмендегі жыр шумағы Шалтабайдың Сібірге айдалып

бара жатқанда шығарған шер-зары екен:

Қош бол, құрдасым,  
Қатарлас өскен сырласым,  
Әділетсіз патша заңына  
Құрбандық болды-ау өз басым.

Шіркін, патша заңын жояр ма еді,  
Ұлық-төрелердің екі көзін ояр ма еді.  
Екі ағам, Іліпбай, Саурық тірі болса  
Мені орыстың айдауына кояр ма еді.

Сібірдің қысы қақаған бір өңірінде жазасын өтеп, денсаулығынан айырылып, еліне келіп өлген ақын, сазгердің тағдырға, көрген қиянат-қорлығына байланысты шығарған толғауы жұрт жүрегінде жатталып қалған. “Шалтабай толғауы” шалдардың жиі айтатын жыры болған. Бір терме өлеңі Тәуелсіздіктен кейін жарық көріп, орындалды. Құлжа төңірегіндегі Тазабек, Саурық оқиғасын, бұлардың ерлік-күресін дәріптеп, Патшаның жауы атанған ақын осы Құрман Шалтабай.

## 25 ҮЙ ҚОЖЕКЕ

**Ж**етпісінші жылдары Үшоңыр жайлауында отырған Қожақан деген шопанның үйіне атақты Асқар Токпанов келеді. Айдарлы деген кеңшарда шопан болын істейтін Қожекеңнің Асекеңмен туыстық жақындығы болуы керек. Құрметті қонақ келген соң қой сойылып, Асекеңе ерекше құрмет көрсетіледі ғой. Асекең өнер адамы — атақты режиссер емес пе-домбыра тартып ән салатын адамды іздейді. Қожекең ескі күйлер тартып, қызық хикая-әңгімелер айтып, күлдіріп отыратын күйші Дүнгенбай қарияны шақырады. Домбырасын алып Дүкең келеді. Асекең ақсақалға сәлем беріп, домбырасын көріп, қуанғаннан қарияны төрге шығарады. Өйткені әр сайда бір-екі үйден отыратын шопандар арасында, қойшы-қолаң ішінде домбырашы бар деп ойламаған болуы керек. Асекең алдымен сойылған қойдың етін көрсетіп, ежелгі

қазақтарша ет пісірудің жөнін сұрайды. Дүкең бәрін жақсылап түсіндіріп, Асекеңе кейбір мүшелерді тұтас бұздырмай салғызып, үй иесіне “төтенше” қонақасы берудің салтын айтады. Ет мүшелеудің ұмтылған салтын біліп, бұл өзіне ұнаған Асекең “енді ет піскенше домбыранды тарта бер, Дүке” дейді. Дүкең “Тілеміс”, “Терме” күйлерін тартып, Орыстың “Частушкасын” домбырада ойнап, қонақтың көңілін көтереді. Қыз-қызға келгенде Асекеңнің өзі әлі де бір күй тартады. Еттен кейін екінші отырыс басталғанда Дүкең Қожекенің күйлерін бастап, Асекеңді бұрын өмірінде естімеген бір ғажап “саз ырғақтың” сарынымен баурайды. Үнсіз отырып, жан-жүрегімен тыңдаған Асекең “ойпырай, мынау не деген керемет күй, Дүнгенбай сен өзің тегін адам емес екенсің” деп түнімен атақты Асекең шопан-күйшімен әңгімелесіп, бір жасап демалады. Дүкең Албан ішінде Құрман Қожеке күйші жайында ел білмейтін, ұмытылған тағдыр-тарихты айтып береді. Өзі Тоқан бала кезінде Сарбастауда Құрман-Орынтай ішінде өсіп, осы атадан шыққан Саурық, Ұзақтың елінде ержеткен Дүкең жауы — Қытай тас көмірдің шоғына қақтап өлтірген Қожеке күйшінің батыр болғанын да баяндайды. Асекең ойламаған жерден бір сиқыр күйлерін естіген Қожекеге құлай беріліп, Дүкеңмен етене жақын сырласып, енді бұдан былай үзбей байланыс жасап тұруды ойына сақтайды. Ертеңінде тағы әңгімелесіп, Қожеке күйші жайында тағы білгісі келеді. Өкініштісі, жайлауда жаз бойы көкпар-той, шопандардың шектен шыға ішуі салт болған кездің осы бір жиын-қонақасында қызған А. есімді қойшы Асекеңе бір ауыр сөз айтып қояды. Бұған шамданған мінезі шәлкес Асекең оған қол жұмсайды. “Пәледен машайық қашыпты” деген Дүкең “Қожекенің аруағы назаланар” деп егес-ұрыс шыққан отырысты тастап кетіп қалады. Ертеңінде Асекең тағы бір жәйсіз жағдайға тап болып, Дүкең қайта онда бармайды. Ескі шежіре, күйлерді зерттеушілерге жеткізбекші болып, басында осыны ойлаған Асекең соңында мұны ұмытып кетеді.

Хантәңірі, Қарқара еліндегі қазақтардың арасында күйі күллі Албанды баурап, батырлығы мен қайсарлығы аңызға айналған Қожеке кім? Неге оны жауы көмір шоғына күйдіріп



өлтірген. Бұл қазақтың “екіжақты” езіліп, жаншылған қанды тарихындағы әлі айтылмаған бір тарихи тұлғаның қасірет тағдыры. Албан ішіндегі “25 үй Қожеке” деген атпен белгілі бұл оқиға орыстық отарлаудың от-ойраны басталған, Ресейдің Ұлы жүзге үстемдігін жүргізген “Жаңа Низам” заңының (1860) қан сорғалатқан кезінде болған екен. Патша саясаты алдымен ру-ру болған елді өзара билікке таластырып, барынша қырқысып-қырылыстырудың киямпұрыс жолын ұстанған ғой. Қожекенің араздығы алдымен ағайын арасындағы “билік-шатақтан” басталады. Болыс би Беркімбаи бір жиында сөзін тындамай, алдын кескен албырт жас, жанып тұрған жалын Қожекеге қатты сөз айтады. Мұнымен тұрмай, нысан қылып қойған тұлым шашын кесіп алады. Сирек туатын дарын, домбыра тартқанда киік ойнайтын күйші 25 үй туысын алып 1867 жылы елден бөлініп көшеді. Мұның алдында орыстардың келіп, орынсыз тиісіп, шұрайлы жерлерді иемдене бастауына қарсы, наразы, кейде олардан озбырлықты да көретін Қожекеге керегі еркіндік еді. Сырттан келген жау жәбірлеп, ішінде ағайын жақтырмаған Қожеке атысып, шабысып жүріп шекарадан өтеді. Жаратылысы тау қазағына тән-тағыдай тарлан, ноқтаға көнбейтін асау Қожеке Шығыс Түркістанға барғанда да ондағы жергілікті үкіметке, әкім-үкірдайларға қас жау болады. Өйткені олардың айтқанына көніп, айдауына жүрмейді. Құрман ішінде Елікбай Қожеке Қытай заңына құлақ аспай, өз салты бойынша өмір сүреді. Қанау мен қорлауға қарсы бір елдің ұждан-тірегі болып, жауымен жағаласып өмірі арпалысқа түседі. Қожекені Қытай ұлықтарының тас көмір шоғына күйдіріп өлтіруі қазақты қорқытып бағындырудың катыгездік жолын дәлелдейді. Ұрпақтарының айтуынша, “Қожеке қасіреті” ауыр трагедия. Ұлы күйшінің мол мұрасы (төл Отаны болмаған кезде даңқы шықпаған) оның бел баласы Рақыш арқылы кейінгі ұрпаққа жалғасады. Шығыс Түркістанда Қожекеңнің “Күй толқыны” атты күйлер жинағы жарыққа шыққан. Белгілі қаламгер Акселеу Сейдімбековтің “Қазақтың көне күйшілері” атты кітабында Қожеке күйші туралы атажұртында тұңғыш рет толық таныстыру берілді.

1916 жылғы Албан көтерілісінің көсемі Серікбай Қанайұлының бәйбішесі Қожекеңнің қызы Күнікей (Көкшегір) ана жайында ғажап әсерлі әңгіме бар. Серікбай тұтқынға түсіп, Ақтасты етегінде атылып, сүйегі далада қалғанда жендеттерден қорықпай осындай екі-үш жігітті алып келіп, қосағы Секеңді өз қолымен жерлеген екен. Әйел болса да еркектен асқан жүректі Көкшегір ана жайында көп айтуға болады.

Мұхаң ( М. Әуезов) Қарқара жайлауынан қайтып Түргенге келгенде осы анамен әңгімелесіп, “Қараш-Қараш” оқиғасы жайында естиді. Еңлік шөбін көріп, бұл сөздің түпкі мағынасын біледі. Еңліктің қыздар бетін бояйтын бояу екенін Көкшегір анадан біліп, бұрын жазғанымен өзін көрмеген гүлдің қасиетіне қанығады. Мұхаң «Еңлік» сөзінің мағынасын қойын дәптеріне жазып алған көрінеді.

Қожекеңнің қыз ұрпағы Көкшегір ана туралы бір хикая - әңгіме күйші-батырға қатысты жаңа деректің ұштығын шығарады. Зейнеткер Сәдуақас ағаның айтуынша жас кезінде Серікбайға айттырылған Күнікейді (Көкшегір) қалап, Қытай ұлықтары Қожекеге: “қызыңды бізге бер, сені абақтыдан босатамыз” деп шарт қояды. Бұл қорлыққа шыдай алмаған Қожеке астыртын адам жіберіп, Қанайға хабар беріп, Күнікейді туыстары арқылы тез ұзатып жібереді.

Жауына бас имей, пенде болып жалынып-бағынбай, дұшпанының алдында күйіп жатсада қасқайып күй тартып өлген нағыз ер — Қожеке күйші.

Қытай үкіметінің жөнсіз алым-салығына, жала-өтірігіне қарсы болып, соңында қол жинап жауымен соғысып, шейіт болған киелі күйші ұрпақ есінде мәңгі тірі.

Қазіргі белгілі халық емшісі, парапсихолог, сазгер, емшілік ілімнің білгірі, Өтейбойдақты зерттеуші Зиядан Қожалымов құдіретті күйші Қожекеңнің бір атадан тарайтын ағайын туыстары. Қазақстан халық емшілері қауымдастығының президенті Зиекең мен емші-дәрігер оның жұбайы Түймегүл тәтемізді білмейтін Қазақстанда адам жоқ. Қожеке елі Райымбек ауданына Түркістаннан келін болып түскен Түймегүл Димекеннен (Д. Қонаев) бата алып,

жолын ашқан жаны шуақты, мақсаты қайырымдылық пен имандылықты көздеген емші-дәрігер.

## БАЙПАҚ БИ

Алла-тағала артық жаратқаннан ба қанша заман Аәтседе, қанша зобалаң болса да, патша ауысып, тақ - билік өзгерсе де аттары ел ішінде, тіпті табиғат аясында жаңғырып тұратын адамдар болады екен. Жетісудағы Байсейіт, Малыбай, Киікбай, Қорам және Хантәңірі етегіндегі Байпақ атаулары жер-суға тарих болып жазылған кісілер. Бұлардың бірі бай, бірі батыр — әйтеуір бір ерекше қасиеттеріне байланысты есімдері осылай ұмытылмаған. Саясатқа байланысты қойылған көсемдер мен өтірік қайраткерлердің атымен аталған шаруашылық, елдімекендердің аты өзгеріп жатқанда халықтың өзі қойған кісі аттарына байланысты атаулардың қаз-қалпында тұрғанына қайран қаласыз.

Райымбек ауданындағы Текес ауылынан Қарасазға келетін жолдың Жабыр асуының етегінде “Байпақтың кезеңі” деген жер бар. Жер-суға атын таңбалап, күре жолдан өтетін бөгде жолаушыға тосын бұл аруақты адам кім?

Әз-Әлмерек Құрманның Киікбай атасынан тарайтын Байпақ өте ауқатты кісі екен. 1916 жылғы сойқан кезінде ел- жұртымды қалай аман алып қаламын деп қан жұтып, бас сауғалаған елдің басшысы Байпекең болыпты. Қарқарадағы қанды қырғында көтеріліс басшылары мерт болған соң, бас иесіз қалған біраз елді бастап, Қытай өтуге мәжбүр болған ел ағасы. Мал таланып, байлық құрып, бақ-дәулет шашылып, қалмақ тонаған кейінгі “қаратабан қасіретте” елдің текке қырылмауы үшін “Қытай қыстап” қайтқан ру ағасы жөнінде көп айтуға болады. Білгенін істеген Орыс пен Қытайдың арасында бір ауыл аймақты аман сақтаған (18 адам ғана сүзектен өлген көрінеді) Байпақты қалай ер демеске?

Мұсылманша оқыған Байпақ атақты Ұзақ, Жәмеңкелермен туыс, үзеңгілес болған кісі. Ұрпағы ұстаз Мереке Манаповтың естелігіне қарағанда кезінде би де болған өз заманының бір белгілі адамы екені байқалып тұр.

1916 жылғы Албан көтерілісін айтқанда зерттеуші тарихшылардың назарына ілінбеген бір нәрсе бар. Өліп кеткен батырлар мен ел көсемдерін жоқтатпай “жаппай қырғынның” жолын кесіп, қазақты жат жұртқа апарып жан сауғалатқан ел ағаларының ерлігі шейіт-боздақтардан кем емес. Шекарада қалмақпен атысып, шабысып, амалын тауып, текке құрып кетпеу үшін жанталасып, аман қалудың жолын іздеу ақылдылыққа, ерлікке саналса керек. Міне, Байпақ атамызды ұрпағы осы жағынан құрметтейді. Өйткені аты жер-суда текке тарих болып жазылған жоқ қой. Әрине, шекарада да қатты соғыс, қырғын болған. Сонда елді тау салатып, дала түнетіп, үңгір-шатқалға жасырып, балаларды суырдың ініне тығып, қылта жерлерден өтіп, Қытай асырған ел ағалары да батыр ғөй. Басқа елге келіп, баспана сұрау, Үкіметке босқындықты түсіндіру, әрине, онай шаруа емес. Мұндай тәуекел, жанқиярлық іс Байпақ сияқты кісілердің ғана қолынан келген.

1916 жылғы геноцид сойқанында біраз елді “Қытай қыстатып” Кеңес үкіметі орнағанда оларды қайта атажұртына әкеледі Байпақ би. Ол жақтан босқан елді толық оралту үшін кейін Үкімет тарапынан тапсырма алып, көп жұртты тағы атамекеніне көшіреді.

Байпақты керек жерінде пайдаланған Кеңес Үкіметі кейін екі жүздігін көрсетіп, оның малын тәркілеп, балашағасын, қудалап, азапқа салады. Алғашқы жылдары жергілікті жерде қызмет істеген Байпақтың ұлы Манаптың тағдыры айтары жоқ қасірет қайғы. Облыстық “Союззаготшерсть” мекемесінің бастығы болып Ораз Жандосовпен бірге қызмет істеген Манап Байпақұлы 1939 жылы ұсталып атылады. Кеңес үкіметінің орнап, нығаюы үшін жанкешті шаруа жасаған Мәкенді өзі құрысқан үкіметтің өлтіруі — сорақы жауыздық болса керек. Байпақ би әулетінің тағдыры мен қуғын-сүргін көруі өз алдына айтылуға тиіс нала мен қайғы. Жан сауғалап жүріп, соңында соғыста өлген Молдахмет Байпақов та қосақта кеткен боздақтың өзі.

Қазір Қазақстанда Карл Молдахметұлы Байпақов деген археолог бар. Бұл осы би Байпақтың немересі. Тегі жақсы,

көшелі азамат. Ғалымдығын өркениет елдері мойындаған Карл окуын Ленинградта (Петербург) бітіріп, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аспирантурасында оқып, Жетісудағы орта ғасырлық қалалар туралы кандидаттық диссертация қорғаған. Кәкең толып жатқан археологиялық экспедициялардың жетекшісі. Қазақстанда Карл қазбаған төбе, көне “қорған-құрылыс” жоқ сияқты. Отырар, Құйрықтөбе, Қостөбе археологтың үңгіп, аршыған қалалары. Үш жүзден аса монография, альбом, оқулықтардың авторы Карл Молдахметұлы Вашингтонда, Токиода, Пекин, Парижде, тағы да басқа толып жатқан Әлем қалаларында өткен халықаралық симпозиумдарға қатысып, баяндама жасаған ғалым. “Ұлы Жібек жолы” тақырыбы бойынша тың болжам, дәлел айтатын осы Карл Молдахметұлы.

Байпақ биге арғы ұлы аталарынан (Құрман) келіп, қосылатын Қожабек Дүйсебаев, “Жандосовтың жандайшабы” атанып атылған Битман Анарбеков, (белгілі қоғам қайраткерлері дәрежесіне көтеріліп), “қызыл саясаттың” құрбаны болған, есімдері ел есінде ерекше қалған ерлер. Қожабек Дүйсебаев Башқұртстанда іссапарда жүргенде опат болады. Ақмола облыстық атқару комитетінің төрағасы болған Қожакеңнің өмірбаяны зерттеуді қажет етеді. Битман 1937-38 жылдары Халық Комиссарлар Кеңесінің Шикізат дайындау жөніндегі өкілі екен.

Бір “Түзкөл” деген кішкене ауылдан қазақтың қаншама асыл азаматы шыққан. Осы атажұрттағы Байпақ атаның бір ұрпағы Карл Молдахметұлы ғылыми ізденістерімен Қазақстанды әлемге әйгілеп жүр.

## СОЛТАНБЕК

Кеңес дәуіріндегі құдайды ұмытып, Алладан безініп, аруақты қорлаған сонау алпысыншы жылдары Үш Меркі өңіріндегі “Солтанбек сайы” деген жерде мынандай бір оқыс оқиға болады. Албан-Бұғының ханы атанған, белгілі шешен, елағасы, өткен ғасырдың соңында өмір сүрген Солтанбек бидің бейігі жатқан жер-

ге белгілі шопан, бөлімше зоотехнигі, тағы бір кісі келіп естері кеткенше арақ ішеді. Араларындағы шопан онша қызбаса керек. “Мына жерде Солтанбек атамыздың зираты жатыр, аруақ ұрып жүрмесін енді жетер кетейік” дейді. Сонда қызып алған, әпербақан зоотехник оған ашуланып. “Кім өзі Солтанбек деген. Құдай емес шығар. Ерегіскенде онда барып тағы ішеміз” деп атына мініп, өзінен өзі шаба жәнеледі. Бейіттің тұсынан жынды адамша қатты шауып өткенде астындағы аты омақаса құлап, өзі өліп қала жаздайды. Басы суырдың ініне кіріп кетсе керек. Бет-аузы бүлініп, шашы ұйпа-тұйпа болып, қалшылдап қорқып “Солтанбек ата кешір” деген сөзді айта беріпті дейді осы оқиғаны көзімен көрген адамдар. Жалпы аруақ қорлап өлген немесе мүгедек, кемтар болған, қарғыс тиіп, жаман ауруларға шалдыққан, есерсоқтар жайында мұндай оқиғаларды тізе берсек, төбе шашымыз тік тұрады. Аруағы бар, қасиетті адамдар жатқан қорымдарды қорлау кеңестік дәуірдің дерті, өмір салты болды. Бәрінен бұрын ол халықтың салт-дәстүрін, зерде-тарихын өшірді. Бір Райымбек ауданында қанша күмбез бейіт жоғалып кетті.

Пұсырманның немересі Солтанбек те Қарқара өңірінде атақты адамдардың бірі болған. Ел арасындағы дау-жанжалды реттеп, “Албан-Бұғының” бірлігі мен ынтымағын тілеп, өмірден өткен Солтекеңнің басына кезінде кесене күмбез орнатылған екен. Нарынқолдан Алматыдағы ет комбинатына мал айдаған малшылар жолай осында түнеп, күмбезді бүлдіріп, оның ағаштарын отқа жағып кесене — белгіні жоқ қылады. Қазір “Солтанбек сайында” Солтекеңнің осы күмбез — мазарының орны, яғни бейіті жатыр. Үш Меркі етегіндегі белгілі жер-су атауы Солтекеңнің заманында қандай адам болғанын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келеді. Атақты Тазабек бидің ұлы, Тезектің бауыры, “Қилы замандағы” Әубәкір батырдың әкесі Солтанбек те осы кісілер сияқты Албан еліндегі тарихи тұлғалардың бірі. Әкесі Тазабекті қазақ-орыстар тұтқындап, өлім жазасына кескенде Солтанбек бауыры Тезекті жауымен сөйлесуге жіберген екен. Өйткені Тезек

те батыр еді.

“Албан-Бұғының” ханы атанып, Қулық тауын мекендеген қазақтарды диқаншылық пен отырықшылдыққа үндеген Солтекең шын халық қамын ойлаған кісі. Кеңсу, Үш Меркі қазақтарының ағаш үй салуы, Тоғызбұлақ маңына тары егуі Солтекеңнің тұсында болса керек.

Би, шешен атанған Солтанбек атаның ел арасындағы “жер дауы”, “жесір дауы” сияқты қазаққа тән әлеуметтік мәселелермен айналысуы жайында да деректер бар. Өкініштісі, Солтекеңнің шешендік сөздері мен тәмсіл-қағидалары ұрпақтарының қуғын-сүргінге душар болуына байланысты ұмытылған. Қазақ пен қырғыздың арасындағы барымта, ұрлыққа байланысты болған дауларды тоқтатқан “семсер сөздері” де ешкімнің жадында қалмаған. “Албан- Бұғының” арасындағы “айқас” көп жағдайда Солтекеңнің пәтуалі сөзімен тоқтаған дейді ел ақсақалдары. Сондықтан ол кісінің “Албан-Бұғының” ханы атануы осыдан. Ру, тайпа арасында жеті атаға толмай қыз алысуға қатаң тыйым салған, құран, шарифат жолын қатты ұстанған абыз ақсақал отаршылдық саясатқа қарсы болған. Дін — иманын сақтап, қазақ салт үрдісі бойынша ел билеген.

Белгілі ел ағасы Солтанбек шешеннің қазасы күні бүгінге дейін құпия болып келеді. Қырғыздағы бір дауды бітіріп келген күннің ертеңінде аяқ астынан қайтыс болады. Оған жеңілген жаулары қастандық жасаған болуы керек. Солтекеңнің қайғылы қазасына байланысты мынандай жоқтау шығады:

Әуелі Құдай панамыз,  
Білінбей жауға жарамыз.  
“Ай тұяқ” айтып айналды,  
Ініңіз бен балаңыз.  
Машһарда қоссын құдайым,  
Ашылды сізден арамыз.  
Тең тұсың келіп, бас қосып,  
Солтекең қайда дегенде.  
Іздеп бір қайдан табамыз.

Қазақ дәстүрінде жоқтау-жыр атақты адамдарға арналатыны белгілі. Олай болса бір ғасырдан астам уақыт өтсе де ұрпақтары арқылы қазірге дейін жеткен үлкен жоқтау жырдың осы кішкене үзіндісі Солтекеңнің заманында зор адам болғанын айғақтайды.

Үш Меркі өңірінде болыс болған, Албан көтерілісінің көсемі, Солтанбектің ұлы Әбубәкірдің есімі алты алашқа белгілі Солтанбек сияқты сабаз ерден, “хан” атанған қазақтан туған Әукең (Әубәкір) қалай батыр болмасын.

Қарқарадағы отызыншы жылдардың ойраны Солтанбек әулетіне де қатты сойқан салады. Әубәкір шекара асып өледі. Солтекеңнің немере қыздары Гүлғаныш пен Шәбет жер аударылып, соңында түрмені де көреді. Гүлғаныш отызыншы жылдары бір жарлы-жақыбайлардың үйінде отырып, Кеңес екіметі орнаған 7-ші қараша күні “берекелерің құрысын” деген сөзді андаусызда айтып қалады. НКВД тыңшылары “Әубәкірдің қызы мерекелерің құрысын” деп Кеңес өкіметіне тіл тигізді” деген жаламен Гүлғаныштың сөзін осылай бұрмалап жер аудару жазасына кеседі. Солтекең әулетіне Сталиндік саясат әкелген сорақы сойқанның бірі осы. Қанша қатыгез, қанішер болса да большевиктер “Солтанбек сайын” саясатқа сәйкес басқаша атпен өзгерте алмапты. Әйтеуір таудың етегінде тыныш жатқан сайды қалай соттаудың “амалын” таба алмаса керек. Солтекеңнің аруағы сүмелек белсенділерді өзіне жолатпай, ондағы күмбез-кесенені көп жылға дейін қаз-қалпында сақтаған. Оны соңында мәңгірттер құртты. Арақ ішкіш азғындар қорлап, олардың біреуінің өліп қала жаздағанын жоғарыда айттық.

Аты аңызға айналған атақты Әубәкір батырдың әкесі, ұлы аталары азаттық жолында шейіт, немере-ұлдары құрбан болған, өзі отарлық езгіге мойынсынбай ел билеген би әрі шешен осы Солтанбек.

Әлмеректің бойындағы биге тән қасиет Қашаған мен Солтанбекке және Данайға дарығаны дәлелдеуді қажет етпейді. Тегінде бар қасиет түбінде бұл кісілерге де жұққан ғой. Солтекең “араларың суып кетеді” деп көзінің тірісінде



жеті атадан асып кеткен Әлмеректің балаларының бір-бірімен қыз алысуына қарсы болған қария. Өте көрікті кісі болыпты. Ұрпақтары Қырғызға барғанда оған әдейі көз тигізіп, жауыздықпен жадылаған деп те айтады.

## ӘУБӘКІР

**Қ**арқарадағы ұлт-азаттық көтеріліс көсемдерінің бірі Әубәкір Сұлтанбекұлының кейінгі өмір тағдыры мен қазасын көбіміз білмейміз.

Қазақ даласындағы отарлық езгі мен саясаттың сойқан-сүргінін әшкерелеген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің “Қилы заман” шығармасы ақ патшаның аярлық жауыздығын батыл көрсетіп, шынайы дәлелдеген тарихи туынды. Ол тек әдеби шығарма ғана емес, қырылған Жетісу елінің қасірет-қайғысының шежіресі. Албан көтерілісі арқылы қылышынан қан тамған отаршыл үкіметтің жауыздығын әлемге көрсеткен шындық құжаты. Өйткені Қарқарадағы “Албан көтерілісі” қазақ тарихындағы 1916 жылдың ұмытылмас қанды соғысы. Ұлы жазушының араға көп жыл салып, жетпісінші жылдардың орта тұсында қайта жарық көрген “Қилы заман” шығармасындағы көтеріліс көсемдерінің бірі — Әубәкір Сұлтанбекұлы. Шығармада халық батыры, көсем-шешен, қарулы көтерілісті ұйымдастырушы батырдың бірі Әубәкірдің ерлігі ерекше суреттелген. Қараколдағы қанды түрмеден екі жерден жараланып, қашып шыққан батырдың тарихи шығармадағы зор тұлғасы өз алдына әңгіме. Ал, оның отызыншы жылдардың қарсаңында Қарқара жайлауына келген атақты жазушылармен өнер қайраткерлеріне жолығуы әлі айтылған жоқ. Өйткені, 1927 жылы Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов сияқты ұлтжанды зиялылардың Қарқараға келіп, Албан еліндегі қанды оқиғаға байланысты көтерілістің туы көтерілген жерге (Ереуілтөбе) тас үйіп, белгі қойғаны белгілі. Астанадан келген атақты зиялыларды сол кездегі партия қайраткерлері Ораз Жандосов пен Ыдырыс Көшкінов қарсы алып, құрметтейді. Осы өлкедегі партия қызметінде жүрген бұл кісілер өнер

қайраткеріне атақты Қарқара жөрмеңкесін көрсетіп, ойын-сауық ұйымдастырады. Мұхтар Әуезов болашақ шығармасын жазу үшін көтеріліс батырлары Ұзақтың, Жәмеңкенің елінде және Шырғанақтағы Әубәкірдің ауылында болады. Мұханның Әубәкір батырдың ерлігін суреттеп, оның өжет бейнесін шынайы көрсетуіне қарағанда ол кезде көзі тірі Әукемен ұзақ сөйлесіп, бүкіл оқиғаны осы кісінің аузынан естіген сияқты. Өйткені Әубәкір қазіргі туыстарының айтуынша бір рет осы елде болыстыққа сайланған сауатты, білімді азамат екен. Міне, сондықтан ол көтеріліске жиналған халықтың алдында патша үкіметінің отарлық саясаты мен заңын қатты әшкерелеп, сөз сөйлейді. Қорлыққа шыдай алмаған Әубәкір 1936 жылы жазылған Іргебай Дәлденбайұлының естелігінде ол былай дейді: “...Жатса да қой өледі, тұрса да қой өледі дегендей, жатсақ та өлдік, барсақ та өлдік. Біздің дұшпанымыз кім деп білесіздер? ...Бізді аңдып отырған көк көздерді көрмейсіздер ме? Жер-жеріміздегі отырған поселкелерді аянбай шабуыл жасап, алу керек. Әр поселкеден 40-50-ден құрал-жабдық шығады. Соларды жиыстырып алып, құралданып, патшаның әскеріне қарсы тұруымыз керек”!

Жанын шүберекке түйіп, озбыр жауға қарсы қарулы көтеріліске шығудың батыл жолын көрсеткен Әубәкірдің шынында жаужүрек батыр екені сөзінен көрінін тұр. Өйткені батыр әскерге адам алмаймыз деп антын бұзған патшаға, атамекен, жер-суын жаулаған оның жендеттеріне барынша кектенеді. “Жерге, малға, ақшаға тоймаған патшаның қансорғыш құзғындары, ұлықтары...” деп ашуланып, “Балалар патшаның сойылын соғып өлгенше, өз сойылын соғып өлсін” деп елдің ұлттық намысын қоздырып, сөз сөйлейді. Аталары Албан ішінде “хан тұқымы” атанған Әубәкірдің бойындағы ата жауға деген қанды кек осылай қозады. Бақайшағына дейін қаруланған жендеттер Қарқараны қанға бөктіріп, көтеріліс басшылары Ұзақ пен Жәмеңкені Қарақолда өлтірген соң, онда оқ тиген Әубәкір серіктерінің сүйегін іздеп жүргенде тағы да жараланып, еріксіз елге келеді. Сорғалап қан ағып жүргенде Ұзақ пен Жәмеңкені іздейді. Қарақолдағы қанды қырғыннан аман қалған Әубәкір ондағы күллі оқиғаның

куәсі болады. Кейін Әубәкірдің елі, оның батыр інісі, атақты колмерген Жақыпберді бастаған сарбаздар патша жендеттері тығылған Жәрменкенің күлін көкке шығарып, халқы үшін құрбан болған боздақтардың кегін қайтарады.

Он алтыншы жылғы Қарқарадағы ұлт-азаттық көтерілістің көсемі, Кеңес үкіметінің алғашқы кезінде “азаттық үшін күрескен адам” деп дәріптеліп, атаққа ие болған Әубәкірді сол кезде осы өлкеден шыққан белгілі қоғам қайраткерлері Ыдырыс Көшкінов, Нұрбопа Өмірзақов және Қарқара елінде партия қызметінде болған Ораз Жандосов, тағы басқалар ерекше құрметтейді. Әукеңе сәлем беруге үлкен қоғам қайраткері, отызыншы жылдардың ортасында Қазақ КСР атқару комитетінің төрағасы болған Нұрбопа Өмірзақов талай келіп, қонақ болын жатқан. Бұл 1927 — 1929 жылдардың аралығы. Сондай-ақ ол кісіні үкіметтің кейбір алым-салығынан босатып, қамқорлық жасалғаны да рас. Өкініштісі, елдегі шолақ белсенділер, Сталиндік тәртіп, саясатқа табынған билік құмар бейшаралар “болыс болған”, “байдың тұқымы” деп Әукеңнің мазасын жиі алады. Астық салығын салып, мал-мүлкін тәркілеудің жолын қарастырады. Оның үстіне жақын інісі Жақыпбердінің Қулық тауында қол жинап, большевиктік зорлық-саясатқа ашық қарсы шығып, жергілікті үкіметті үрейлендіруі Әукеңнің дұшпандарын көбейтіп, күшейтеді. 1929 жылдың қара күзінде бай кедей болып ағысып, шабысудың, үстем тап, коммунист болып қырқысудың, белсенді, “банды” болып жауласудың қанды оқиғалары күшейгенде Жақыпберді Әукеңді бала-шағасымен шекара асырады. Өзі жаралы ауру Әукең еріксіз туысының дегеніне көніп, енді босқындық қамытын киіп, жат жұртта қорлық пен қасіретті бастан кешіреді. Шекарадан өткенде аталас туыстарының балалары оққа ұшады. Бұрын оқтан жараланып, кейін ауру мендеген, еріксіз елін тастап кеткеніне құса болған ұлт-азаттық көтерілістің Мұхаң жазған атақты батыры 1930 жылы Құлжа төңірегінде ақтық демі таусылып, қайтыс болады. Белгілі Көдек ақын Шығыс Түркістанда оның қазасына арнап, жоқтау өлең шығарады. Албан ішінде Айтбозымның ардақтысы, алты алашқа аты белгілі Әукеңді

туыс-жақындары жылына дейін жоқтап, дауыс айтады.

Тарихи тұлға Әубәкірдің ұлт-азаттық көтерілістегі ерлігі өз алдына. Ол кісінің қазақ жерін бөліске салған Қытай мен Ресейдің шекара сызығын тартуына байланысты қарсылығы әлі әңгіме болған емес. Әукеңнің туыстарының айтуынша отаршыл мемлекеттердің күшпен шекара белгілеп, қазақты бірде онда, бірде мұнда шұбыртқан қорлығына ол кісі өмірбойы наразы болған. Қазаннан келген дін ғұламаларынан білім алған Әубәкір мұсылман заңын да орыстың тәртіп-саясатын да жақсы білген. Міне, сондықтан ол патшаның “Қазақтан солдат алмаймыз, алым аламыз” деп 1864 жылы Албандарға берген антын бұзуын сатқындық, халықты тірідей қорлау деп ұғып, 1916 жылғы маусым жарлығын тыңдамайды. Сөзінде пәтуа жоқ патшаның түбінде тақтан құлайтынын біледі. Албандардың Ресейге бағынғаннан бергі алым-салықтарын есептеп, “әскерге адам алатын болса осыларды қайтарсын” деп оны ұлықтардан талап ететін Әубәкірдің өжеттілігі, білімділігі қайран қалдырады.

Қанды сүргін кезінде Қарақолдағы түрмеде жатқан 4 баланың әкесі Әукеңді зайыбы іздеп барып, отағасына елдің сәлемін айтады. Қазақ әйелінің әлі сыры ашылмаған өмірбаян — тағдыры көз алдыңызда тұрады. Яғни, жүрегі түкті батырдың зайыбы да өзіне тартқан адам екенін тарих осылай дәлелдейді. Қалжан апамыз жайында әлі талай айтылар.

Отызыншы жылдардың ойраны қарсаңында ұлы жазушы М. Әуезовтың атақты шығармасына кейіпкер болған Әубәкір батырдың Сталиндік зұлмат заманда Шығыс Түркістанға кетуі ол кісінің атамекендегі атақ-даңқын тарихтан өшірді. Албан көтерілісіне қатысты әңгіме болғанда Ұзақ пен Жәмеңкенің ғана аты аталып, Әубәкір ауызға алынбайтын болды. Мұханның “Қилы заманы” қайта басылып шыққанда қасиетті батырдың өшкен рухы жанды. “Қилы заман”, “Қараш-Қараш” шығармаларына арқау болған тарихи кейіпкерлердің архивтегі материалдары бойынша “Бейуақ” атты кітап жазған Тұрсын Жұртбаев Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің шындығын ашты. Әсіресе, Әубәкір батырдың бейнесі жарқ етіп көрінді.

## ӘУБӘКІРДІҢ ШЕКАРА ДАУЫН ШЕШУІ

Алты алашқа белгілі Әубәкір болыс жайында әлі айтылмаған “Албан тағдырының” әңгімелері көп. Екі аждаһа-империяның арасындағы шекаралық аймақта бірде орыстың, бірде Қытайдың тепкісін көріп, зорлық шектен шығып бара жатқанда соғысып, бірақ жер бетінен құрып кетпеген тау казактарының тағдыры жазылмаған шерлі шежіре. Әсіресе, ел мен жерді екіге бөліп, шекара шебіне байланысты жүргізілген саясат кезінде неше түрлі оқиғалар, қақтығыс, даулар болған ғой. Бір үлкен “шекара шатағына” байланысты қақтығыс дауға Әубәкір болыс қағысып, Қытайға кетуге аз қалған біраз жерді алып қалады. Орыс пен Қытай отаршыларының саясатына байланысты бұл бұрын айтылмаған шекара шындығы. Ел аузында жүретін осы “дерек оқиғаны” атақты Әубәкір ұлы, Бәукей ақсақал айтты. Бәукең Райымбек ауданында туып, 8 жасында байларды тәркілеу зобалаңы басталғанда шекара асып, сол жақта оқып, Шығыс Түркістанда талай қанды соғысқа қағысып, елуінші жылдары атамекеніне оралған елге белгілі кісі еді.

Қазіргі шекара белгісі тұрған Сүмбенің бір жеріне Қытайға толық қараған Қызай елінің зәңгі, ақалақшылары мен орысқа әлі түбегейлі мойынсына қоймаған, Албанның би мен батырлары жиналып, шекараға байланысты жалғасып келе жатқан дау таласты тоқтатудың соңғы шешімін шығармақшы екен. Бұлардың ішінде Албан жағынан абыз-би Жәмеңке және Қызай жағынан мансабы зор ақалақшы Дарубай деген кісі болады.

Жер-судың бөлінуіне байланысты екі жақ бірден мәмілеге келе алмайды. Әсіресе, ата-бабалары Қытайға ерте бағынып, сол елдің мүддесі үшін мықты дәлел мен деректі ұстанып шұрайлы жерлерді алып қалу мақсатында бетқаратпай сөйлейтін Дарубай ақалақшы ешкімге бой бермейді.

“Нарынқол, Байынқол, Кегенкөл деген жерлердің атауы қалмақша, яғни бұлар қалмақтан қалған. Ал, қалмақтар жер-

суымен Қытайға әлдеқашан қараған. Сондықтан осы өңір бізге түгел өтуі тиіс” деп Хантәңірінің етегіндегі таулы өлкеге қол салып, таласады. Ұлттық тұтастықтан айырылған рулық санадағы қазақты Қытай осылай қоздырып отыр ғой. Мұның арты қатты қантөгіс, күллі Албанға бір қауып екенін сезген би мен батырлар Дарубайды қайткен күнде райдан қайтарудың амалын ойластырады. Оны шекараға байланысты ең шешуші жүгініс-жиынға қатыстырмаудың жолын табу қажет болады.

Құжатқа қол қоятын ақтық жүгініс-басқосудың алдында Дарубай даярлық жасап, аз топтың ішінде сол айтқандарын қайталап, жеңіп шығатынын сездіріп, үстем сөйлеп отырғанда оның қасына Әубәкір келеді. Ол кезде жиырмадан енді ғана асқан, қызба, қылшылдаған жігіт Әубәкір Дарубайға “Малтаңызды езіп, былшылдап, жұртты мезі еттіңіз” деп тиіседі. Бұл сөзге шыдай алмаған ақалақшы айқайлап орнынан тұрып, “кет” деп кеудеден итереді. Әукеңе керегі осы болса керек. Дарубайды жағадан алып, жонарқадан қамшы салады. Қызық болғанда екеуі тоқтамай төбелеседі. Іс насырға шауып даугер екі жақ енді тарқасады. Созылған дау бітпей ашуланған Қытайдың ұлығы “жиын тәртібін бұзып, төбелеске жол бердің” деп Дарубайға дүре соғу жазасын кеседі. Орыс оязы Әубәкірді үш күн абақтыда отыруға үкім шығарады. Сөйтіп, арада бір апта өткеннен кейін болған шешуі жүгініс жиынға жаза алған Дарубай келмейді. Оның орнына шешендігі шамалы, дау-таласта онша төжірибесі жоқ, жер-су тарихынан бей-хабар белгісіздеу біреу дау-жиынға немқұрайды қатысады. Ол Албандардың айтқанына келісіп, би Жәмеңкенің сөзін қуаттап, құжатқа қол қойып, “бармақ таңбасын” басады. Шамасы 1890 жыл болуы керек — осы құжат бойынша Сүмбе суының аржағы Қытай жері, бер жағы Албандардың атақонысына саналып, қазіргі Нарынқол мен Байынқол өңірі Қытайға кетуден аман қалады.

Егер Әубәкір төбелес шығармай дауға Дарубай қатысса, Хантәңірінің етегіндегі біраз жерлердің Қызайға телініп, Қытайға бұйыратыны анық екен. Шекара дауында әдейі шатақ шығарып, атақоныс үшін абақты жазасын алған Әукеңнің бұл ерлігін әсте ұмытуға болмас.

## ЖАҚЫПБЕРДІ

**Қ**арқарадағы ұлт-азаттық көтеріліс күрескерлерінің бірі, кейін отызыншы жылдардың ойран саясатына қарсы оқ атып, Шығыс Түркістанда ерлікпен қаза тапқан атақты Жақыпберді батыр жайында тарихи шындық әлі айтылған жоқ.

Жетісу өлкесіндегі ұлы орыстық отарлау саясатына қарсы ғасырға жуық күресіп, осы жолда талай үрім-бұтағы құрбан болған атақты Тазабек әулетінің тағдыры әлі бізге беймәлім. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің “Қилы заман” романы мен Ілияс Жансүгіровтың бұрын жарияланбаған “Жетісуды орыстың алуы” атты еңбегінде (1994 жылы “Заман Қазақстан” газетінде үзіндісі жарияланды) Тазабек батыр мен оның ұлдарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістегі ерліктері туралы айтылады. Батагой батыр, абыз Әлмеректің үрім-бұтағы Тазабек бидің орыстық ойран қанауға байланысты күресі өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан басталған. 1871 жылы патша үкіметі Тазабекті өлтірген соң екі ұлы Солтанбек мен Тезек әкелерінің күресін жалғастырады. 1916 жылы Әубәкір Қарқарадағы Албан көтерілісінің туын көтереді. Оның інісі, Солтанбектің екінші әйелінен туған Жақыпберді қанды қырғынның ортасында жүреді, 1991 жылы жаңадан шыққан “Қазақ батырлары” басылымына жарияланған тарихи құжатта Жақыпберді батырдың 800-ге жуық адаммен келіп, Қарқарадағы орыс солдаттары жатқан жәрмеңкені талқандағы айтылады. Сол кездің үлкендер айттып жүрген шындығына сүйенсек, Қарақолда айуандықпен өлтірілген Ұзақ пен Жөмеңке батырдың кегін Жақыпберді қайтарады. Мұхаң (М. Әуезов) шығармасында Жақыпбердіні Жансейіт деп алуы және жиырмасыншы жылдардың соңында (1929) бұл батырдың сталиндік саясатқа ашық қарсы шығуы, соңында атысып-шабысып, амалсыз Қытайға кетуі есіл ердің атын тарихтан өшірді. Бұл қиянат дер едік. Өйткені ол Қазақстанның шекаралық аймағы мен Шығыс Түркістанда екі жақты қанауға қарсы күресіп, жанын киды. Қытай үкіметі

(Гоминдань) өзіне бағынбай, мұндағы ұлт санасын оятқан қазақ батырын айламен қолға түсіріп, бір топ серіктерімен атты.

Қарақолдағы түрмеге айдалған Қарқара көтерілісінің көсемдері Әубәкір, Ұзақ және Жәмеңкелерді құтқармақшы болып, олардың артынан бір топ сарбазбен шабатын Жақыпберді кейін Қарқара жәрмеңкесінің қансорпасын шығарады. Тұтқиылдан шабуыл жасап, атысады.

Қарқарадағы қанды қырғыннан кейін отызыншы жыл ойранына ұласуын Жақыпберді отарлық езгінің жаңа бір айлалы түрі деп түсінеді. Міне, сондықтан да белгілі би, Албан-Бұғының ағасы атанған Солтанбек шешеннің ұлы, Қазаннан келген мұсылман ғұламаларынан білім алған молда, қолмерген, саятшы Жақыпберді сарбаз жинап, Қулық тауына бекінеді. Сөйтіп, сорақы саясатқа ашық қарсы шығады. Байларды тәркілеудің зобалаңы басталғанда билік құмар белсенділері мен коммунист болған болыстардың үрейін алады. Дінін сатып, туыстарын итжеккенге айдатқан сол кездің мәңгірттерін жөнге салғысы келеді. Әсіресе, шала оқыған белсенділердің қорлығына, жөнсіз істеріне батыр төзе алмайды. Аштық басталып, репрессия сойқаны сезілгенде мал-жанынан айырылған халықтың өмірін сақтап қалу үшін әулеттің ұрпағы Жақаң елді ақырындап Қытайға көшіре бастайды. Өйткені халықтың аштықтан қырылатынына анық көзі жетеді. Туыс-жақындарын, ауылдастарын — жалпы соңынан ерген елді шекара асырғанда оның Мұхтар, Халық деген бауырлары оққа ұшады. Сол кездегі Жақыпберді батырдың бұл әрекеті Райымбек, Кеген, Үйғыр аудандарындағы халықтың үкіметке деген наразылығын күшейтеді. Бір сойқанның болатынын білген халық амалсыз атамекеннен босып, жолбастаушы азаматтардың соңынан ереді.

Жақыпберді мен оның серіктерін қолға түсіріп, құрту үшін шекаралы өңірге әскер қаптайды. Туып-өскен жерінің тау-тасын, ой-шұқырын жақсы білетін Жақыпберді ел көшіру ісін жалғастыра береді. Талай қатерлі жағдайларды бастан кешіреді. Жақыпбердінің жүретін жолын, мекен ететін жерін білу үшін соңында Қулық тауының үстінен ГПУ-дің барлаушы



ұшағы ұшады. Айырлы деген асуда атқан оғы текке кетпейтін қолмерген барлаушы ұшақты атып түсіреді. Бұдан кейін батыр “банданың” атағы алысқа кетеді. Отызыншы жылдардың ойранды саясатына қарсы шыққан Жақынберді батырға қатысты бұл оқиғаны Хантәңірі мен Қарқарадағы қазақтар күні бүгінге дейін аңыз кылып айтады. Бірақ бұл - аңыз емес, тарихтың таза шындығы. Ал, Құлық тауындағы “Жақыпбердінің қарауыл шоқысы” деген төбеден атыс болған.

Жақыпберді батырдың серігі, бұрын Жылысай өңірінде ауылдық Кеңестің хатшысы болған Әуезхан ақын оның осы жылдардағы ерлігін былай суреттейді:

“Талқандап пулеметті бесатармен,  
Жақыпберді шын жүрек жұтқан ағам,  
Айырлы асуында аэропланды атып,  
Жалғыз оқпен “жыққан” ағам.  
“Атқан оғы орысты ізидеп жүріп  
тиеді” — деп даңқы шыққан ағам.

Ақ патшаның тұсындағы елдегі “сары сүргін”, сталиндік саясат кезіндегі “қызыл сүргін” Қарқараны қанға бөктіргенде бұған шыдай алмаған елдің амалсыз Қытайға барып бас сауғалағаны — заман шындығы. Біраз ел-жұртына бас-көз, ие болып, соңында Жақынбердінің өзі де жат жұртқа еріксіз кетеді.

Жиырма тоғызыншы жыл бітіп, отызыншы жылдың ұлы ойраны алдында қара күзде шекарада ерсілі-қарсылы ел көшіріп, көшкен елге оқ тигізбеу үшін талай қанды айқасқа түскен Жақыпберді Құлық тауындағы Қайқы асуынан бір топ сарбаздармен асады. Сөйтіп, атамекенінде соңғы ізін қалдырады.

Қарқараның нар батыры, Тазабектің өжет немересі, ақындығы да бар Жақыпберді Қайқыдан асқанда мынандай бір шумақ өлең айтыпты:

Қайқының шығып тұрмын кезеңіне,  
Байланған ұксап қоян көжегіне.  
Бұрылып арт жағыма қарағанда,  
Ду етіп от ілінді өзегіме.

Атамекенімен қоштасын, заманға налып, “аман болсам түбінде бір келермін” деп кеткен екен жарықтық. Жат жұртта да жауына берілмей, ондағы Қытай отаршыларының қолынан қаза тапқан белгілі батырдың зираты қазір Шығыс Түркістанда жатыр.

Сол кездегі қаһарлы Қытай үкіметіне үш жыл бағынбай, бір тауда осы жақтан барған елімен өзінше тәуелсіз билік құрып, әскер-жасақтарымен еркін өмір сүрген Жақанның Шығыс Түркістандағы ұйғыр, қазақтардың ұлттық санасын оятуы өз алдына үлкен әңгіме, Өйткені, кейін коммунистік жолға түскен Қытай үкіметі Гоминданыға қарсы бұл қазақ батырын аз ұлттан шыққан күрескер ретінде тарихқа жазған. Қазақ тіліндегі белгілі басылымдарда Жақанның өмірбаяны мен күресіне байланысты зерттеулер жарияланған. Атақты Көдек ақын оған арнап өлең шығарса, Көдектің ұлы (ол да ақын) үлкен дастан жазған. “Мұра” атты журналда Жақана қатысты деректердің жариялануы атақты батыр аруағын сыйлаудың айғағы. Бұл жақсылық істі Қазақстандағы оның туыстары естіп, бауырлары Шайым, Некербан деген кісілер қатты қуанып, дұға оқиды. Жүрек жұтқан Жақыпбердінің жат жұртта атылуы — әлемге тарыдай шашылған қазақтардың тарихындағы қасіретті шындық. Біз аңсаған бостандық үшін атамекеннен алыс бөтен отанда құрбан болған Жақыпберді мен оның серіктерінің ерлігі - ұлы ерлік.

Екі алып империяның арасындағы шекаралық аймақты шулатқан Жақыпбердінің түпкі мақсаты екі жақты ұлттық қанаудан құтылу еді. Ол Қытайға келгенде мұндағы халықты жаулап алған үкіметтің жергілікті әкімдері мен елін шеншекпенге сатқан зәңгі, болыстарға күнін түсірмейді. Кеудесін бастырмайды.

Қытайдағы зор ұлт-азаттық көтерілістің қарсаңында Жақанның төңірегіне үкіметтен зорлық пен қорлық көргендер жинала бастайды. Таңжарық, Көдек сияқты Шығыс Түркістанға белгілі ақындар, Кеңес үкіметінде оқыған кейбір зиялылар Жақанды қолдайды. Шекара бөлінгенге дейін (1880 ж.) атасы Тазабек малымен талай кедіп, Ұзақ, Саурық батырлар ел қоныстандырған Шығыс Түркістандағы Көксу,

Ақбұлақ және Текес өңірінде Жақыпберді емін-еркін жүреді. Өйткені бұл қасиетті жер-су Албан тайпаларының бұрынғы атамекендері еді. Орыс пен Қытай шекараны бөлген соң, жер мен халық екі айрылып, екі жақта отарлық қанаудың сойқаны оранған. Ағасы Әубәкір мен әкесі Солтанбек шекара дауына катысқан оқиғаны жақсы білетін Жақыпберді жалпы қазақты күштілердің құл етіп езіп отырғанына шыдай алмайды. Ақбұлақ деген таулы өлкеде өз алдына ірге кетеріп, үй-жай салып, аң-құс атып өмір сүрген Жақыпбердінің тәуелсіз ауылдары көбейеді. Қару-жарағы, жасақ-сарбаздары мықты Ақбұлақ ауылына қытайлар келіп, тиісе алмайды. Өз алдына “қазақ шаңырағын” көтерген жерге қоныстанушылар көбейеді.

Жақыпберді батырдың атақ-даңқын, өзінше ел билеген батыл әрекетінен қорыққан сатқын зәңгі, би, байлар “Қытай келісімге келейін деп жатыр” деген өтірік айламен сенгіш батырды қолға түсіріп, жауына ұстап береді. “Іштен шыққан жау жаман”. Батырдың жауы отарлық езгі мәңгірт қылған қазақтың өзінен шығады. Бұл — күштіге көп жыл бодан болған халықтың санасындағы дерт екені айтпаса да түсінікті. Оның үстіне Жақаңның туыстарының айтуынша, батыр жеңіліп бара жатса Тибет арқылы бүкіл елімен Түркияға кетуді ойлаған. Егер онда кетсе, атақты батыр мүмкін тірі қалар ма еді?

Өзінен мың есе күшті жаумен алысып, үш жыл Шығыстағы зор империяға бағынбаған Жақыпбердінің қолға түсуі кезінде Құлжа өлкесін дүрліктірген ірі оқиға болған. Бұратана отар елді билеудің сұрқия саясаты мен құпия әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген Қытайдың зымиян әскери ұлықтары елдің бүкіл жақсы-жайсандарын жинап, олардың ішінен Жақаңды жақсы білетін 4 зәңгіні Жақыпбердіге елшілікке жіберіп, батыр қойған барлық талаптарды орындайтынын айтады. Ішінде дейтін атақты байы бар сатқын зәңгілер Жақаң жатқан жерге келіп, боз қасқа бие сойып, қолдарын қанға батырып, Қытайдың қазақтармен келісімге келгенін айтып, Көксу деген жерге оларды қару-саймансыз алып келеді. Бір сайдың ішінде андып жатқан Қытайдың

әскерлері білдірмей аяқ астынан келіп, оларды тұтқындайды. Бірақ бір нәрсені сезіп, қаруын тығып келген Жақыпберді мергендігіне басып, бірнеше әскерді құлатып, тауға шығып кетеді. Бірақ жаудың қолында Әуезхан ақын бар бір топ туыстары мен сарбаздары қалады. Оларды тастап кете алмай, амалсыз қолға түседі.

Батырдың тұтқындалған кезін көзімен көріп, соңғы сөзін (“Болар іс болды”) естіген марқұм Шәкен ақсақал: “Жақыпберді мен оның серіктерінің қол-аяқтарына кісен салып, Құлжаға айдағанда оларды өлімге қимаған халық қарақұрымдай болып соңынан ерді. Көксу деген жердегі халық күңіреніп кетті”, деп еді. Ал, Қытайға сол жылдары арнайы қызмет бабымен барып, кейін онысы өзіне сор болып, Мағаданда он жыл жазасын өтеген Үкібай қария “Иманды болғыр Жақыпберді — ердің ері, азаматтың азаматы еді ғой. Тұлғасына заты сай батырдың тұтқындалғанын көргенде көзіме ыстық жас келді”, — деп еске алған еді.

“Отызыншы жылдардың басында Қытайда атылған Жақыпберді батыр мен оның 24 серігінің сүйегі Күре өңірінің Жылыбұлақ деген жерінде жатыр. Олар екі төбешік жерге көмілген. 1947 жылы ұйғыр молдаларының көмегімен жазықсыз шейіт болған бауырларымның аруағына бағыштап, мал сойып, басына құран оқыттым”, — деген еді. Шығыс Түркістанда осы жылдары қазақ-қырғыз атты әскерлер полкінің штаб бастығы болған марқұм Бәукей қария. Орыстың құрығынан құтылам деп кетіп, Қытайдың торына түскен Жақыпберді мен Әуезхан ақынға ерген бір топ елге белгілі азаматтардың қазасы мен қайғысы Шығыс Түркістанды шулатады. Міне, сондықтан тас түрмеде отырып, ұзақ жыр жазған Әуезхан ақынның өлеңін халық кейін жоқтау ретінде айтады. Өзі азаттық жолында атылған Әуезхан ақынның “Қызыл сүргіннің” сойқанын шынайы суреттеген дастаны 1993 жылы Күрті аудандық “Шұғыла” газетінде ақын Айтуған Шайымовтың алғы сөзімен жарияланды. Бұрын бұл шығарманы осы ауданда тұратын біраз кісілер жатқа айтыпты. Әсіресе, бес уақыт намазын бір рет қаза етпеген, “Айдарлы” кеңшарында жасы тоқсанға таяп қайтыс болған Әнафия

молда той-томалақ, жиындарда үнемі Әуезханның жырларын жатқа ағызатын. Қасиетті батыр Жақыпбердінің ерлігі мен қасіретті қазасы Әнекеңнің аузынан түспейтін.

Жақыпберді мен оның батыр серіктерін Көксудан Құлжаға айдап келгенде Іле өлкесінің ұлығи Ду-Тыңға оның жақын адамдары мен жасы келген кәрі шешесі: “Мыналар тегін адамдар емес, қасиеті бар кісілер екен. Түрлерінен көрініп тұр. Шамаң келсе өлтіртпей, кешірім жасап, өзің сенімді әскер қылып, келе жатқан жауыңа пайдалан. Қиянат көрген бұлар сені қорғайды”, — деп кеңес беріпті. Бірақ ұлық жақындарының бұл өтінішін тыңдамайды. Тез өлім жазасына кеседі. Арада кеп уақыт өтпей, Дүнген соғысының алдында бір түні: “Ойбай, жау келіп қалды. Дүнгендер құртатын болды” деп түсінен шошып оянып, Ду-Тың өзін-өзі атып тастайды. Жазықсыз атылған жиырма адамның қаны оны жібермейді.

Жеті атасынан бастап батырлық қасиет дарыған Жақыпберді жайында әлі талай айтылар. Өйткені Жақыпберді оқиғасы, оның көтеріліс-қарсылығы — қазақ тарихындағы ірі қанды сүргін. Батысын орыс ойбайлатып, шығысын Қытай шырылдатқан Қазақ елінің ерекше тағдыры Жақыпберді оқиғасы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын тарих болып қалатыны анық.

Орыс бодандығына қарсы шыққан халық көсемдері Ұзақ, Жәмеңке және Әубәкірлермен қатар, алғаш осы сойқанның бел ортасында жүрген Жақыпбердінің де есімі түбінде жаңғыруға тиіс.

## **ӘУЕЗХАН**

**Отызыншы жылдардың ойранын әшкерелеп,  
Шығыс Түркістанда босқын болып,  
23 жасында атылған ақын.**

**Ә**лемге тарыдай шашырап кеткен қазақтардың аянышты өмірі мен қасіреті жайында шындық

енді айтылып жатыр. Орыстық отарлық езгінің салдарынан қазақтың босқындық өмірі, тарихта қанды сүргін болып қалғаны ақиқат. Алаштың ел болуын армандаған Ә.Бөкейханов, М. Дулатов және А. Байтұрсыновтардың қазаққа бас болып тұрған кездерінде 1913-1918 жылдары шыққан “Қазақ” газетінде Жетісу өлкесіндегі босқын қазақтардың қырғынға душар болуы ерекше айтылады. Жақаңның (Міржақып) “Алаш ұранды қазаққа” атты мақаласында патшаның 1916 жылғы ойраны кезінде Қытайға кеткен 164 мың қазақ-қырғыздың теңжартысының қырылып қалғаны шұбырып итқорлықты көргені нақты фактілермен дәлелденді. Ал, сталиндік “қызыл қырғын” мен сүргін кезінде Жетісудағы жалғыз Қарқара өңірінен 100 мыңға жуық адамның босқын болғаны баспасөз деректері арқылы бізге белгілі. Халық санағын жүргізуге қатысқан И. Оңдасынов деген ақсақалдың айтуынша осы өлкедегі Көмірші деген ауылда 1929 жылы 300 түтін болса, 1942 жылы 30-ақ жанұя қалған. Ал, Жетісу өлкесіндегі босқын болған қазақтардың 1928—1929 жылдары шекарада қалай қырылғаны әлі айтылған жоқ. Пулеметтің оғы баудай түсіріп, қылыш кикалап, өлтірген қазақтардың сүйектері үлкендердің айтуынша тау-таста, сай салада қалған. Босқындық кезінде шекарада аға, бауырлары оққа ұшқан кісілердің, жақындары Кеген, Райымбек аудандарында әлі бар.

Жетісу өлкесіндегі сталиндік зұлмат кезеңнің “қызыл қырғыны” мен асыра сілтеудің, босқын болып жылап, атамекеннен айырылудың шындығын жазған ақын Әуезхан Белгібайұлы. Шығыс Түркістандағы тас түрмеде жатып, атамекеніндегі қасірет пен Қытайдағы зобалаңды Тазабек әулетінің тағдыры арқылы хатқа түсірген Әуезхан ақын еді. Өкініштісі, Жетісу өлкесіне оның ішінде Қарқара өңіріне кезінде белгілі болған ақынның есімін халық әлі біле бермейді. Босқын болып, жат жұртта жазықсыз атылған Әуезханды коммунистік саясат тарихтан өшіріп тастаған. 23 жасында атылып, көктей солғын қыршын талант Әуезханның ақындық қасиеті мен еркіндікті көксеген жырларын ұмыту

біз үшін құдай кешпейтін қиянат. Міне, сондықтан қазақтың босқындық тарихындағы қасіретті өз басынан кешіріп, ұзақ толғау жыр жазған Әуезхан ақын ешқашан ұмытылуға тиіс емес. Әуезхан Райымбек ауданындағы Жылсай өңірінде өмірге келген. Жас кезінде мұсылманша сауат ашып, орыс тілін өздігінен оқып үйренген. 15-16 жасында-ақ өлең-жырға құмар болып, ауылда “ақын бала” атанады. Ол отызыншы жылдардың алдында Шығыс Түркістаннан осындағы туыстарына келген атақты Таңжарық ақынмен айтысады. Жиырма жасында елге белгілі “Әуезхан ақын” атанады. Өжет әрі, сауатты жігіт, өнерлі жас азамат ауылдық Кеңестің хатшы қызметін атқарады. Қарқара өңірінде құдайды қорлап, Алланы танымаған, дінсіз шолақ белсенділердің заманы туғанда олардың жөнсіз әрекеттері мен істеріне Әуезхан ақын төзе алмайды. Сорақы заң мен саясатқа ашық қарсы шығады. 1916 ЖЫЛЫ ұлт-азаттық көтерілістің белгілі батырларының бірі, Жақыпбердінің қатыгез үкіметке қарсы тобына кіріп, Құлық тауындағы Жақанның жасақтарына қосылып, билік құмар мәңгірт белсенділердің зорлығын халыққа айтады. Байларды тәркілеудің зобалаңы мен таптық қантөгіс күшейгенде еріксіз елін тастап, Қытай асуға мәжбүр болады.

Қарқарадағы казак-орыстардың қанды сойқанына қарсы ғасырға жуық соғысып, алысқан Тазабек бидің әулетінен шыққан Әуезхан ақын да отарлық езгідегі халықтың қорлығы мен құлдық өмірін жақсы білген. Әсіресе, қазақты қытай, орыс болып, екі жақты отарлап, қанаудың құпиясын көзі ашық Әуезхан ерте сезген. Міне, сондықтан оның “Тас түрмеде туған жыр” атты ұзақ толғауы екі алпауыт мемлекеттің арасында бірде онда, бірде мұнда шұбырып, қырылған қазақтың қасіретін айдай әлемге әшкерелейді. Босқындықтың біз білмейтін сойқаны Әуезханның зарлы жырларында қан исін сездіріп, бұл нәубетке лағынет айтқызады.

Кеңес үкіметінен қорлық пен қиянат көріп, Қытайға бас сауғалап барғанда, ондағы отаршылар “шекара бұзған банды” деп түрмеге қамағанда ақын былай дейді:

Орыстың ойранынан қашамыз деп,  
Қытайдың кез кеп тұрмыз залымына.

Құдайдан басқа кімге зар айтасың  
Қырсықтың ұрынғанда шалығына.

Әрі қарай жауыздықтың неше түрлі сойқанын айта келіп “Ілндік қате кетпес қарауылға, қылыш тұр қыл мойында жан алуға” деп түрмедегі өзінің және серіктерінің ажал алдындағы тағдырына налып, Алладан тек иман ғана тілейді.

Қытай үкіметі, яғни, ол кездегі гоминдан әкім-ұлықтары атақты батыр Жақыпбердінің тобындағы Әуезхан ақынды неге түрмеге қамап, жазықсыз атты? Оның сыры мынада. Қытай отаршылары Ресейдегі отарлық езгіге қарсы болған Жақыпберді батыр мен Әуезханнан қорықты. Өйткені олар Қытайға бағынбай онда барғанда тағы жасақ-қол жинап, Шығыс Түркістандағы қазақтардың отарлық езгіге қарсы ұлттық санасын оятты.

Екі жақты отарлық езгінің тарихта сирек болатын қасіретінің құрбаны Әуезхан ақынның өмір-тағдыры, оның қайсарлығы, өжеттілігі және ерлігі аңыз болған. Кезінде босқын болып, кейін атамекендеріне оралған үлкен кісілердің көпшілігі Әукеңнің түрме жырларын жатқа білетін еді. Ел аузында Әуезхан ақынның түрмеде жазған жырларының әр түрлі нұсқалары бар. Босқындық қасіретін Алаштың атақты перзенті Міржақып Дулатовтан кейін зарлы жырымен тарихта қалдырған Әуезханның аты Шығыс Түркістанда және атамекені Қарқара өңірінде күні бүгінге дейін аңыз болып келеді.

Арғы аталары дін ғұламаларынан білім алған Әукеңнің мұсылманша исламдық таным-түйсігі зор болған. Ақын жырларында Пайғамбарлар жайында да айтып кетеді. Кеңес үкіметінің дінді жоққа шығарып, аруақтарды қорлауына ақын төзе алмайды. Міне, сондықтан ол “Өрт қойды аруақтардың моласына, Қорлық қып бақи жайдың ғарыбына” деп көр кеуде, топастардың сорақы қылықтарына күйінеді.

Отызыншы жылдардың басында, яғни, 1932 жылы “қашқын”, “банды” болып, ұсталғаннан кейін Құлжада бір ай түрмеде жатып атылған ақын зындан түнегінде жазған толғау-дастанында өлетінін біліп, ел-жұртына өзінің коштасын былай айтады:



Алладан жалғыз тілек — иман ғана,  
Ажалдың түсе қалсаң ұрасына.  
Үмбеті ек Мұхаммедтің ары таза,  
Ұрпақтар ала жүргей дұғасына.

Ақынның діни жоралғы бойынша айтқан өсиеті орындалады. Ақын түрмедегі отызға жуық серігімен атылған соң оның туыстары бір жылға дейін жоқтау айтады. Әкесі Белгібай өлгенше бес уақыт намазынан Әуезханды тастамай, ұлының рухына өмір бойы дұға оқиды. Баласымен бірге түрмеде отырған Белгібай шалды қытай ұлықтары оның кәрілігін ескеріп атпайды. Ақын атылған соң оның түрмеде жатып жазған жырлары елге тез тарайды. Жазықсыз, қыршын кеткен боздақтың, елі сүйген ақынның өлеңдері қолдан-қолға көшіріліп, “киіз кітапқа” айналады.

Бізге арнап қылшын салған қынабына,  
Қытайдың қырсығамын сұрағына.  
Түрменің түнегінен осы сөзім,  
Халқымның жетер ме екен құлағына!

Ақынның түрмедегі зарлы, толғау жыры халқына 1993 жылы араға алпыс жыл салып, қолжазбадан тасқа басылып, сол күйінде жетті. Өкініштісі, белгілі Әдебиет зерттеушілері мен отызыншы жылдардың ойранын жазып жүрген тарихшылар қызыл қырғынның қаны тамған шындығын тарихта қалдырған Әуезхан Белгібайұлын әлі білмейді.

Жиырма үш жасында босқындық пен отарлық сойқанның сұмдығын әшкерелеп, жат жұртта атылған Әуезхан ақынның тағдыры, қасіретті өмірі әлі еш жерде еске алынған жоқ. Міне, сондықтан қызыл сүргіннің қыршыны Әуезханды туған жер, атамекенінде еске алып, рухына дұға бағыштау, ауыл, көшелерге атын беру ел азаматтарының мұсылмандық парызы.

## БӘУКЕЙ

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов шығармасының ерекше кейіпкері Әубәкірдің ұлы, Жақыпбердінің

жақыны Бәукей Әубәкірұлы “Тазабектің тұқымы”, “Әубәкір ‘болыстың баласы” деген аттарға ілігіп, қуғын-сүргін көрді. Тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы Баукеңді көкке көтерудің орнына әпербақандар оны қорлады. Дұрыс қызметке тұра алмады. Ата-бабаларының батырлық- жаугершілік дәстүрін жалғастырған белгілі бидің шөбересі, атақты батырдың баласы жайында жазушы, журналистер жазудан қорықса Мұханның тарихи мұрасын зерттеуші әдебиетшілер ол кісінің бар екенін білмеді.

Шығыс Түркістан әскерінің сардары, жұрт “албан полковник” деп атап кеткен Бәукей ақсақал туралы айту парыз. Біз ата-бабаларының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ерлігін сөз еткен ол кісі қазір жоқ. Бәукең — Қазақстан мен Қытайдың арасында 1945 жылдан 1949 жылға дейін тәуелсіз мемлекет болып тұрған осы елдің алғашқы президенті Ахметжан Қасымиды көріп, армия генералы Ысқақбектен әскери тапсырмалар алып, оны орындаған азамат. Ондағы ұлт-азаттық көтерілістің батырлары Оспан, Дәлелхан, тағы басқалардың еркіндік жолындағы арпалысты іс-әрекеттерін қолдаған. Әубікірдің ұлы Бәукейдің өмірі де — ата-бабалары сияқты азапты, тағдыры ауыр, бірақ кейінгі ұрпақ үшін өнегелі ғұмыр. Өйткені, Шығыс Түркістандағы қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарының азаттық жолында жанталасқан қанды майдан күресінің алғы шебінде оның өзі және сарбаздары жүрді. “Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі” деген ата-бабаларының аруағы қолдап, әйтеуір аман қалған. Балалық шағы мен есейгенге дейінгі өмірі аттың жалында түйенің қомында, атыс-шабыстың арасында өткен Бәукең жайында көп айтуға болады.

Бәукең жеті жасында 1929 жылы әкесі Әубәкірге қуғын - сүргін тықыры таянып, астық салығы салынып, туыс - жақындарына зобалаң төнгенде амалсыздан бір түнде бүкіл әулетімен шекарадан өтеді. Атамекенінен айрылған босқын бала жетімдіктің, “кірме” деп қорлаудың сұмдығын көреді. Ол онға толмай жатып, Қытайға барғанда ондағы басқыншы үкіметке (гомиден) бағынбаған немере ағасы Жақыпберді

ұсталып, бір топ бауыр-туысқаны атылады. Бұл қасіретті ол өз көзімен көреді. Кеңес үкіметіндегі “қызыл қырғынды” босқындарға бұл жақтағы “шүршіт патша” осылай көрсетеді.

Әубәкірдің есімі бұл жақтағы қазақтарға да белгілі болғандықтан оның жалғыз ұлы Бәукейді Қаракісі Сұраншы сияқты сол жұрттың мықты кісілері бауырына тартады. Әке даңқы оның игі жақсылармен араласуына жол ашады. Сөйтіп, жат жұртта жүрсе де жасымаған Баукең оқып, білім алудың мүмкіндіктерін іздейді. 1937 жылы Ақтам деген жерде бастауыш мектепті үздік бітіріп, Құлжа қаласындағы гимназияға түседі. Содан кейін ауылдық жерде бала оқытып, мектеп басшысына дейін көтеріледі.

Шығыс Түркістан мемлекеті құрылғанда өзі сұранып, Әскерге алынады. Әке-бауырларының қалай өлгені есінен кетпеген ол жаудан кек алуды ойлайды. Жамағайындары қатты жалынып, “Әскерге бармайсың” деп, Әукеңнен қалған жалғызды райдан қайтарғысы келеді. Бірақ айтқанынан қайтпайтып батыр тұқымы оларды дегеніне көндіреді.

Алғашқыда Бәукең Шығыс Түркістанның Қазақстанмен шектесетін өлкесінде Текес атты әскерлер полкіне қабылданып, содан соң қайта жасақталған осы полкке командир болып тағайындалады. Текес өңірінен Құлжа, Тоғызтарау деген жерлерге дейін ұлт-азаттық кетеріліс сарбаздарын бастап барып, басқыншы гоминден үкіметінің әскерлерін қуған Бәукең қырқыншы жылдардың ортасында полктің штаб бастығына көтеріледі. Сол кездегі тәуелсіз мемлекеттің Армия генералы Ысқақбек пен ол кезде әскери адамдар - ұйғырдың атақты жазушысы Зия Сәмеди және Жағда Бабалықовтармен кездеседі.

Текестен сонау Қарашар, Жұлдызға дейін жеткен әскери жорық-шайқаста командир болған Бәукең біраз сарбаздарынан айырылады. Әсіресе, Еркебай есімді қазақ батырының қазасы жанына қатты батып, ол жайында толғау өлең жазады. Өйткені ол жігіт ерлік көрсетіп жауға берілмей өледі. Сағансұн деген жерде жаумен алысып көз жұмған оның артына қалған бала-шағасына үкімет тарапынан қазақ командирі арнайы ақы-көмек тағайындауды талап етіп, оны өзі орындай-

ды. Қайырымды, текті туыстан үлгі алған батыр ұрпағының мұндай жақсылығын талай адам көрген. Шайқаста ерлік танытып, намыс пен еркіндікті ту еткен қандастарына айрықша қарау — ол үшін парызға саналды. Әскербасы Ысқақбек “Батыр” деп атаған жаужүрек Сланқожа сияқты есіл ерлерді ерекше пір тұтты.

Бүкіл Шығыс Түркістанды камтыған зор ұлт-азаттық көтерілістің Текесте жасақталған сарбаздарын әскери машыққа үйретіп, Жұлдыздан Қашқар маңына дейін, одан Қытайдың атом бомбасын сынайтын Лоб-Нор өлкесіне дейін жауды қашырып, талай қанды шайқастарды бастан кешірген Бәукеңді батырдан туған батырдың өзі деп айтуға толық қақымыз бар. Өйткені Баукең сарбаздарымен бірінші рет қоршауда қалып одан әрең шыққан. Араларына дұшпанның тыңшылары мен жансыздары кіріп кетіп, өлім аузынан зорға аман қалған кездері аз емес.

Батырлық, жаугершілік қасиет ата-бабаларынан дарыған ол — бүкіл жастық өмірін әскери жорық шайқаста өткізген нағыз ер-азаматтың өзі. Бір ғажабы, оның сүйікті жары марқұм Әуес апамыз Бәукеңді сүйгені соншалық, ол кісі Жұлдызда жүргенде соғыс қаупін елемей, штабта тамақ жасап береді. Ерлі-зайыптылардың жау ортасында жүріп, отбасылық өмірлерін жалғастыруы махаббат пен ерліктің үлгісін көрсетпей ме?

Саясатқа қарсы екен деп өткен тарихи шындықты айтпауға қақымыз жоқ. 1945 жылы құрылып, өз президентіне бағынып, әскери қарулы күштерін ұйымдастырып, ұлттық, мемлекеттік рәміздері мен ақшасын шығарған Шығыс Түркістан Республикасының өмірі баянды болмады. 1949 жылы коммунистік саясат ұстанған Қытайға қосылуға мәжбүр боды. Алдымен Армия бірікті. Бұрынғы мемлекеттің ұлттық әскері енді “Қытайдың 5-қорпусы” деп аталды. Бәукең осы Армияның “Отан қорғау” полкінде командир болып қалды. Енді ол кісі ірі мемлекеттің қарулы күштерінде талантты Әскери офицер ретінде бағаланып қызметін жалғастырды. Бірақ саясаты сақтық пен алысты болжайтын Қытайдың бұрынғы ұлттық әскерилерге деген сенімі аз еді.

Ал, Бәукеңнің өмірбаянындағы “Қазақстанда туған” деген жазуды қытайлар онша ұната бермейтін. Дегенмен, қабілетті командир өзінің білімі мен парасаттылығының арқасында Қытай Армиясының Алтай, Шәуешектегі және Үрімжідегі полк-бөлімшелерінде жауапты әскери қызметтер атқарды.

Әубәкірдің бел баласы Бәукеңнің атамекеніне, кіндік қаны тамған туған жеріне келуі оңай болған жоқ. Қытай Армиясының басшылары оны босатып, Отанына жібергісі келмеді. Өйткені алғашқы жылдары ұрыста шындалған талантты әскери кадрлар оларға өте қажет болды. Бірақ Құлжадағы Кеңес консуліне жиі өтініш талабын айтып, Пекиннен арнайы рұқсат алған соң Қытай Армиясының бір күшті қорпусы оған Отанына қайту жөнінде құжат берді. 1955 жылы отбасымен шекарадан өтті.

Елге 33 жасында келген Бәукең сырттай оқып, мал дәрігері мамандығын алып, зейнеткерлікке шыққанша зоотехник болды. Нағыз іс тындырар шағында қызметке араласып, жақсы іскерлік танытса да өспеді. Қайта “бұрынғы болыстың баласы” деген атқа ілігіп, Кеген ауданынан қуғындалды. Күрті ауданында істеген бір басшы қызметкер өзінен-өзі қарадай тиісіп, Бәукеңе қоқиалағаны бар. Өйткені батырдың ұрпағы талай шенеуніктердің сорақы қылықтарын бетіне басып, еңбегі еш, тері сор шопандардың жағында жүрді. Шаруашылықты дұрыс жүргізе алмай, елді басқара алмай отырған партия мықтыларын сынап, қашанда шындықты айтты. Шопандардың мұң мен зарын жеткізді. Бәукең енді өмірдің мылтықсыз майданында жүрді. Бәукең ешқашан бүгежектеген жоқ. Өкініштісі, қазақтың қасіретті тарихының бір бірегей белгісі, Тазабек бидің ұрпағын жалғастырып, оның туажаттарын көбейткен батырдың ұлын “шежіре-тарих” жазып жүргендердің көпшілігі білмеді.

Бәукеңнің атына сырттай қанық бір үлкен ақсақал былай дейді:

— Елуінші жылдардың басында “Қытайда туысқандары бар”, “елін сатқан”, “халық жауларының балаларына” партияның әлі кәрін төгіп тұрған кезі еді. Шетелдегі қазақтар кеңес үкіметінің ата жауына саналатын. Бірақ Әубәкірұлы

Бәукей батырлығына басып, өзінің және туыстарының жазықсыз екенін біліп, атамекеніне оралды. Оны ұлы бабасы Тазабектің, атасы Солтанбектің, әкесі Әубәкірдің және отыншы жылы Қытайда атылған 24 боздақтың әруағы қолдады.

Бәукең ұлы бабасы Әлмеректің жаңа кесене-кешенінде шырақшы болып жүріп, дүние салды.

### СҰҢҒЫЛА СҰРАНШЫ

**Д**айымбек ауданындағы “Тоқан сайда” туып өсіп, тоғыз жасынан бастап еңбекке араласып, соғыс кезінің ауылдағы ауыртпалығын керген, әкесі Әріп майданда қаза болған Рауан Әріповтің де өзіне тән тағдыры бар. Қаршадайынан кара еңбекке жегіліп, кейін әке орнына әке болған Сұраншы Сауранбаевтың арқасында білім алып, шаруашылық басқарудың барлық сатысынан өтіп, соңында аудан әкіміне дейін өскен Рекеңнің ел, жер-су жайында білмейтіні жоқ. Белгілі ағартушы қайраткер Сұраншы ағаның сұңғыла сөзі мен шежіресін жүрегіне жаттап өскен Рекең Кеңес дәуіріндегі Әлмерек ұрпақтарының тарихын жақсы әңгімелейтін өсіп-өнген бір әулеттің атасы.

Сұраншы Сауранбаев жайлы Рекең айтқан әңгімелерден 1916 жылғы Албан көтерілісіне байланысты ешкім бұрын естімеген оқиғаларды білеміз. Өйткені, Сұраншы аға 1909 — 1912 жылдары Нарынқолдағы орыс бұратана мектебінде оқыған. Атақты Албан көтерілісінің дәл ортасында жүрген. Көтеріліс күшпен басылған соң бас иесіз қалған елдің бір ауылын қырғыннан аман алып қалған ел көсемі осы Сұлекең екен. Ел жосып қайда барарын білмей, бірі қалмаққа бірі Қытайға үріккен кезде Сұлекең шекарадағы бір таудың қуысына Шәлкөдеден жылыстаған бір ауыл “Елемес елін” “тығып” сонда қыстатып сойқан басылған соң ата-жұртқа қайтып әкеледі. Бұл оқиғаны тереңірек баяндасақ босқындық қасіреттің қайғы қасіреті тағы жан жаралайды. Сондықтан оқиғаны бүге - шегесіне дейін баяндамай-ақ қояйық. Тарихи тұлға — 1920 жылы Ғани Мұратбаевпен кездесіп, ағарту сала-

сы бойынша онымен сұхбаттасқан Сүлекең бірінші хатшыдан бастап, Қазақ КСР-нің жер шаруашылығы халық комиссариатында жауапты қызмет атқарған. 1933 және 1951 жылдары жазықсыз жазаланып, қуғын сүргіннің көкесін көрген.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов 1927 жылы “Қилы заманға” материал жинағанда жазушының қасында жүргендердің бірі осы тамаша азамат. Албанның “ертегідей бай, сұлу жайлауларын” Мұхаң мен Ілекең (Ілияс Жансүгіров) көрсетіп, оларды атпен аралатқан Сұраншы аға екі ұлы адамның атақты “Қилы заман” мен “Жетісу суреттері” сияқты керемет кітаптарының жазылуы үшін білгенін айтып, жағдай жасағаны әдебиет зерттеушілер үшін ерекше дерек болса керек. Өзінің жазған естеліктері бар Сүлекең Албан шежіресі мен тарихын жетік білген — Құрманның текті ұрпағы екені белгілі. “Жетісу суреттеріндегі” жер-су атаулары мен шөп, жәндіктердің атын бұл жаққа бұрын келмеген Ілекеңнің құлағына құйып жүрегіне сіңірген Сүлекең екені ақын жырынан байқалады. Ілекең “Жетісу суреттерінде” толғап келіп, бір жерінде “Жалықпай араладық қыдырыспен, Қасымдағы Сұраншы Ыдырыспен” дейді. Сүлекең ақынды қыдырта жүріп, қымызды ауылдан су-сындата жүріп, күллі Қарқараның жер-суын көрсетіп, небір әңгіме-хикая айтқан ғой.

Ұзақтың “оқы, балам қор болмайсың” деген сөзін тыңдаған Сүлекең Мұхана (М. Әуезов) Албан көсемнің түр-түсін, келбет көркін айтып береді.

Соғыстың алдында Қазақ КСР Оқу Министрлігінде жауапты қызмет атқарған Сүлекең отызыншы жылдары Ахмет Байтұрсыновтың оқулықтары бойынша білім алуды үгіттеуі кейін бұл кісіге сор болып жабысса керек.

Бойында туа біткен ұстаздық қасиеті бар Сүлекең 1937- 39 жылдары Қазақ КСР Атқару комитетінің төрағасы болған Нұрбопа Өмірзақовты жас кезінде панасыз балалар оқитын мектепке орналастырған жақсылығы өз алдына әңгіме. Сүлекеңнен тәрбие алып, оның “Балаларым менің әңгімемді тыңдандар. Түбінде сендерге керек болады. Біз не көрмедік” деген ғибратты сөзін естіп өскен Рекең бұл кісі жайында тосын деректер айтады. Атақты суретші Ә. Қастеев қой бағып

жүргенде оның талантын танып, білім алуына мұрындық болған сұңғыла Сүлекең екен.

Елуінші жылдардың басында тағы тұтқындалып түрмеде отырған ұлтының сүйікті ұлы Сұраншының есімі ұмытылуға тиіс емес.

## КЕЙУАНА – ҚАЗЫНА

Енен қалды бес бала, бәрі сәби жас бала, деп жолдасы Әбікенді майданға шығарып салған Қазына әже қайтыс боларына дейін жұбайының өлі-тірісін біле алмай ізтүзсіз кеткен жарын күтумен, сағынумен дүниеден өтті. Сұм соғыстың сойқан-азабын көрген, тірі жесір Қазына әженің тағдыры майданда қынадай қырылған қазақтардың шейіт – шерменде және қосақта өлген құрбандығының дәлелі. Бір Шырғанақ ауылынан кеткен 116 адамның жетеуінің ғана тірі келуі бұл соғыстың қазақ үшін қандай зұлмат-қырғын болғаны әлі қан қақсатады. Күнде келетін қара қағаздан майдандағы есепсіз өлімді естіп, ауылда ауыр азапты, қиянат- қорлық тіршілік-шаруа жасаған Қазына әже шын ердің ісін атқарған. Шөп шауып , қырманда жүріп бес баланы ержеткізген, тек ана оларға әже де болған ғой.

Ауыл “Қыпшақ әже”, “шежіре шеше” деп атайтын соғыстың жесір кейуанасы сүйегінің асылдығы мен рухының мықтылығынан болар жүзге келіп дүние салды. Әженің арты той “қаза-жөнелтуінде” ұлы жасын ырым қылып ауылда тәбәрік алмаған жан жоқ еді. Оның үстіне бұл кісі бір қасиетті адамнан бата алып, перзент көрмей жүргенде бала сүйген. Көзінің тірісінде мұны марқұм өзі жиі айтып отыратын.

Әлмерек бидің ұрпағы Тоқан-Ата ауылына келін болып түскен, түбі арқа жақтан келген. Өмір-Қыпшақ тегі Қазына келін көпке дейін бала көтермей, Құдайға налып жүреді. Ол кезде ауылы Орта Меркіде отырады екен. Бір күні аң-құсы жыртылып айырылатын Құлық тауынан еңкейіп, ішінде Тазабек бидің немересі, Албан көтерілісінің әйгілі батыры Жақан — Жақыпберді бар бір топ сері-саятшы осындағы Қазына



келіннің үйіне түседі. Атақты батырды сырттай жақсы білетін, бір-екі рет көргені бар Қазына қонақтарды үйге кіргізіп қымыз күйғаннан кейін қораға кіріп бір дәу ісек қойды әкеліп, мойнына «бұршақ» салып, батыр ағадан бата сұрайды. Келіннің перзентке зар екенін сезген батыр қайнағасы Құранның бір аятын келтіріп, “Айналайын АЛЛА тілеуінді берсін” деп қол жайып, шын ықылас тілекпен бата береді. Бұл уақыт батырдың бабасы Пұсырманда қалған Әлмеректің «Ақ туына» тәу етіп, дінсіз саясатқа қарсы (1928 ж.) қол жинау қамына кіріскен кезі екен. Келесі жылы Алла қолдап, Қазына екіқабат болып перзент сүйеді. Соғысқа дейін бес балалы болады. Бағының ашылуына себеп болған Кеңес үкіметінің қас жауы Жақыпбердіні Қазына әже өл-өлгенше “Бәпекем” деп аузынан тастамай, одан бата алғанын мақтанышпен айтатын. Жақаң жайындағы “банды” деген сөзді естісе оған жыны келетін. Жақыпбердінің туыстары отырған жерде “Мен сендердің ағаларың Бәпкеңнен (батырдың атын атамай) бата алып, үбірлі-шүбірлі болған кемпірмін. Жасым үлкен болса да ол кісінің туыстары бар жерде қашанда төменмін” деп жолды соларға беретіні салтына айналған тектілік қасиет еді. Кейуана — ананың жүзге келіп, ғасыр жасағаны піріндей көрген адамына табынған иман-сенімнің әсерінен ғой деп ойлайсыз, кейде.

Ғасыр жасаған Әулие ана Көкпияздың Көкбеліндегі үлкен қорым зиратта жатыр. Бұл жерден өткендер жүзге келген әженің “аруағы жебесін” деп қол сипайды іштерінен. Ал, ұлы қария жасы келіп, тәуелсіздіктен кейін дүниеден озды.

## ҚАРА БАТЫРДЫҢ БАЛАЛАРЫ

**Ж**елтоқсан оқиғасы кезінде алаңға шыққан жастарды кінәлап ауылда жиналыс өткенде “партия ұлт - саясатын бұзып отыр” деп шыдай алмай шындықты айтқаны үшін “мәселесі” қаралған Айтбай Сейтқазыұлын

жұрт жақсы көрген жоқ. Бұзық, “нашақорларды” қолдаушы, саяси көрсоқыр, сенімсіз адамға саналды. Соңында шындық жеңді, ақиқатты айтқан Айтбайдың айтқаны келді. Қатардағы мұғалім Айтекең өсіп, соңында бір ұжымның басшысы болды. Қазір Бескөл орта мектебінің директоры. Айтекең өмірі тағылым ауыл қария-ақсақалдарының ұлттық рухты көтеретін әңгіме шежірелерін ұрпақ білсе екен деп қам жейтін ұлтжанды ұстаз.

Бірде іссапарда жүргенде Айтекеңнің үйіне соғып, белгілі ауыл ұстазымен әңгімелесуге тура келді. Жаңа салған моншасы, сауда дүңгіршегі бар, төрт-бес жылқы және жиырма шақты уақ жаны үйездеген Айтекең ауладағы картоп, көкөнісін күтіп-баптап жүр екен. Амандықтан кейін ауылдағы екі шалға бір баласын шаптырып жібереді. Көп өтпей Тоқтасын және Бейсенбай деген екі қария кіріп келді. Шалдармен тең-тұсы секілді әзілдесетін болуы керек құрдастары сияқты қарияларға: “Мына кісіге ата-бабаларың жайында айта беріңдер. Сен «жігітім қараторы» қаламыңды алып сүйкей бер. Жүз грамм соңында” деп өзі шаруасына кетті.

Тосыннан келген екі шалдың қайсысының әңгімесін тыңдарымды білмей басында екіұдай жағдайда қалдым. Өзін Әлмерек тұқымы Құрман Қара батырдың ұрпағымын деп таныстырған кесек тұлғалы дауысы зор Тоқтасын қарияның сөзіне ә дегеннен ауаным ауды. Оқығаннан тоқығаны көп, төте жазумен хат таныған Тоқаң салғаннан саңқылдап сөйлеп кетті. Тек — шежірені атақты Ұзақ, Саурықтың ұлы бабалары Қарадан қайырды. “Қара батыр” атанған Қарадан Елшібай, Малыбай, Орынтай жәнә Бақы (Майлыбалта) туады екен. Осы төрт баланың мінез-құлқы мен тіршілік-әрекеті бір-біріне ұқсамай әрқайсы әр түрлі қалып-харақетті байқатады. Өздері ержетіп үйлі-баранды болғанда әкелері Қара ұлдарының қолынан дәм татқысы келіп, әр баласына қонақ болады. Мақсаты олардың ниеті мен ықыласын және береке бірлігін білу екен. Әке алдымен тұңғышы Елшібайдың үйіне түседі. Ол ешкі сойып қонақ қылады. Содан соң, Малыбайдың үйіне келеді. Ол көк қасқа қой сойып, бата сұрайды. Органшысы Бақының үйіне дәмге келгенде ол әкесіне көже беріп, “па-

рыздан” құтылады. Соңында аты жұрт-халайыққа белгілі Қарекен Орынтайдың отауына ат басын тірейді. Жаңа үйлі-баранды болса да Орынтай ешнәрседен тартынбай тай сойып, жақын-туыстарын шақырып, ағайын-елдің басын қосып, әкесінің алдына семіз жылқының қазы-қартасымен шекесін қояды. “Әке балаға сыншы” деген ғой. Балаларының осы сый-құрметіне қарап Қара батыр әр ұрпағының болашағын “отбасы — қазан ошағынан” байқап көзінің тірісінде қайсысының бай, қайсысының батыр, қай ұлының кедей болатынын сезіп кеткен екен.

Кейін ұрпақтарының ішінде әкелерінің батасын алып, оған ерекше сый-құрмет көрсеткен Малыбай мен Орынтай ормандай болып өсіп, бақ-дәулетке кенеліп, бір қауым іргелі елге айналады. Малыбай Албан, Бұғыға белгілі бай, жомарт, мырза болып, атын калдырады. Қарқара, Ыстықкөл маңын мекендеген қазақ, қырғызға ортақ “Қырғыз болсаң Алыбайдай бол, Қазақ болсаң Малыбайдай бол” дейтін тәмсіл-мәтел Қара батырдың осы ұлы Малыбайға байланысты шыққан екен. Еңбекшіқазақ ауданында Малыбай деген жер-су атауы бар. Бұл бай Малыбайдың ежелгі мекен-қонысы екенін ұрпақтары әлі күнге дейін айтады.

Әкесі Қараны тай сойып күткен Орынтай және оның ұрпақтары ата даңқын асырады. Алты Алаш — Қазаққа аттары аян Ұзақ пен Саурық батыр және Шалтабай ақын, тағы да басқа нарқасқалар мен жайсаңдар осы Орынтайдың ұрпақтары. Орынтай — Алпар, Тұлпар және Түменбай әулие есімі ел ішінде бақ-дәулеттеріне байланысты аңызға айналған.

...Айтекеңнің үйінде Тоқтасын қариядан кейін Жетен батырдың шөбересі Бейсекең де тарихшылардың өзі білмейтін бір тағылымды әңгіменің ұштығын шығарып, шежіре шертті, Соғыс кезінде әскери заводта жұмыс істеген, механизатор қарияның өмірі алдымен тектілік пен кісілік, қайсарлық. Шоқан еңбектерінде аты аталатын Айтбозымның айбыны Жетен батыр жайында, оның орыстық отаршылдыққа қарсы күресі жөнінде Бейсекең айтқан деректер қызықты еді.

## БАРЖЫҚ – БАБА

Ел ішінде аты аңызға айналған Баржық байдың үрім-бұтақтары жиналған нәзір-астың үстінен түстім. Бияділ деген ақсақал ұлы бабалары Баржық жайында бұрын мен естімеген бір тосын қызық оқиғаны айтты. Үш Меркенің жоғары жағындағы “Баржық көлін” көрген Биекең әңгімені арыдан бастады.

Таудың етек жағында отырған елге белгілі бай бір күні көшіп қоныс ауыстырады. Бұрынғы жұртында ат байлайтын мама ағашы қалады. Осы тұстан өткенде өзі би әрі ру басы С. деген адамның астындағы аты мама ағаштан ұшқан қарғадан үркіп, үстіндегі кісіні өлтіреді. С.-ның аяғы үзеңгіден шықпай, ат баурында сүйретіліп қайғылы жағдайда көз жұмғаны туыстарына қатты батады. Құдайдың жазымы осылай болған ғой, оған кім қарсы тұрады.

Кісі өліміне қатысты рулар арасында құн дауы басталады. Ру ақсақалдары мен билер соты бұған кінәлі Баржық деп үкім шығарады. Оның мама ағашын жұртында қалдыруы, одан аттың үркіп адам өлтіруі — байдың қастандығы деп дәлелденеді. Баласы жоқ жалғыз, туған - туыстары аз, тек жанкешті еңбегімен жүрген байғұс бұған көнеді. Сөйтіп, тосыннан келген қаза үшін кінәлі болмаса да 50 жылқы құн төлеуге мәжбүр болады. Бұл қиянатқа төзе алмаған Баржық бар малын талақ етіп, қапа-наламен қан жұтып енді басқа елге кетейін деп жүргенде бір кездейсоқ жағдайда осындағы көлдің суына құлап өледі. Бұрын аты жоқ көлді ел “Баржықтың көлі” деп атап кетеді. Кезінде мөлдіреген суы бар, айналасын шымылдық қарағай қоршаған көлдің қазір орны бар.

Қиянаттан налып, тосын мерт болған Баржық — Бабаның атын тау-табиғат қанша уақыт өтсе де оның аруақ- рухын әлі жаңғыртын тұр.

Өткен ғасырдың соңы (1890) болуы керек Орта Меркіде қатты жұт болғанда жалғыз өзі мыңға тарта жылқысын бұрын адам бармаған иесіз таудың бір аңғарына қыстатып, малын жұттан аман сақтаған Баржық малсақтығымен аңыз болған Әлмерек ұрпағы. Байдың жылқыларына басқан қосу (+)

таңбасы Тоқан-Ата малының белгі ентаңбасы болыпты.

Тоқан-Ата және оның белгілі ұрпақтары жөнінде жақсы әңгімелейтін Асан аға төрт түліктің ішінде жылқы малының Әлмеректің осы баласына көп бітіп, “Тоқан-таңба” сәйгүліктердің әрқашан жұрт мақтанышы болғанын сөз етеді. Баржықпен арғы аталары туыс Асакеңнің өмір-тағдыры бір тарих. Өзі ұстаз, күйші, сазгер, он баланың әкесі толып жатқан шөберенің атасы Асакең және оның інісі Бектұрсын елдің ерекше зиялы азаматтары. Ата аруағы жебеген Тоқанның ұрпақтары.



**Әлмерек бастауы**



Шоқан тау қоршаған Қарқара өңірін  
осылай картаға түсірген. (1856 жыл.)

## АЙТБОЗЫМ АУЫЛЫ немесе қашаған бимен кездесу

**Қ**азақ халқының ұлы перзенті Шоқан Уәлихановтың өмірінің соңы Жетісу өлкесінде өтті. Өзі зерттеп, саяхат күнделігіне жазған осы өлкедегі оның бұрынғы кесене-ескерткішінің орнына кейін қойылған белгі ұлы саяхатшының даңқын ұрпақтан ұрпаққа мәңгі жалғастырын тұр. Ержүрек, жиһангез қазақты әлемге белгілі еткен оның Қашқар саяхаты Жетісудың жерұйығы Қарқара өңірінен басталған. Мұндағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы мен саяси өмірі, заң, әдеп-ғұрыптары, түсініктері ғалым еңбектерінде жақсы баяндалады. Соған қарағанда өз халқын сүйген Шоқан Қарқарадағы қазақтардың арасында емін-еркін жүріп, көнекөз ақсақалдардан көп дүниені тыңдап, оны өз ой зердесінен өткізіп, қағазға түсірген сияқты. Аңыз-әңгімелерге, жыр-дастандарға қатысты өзі де ақсақалдарға шежіре шерткен тәрізді. Байырғы жер-су атаулары мен адам аттарын өте сауатты жазғанына қарағанда осы өлкенің жер-суы мен ру-тайпаларының таралу шежіресін жақсы білетін сұңғыла қарттар мен билерден мағлұматтар алғаны байқалады. Шоқанның Қарқара өңіріне келуіне байланысты әңгіме козғайтын бұрынғы үлкен кісілердің ұрпақтары Албан еліне белгілі атақты Қашаған бидің саяхатшы офицерге жақын болғанын айтады. Әлмерек абыз бидің ұрпағы Қашаған 1875 жылы Түркістандағы билер жиынына қатысқан Жетісудағы от ауызды, орақ тілді шешендердің бірі болған. 1820 жылы туылып, 1905 жылы 85 жасында қайтыс болған би Албан шежіре-тарихын, бұл елдегі ру-тайпалардың әдет-ғұрыптары мен заңдарын жақсы білген. Шоқанның сапар саяхатына байланысты оның жорық керуеніне Қашаған



би барынша көмектесіп, жүк арту үшін оған үш түйе, бес ат сыйлайды. Шоқанның қасында жүріп, күллі жер-су, жайлаудың аттарын Шоқанға айтып отырған осы Қашаған би екені күмән келтірмейді.

Шоқанның атын әлемге шығарған Қашқар саяхаты болса, онда баратын керуенді жабдықтауға қатысқан Қарқара қазақтары екені дау туғызбайтын шындық. Өйткені Шоқан өз күнделігінде сауда керуені үшін малды Албан тайпаларынан көп сатып алғанын жазады. Соған қарағанда Қашаған би Шоқанның Қашқар саяхатына көмектесіп, сауда керуенін жабдықтауға қол ұшын берген саяхатшының сенімді адамдарының бірі.

Ұлы ғалымның 1949 жылы шыққан мақалалары мен хаттарында Албан еліндегі Шажа, Жарты, Қожбамбет сияқты рулар мен қатар Сарымбек әулие мен Саурық батырдың аты аталады. Өйткені Шығыс Түркістандағы дүнгендер көтерілісіне байланысты бұлар мұсылмандарға болысады. Бұл уақытта атақты Тазабек би Сауырық батырдың Албанға даңқы шығып тұрған кезі болатын. 1916 жылғы Албан көтерілісінің көсемі Ұзақ батырдың әкесі Сауырықты Шоқанның білуіне қарағанда оның серігі Тазабек биді де саяхатшы көрген. Өкініштісі, Сауырық пен Тазабек кейін патшаға қарсы болып, Кетпен тауында казак-орыстармен қырғын жасаған соң, бұлардың атын Жетісудың генерал-губернаторы тарихтан өшірген. Тазабек бидің қазіргі ұрпақтарының айтуынша, Албанның атақты биімен Шоқан кездескен. Өйткені ғалым Құлық тауының төңірегін мекендеген Тазабектің елі Айтбозым ауылында болып, керуеніне мал жинағанын “Жоңғария очерктерінде” Шоқан былай еске алады: “Біз ол жерде Албан қазақтарының Айтбозым деген руына кез келіп, ауыл-ауылға бөлініп, айырбас саудасына кірістік”. Жоғарыда аталған Қашаған бидің арғы аталары Айтбозымнан тарайды. Ұлы саяхатшы осы еңбегінің тағы бір жерінде Айтбозым мен Қызылбөрік арасындағы рулық дау мен таластың оқиғасын айтады. Қашаған би Айтбозымға — Баба — Әлмерек — Жаншық және Бозым болып ұласады.

Сол кезде іргелі ел Айтбозым ауылының қонағы болған

Шоқанды Албандар ерекше қарсы алып, күткен дейді көнекөздер. Шоқанның “Ыстықкөл сапары күнделігінде” портрет-суреттері салынған бірақ есімдері айтылмайтын бейнелерді көргенде, оларды Қарқара өңіріндегі атақты азаматтар ғой деген ойда қаласыз.

Патша үкіметінің Жетісу өлкесін казак-орыстар арқылы қанжоса қылып отарлап жатқанда мұнда Шоқанның келуі үлкен құбылыс. Өйткені патша арам саясатын жүргізу үшін Шоқанды пайдаланғаны ақиқат. Міне, сондықтан ұлы ғалымның өмірінің соңы бізге қайшылықты тарих шындығын елестетеді. Басыңда патша үкіметінің арбауына түсіп, оның шолғыншы офицері болған Шоқан кейін бәріне көзі жетіп, отарлық сойқанды сезген сияқты. Бірақ жалғыз өзі кіммен айқасады? Өз халқы мен қасиетті атамекенін шексіз сүйген Шоқан “Ұлы мәртебелі қайырымды государь, Герасим Алексеевич” деп сәлемдесіп, Колпаковскийге жазатын хаттарының бірінде қазақ елін басқарудағы жөнсіздіктерге қатты ашынады. 1864 жылы қарашаның 20-сында Түргеннен патшаның бұл зор ұлығына жазған бір хатында былай дейді: “Қазақ елін басқару жұмысына кіріскен кезіңізден бастап сіз өнебойы қазақтарға қарсы жорықтармен және шекараны қорғаумен айналыстыңыз, сондықтан қазақтардың ішкі ру басқарушылық жағы бұрынғы қалпында келеді...” деп елді күшпен билеудің дұрыс еместігін батыл айтады. “Өнебойы қазақтарға қарсы жорықтар” деген сөздің астарында отарлаудың қанды сүргіні ашық айтылып тұрған жоқ па? Ғалым отаршылдықтың ойранына шыдай алмағандықтан ұлыққа осылай қатты сөз айтуға мәжбүр болады. Өйткені Шоқан казак-орыстардың талай қанды жорықтарына куә болған сияқты.

Шоқанның хаты жазылған өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Ресейдің осы кездегі “Жаңа низам” заңына қарсы Албан елінде Қожеке батырдың аты шыққан болатын. Өкініштісі, Шоқан Қожеке күйші, батыр жөнінде және Тазабек пен Сауырықтың казак-орыстарға қарсы жасағында болған Шалтабай ақын жайында ешнәрсе

айтпайды. Өйткені, отарлық езгінің құрбаны бұлар патша үкіметінің қас дұшпандарына саналған. Міне, сондықтан Шоқан саясаттан сескеніп, бұл азаматтарға байланысты оқиғаны жазбаған.

Ұлы Шоқанның жастық желігі мен оты жалындап, қуатты талант-дарыны оны көкке самғатып тұрған шағында ақ патшаға жан-тәнімен беріліп, қызмет істегені рас. Шоқан керек десеңіз патша үкіметінің Жетісуды отарлап Құлжа мен Қашқарды бағындырғысы келген құпия саясатына араласуға мәжбүр болды. 1858 жылғы Қашқар саяхатынан кейін ол патша орденімен наградталады. Бірақ кейін отаршы империяның түпкі ойын сезген офицер қазақ патша үкіметін жақсы көрмеді. 1864 жылы әулиеатаның күлін көкке ұшырып, бағынбаған елді зеңбіректің оғына алған баскесер генерал Черняевтің отрядынан оның кетіп қалуы, сөйтіп, зор құрбандыққа жол бермеуі Шоқанның ұлы ерлігі.

Қазақ халқының әдебиетін, шежіре тарихын зерттеп, елінің ортасында жүретін Шоқан еңбектерінде өзіне көмектескен, саяхат-сапарында серік болған қандастарының аты-жөндері көп аталады. Өкініштісі, Шоқанның өмірі мен қызметіне байланысты зерттеулерде және оның 5 томдық еңбектерінде тек ғалымның орыс достарының есімдері тізіледі. Дұрыс, бұған қарсылығымыз жоқ. Өйткені ұлы ғалым жайындағы естеліктерді жүрегі таза орыс зиялылары жазған. Ал, Шоқанның өзі ру аттарына дейін көрсетіп жазатын ақсақалдарға, керуен басыларға, сапарлас қазақ серіктеріне зерттеушілердің неге арнайы назар аудармай келе жатқаны түсініксіз. Мысалы, Шоқанның саяхат керуенінде қызмет атқарған Мұсабай Тоқтабаев ғалымның ұсынуы бойынша награда алған. Ғалымның Қашқар саяхатына байланысты жабдықталған керуенінде біраз қазақтың болғаны рас. Өзімен жорық-саяхатқа қатысқан кейбір қазақтардың тіпті наградаға таласқаны жөнінде ғалым жасырмай айтады.

1864 жылы жазған бір хатында Тұрдыбек Абдрахманов, Тоқтарбай Кемелбаев, Үсербай Алыбаев деген кісілердің

награда дәмбетініне кейістік білдіреді. Қазақты шеншекпенге таластырып, билік жүргізген отаршылдардың айнасында шек болмаған ғой.

Қарқарадағы Албан елінде оның ішінде Айтбозым ру — ауылында бірнеше күн қонақ болып, осында Қашқар саяхатына камданған Шоқанның бұл өлкедегі қалдырған белгісі көп. Бүкіл жолжазба, күнделіктерінде айтылатын тау мен өзен, ғалым еңбектеріне арқау болған ру мен тайпалар, табиғат әлемі сол Шоқан көргендей әлі елестейді.

Шоқан келгенде басталған казак-орыстардың Қарқарадағы сойқанды сүргіні 1916 жылы шегіне жетіп, бұл елде адам қаны су болып ақты. Қазақ тарихындағы зор ұлт-азаттық көтерілістің туы көтерілді. Отарлық езгіге қарсы күрестің қанды майданы Қарқарада басталды.



Тұзкөл

## ШОҚАНДЫ ТАҢДАНДЫРҒАН ТАБИҒАТ

Өз дәуіріндегі ғылымының көп саласында бесаспап болған Шоқан табиғат және оның құбылыстарын терең зерттеуімен талантының тағы бір тамаша қырын танытын еді. Сырымбет, Баянауыл, Көкшетау сияқты сұлу өлкеде өсіп, ержеткен ол балалық шағының қызықты күндерін әсем табиғат аясында өткізген. Көкпеңбек қалың орманның ішін аралап, биік шың-құздардың үстінде отырып, әжесі Айғаным айтқан аңыз-ертегілерді зердесіне салып, ой мен қиялға берілген. Сөйтіп, оның бойындағы туа біткен мол қабілет пен дарынның қалыптасуына ерте алған білім мен тәрбие ғана емес, қоршаған орта, ондағы ғажап табиғат та әсер еткен. Міне, сондықтан ұлы ғалымның қолжазбаларында, саяхат күнделіктерінде табиғатқа деген шексіз сүйіспеншілік пен оның сыр-құпиясына үңілген түпсіз тереңдік ерекше сезіліп тұрады.

Данышпан ғалым “Қазақтардағы шамандықтың қандығы” атты еңбегінде қазақтардың жаратылыс күштеріне табынушылығын әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат деп түсіндіреді. Шамандық нанымдарда табиғатты қастерлеу басым екенін айтады. Жаратылыс құпиясына деген құштарлықтан осы сенімнің пайда болғанын дәлелдейді. “Шамандық діндегі адам құдіретті күн нұрына қарап таңданды, соншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды, кара аспанға нұр сепкен айды көріп те табынды”, — дейді ғалым. Өмірдегі бар заттарды көріп, оған таңдану, оның құпиясын білсем деп армандау ешқандай теріс сенімді тудырмайды. Қайта қоршаған ортаға, табиғатқа деген шынайы сүйіспеншілік пен ізгілік, мейірімді қалыптастырады. Міне, сондықтан, ұлы ғалымның қазақ халқының жаратылыс күштеріне байланысты наным, түсініктеріне талдау жасауы, осыған орай елдің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ырым-жораларын келтіріп ой тұжырымдауы оның табиғат пен адам

қатынасын терең зерттеуші үлкен философ екенін айғақтап, жаратылыс әлеміне деген ізгі гуманистік көзқарасын дәлелдейді.

Шоқан адамдардың табиғат күштеріне деген наным-сенімдерін көрсетеді. Қазақ халқының аспан денелерін (Ай, Күн, Жұлдыз) ерекше құрметтеп қастерлейтін шамандық аңыздар төңірегінде халықтың ізгі-тілекті жақсы сөздері арқылы түсіндіреді. Біраз ырым-жоралғыларды келтіріп, көшпенділердің табиғатқа деген ұлы құрмет-сезімін терең ашады. Кейбір аспан денелеріне халықтық дәл ат бергенін тілге тиек етеді. Қазақтар үшін айдың қасиетті планета екенін түсіндіріп, халықтың жаңа ай туғанда қуанып, оған үлкен құрмет жасайтынын айтады. Темірқазық жұлдызына қарап түнде жол жүретінін, Үркерге қарап уақыт анықтайтын сахара елінің зерделігін айтып, халықтық астраномияға назар аударады.

Кемеңгер Шоқан жоғарыда аталған еңбегінде бүкіл тіршілігі табиғатпен етене байланысып келе жатқан сахара елінің жаратылыс әлеміне деген құрмет сезімімен қатар, олардың жер-суға, жан-жануарларға деген бауырмалдық қасиеттерін де байқады. Кейбір малдар мен жануарларға, өзен мен көлдерге айтылған “киелі”, “қасиетті” деген сөздердің мәнін түсіндіреді. Киелі аң, құстардың, хайуанаттардың аттарын атап, оларды не себепті қастерлейтінін айтады. “Қазақтар киесінен қорқып, аққуды құстың сұлтаны деп есептейді. Сондай-ақ, жапалақ, үкі, тоқылдақ, көк қарға, көкекке де тиіспейді”, — дейді ғалым, Қазақ халқының тілсіз тіршілік иелеріне деген аяушылық сезімдерінің күшті болғанын Шоқан жақсы айтып тұр. Өкініштісі, ата-бабаларымыздың осылай аяушылық көрсетіп, айтатын “обал болады”, “киесі ұрады” деген ұлағатты сездерін жадымыздан шығарып, бұл күнде табиғат-анаға тіземізді батырып, оған ойран салып отырмыз.

Жалпы, Шоқан табиғатқа байланысты халықтың ырым мен нанымдарының түпкі мақсаты тек жақсылық тілеу екенін айта келіп: “Осы кәделердің бәрі тек қорқыныштан ғана емес, молшылық, тоқшылық болсын деген игі ниеттен туған” дейді.

Бұл жерде ол адам мен табиғат арасындағы өмірлік байланысты шынайы көрсеткен, жаратылыстың диалектикалық дамуын терең аңғарып, ой-түйген үлкен философ.

Табиғат әлеміне терең еніп, оның құпия сырларына, сұлулық болмысына үңілгенде, Шоқан бойынан мынандай ерекше қасиеттер жарқырап көрінеді: Ең бірінші, ол табиғат көріністері мен құбылыстарын тамаша бейнелеп, суреткерлік талантын танытады. Қыл қалам арқылы неше түрлі ғажап көріністердің суретін салып, жаратылыс дүниесін дәл өзіндей көз алдына әкеледі. Сөйтіп, Шоқанның суреткерлік таланты мен суретшілік қабілеті бір бағытта қатар тоғысады. Бұл — кез келген дарын иесінде бола бермейтін ерекшелік. Екіншіден, ол суреттеп, суретін салып отырған нәрселерге дәл ғылыми баға беріп кетеді.

Үшіншіден, сирек кездесетін кейбір бағалы өсімдіктер мен жануарлардың атын латын, неміс, француз тілдерінде атап, оларды басқа континенттердегі түрлерімен салыстыруға ұмтылады. Бұл — ғалымның ғажап білімі мен мол қуатының айшықты көрінісі.

Төртіншіден, саяхатта болған жерлерінің климат, ауа райындағы тосын өзгерістер мен құбылыстарды (жел, жаңбыр, қар, аяз) географиялық құралдар арқылы жақсы бақылап, дәл біліп отырады. Табиғат байлықтарына көңіл аударады. Жалпы, жаратылыс әлемін жанындай сүйген Шоқан оны зерттеуде өзінің жан-жақты білімі мен түпсіз тереңдігін, міне, осылай көрсетеді.

Кейде Шоқан бүгінгі біздерге ертедегі гректің табиғат құдайы Артемиданың өткен ғасырда қазақ сахарасына ұшып келген данышпан ұлындай көрінеді.

Атақты ғалымның зерттеу, ғылыми еңбектерінде табиғаттың құпия, жұмбақ сырларына барлау жасалынса, күнделіктері мен жазбаларындағы жаратылыс көріністері, оның салтанаты мен сұлулығы, байлығы мен құдіретті рухы ыстық сезім, зор шабытпен жырланады. Түсінікті, жатық тілмен кестеленеді, кейде терең ой мен сезім қатар төгіледі. Табиғатқа ғашық Шоқан: “Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар!” — дейді үлкен тебіреніспен.

Публицистикалық сарынмен жазылған күнделік, очерктеріндегі табиғат көріністерінің суреттелуіне қарап, оны кейде жазушы деп қалуыңыз ғажап емес. Өйткені Шоқан табиғатқа поэзиялық құштарлықпен қарап, оған деген шексіз сүйіспеншілігін, ынтықтығын әрқашан сездіріп отырады. “Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік, жанға жайлы бір нәрсе бар еді. Күн салқын да емес, ыстық та емес — қоңыржай, таза ауа, айнала ажарлы көрініс, тіпті жаңа қонған жорық мекендеріміздің өзі де көркем суреттей, бір түрлі жарасты”, -дейді ғалым өзінің “Құлжаға саяхат күнделігінде”. Әсерлі, қарапайым, шынайы сурет. Әдемі табиғат көрінісі көз алдына ажарлы келбетін жарқыратып, тұнып тұр. Немесе осы күнделіктегі мына жолдарға назар аударыңыз: “Бұл оқтай тұзу ақ теректердің өзі бір қандай сұлу ағаш десенізші, күмістей жарқыраған жапырақтары жел лебінен жүз құбылып, қалай құлпыра түседі десенізші. Көлеңкесіне шатыр тігіп ұйықтар ма еді, шіркіннің дейсің де тұрасың”.

Ғалымның күнделіктерінде өрнекті тілмен өрілген бұл сияқты айшықты пейзаждық көріністер мен тебіреністер, ойлар мен шалқулар көп кездеседі. Әсіресе, атақты Қарқара өңіріндегі Меркі, Кеңсу жайлауларын суреттеп, осындағы тау аңғарларының көріністерін қыл қаламмен шебер бейнелеуі таңқаларлық құбылыс. Мұнда саяхатшы жағалауы өте көркем Меркі өзенін тамаша суреттейді және шуда жіптей ширатылып жатқан тау шатқалындағы үлкен суды қыл қаламмен әдемі бейнелеп көрсетеді.

Жиырмадан енді ғана асқан жас ғалымның белгілі “Ыстықкөл күнделігі сапарында” суреттеліп, бейнеленген бұл белгілі өңір қазір ұлы саяхатшының өшпес рухын сақтап, сол Шоқан көрген қалпында тұр.

Жаратылыстың таңғажайып перзенті Шоканның табиғатқа деген құштарлығында, одан алатын әсерінде шек жоқ. Оның рухани дамуы тек нұр мен шуаққа, бұлт пен найзағайға, нөсер мен жаңбырға байланысты сияқты. Ыстықкөл сапарында Шоқанға бұл өлкенің ертедегідей сұлу табиғаты зор рухани күш береді. Ол бұрын өзі кездестірмеген көрікті жайлаулар мен шырша, талы сыңсыған тау өзендерінің жағасында әрі табиғатты та-



машалап, әрі оны зерттеп, рахатқа батады. Жасынан саяхатшылықты сүйген ғалым кереге тастардың арасында аң аулайды. Мұндағы жеміс-жидектердің дәмін татады. Өзен-көлдерді суреттеп, олардың суретін салады. Ежелгі заман ескерткіштерін көріп, ол жөніндегі өз ойын тұжырымдайды. Жер-су аттарына байланысты халық аңыздарын жазып алады. Ашық аспан астында жыршы қырғыздан сахара “Илиадасы” — атақты “Манас” жырын тыңдады. Ақсақ Темірдің жорығы жөніндегі мұндағы аңыздың шындыққа жанаспайтынын дәлелдейді. Күнге Алатау мен Теріскей Алатаудың ортасында жақұттай мөлдіреп жатқан әлемдегі сұлу көлдердің бірі Ыстықкөлді көреді, оны зерттейді. Сөйтіп, бұл өңірдің көлі мен тауының әсем көрінісін көркем тілімен былай өрнектейді: “...кіршіксіз қызғылт түсті шұғылаға шомылған көлдің көктен құйылған нұрдың реңімен үйлесіп, ол киырдағы қарлы таудың мұнартқан бедерімен ұнасым тауып, астасып жатады”.

Шоқан әдебиетші, тарихшы, этнограф, ғана емес, өз дәуірінің суретшілерінің бірі. Ол саяхаттарында өзіне әсер еткен жаратылыс құбылыстары мен көріністерін қыл қаламмен шебер бейнелеп отырады. Шоканның табиғат суреттері қарапайым шынайылығымен, берілуінің дәлелдігімен назар аударады. Ойлы, әсерлілігімен қызықтырады.

Ол табиғат әлеміндегі кез келген адам аңғара бермейтін нәзік көріністер мен дірілдеген құбылыстарды дәл түсіріп, шебер бейнелейтін сиқырлы талант иесі. Суретші Шоканның “Күнге Алатаудан теріскей Алатауға қарағандағы көрініс” атты пейзажы қандай керемет! Онда алыстан әрең көрінетін тау үстіндегі табиғаттың бір сәттегі бірнеше құбылысы асқан шеберлікпен, нәзік бояуымен төгіліп, көз алдыға шың басындағы мұнарланған бұлдыр сағым мен көлеңке, жарықты қатар әкеледі. Табиғаттағы сұлулық та, тәкәппарлық пен жылылық та осы жалғыз картинада ғажап тоғысып тұр. Бұл ұлы Шоканның табиғатқа деген құштарлығының жалыны мен жарқылы. Ақыл мен

жүрегінің мейір-шуағы, сезімнің тазалығы мен пәктігі.

Тянь-Шань өңіріндегі ақбас Алатауларды бейнелеу өнерінде тұңғыш кестелеген бірінші қазақ суретшісі — Шоқан.

Ғалымның бұдан басқа “Сырымбет”, “Тасыма тауының тізбегі”, “Тау қазы”, т. б. шығармаларында да табиғат көрінісі, ондағы жан-жануарлар бейнеленеді. Әсіресе, “Қаракұйрықтар” атты суреті ерекше. Онда киіктің осы түрінің кішкене лағы мен оның қасында тұрған анасы бейнеленеді.

Жалпы тау мен даланың еркесі, сәні мен салтанаты — хайуанаттар да Шоқанды қатты қызықтырған.

Шоқан өзінің портреттік суреттері арқылы адамның ішкі дүниесіне үңілсе, анималистік жанрдағы шығармалары арқылы тілсіз тіршілік иелерінің әрекет-болмысын сол қалпында бейнелейді.

Орасан зор талантына мұхиттай терең білімі сай ұлы Шоқан табиғат әлемін тек көркем тілімен әдемі өрнектеп, қыл қаламмен шебер бейнелеумен шектелмейді. Ол табиғаттың, оның қойнындағы күллі байлық пен есепсіз мол кеніштің тек адам игілігі үшін жаралған өлшеусіз дүние екенін де жақсы айтады. Жер мен судың, орман мен тоғайдың, өсімдіктер мен жануарлардың адам өмірі үшін сарқылмас байлық болып табылатынын дәлелдеп отырады.

Дүниенің төрт бұрышын шарлаған жиһангез ғалым атақты “Жоңғария очерктерінде” Тянь-Шань өңірін мекендеуші халықтардың жер-су байлықтарын тұрмыс-тіршіліктеріне қалай пайдаланып отырғандарын көрсетеді. Ол Жоңғария жері мен табиғатының көшпелі тұрмысқа барлық жағынан бірдей қолайлы мекен екенін айтады. Малмен айналысатын халықтың жазда шыбын, шіркейі жоқ, салқын тау жайлауларына шығып, қысқа қарсы ойға түсіп, жылы құм арасын, орман, тоғайы көп өзен жағаларын мекен ететінін түсіндіреді.

Осы еңбегінде Орта Азияның алыс түкпірлерінде кен орындарының болғанын дәлелдеп, жаратылыс байлықтарын Европа халықтарынан бұрын Шығыс елдерінің ерте игергенін сөз етеді. Сондай-ақ аталған өлкеде адамдардың жерді әлі

толық ұқсатып, пайдалана алмай отырғанына да назар аударады. Геологиялық білімнен хабары мол Шоқан өзіне бір таныс ғалымның Жетісу өлкесінің жаратылыс байлықтары туралы бірсыпыра мәліметтерді білетінін айтып, өзінің де біраз коллекциялар жинап, оны Дрезденге жібергенін жазады.

Шоқан “Қырғыздар туралы жазбаларында”: “Орта Азияның құнарлы жайлаулары мен өзен-суы, ұлан-байтақ далалары, сонау ерте замандарда, жеке-жеке көшпелі ұрпақтардың сансыз көп ордаларының мекені болған” дейді. Сөйтіп, осы елдердегі жер-суды пайдаланудың ерекшелігі жөнінде әңгімелейді. Топырақтың құнарлылығынан мол өнім алатын Ыстықкөл төңірегіндегі егінші қырғыздар туралы былай дейді: “Жердің құнарлы топырағы олардың бұл кәсібiне өте қолайлы жағдай туғызып отыр. Бір қап бидай ексе, он қап өнім алады”.

Шоқан жер пайдалануда өзгелерге үлгі болатын жақсы нәрселерді де назардан тыс қалдырмайды. Ол “Құлжаға саяхат күнделігінде” Іленің күншығыс жағындағы диқандардың жерді керемет еңбекқорлықпен, құнттап, тиімді пайдаланып жатқандарын үлгі етеді.

Шоқанның жаратылыс пен табиғат әлемі жөніндегі телегей-теңіз біліміне шынында да таңқаласыз. Ол табиғаттың ұлы байлығы — неше түрлі өсімдіктер мен жануарлардың, толып жатқан аң мен құстардың атын еңбектерінде өте көп атайды. Мыңдаған топонимикалық атауларды келтіреді. Оларды бір-бірімен салыстырып, өз ойын тұжырымдайды. Мысалы, Жоңғариядағы аң, құстарды Алтай, Сібір өлкелеріндегі және Европа тауларындағы түрлерімен салыстырады. Міне сондықтан оның ғұламалығына таңқалған орыс достары Шоқанды “Шығыс аспанындағы ерекше құбылыс” деп текке айтпаған.

Ғалым жаратылыс дүниелерінің қазір адам игілігіне айналып отырғанына да үлкен көңіл бөледі. Саяхатшының “Қырғыздар туралы жазбаларында” аталған елде бұғы мүйізінің дәрілігі, сусар мен сілеусін терілерінің бағалы саналатындығы айтылады.

Шоқан кезінде табиғат әлемінде болып жатқан елеулі

өзгерістер мен құбылыстарды да байқап отырған. Мысалы ол, “Жоңғария очерктерінде” Алакөл мен Балқаштың таяу уақытқа дейін бір су болғаны мүмкін деп, оны қазақтардың дәлелдеуі бойынша шындыққа әкеледі. Ал, “Қырғыздар туралы жазбаларында” Алатау бөктеріндегі құландардың не себепті қырылып, жер ауғанына мән берді (аңыз негізінде). “Сондай-ақ “Іле өлкесінің географиялық очеркінде” осы өңірдегі кейбір тосын климаттық өзгерістер туралы айтады. Кезінде Шоқан байқаған Жетісудағы климаттық өзгерістердің қазір елеулі құбылысқа айналып отырғаны бұл күнде шындық (Алматыда кейде қыста жаңбыр жауады, күн күркірейді).

Данышпан ғалым сол кездің өзінде-ақ байқаған табиғаттағы кері өзгерістер қазір күшейіп, ол экологиялық сүргінге ұласып отыр. Ұлы ғалымның зерттеу объектісі болып, оны өзіне ғашық еткен Тянь-Шань өңірі мен Жетісу өлкесінің қазір бұрынғы байлығы мен құлпырған ажар-көркі жоқ. Өзендер мен көлдер өрнектеген байтақ өлкенің табиғат әлемі ойрандалып, жер мен су бүлінген. Шоқан шабыттана жазған атақты Қарқара жайлауы қап-қара болып тілініп, “егістікке” айналды. Оның күнделік, очерктерінде жиі айтылатын Жетісудың інжу-маржаны Балқаш бар асылынан айырылып, жүдеген. Әлмеректің мекен-қонысы Іле, Көкалажар маңында бұрынғыдай көк шалғын жоқ. Ілеге құятын өзендер қазір қаработана болып ағады.

## Жетінші тарау

### МЕРГЕН - АЙЫЛҚЫРАТ

## 1. ОРАЗДЫҢ ОҚ СЫЙЛАУЫ

Ұлт-азаттық көтерілістің (Албан қозғалысы) батыры, Әлмеректің ұрпағы Тазабек бидің немересі Жақыпберді асқан мерген болған. Атқан оғы мүлт кетпейтін қол мерген - батырға байланысты неше түрлі әңгіме, хикая, тәмсіл, қара өлең шумақтары, жыр-дерек көп. Құлық тауында Жақыпберді жасақтарымен атысқан ГПУ-дің әскер командирлері “Біз атсақ тасқа тиеді, Жақыпберді атса басқа тиеді” деп одан үрейленеді екен. Батырдың серігі, Жақыпбердімен бірге атылған Әуезхан ақын “Тас түрмеде туған жыр” атты дастанында Жақаңның Айырлы асуында жалғыз окпен ұшақты атып түсіргенін жазады.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары жаңа саясат жағында болған, Жақаңды белгілі қоғам қайраткері, Райымбек ауданында партия хатшысы болған Орекең -Ораз Жандосов қатты құрметтеп, мергендігіне тәнті болған екен. Қарқара жөрмеңкесіне жиі келіп, жамбы атып өнерін көрсететін батырмен Орекең жазға салым - бір уақытта кездесіп қалады. Амандық-саулықтан кейін Орекең: “Жақыпберді сенің шын мерген екенінді өз көзіммен көрейін. Шырылдап анау аспанда тұрған бозторғайды көздемей атып түсіре аласың ба?” дейді. Ат үстінде тұрған Жақыпберді оқтаулы мылтығын ердің қасынан алып, бозторғайды қолмен нысаналап, шүріппені басқанда бозторғай жалп етіп жерге түседі. “Зуылдап ұшып бара жатқан құсты құлатқанда бір орында қалықтап тұрған бозторғайды ату, тіпті оңай, Ореке” дейді Жақаң. Ғажап мергендігіне сүйсінген Орекең оған риза болып, бесатар мылтықтың қырық оғын сыйлайды.

## 2. “ЖАҚЫПБЕРДІ ЖАЛҒЫЗ АТЫМДЫ ӨЛТІРМЕ”

Осыдан 15 жыл бұрын жасы сексенге келіп, Халық атты қария өмірден өтті. Бұл ақсақал Жақыпбердінің аталас туыстарының бірі болатын. Жақанның ғажап мергендігін бала кезінде көріп, оған қайран қалған қария талай қызықты әңгіме айтқан еді.

- Бір жақсы бесатар мылтығы бар Жақыпберді Қулық тауының етегінде отыратын біздің үйге жиі келіп-кетіп жүретін.

Бір күні таңертең жаздыкүні киіз үйде ұйықтап жатқанымызда ергелетіп Жақынберді кіріп келді.

- “Кедейдің ұйқысы қалың” деген рас екен ғой. Адам түске дейін жатама, - деп әкеме әзілдеп, сәлем берді де сыртқа шықты. Аңға шығып тау жақтан түсіп келе жатқан беті екен. Жақан келген соң әкем тез тұрып, шешем шәй шаруасына кірісті. Мен сыртта киіз үйдің белдеуінде сүйеулі тұрған бесатарды көріп, қызықтап, айналсоқтап тұр едім. Бір кезде үйден ұзақтау жерде тұрған әкемнің жалғыз жауыр атына бір сауысқан ұшып келіп, жауырына жабысып, арық торыны тулатып, әбден азаптады. Жақан сүйеулі тұрған мылтықты оқтап, сауысқанды нысанаға алып, көздей бастағанда әкем: “Ойбай, Жақыпберді жалғыз атымды өлтіресің, атпа құрсын” деп батырға жалынып, мылтыққа жармасты. “Атың өлсе ат төлеймін” деп батыр әкемнің қолын қағып, бесатарды “тарс” еткізді. Жауырға жабысқан сауысқан құлап, жалп етіп жерге түсті. Тулаған торы жауырынын шоқып, жанын шығарған сауысқаннан құтылып, жануар бір рахаттанып қалды. Сауысқан өліп, аты мөңкіп-тулауын қойған әкем Жақана: “Енді батыр үйге кір, шәй дайын, дәм тағ” деп батырды төрге бастады.

## 3. ҚАРАҚҰСТАН ҚАЛАЙ ТИГІЗГЕН

Әкем екеуіміз жолаушылап биік таудың етегінде келе жатқан болатынбыз. Бір жерге келгенде

кездейсоқ Жақыпберді жолықты. Әкем мен және Жақаң үшеуіміз кішкене судан өтіп, Қайқыға қарай бет алғанымызда қарсыдағы қырдың беткейінде қылаңдап қасқырдың басы көрінгендей болды. Жақаң атын кілт тоқтатып, біз онша көре алмаған көкжалды өткір көзінің қалай анық көріп, нысанаға алғаны еміс-еміс есімде - мылтық тарс еткенде, шауып онда бардық. Келсек тайыншадай арлан қасқыр сұлап жатыр. Оқ қарақұстан тиіп, миын шашып жіберіпті. Қылаңдап құлағы ғана көрінген қасқырды Жақаңның қалай қарақұстан атып, сеспей қатырғаны күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. Жақаң нағыз мерген сайыпқыранның өзі екен.

Әкем екеуі қасқырды сойып, әкем терісін, Жақаң тарамысын алды.

#### **4. ЖӘРМЕҢКЕДЕГІ ЖАМБЫ АТУ НЕМЕСЕ ҚАРАҒЕР ЖОРҒАНЫҢ ҚАСИЕТІ**

*А*тақты Қарқара жәрмеңкесі - сонау Ресейден, АҚытайдан (Қашқар, Құлжа) Қырғыздан және Тәшкен - Самарқаннан келетін мол дүние-байлықтың халықаралық “сауда-орны” болған. Мыңжылқы етегіндегі Қарқараның кең жазығында “қанжайлау” кезінде осында тек “жәрмеңке-базар” емес керемет ойын-сауық, ат бәйгесі, саятшы-серілердің өнері, палуан күрестері және қазақ ақындарының айтысы болады екен.

1912-13 жылдары Жақыпберді осында жамбы атып, жұртты мергендік өнерімен тәнті етіп жүреді. Жаздыкүні жәрмеңке қызып жатқан кезде дәстүрлі “Албан-Бұғының” үлкен тойы болып, оған қазақ-қырғыздың жақсылары мен жайсандары келеді. Бұл “той-базарға” атақты бір ұлық-өяз қатысады. Оған жақсы жерден барлық қызықты көрсету үшін орын белгіленеді. Бір кезде нөкерлерімен қазақ мергендерінің жамбы ату өнерін тамашалап тұрғанда атқан оғы нысанаға мүлт кетпей тиіп жатқан Жақыпбердіні көреді және оның астындағы қара жорға атқа қатты қызығады.

Ояз оны өзіне шақырып: “саған екі ат берейін қара жорғаны маған сыйла” дейді. Жақыпберді оған: “Тақсыр мен қара жорғаны жорғалатып үстінде келе жатып мылтық атсам - оғым көздегеніме дәл тиеді. Сондықтан сізге атымды бере алмаймын” дейді. Онда атыңды жорғалатып анау кетіп бара жатқан аттылы екі қырғыздың біреуінің құйысқанындағы “шор-салпыншақты” атып түсірші дейді. Құдай құдіретті мерген кылып жаратқан Жақаң — су жорға қарагердің тізгінін жіберіп, өзі үстінде тербеліп бара жатып, көк аттылы қырғыздың құйысқанындағы “шор-салпыншақты” бір атқанда оғы көздеген жеріне тиіп, оның быт-шытын шығарады. Ояз таңғалып, мынау өзі ғажап адам ғой деп риза болып, орнынан көтерілгенде Жақаң екінші қырғыздың басындағы қоқиган ақ қалпақты атып, жерге түсіреді. Мұны көріп Жақаңның атын қалаған ояз “бұл тегін одан емес екен” деп қарагерден күдерін үзеді.

Бұл әңгімені осы оқиғаға өзі куә болған ояздың писарь-тілмәші Қашкынбаев деген кісіден жас кезінде естіп, мұны Жақаңның бір туысына айтқан Әшім қария алпысыншы жылдарға дейін ел ішінде болған.

## 5. АЙЫРЛЫ АСУЫНДА АЙЫРПЛАН АТУЫ

Жақыпбердінің серігі, әрі туыс-жақыны Әуезхан ақынның толғауында “Жақыпберді шын жүрек жұтқан ағам, Айырлы асуында айырплан атып, жалғыз оқпен “тажалды” жыққан ағам” деген жолдар бар. Байларды тәркілеп, “бәрін ортақ қылудың” сорақы саясаты күшіне еніп, қызылдардың қаһарына мінген заманда Айырлы деген аласа тау-қыраттың үстімен қандай мақсатты көздегені белгісіз бір күні гүрілдеп ұшақ (АН-2) ұшады. Бұл Қызыл үкіметтің “жауларына” қарсы олардың зәресін алу үшін әдейі жіберген “агенті” болуы керек. Қызылдар “бандылар” ұшақты көрсе қорқып, тез беріледі деп осылай айырплан ұшырған ғой шамасы. Айырлының бір жерінде Жақаң сар-



баз - жасақтарымен бас қосып, олардың құрал-саймандарын тексеріп отырғанда “қызыл-ұшақ” олардың үстерінен өтеді. Жақаңның бір жолдасы “осы айырплан жәй ұшып жүрген жоқ. Бұл пәле-шайтан бізді барлап, әдейі шолып жүр. Бұған не істейміз” дейді Жақаңа қарап. Сөз айтылса бірден іске көшетін батыр ойланып жатпайды. Оқтаулы мылтығын алып: “мұның қазанын қақ бөлу керек” деп Жақаң айырпланды “жанды жерінен” (бензин бәгінен) көздеп атады. Көп өтпей ұшақ бір жерге барып құлайды. Бұл оқиғаны Әуезхан ақын көзімен көрген ғой. Сондықтан Жақаңның “жау айырпланды” қалай жайратқанын дәлелдеп жырға қосады. Жаужүрек Жақыпбердінің айырплан атқаны күні бүгінге дейін ел ішінде аңыз. Бұл оқиғаны әсіресе, Жақаңмен бірге босқын болып кетіп, кейін атамекендеріне келгендер жиі айтады.

## 6. ОҚ БАСТЫҚТЫҢ БАСЫНА ТИЕДІ

**Б**ір айқас-атыс кезінде Жақаң оншақты жасағымен бір таудың шатқалында құрсауда қалады. Жоғары көтеріліп кетейін десе таудың құз жартасы кесе-көлденең тұрады. Теменде бұларға қарсы өрлеп “бандыларды” құзға тіреп құртпақшы болып, комотрядтың көп әскері тықсырады. Жақаңның жасақ тобының оқ-дәрілері таусылады. Жақыпберді де ғана санаулы оқ қалады. Енді оларға тірідей қолға түсудің қаупі төнеді. Үрей билейді. “Бандылардың” оқ-дәрілерінің таусылғанын біліп, тірідей қолға түсіру үшін комотрядтың әскерлері оларға қорықпай жақындап келе жатады. Әскерлер енді бұзықтардың қаруын алып, “бандылардың” қол-аяғын матап байлау ғана қалды деп ойлап, қаперсіз алға жылжиды. Комотрядтың бастығы ақ боз ат мінген “бес қаруы сай”, қолында дүрбісі бар - дәу орыс болса керек. Құзға тіреліп, құрсауда қалған “жауды” тез қолға түсіру үшін алға қарай әскерді өзі бастап бір биікке шығады. Жақаң алдымен неде болса үлкен бастығын құртайын деп әскерді бағыл бастап келе жатқан “нәшәлнікті” қақ маңайдан көздеп атады.

Аттан ұшқан бастығына оқтың дәл бастан тигенін көріп, оның орынбасары “ойбай, мынау Жақыпберді ғой. Енді бәрімізді бастан атады. Кері қайтындар” деп оларға бұйрық береді. Аяғы үзеңгіде қалып ат сүйреген бастықтарының денесін көріп, үрейленген әскерлер шегініп қана қоймай қорқып қашады. Шатқалды тастап, алыстап кетеді. Осы сәтті күтіп тұрған Жақанның адамдары тар шатқалдан шығып, қоршаудан құтылады.

Бұл әңгімені әкесі халық жауы болын ұсталып, жас кезінде өзі әбден қорлық көрген, туыстары шекара асқан бір қария сексенінші жылдары айтқан еді.

## **7. “ЖАСҚАП АТУЫ”**

**Ж**арауыл-нысанаға алған нәрсесін мүлт жібермейтін қолмерген Жақыпберді жауларына кейде ескерту жасап, бірақ тигізбей оларға «жасқап» оқ атады екен. «Жақыпбердінің жасқап атуы» - бұл да бір қызық, мергеннің өзіне ғана тән айырықша қасиеті болса керек.

Байларды тәркілеудің “зобалаң-топалаңы” кезінде Жақан жаппай Қытайға ел көшіреді. Алдымен өз туыстарын, содан соң ауыл-ауыл, ру-руды күндемей-түндемей бала-шаға, мал- мүліктерімен шекара асырады. Көшкен елді сыртынан жасақтарымен қорғап, комотрядтың жолын кесіп, көшті арғы бетке аман-есен апару батырдың парызына саналады.

Бірде шекара маңындағы бір таудың ішімен Жақыпберді көшкен бір ауылды сыртынан қорғап келе жатады. Көшті атып тоқтату үшін босқындардың алдарынан әскер шығады. Комотрядтың әскерлеріне көрінбей жасақтарымен тасада тұрып оларға “Көшке тимендер, бәрі қатын-қалаш, бала-шаға” деп өзін танытып айқайлады Жақыпберді. Комотрядтың ішінде бұрын Жақыпберді жағында болып, кейін еріксіз қызылдар жағына шығып кеткен бір жігіт болса керек. Ол Жақыпбердінің даусын естіп, жаңадан келген бастығына: «Ана айқайлаған — атқан оғы мүлт кетпейтін атақты Жақыпберді мерген. Оған қарсыласпай-ақ қояйық. Арты жаман болады» дейді. Бұл сөзді естігенде қатты ашуланған

бастық тауды жаңғырта айқайлап ұрсып: “Мерген болса мына менің баскиімімді атып түсірсін” деп басындағы “шәпке-пилоткасын” мылтықтың найзасына іліп жоғары көтереді. Мұның бәрін қарағайдың тасасында бақылап, анық көріп, сөздерін естіп отырған Жақыпберді бесатарды гүрс еткізгенде әскер бастықтың бас киімі ұшып жерге түседі. Мұны көріп, қорыққан комотрядтың жетекшісі “қатын-қалаш, бала-шаға” бар көшті бөгемей-ақ қояйық. Кете берсін” - депті. Егер қарсыласса алдымен өзінің өлетінін білген. Елді арғы бетке көшіргенде жолдағы торушы әскерлерге Жақаңның ескертіп, осылай «жасқап» оқ ататыны да аңыз болған.

...Жақаң жолдан адасқан бір көшті арғы бетке өткізіп, елде қалған жақын туысына жолығу үшін ана жақтан келе жатады. Жолда комотрядтың оншақты әскері оның жолын бағып, түнде тау ішінде от жағып, оттың төңірегіне айнала отырып, “бандыны” ұстаудың жоспарын жасайды. Түнде атса жылт еткен темекінің шоғына оғы мүлт етпей тиетін мерген жанып жатқан оттың ішіндегі шаланы атып, оттың күлін бүрқ еткізгенде: “Ойбай, Жақыпберді жеткен екен. Бұл жерден “кетейік” деп топ әскер қараңғы жерге тығылады. Оның “жасқап атқан ескертуін” біліп, қорыққандарынан шабуылға шықпайды.

Жақыпбердінің батыр, ғажап мергендік қасиетін үлкендер ұлы атасы Жәнібектен (хан тұқымы атанған) дарыған бір киелі күштен деп түсіндіреді. Хан дәрежесіндегі би Әлмеректің өжет баласы Жәнібек те асқан мерген болыпты. Бұларға барлық ерекше қасиет аталары Әлмеректен дарыған ғой.

## МАЗАРДЫ МАЗАЛАҒАЖ КЖМ?

1941 жылы “Антирелигиозник”  
журналында жарияланған  
“Могила — Райымбек ата” атты  
атеистік мақала жөнінде.

Оңтүстік астана — Алматының бұрынғы Ташкент көшесі (қазір Райымбек даңғылы) бойында Райымбек батыр бейітінің болғанын жұрт жақсы біледі. Осы бейіттің үстіне сексенінші жылдардың басында граниттен құлпытас қойылды. Кейін биік кесене-күмбез тұрғызылды. Төбешік бейітті, кейінгі құлпытасты көзіммен көріп, осында келіп-кетіп жүретін әже қариялармен әңгімелесіп, “Батыр зиратының басында” деген эссе-мақаланы мен 1985 жылы жаздым. “Діншілдік сарын бар екен” деп еш газет-журнал баспады. Кейін Тәуелсіздіктің алдында “Қазақстан мұғалімі” газетіне жарияланды. Өйткені “дін-жау” кезінде Райымбек батырды әулие деп, оның күмбез-бейітін аруаққа сыйынушылардың орыны деп халыққа теріс түсіндірген “академик”, “ЦК секретарлары” болған көрінеді.

Райымбектің батыр, әрі тарихи тұлға екенін елуінші жылдардың ортасында дәлелдеп тиісті орындарға хат жазған атажұрт еліндегі азаматтардың өтініш тілектеріне атеист партия “ұлықтары” құлақ аспаған. Атақты Әлмерек абыздан бата алып, жолын ашып, атасы Қангелдінің (туғанда бармағанда қан болғандықтан осылай деп ат қойған) ерлігін жалғастырған Райымбекті Кеңестік дәуір саясаты жарыққа шығармағаны былай тұрсын, тіпті қатты қорлаған екен. Құдайсыздар қоғамының “Антирелигиозник” журналында 1941 жылы (N2) жарияланған “Могила — Райымбек Ата” атты мақалада атеистік насихатты ұстанған автордың баба басында халықтың түнеп, құрбан шалуын масқаралап сынайды.

Ескінің қалдығына бұл дінсіз адам қатты шүйлігеді.

Бұл мақала шыққан басылымды мен 1975 жылы КазГУ- де оқып жүрген кезімде Ұлттық кітапхананың ескі газет, журналдар қорынан алдырып оқыған болатынмын. Арада он жыл өткен соң, 1985 жылы осы “Антирелигиозник” журналын жұмысыма жақын Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасынан іздеп, мақаланы тағы бір оқығым келді. Өкініштісі, мақала шыққан журналдың номері табылмады. 1995 жылы Ұлттық кітапхананың “журналдар қорына” абонемент толтырып, басылымды алуға өтініш бердім. Издеген атеистік журнал тағы жоқ болып шықты. Соңында Республикалық кітап палатасына барып, бұл жерден сұрастырдым. “Антирелигиозник” мұнда да болмады. Мақсатым Райымбектің бейіт-мазарын қорлаған осы мақаланы көшіріп, қазақ тіліндегі басылымдарға оны жариялау еді. Неге екенін білмеймін атеистік журналды Құдайдың өзі құртты ма әр кітапханадан сұрастырып таба алмадым. Райымбекке байланысты солақай түсінік, теріс дерегі бар - бұл мақала жазушы, зерттеушілерге өте қажет дүние еді.

Жаңылмасам мақала авторы Попов деген біреу. Қазақтың тілін, салт-дәстүрі мен тарихын білмейтін бұл адам Райымбекті әулие деп қалай мақала жазған? Меніңше белгілі атеист ағаларымыздың бірі Поповтың құлағына сыбырлап, аруақты қорлатып, оған осылай мақала жаздырса керек. Атеистік насихатқа байланысты Райымбекті Ислам жолын ұстаушы әулие пірәдәр деп батырды халыққа танытқысы келмеген лауазымды адамдардың кейін жақсы болмағаны рас.

Құдайға қарсы - “Антирелигиозник” басылымы аруағын азаптап, бейіт мазары вандализмді басынан кешірген Райымбек батырдың кесене-күмбезі кейін тағы бір анайы- “қылық кесепатқа” душар болды. Баба басындағы бақастық пен топ болып “кесене кешенге” талас кейін әрең тоқтады.

Ел аңызы бойынша қалмақтармен қанды жорық кезінде Іленің суы екі айырылып оған жол берген. Әулие Әлмеректің әруағы қолдап, атасы Қангелдінің рухы демеген. Сондықтан Әлмеректен бата алған Райымбектің де қасиеті ерекше.

## Сегізінші тарау

# ӘУЕЛҰЛЫ ҚАШАҒАН

## САЯХАТКҮНДЕЛІГІ НЕМЕСЕ ҮШ МЕРКІ

Ұлы Шоқанның “Ыстықкөл сапары күнделігі” атты тамаша жолсапар еңбегі бар. Бұл шығармасында саяхатшы 1956 жылдың көкек айынан бастап, шілдеге дейін жүріп өткен жолындағы көрген, білгендерін айтып, Аягөз бен Ыстықкөл арасындағы жер-суды, табиғатты және жан-жануар әлемін жазады. Саяхатшы өзі көрген жерлердің географиялық ерекшеліктерін, өсімдіктер әлемін өзен, көлдердің, тау тізбектерінің көрінісін суреттейді. Ыңғайы келсе олардың кейбірінің суреттерін де табан астында салады. Шоқанның Қарқара, Ыстықкөл алабындағы Үш Меркі жайлауын суреттеп, өзі қызыға көрген тау аңғарының суретін салуы бір құбылыс.

Үш Меркінің күншығыс жағындағы Талды өзенінің арғы жота қырқаларының еңіс тұсында Кіші Қарқарадан бір шақырымдай жерде Шырғанақ ауылы бар және осы аттас өзен ағады Қулық тауына қарай. Шырғанақ өңіріне келгенде Шоқан күнделігіне “20 мамыр Шырғанақ өзенінің бойына түнедік” деп жазады.

Ұлы Шоқанның аяғының ізі қалған, бір жарым ғасыр бұрынғы оның саяхат сапарының куәсі болып тұрған осы Шырғанақ ауылында мен мектеп бітірдім. Бала кезімде Шырғанақ өзеніне шомылып, оның жағасында ойнадым. Суы терең емес тізеден ғана келетін өзен арнасы қыста катып қалатын. Жаздықүндері өзен жағасында үй құстары

каз-үйрек қаптап, у-шу табиғат пен өсімдік гүлдер жайнап, өзгеше кейіпке түсетін.

Мектепте (Шырғанақ) оқып жүргенде ұстаздардан оқулықтан аты белгілі, еңбегі таныс, ұлы ғалым саяхатшы Шоқан Уәлихановтың осы Шырғанақ өңірінде болғанын еститін едік. “Екі Ашаны (Үш Меркі) Шоқан қалай әдемі суретке түсірген (салған). Тиектас — Мойнақтан қалай қорықпай асып, Қарқараға келген” деген сияқты әңгіме әр нәрседен хабары бар білімді ауыл кісілерінің ауызынан жиі шығатын.

Ұлы саяхатшы Шоқан бір-екі күн аялдаған, табиғатын суреттеп жазып, суретін салған Үш Меркі (Кеңсу, Жайдақбұлақ, Тоғызбұлақ) менің ата-бабаларының туған, мекен еткен жері. Атамның және оның бауырларымның сүйегі Жайдақбұлақтағы “Тоқандардың зиратында” жатыр. Сондықтан ұлы Шоқан жазған атажұртым, осындағы туған елім мен үшін тұнып тұрған тарих.

Шоқанның “Меркі өзенінің бойында түнеу” атты суреті менің ең жақсы көретін “картинам”. Бұл суретті кезінде біраз басылым жариялады. Ұлы саяхатшы Үш Меркі өңіріне келгенін былай еске алады: “Біз Шарын өзенінің құяр тұсына жақын жердегі Бірінші Меркіге түнедік. Меркіде арқар мен тауешкі өте көп. Мен оларды аулап аңға шықтым. Бірақ аң бұйырмады” деп жазады. “19 мамыр. Бірінші Меркі өзені” деп “сапар-күнделігінің” ай-күнінде дәл көрсетеді. Меркі өзенінің Шарынға құяр тұсын суреттеген жері - өте әсерлі. Автордың бейнелі ойы адамды ерекше тамсандырады. Меркі өңіріндегі жер-судың ежелгі халықтық атаулары Меркі, Орта Меркі және Шет Меркі. Ал, Шоқан жүру бағытына байланысты. Бірінші, Екінші және Үшінші Меркі деп өз ұғымы бойынша осылай жазады.

Үш Меркіден өтіп, Шырғанақты басып, Қарқара өзені бойымен өрлеген Шоқан Иірсу арқылы Ыстықкөл алабына бет алады. Қарқара өзені бойында екі күн қонады. Шоқанның қазақ жерінің інжу-маржаны Қарқараны көруі, ондағы тау етегіндегі дөңгелек жазықты суреттеуі, өңірдің климат ерекшелігі жөнінде айтуы айырықша дерек. Зерек Шоқан

Қарқара деген атаудың қалай шыққаны жөнінде бір қызықты аңызды еске алады. Ұлы ғалым Қарқара өңіріндегі мың-сан бұлақ пен өзенді қалай көрген деп қайран қаласың. Өзен сулары мен олардың тармақтарын бір жаңылмай “шұбыртып” жаза береді. Шоқан келгенде шыбынсыз жаз Қарқараның жер-суы, өзен көлі, жидек өскіні көз арбап тұнып тұрған ғой.

“22 мамыр. Қарқара өзені бойында екінші рет қондық. Шырғанақтан біз Қарқара өзенін бойлап, түстік-шығысқа қарай жүрдік...” деп күнделігін жалғастырады Шоқан.

Бұл өңірге алғаш аяқ басқан, бұрын өмірінде көрмеген өлкенің жер-суын осы Қарқара жерінде туған адамдай Шоқан қалай дәл жазады? Оған бұрын естімеген жер-су атауларын айтқан кім? Сан жетпейтін жер-су атауларын ол кімнен сұраған? Саяхатшының жанында жүрген сұңғыла кім? Осы сапарында Абылай ханның шөбересіне атқосшы болған кісі кім? Шоқанның Қарқараға келген сапары жөнінде айтқанда осындай бір тосын сауал-сұрақ көкейде тұрады.

Ел ішіндегі мәлімет, деректерді зерделеп, зерттей келгенде, сұрастыра келгенде және тарихи оқиғалардың сырына үңілгенде Шоқанның жанында Албанға атақты Қашаған бидің жүргені күмән туғызбайды.

## “ӘУЕЛҰЛЫ ҚАШАҒАН, ҚҰДАЙ АРТЫҚ ЖАСАҒАН”

**Б**асында Шоқанға жол көрсетуші, кейін Қашқар сапарында (1858) саяхатшының “сауда шаруасы” үшін оған жүк көліктері түйе, ат берген Қашаған би Шелек өңірінде 1820 жылы дүниеге келеді. Арғы аталары Албан ішінде Айтбозым, Әлмерек-Баба Қашағанның шешендік өнері өрімдей жас кезінен-ақ білінеді. Әкесі атақты бай Әуел құйма құлақ, зерек баланы молдаға беріп, мұсылманша сауатын ашады. Шелек өңіріндегі Қорамда атақты медресе болған. Осы діни орындағы үлкен дін ғұламалары мен ұстаздарынан да ол кісі білім алса керек. Өйткені арғы аталары Бабалар осы өңірде диханшылықпен шұғылданған. Диханшылықтан белгі болып



қалған “Баба-Тоған” деген жер-су атауы әліге дейін бар.

Қашағаның билік айтуға байланысты атағы жасы жиырмаға толмай тұрып шығады. Ұлы жүзге белгілі “Шүкей-Алматай оқиғасы” дейтін дауға араласып, өлім жазасына кесілмекші болған жігіт пен қыздың тағдырын Қашаған “билер сотында” жігіт жағына шешіп, “жала- қылмыстың” жолын кеседі. Көкалажар (қазіргі Іле ауданы) деген жерде төре, сұлтанды аузына қаратып, түбі қанды оқиғаға айналатын дауды Қашағанның тоқ етерін айтып, тоқтатуы ойламаған жерден оған даңқ әкеледі. Қара қылды қақ жарған Қашағанның “кесім сөздері” мен “шешендік сөздері” ел ішіне тез тарайды Албан, Суан, Дулат, Жалайыр, Қаңлы, Шапырашты сияқты Ұлы жүз қазақтарының арасында Қашағанның есімі ерекше белгілі болады.

Албанға ертеден аты аян Әлмерек бидің ұрпағы Қашаған 1847 жылы Түргендегі “билер сайлауында” осындағы Ұлы жүз қазақтарының бір тайпасының биі болып, сайланып, келесі жылы Алтынемелдегі Тезек төренің ордасына шақырылып, “би белгісін” алады. Бұл Қашағанның отыздардағы “орда бұзар” кезі еді. Төре: “елің момын, өзің жассың, әсіресе, жер дауына мықты бол” дейді. Өйткені Жетісуға батыстан да шығыстан да келімсектер көп келіп, жер тарыла бастаған еді.

Шоқан Айсара деген қарындасына үйленген Тезек төренің Шоқанға қайыната екені белгілі. Шоқан Алтынемелге 1856 жылы саяхат сапарына байланысты келгенде Тезек төреден Қашаған бидің кім екенін білген. Елі “Әуелдің ұлы Қашаған, Құдай артық жасаған” деп әспеттеген бұл белгілі кісімен Шоқан алғаш осылай сырттай біліседі. Тезек төре Шоқанға “Қырғызға баратын жолды көрсететін және жерсуды аралататын бір адам осы кісі болады” десе керек.

## ЖЕТІСУДАҒЫ ЖЕР ДАУЫ

**Б**атыс терістіктен орыс отаршылары келіп ойрандап, Шығыс Түркістаннан босқын ұйғыр, тараншы, дүнгендер толып Жетісу өлкесі Қашаған би болып тұрған кезде қақтығыс пен қантөгісті жиі бастан кешірді. Албан биі

Қашаған небір сойқанды, дүрбелең-сүргінді оқиғалардың ішінде жүрді. Жерін алу үшін отаршылар рулардың арасына әдейі от тастап, бір-бірін өшіктірді.

Тезек төренің ордасынан оралған соң, Қашекең Албандар әлі толық қоныстанбаған жерлерге барып, бос жер-суларды көріп, оларға ел қоныстандырудың шаруасына кіріседі. Әлі шекара сызығы түсе қоймаған сонау Сүмбе, Сарыбастауға дейін барып, ондағы Саурық батырдың еліне келіп, ру басы - ақсақалдармен әңгімелеседі. Шәлкөде жайлауын, Қулық тауын көріп, Бұл жерлерге қыста жылқы тебіндетудің ыңғайлы екені біледі. Бұрын ел қоныстанбаған Шырғанақ, Дөңгелексаз, Көктөбеге кейбір руларды әкеліп, бұл жерлерді өріс қылып, жаз-жайлауға айналдырады.

Патша ұлық-ояздарының білгенін істеген тәртіп-заңдарына байланысты рулар арасында жесір дауы өз алдына жер дауы шығып, ол қатты ушығады. Қашаған би бұлардың көбін бейбіт жолмен бітіреді.

Жетісудағы рулар арасындағы жер-су дауына қатысты Қашекең айтқан билік шешім, кесімдер жөнінде біраз сөз етуге болады.

## ҚАРҚАРА ҮШІН ҚАҚТЫҒЫС

**Қ**ашаған бидің қанжайлауы Қарқараға Шоқан келердің алдында осы өңір үшін қазақ пен қырғыздың арасында қақтығыс болып, бітпейтін жер дауы шығады. Қарқара үшін жан беріп, жан алысатын кез таянады. Қақтығыс шайқастың соңы асқынып, екі жақтың батырлары жекпе-жекке шығып, жеңгені жерге ие болатын уәде келісімнің жасалуына әкеледі. Бұл шартты қазаққа қырғыз билері ұсынады. Қырғыздың алып күшті Торғай батыры өзіне тендес жоқ екенін біліп, қазақ батырларын жекпе-жекке шақырады. Торғайдың күшіне аты сай, сауыт-сайманы сайлы таудай дәу және долы мінезді екенін білетін оған қазақтар жағынан алғашында қарсы ешкім шыға қоймайды. “Жерден айырылу елден айырылу” - қырғыздың қазаққа күш көрсетуі жанға батады. Қарқара жазығында жиналған екі топтың арасында

“қайда қазақ батыры” деп жалғыз өзі ойқастап долы Торғай батыр ақырады. Осы кезде суырылып бір батыры шықпаған Қашаған би қатты әбіржиді. Кенет қызылбөрік Алмабек деген жас жігіт Қашағанның жанына келіп: “Өзекті жанға бір өлім, ата батаңызды беріңіз. Сайысқа мен шығамын. Жаспын бірақ оны айламен аламын” дейді. Алдымен Қашаған өзі қол жайып, оған күллі Албан ақсақалдары қосылып, Алладан тілек тілеп, бата береді. “Райымбек, Райымбек, Райымбек” деп ұрандап шапқан Алмабек өзі білетін бір тосын тәсілмен таудай Торғайды жалп еткізеді. Батыры мерт болған қырғыздар о бастағы уәде бойынша Қарқара мен оның төңірегіндегі жерлерге таласуларын бұл жолы тоқтатады. Әулие, “Құдай артық жасаған” Қашаған бидің батасы Алланың құлағына шалынып, Алмабектің батырлық атағы шығып, осы жекпе-жекте Қарқара түбегейлі қазаққа өтеді. Кейін отаршылар қыздырған дау қайта тұтанады. Бірақ қазақтар жерге байланысты өздерінің ежелгі дәлелдерін келтіріп, Қарқарадан айырылмайды. Қарқараға талас сонау Үйсін-сақ дәуіріннен басталып, кейінгі Жоңғар шапқыншылығы кезінде тағы жалғасып, соңы Қашаған би мен Алмабек батырдың Құдай жақтаған ісімен бітеді.

## АЙТБОЗЫМ МЕН ҚЫЗЫЛБӨРІК АРАСЫНДАҒЫ АЙҚАС

**Б**елгілі “Ыстықкөл күнделігі сапарында” Шоқан жүріп өткен жолындағы жер-суды көбірек жазып, зерттеп, картаға түсіріп, маман-географ ретінде баяндаса, ал “Жоңғария очерктерінде” осы өлкенің өзіндік ерекшелігі мен әлеуметтік жағдайына тоқталады.

Аталған еңбектің бір жерінде Қарқараға келгенде Айтбозым тайпасы мен Қызылбөрік руларының арасында болған бір “дау-айқасты” айтып, ол жөнінде атүсті түсінік береді. Арызданушы жақтың орыс ояз- ұлықтарына берген шағымдары бойынша Қарқараға осы оқиғаға байланысты

төреші келетінін еске алады. Бұл бір сойқан дау болса керек. Бірақ Шоқан бүге-шігесіне дейін айтып жазбайды.

Албан “шежіре-тарихына” сұңғыла қариялардың айтуынша кісі өлімі болған даудың арты жақсылықпен бітпеген. Бұл дауға әрине, Қашаған бидің араласқаны күмән тудырмайды. Бірақ асқынған дауды тоқтатуға ол кісінің күші жетпесе керек. “Қазақтың дау кетпейді бір басынан” деген сөз текке айтылмаған. Қырықпышақ ру-тайпалық талас, шатақ ол кездің қоғамдық өміріндегі дерті екені белгілі.

Шоқан осы еңбегінде Қарқара мен Кеген өңірлерінің топырағын, сазды жерлердің ерекшелігін агрономдарша айтып, өз зерттеу түсінігі бойынша ғылыми талдау жасайды.

Сұңғыла Шоқан Қашаған биден тек жер-суға байланысты мәлімет алмаған. Албандардың шежіресін де біліп, малжаны жөнінде де мәлімет алған. Ұлы жүз қазақтары жөніндегі жазбаларында Шоқан жоғарыдағы дауласушы тайпалардың рулық тармақтарын естігенінше таратып, Албанның Шыбыл, Сары болып бөлінетінін айтады. Әрине, шежірені сол кезде Албанға белгілі Қашаған, Тазабектен естіді ғой.

## ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ ЖЫЛҚЫ ДАУЫ

**Ш**оқанның еңбектерін көп оқып, ол жүрген жерлерді көріп, аралағаннан ба, әлде ұлы ғалымның рухы солай кездестіре ме, мен саяхатшы жазған, өмірден әлдеқашан өткен кісілердің ұрпақтарына кейде жиі кездесіп қаламын. Олар руларын, аталарын Шоқанның жазғанын білмейді.

Оңтүстік астанадағы “Әулие Әлмерек” рухани ордасында бір қырғыз жігітпен танысып қалдым. Аты - Амантұр ол сұрастыра келгенде Бұғы руынан оның ішінде Боранбай манаптың бесінші ұрпағы болып шықты. Шоқан ордасына келіп, қымыз ішіп, сойылған қойдың басын ұстап әңгімелескен Боранбай манапты оның ұрпақтары күні бүгінге дейін “хан” деп құрметтейді екен. Шоқан Боранбай манап пен Ресейдің сол кездегі басқаларды бағындыру саясатына байланысты сөйлескен ғой. Әйтеуір, өзінің

жазуына қарағанда Боранбай ауылынан риза болып аттанады. Айтпақшы, Шоқан ол кісінің суретін салған ғой.

Боранбайдың елі Бұғы руы мен Албандар төскейде малы, төсекте басы қосылып қыз берісіп, қыз алысып, құда жекжат болып, етене араласқан. Сондықтан “Албан-Бұғы туыс” деген ағайындық жақындық қалыптасқан.

Бұғы елінің Санташтағы жайлауынан Орта Албаның жігіттері 4-5 айғыр үйір жылқыны бір түнде айдап әкетеді. Құдай сақтағанда кісі өлімі болмайды. Қырғыз жылқышылары сойылға жығылады. Мұның бәрін жайлауда отырған Қашаған би біліп жатады. Теріс әрекетті ішінен жақтырмай “жылқы әкелген” жігіттердің кім екенін аты-жөнін тіпті мінген аттарына дейін біліп алады. Қашағанмен сыйлас, өз елінде “Аспанда-Құдай жерде Сырлыбай” атанған датқа биге келіп, болған жайды айтады. “Жігіттерді қарымта қайтаруға жібермедім. Қашаған қашанда әділ” деп арнайы өзіңе келдім” деп сөз бастайды. Көзге көрініп тұрған қылмысты Қашаған қалай жасырсын. “Ел ішінде жаман іс жатпайды. Қолды болған жылқынды түгел аласың. Сойылға жығылған жігіттер бір-бірден ат мінеді. Айыпкерге жазаңы ақсақалдармен ақылдасып береміз” деп айтқан уәдесін орындайды. Биге риза болған қырғыз датқасы “екі елдің “төбе биі” болуға сен лайықтысың. Әділ шешіміне көзім жетті” деп оған ризашылығын білдіреді. Кейін Қашаған қырғыз, қазаққа ортақ әділ би атанады. Қырғыз елінің бір билік атағын да алады.

## ЖЕТІНШІ АТАСЫ ӘЛМЕРЕК БИ

**Ш**оқан өзі жазатын Айт-Бозым тайпасынан тарайтын Қашаған бидің жетіншісі атасы Әлмерек би. Албан ішінде Әз-Әлмерек атанған бұл жарықтық Әз-Тәуке хан тұсында өмір сүрген. Сары биден кейінгі Албанның төбе биі, Бозым батырдың немересі осы Әлмерек. Әлмерек “Үш жүз от-ошақтың үш бұты (тіреуі) сияқты. Үш тірек аман тұрса

оны ешқандай жау ала алмайды” дейді екен. Әлмерек Жоңғар шапқыншылығына байланысты қол бастағаны өз алдына ханорда Түркістанда өткен билер жиналысына қатысады. Атасы Әлмерек барған Түркістанға арада екі жүз жылдай өткен соң, 1875 жылы Қашаған да барып, билер бас қосуына қатысады. Шежіре бойынша Қашағанның тегі Әулел-Қожамкүл-Санкер-Барлыбай-Баба болып, Әлмерекке тіреледі. Балаға жақсы қасиет жеті атасынан дариды деген қазақта даналық ұғым бар. Яғни, “жеті атасынан хан” деген сияқты Қашағанға жетінші атадан билік дарыған қасиетті адам.

Ұлы Шоқанның қазақтың кемеңгер билері Төле, Қазыбек және Әйтеке билердің есімін атап, Билер соты жайында өте мәнді мақала жазғаны белгілі. Ашық өтетін Билер соты Шоқанның айтуынша далалық демократиялық үрдіс. Сондықтан Шоқан ежелгі даланың демократиялық заңы туралы: “Билер соты ауызша, халық алдында жария жүргізілді, барлық жағдайда адвокатура араласты. Оның халықтың құрметіне бөлінгені соншалық — ешқандай тәртіпке шақыру шарасы бұрын да қазірге дейін де қолданылып көрген емес” деп жазды “Сот реформасы жайында хат” атты еңбегінде.

## ШОҚАН АТТАС ШОҚАН

**Қ**ашағанның жетінші атасы, яғни Өз-Әлмеректің жаңадан қайта салынған мазар-кесенесі Алматы қаласының іргесіндегі Покровка (Кемпір өлген) деген жерде тұр. Қыркыншы жылдардың соңына дейін Әлмеректің күмбез-қорғаны қалқиып тұрған. Сол заманның солақай саясатына байланысты мазардың қараусыз қалып, құлап, топырақ болып үйіліп қалғаны кейін басына кесене орнатарда белгілі болды (1999 ж.)

Таңғажайып талант Шоқанның бұрын өзі көрмеген жерсудың ерекшеліктерін ерекше зерттеп жазғаны өз алдына — Ұлы ғалым өзі көрген мазар, бейіттерді, мола, қорғандарды да атап, олар жайында да ой түйеді. Ыстықкөлден Түрген арқылы Алатаудың етегіне келгенде (ол кезде қазіргі Алматы қаласы жоқ, жәй бір бекініс салына бастаған) жазық жерлердегі бейіт,

зираттарды көреді. Шоқан келгенде Алатау етегіндегі үлкен қорым бейіт Райымбек батырдың мазары мен Әлмерек би жатқан жердегі қорым-қорған бар болатын.

Қапшағайға барар жолда жол үсті болғандықтан енді Іле жаққа баруға тиіс Шоқан бұл қорым-бейітті де көріп кеткені күмән тудырмайды. Мола бейіттер туралы мақаласында Шоқан қазақтардың “бейіт-мазарлары” саз балшықтан иленіп жасалатынын айтады. Соған қарағанда Шоқан — мазар бейіттерді өзі келіп көріп, (мүмкін дұға оқығанда болар) жазғаны анық байқалады. Саяхат жазбаларында “Иә, Алла, Құдай” деген сөздерді Шоқан жиі қайталайтындықтан аруак жатқан жерлерден өткенде ол “аттан түскен”.

Әлмерекке жаңа кесене тұрғызу үшін құрылыс ісі басталып, жер-шұқыр қазу жұмысы жүргенде саз балшықтан иленген, екі жақ бетінде ненің белгісі екені түсініксіз “таңба-өрнегі” бар дәу кесек шықты. Ішінде құрылысшы Шоқан деген жігіт бар (Шәлкөдеде “Шоқан асқан” деген жерде туғандықтан атын осылай қойған) алғашқы жұмыс тобы көне мазар кесегін көріп, діни жоралға жасады. Шырақшы кесекті ақ шүберекке орап, оны арнайы жерге әкеліп қойды. Тұңғыш құрылыс жұмысын бастаған діндар азамат Шоқан Шекараевтың аталарын саяхатшы Ш.Уәлиханов жазған. Саяхатшыға Итбала деген батыр әке ағайыны бір шаруаларына байланысты қолұшын берген. Ғалымның “ныпсы — тек” аттасы Шекара Шоқан жайында басқа мақалада арнайы айтылады. Шоқанмен аттас қазіргі жігіт (Шоқан) — Қашағанның Ұлы атасы Әлмерек әулие еліне жиен. Мергенбай деген сайыпқыран мергеннің туыстары.

## **“ЕЛДІ ДҰРЫС БИЛЕҢДЕР, БИЛЕЙ АЛМАСАҢДАР ИЛЕМЕҢДЕР”**

**Ш**оқанның билер соты жайындағы іргелі кеңбегін оқыған адам оның билердің өмірін, шешендік сөздерін, дау тоқтатқан “кесім-жазаларын”, “үкім-

шешімдерін” әбден біліп, зерттеп жазғаны байқалады. Қашаған биден де Шоқан біраз билік тәмсілдерін естіп, Ұлы жүз қазақтарындағы ел басқару мен би соттары туралы мағлұматтар алғанын сезіп, болжаймыз. Өйткені елу жылдай ел тұтқасы, әділ би Қашағанда мол тәжірибе болған. Қашағанның: “Елді дұрыс билеңдер, билей алмасаңдар илемендер” деген қанатты сөзі Ұлы жүзде мәтелге айналып кеткен. Сондай-ақ дуалы ауыз Қашағанның “Ынтымағы жоқ ел жаман, халқына қадірсіз би жаман”, “Халқым көргенді мен де көремін” сияқты шешендік сөздері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Тарихи тұлға Қашаған Кеңестік дәуірде тарихтан өшті. Оның ұрпақтары отызыншы жылдарды тоз-тоз болып, атажұрттан босып кетті. Дінсіздік заман орнаған жиырсамыншы жылдардың соңында Ұзынбұлақтағы (Алматы облысы, Райымбек ауданы) бидің мазары вандализмді басынан кешірді. Біреулер келіп, мазардың тіреу ағаштарын әкетіп, оны отқа жағады. Өздері екі адам екен. Арада көп өтпей біреуі суға кетіп, біреу қысты күні үсіп өледі. Қазақша айтқанда қасиетті адамның аруағы дінсіздерді осылай ұрады.

Қашағанның көне мазарын ұрпақтары қайта жөндеуден өткізіп, бір абройлы шаруа жасады. Елді дүрліктірмей ауылда туыс-жақынның басын қосып ас берді.



## Тоғызыншы тарау

# ЫСТАМБУЛДА ОҚЫҒАН

### “АРАҚ ІШПЕСЕҢ - АТЫЛАСЫҢ”

Әлмерек бидің Тоқан – Ата ұрпағынан тарайтын Бура молданың азан шақырып қойған аты Мұхамедқанапия. Түр – тұлғасының ерекшелігіне және палуандық күш – қайратына байланысты ел ішінде жігіт кезінде Бура атанған. Кейін Бұхарада, одан соң Ыстамбұлда діни медреседе оқуына байланысты халықтан Бурмолда деген тағы жанама ат алып, есімі елге ерекше белгілі болады. Әкесі Тұрлы би өткен ғасырдың соңында үлкен ұлын Петербургке Европаша оқуға жіберіп, ал Мұхамедқанапияны дін дәрісі – ілімін алуы үшін Қорамдағы Сауыт ахуын ғұламаның медресесіне түсіреді. Жетісуға белгілі діни медресе осында болған екен.

«Арақ ішпесең атыласың» деген сөз естіп, Кеңес үкіметіне көңілі қалған Буркең бойындағы Құдай берген дарын қабілетін дамыта алмай арманда өткен алаштың ардақты ұлдарының бірі.

Қазаққа белгілі Албан Бөлтірік ақынның “Азамат” жыр жинағы осы жарықтықтың кезінде жазылып, кейінгі ұрпаққа жеткізген дүниелер арқылы жарыққа шыққаны жалпақ жұртқа аян. Өзі суырып салма ақын Бурекең Бөлтіріктің өлендерін араб әрпінде қағазға түсіріп, кей жерлерін өзі кірістіріп, ас-тойда оны жатқа айтып отырады екен. Бөлтірік ақынмен бірге жүріп, оның серігі болған Бурекең атақты Жамбылмен де талай кездесіп, жүздесіпті. Білімді Бурекең

ас – тойда “Жамбылды да жамбасқа алғанбыз” деп әзілдеп қояды екен. Соған қарағанда Бурекең Жамбылмен “жыр қағыстырып”, суырып салмалығын байқатқан көрінеді. Жамбыл қатысқан атақты ақындар айтысына Бура молда да шақырылады. Бірақ молдалығы үшін елде шетқакпай болып, заң орындарынан тепкеріш көрген Бурекең “елдегі иман – сенімі жоқ белсенділер бір пәлеге ұрындырар” деп сактық жасап Алматыдағы үлкен ақындар айтысына келмейді.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары аудандық (Кеген) милиция тұтқынға алып, азаптап қорлаған арақ іш деп зорлаған, тағы да басқа тағылық әрекеттер арқылы жанын қинап тәніне жара салған Бурекеңнің тағдыры өзалдына әңгіме.

Ғұлама молдалылығы мен ақын, саясаткерлігі, тәуіп-емшілігі Қарқара мен Ыстықкөл өңіріндегі қазақ, қырғызға және Шығыс Түркістандағы Өр Албанға белгілі Бура молда 1947 жылы “63 пайғамбар жасында” Жалаңаш (Алматы облысы) ауылында қайтыс болады. Мазар-бейіті өзінің туған жерінде тұр.

Бай мен молда Кеңес үкіметінің қас жауы болып, атеистік тәрбие кезінде Бура молданың есімі ұмытылады. Бурекеңді тек ұрпақтары ғана ауызға алып, аруағына сыйынып жүрді. Жалғыз Ұлы Қожахан әкесінің мұраларын жинап, баспаларға оны ұсынып жүргенде қайтыс болып (1997), Бурекеңнің қолжазбалары және ол кісі жөніндегі деректер қолды болып жоғалды. Қыздары Сәния, Гүлсім және немересі Серік Бураевтың естерінде қалған әңгімелері мен Бурекеңнің көзін көрген зиялы кісілердің деректері бойынша өмір-тағдыры біраз белгілі болды.

Балалық шағы Қарқара, Орта Меркіде өтіп, Қорамда Сауыт ахуын молдадан білім алып, Бұхарда медресе бітіріп, Ыстамбулға (1910 ж.) діни оқуға барып, соңында Шығыс Түркістанда бала оқытқан Мұхамедқанапия - Бура молданың өмірі хикая-баян, қызық тағдыр.

## 1. ЫСТАМБҰЛҒА БАРУЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ “АРАБ ОҚИҒАСЫ”

Зорамдағы белгілі ғұлама молда, құранқари, қажы Сауыт ахуыңның мешіт-медресесін бітірген Бура Бұқараға барып, онда Албан елінен барған 30 шәкіртпен бірге оқиды. Бұқарадағы атақты діни медресені, туа біткеннен діндар, зерек, ұғымтал Бура өте жақсы бітірсе керек — оқуын енді Ыстамбулда жалғастырудың мүмкіндігі туады. Өкініштісі, Түркияға келіп, оқуға қабылданғанымен оны ары қарай жалғастыра алмайды. Бір-екі айдан кейін көшеде өзін қорлап, мазактап күлкі еткен бір араб жігітімен байланысып, мұның соңы шулы оқиғаға айналып, хабар елдегі әкесіне жетіп, Бурекең Ыстамбулдан кетуге мәжбүр болады. Таудың “тағы мінез” қазағы қатты ашуға барып, арабқа қол жұмсаса керек. Бойында Ұлы атасы батыр Әлмеректен дарыған өктем күш бар Бура тентек арабтың қылығына төзе алмаған. Бура «жабайы» деп қорлаған адамға сыбағасын берген. Соңында әкесі Тұрлы би айып төлеп, Ыстамбулдан ұлын еліне әкеледі.

Ыстамбулда аз уақыт болса да зерделі Бурекең көп нәрселерді көреді. “Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың” деген емеспе. Ондағы атақты мешіт, медреселерді, тарихи ескерткіштерді, ежелгі мәдениет орындарын аралап көреді. Ыстамбулдағы дүкен-базарлар, саудасаттық, тағы да басқа кәсіптік істер Бурекеңнің есінде ерекше қалады. Бурекең Ыстамбул оқу сапарында түйсік-танымы жоғары, түркі тілдерін еркін білетін, діни білімімен қатар, кәсіп-саудаға да бейім кісі болып еліне оралады.

## 2. ҚЫТАЙДА БАЛА ОҚЫТЫП, ҚЫЗАЙДАН ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУЫ

**Б**ұқарада оқып, Ыстамбұлға барған Бурекеңнің Әесімі Қарқара, Хантәңірі өңіріндегі және Шығыс Түркістандағы қазақтарға ерекше белгілі болады, Молдалығымен қатар Бурекең сұңқар құс ұстайтын, тазы жүгіртіп, жүйірік ат баптайтын сері-саяткерлігімен де даңқын шығарады. Бурекеңді Шығыс Түркістан өлкесінде — Қызай елінде атақты бір бай бала оқытуға шақырады. Жиырмадан енді асқан “молда-сері” сонда барады. Ол елдегі жақсы-жайсандармен араласа жүріп, бала оқытады. Құдай жан-жақты қабілет берген Бурекең саудамен де айналысады. Өйткені Ыстамбұлдағы өмірді көрген кісі ғой. Домбыра тартатын күйші, суырып салмасы бар ақын, шариғатқа жүйрік молданы ел хан көтереді. Негізгі кәсібі бала оқыту-молда жүйрік, сәйгүлік атқа қатты құмар болып, серілікті де өзіне серік етеді. Осы елде Бурекеңнің байлығы асқан ерекше бір байдың арғымақ атына көзі түседі. Иесінен атты қалап, қанша ақша сұрасада беріп, сәйгүлікті сатып алғысы келеді. Бай атын бермейді. Мейманасы тасыған мырза “сен өзің қайдан келген Құдайсың” деп ауыр сөз айтып, Бураның көңілін қалдырып, сағын сындырады. Сөйтіп, Бура іштей әлгі байға кектеніп жүргенде, оның бойжеткен сұлу қызы өзі көрікті, әсем киініп жүретін сері жігітті ұнатып қалады. Күллі қыз келіншектің арманы болған Бураға байдың қызы ес-түссіз беріледі. Сөз байласып Бура қызды еліне алып кетуге әзірленеді. Құдай сәтін салғанда қыз арқылы байдың бермеген атына ер салып, қызды осы сәйгүлікпен алып қашады. Жолда қуғыншылармен айқасып, шекарадағы қалмақтармен атысып-шабысып, тау-тасты паналап, үңгірде ұйықтап, аңқұстың етін қорек етіп, талай нәрсені бастан кешіріп, Буракең

қалыңдығымен елге осылай олжалы оралады. Атын бермеген байдың арғымағымен қоса ару қызын алып және бір жақсы мылтығын иеленіп елге жеткен Бураның “бақыты” баянды болмайды. Қызай елінен алып келген қалыңдығы көп өтпей қайтыс болады. Бұдан кейін оған қыз-келіншек ұнамай көп әйел алу хикаясы басталады. Кедейленіп, дәулеті сарқылып, бірақ бір тосын олжаның арқасында Бурекең қайта ел қатарына қосылады.

### 3. ҚҰДАЙ БЕРГЕН “ТОСЫН ОЛЖА”

Алланың ақ жолын ұстанып, Құдайға көп сыйынуынан болар Бурекең қайта бақ қонады. Алғашқы қалыңдығы жастай қайтыс болып, жанұя тағдыры күйзелткен Бурекең бір-екі жыл қатты сергелдеңде жүреді. Мал-жаны жоқ, қатыны өлген адамды кім жақсы көрсін. Тентіреп жүріп күн көреді. Еріксіз ағайын-туыстарын сағалайды. Мал құралып, қайта әйел алудың жөні келмейді. Салы суға кетіп, бір жақтан сандалып келе жатқанда Бурекең жол үстінде атын үркіткен бір жаман түйіншекті көреді. Өтіп барып “Бұл өзі не нәрсе екен” деп аттан түсіп, көди-сөди бір нәрселер оралған түйіншекті қамшының сабымен түртеді. Ішінде ауырлау бір нәрсе болуы керек — түйіншек қозғалмайды. Содан соң қолымен түйіншектің жаман-жұман шүберегін жыртып, орамын тарқатады. Қат-қат оралған түйіншектің бір орамын ашып қалғанда бума-бума ақша шығады. Бұл өңім бе, әлде түсім бе деп тұрып, жерден түйіншекті алып, “Өлмегенге өлі балық” Құдай мұнына шүкір деп атына мінеді. Бұл олжа-алтынын тығып, ақшасын әскер ұстаса білмесін деп әдейі жаман-жұманға орап асығып Қытай асқан бір байдың көшіндегі жыртылған теңнен түсіп қалған «жиған тергені» екен.

Бурекең ертеңінде осы ақшаның жартысына бір жақсы мініс ат сатып алады. Қалғанына ана-пұны алып,

тағы да басқа нәрселерге жаратып, тұрмысын қайта түзейді. Сөйтіп, ғайыптан кезіккен олжаның арқасында толық оналып, қолы ұзарады.

## 4. ТӘКАППАР ЖЕҢГЕ ТАҒДЫРЫ НЕМЕСЕ ОҒАН ҮЙЛЕНУІ

Атақты “Алтын адам” табылған Есік өңіріндегі Қорғантөбе маңын Бураның ағайындас туыс ағасы, Қосай бидің ұрпағы Әбіш мекендейді екен. Бізге әлі сыры жұмбақ “Алтын адам” ханзада жатқан жер Үйсін-Албандардың ежелгі ата-қонысы ғой. “Сақ жауынгері” деп тарихшылар айтып жүрген есімі беймәлім “адам аруактың” тегі сақ- үйсін. Үйсіннен тарайтын Албан-Сары-Сүйменді (Таубұзар) — Бозым Сары (соңғы), Жаншық-Әлмеректің және кейінгі Тоқан-Бураның ежелгі түп-түқияны осы үйсін ұлыс. Жетісуда түбі “Албан Сары” деген “жүрегі түк” батыр өткен. Аруақ қысып, батырлығы қозғанда бұл жарықтық “келе жатқан жаудың белгісі” деп желге қарсы пышақ ала жүгіретін дүлей мінезді бір көкжал болса керек. Киесі “Көк қаршыға” құс екен. Алматыдағы “Сақ жауынгері” оң қолына неге сұңқар ұстап тұр? Бұл — ежелден жалғасқан тарихтағы бір тылсым.

Буракең бір шаруаларымен Албандардың ежелгі қарақонысы бір үлкен төбенің маңында отырған ағасы Әбіштің үйіне атбасын тірейді.

Үйде Әбекең жоқ. Аппақ киінген көрікті әрі тәкаппар жеңгесі Әуес “қаңғып” жүрген сері қайнына көңіл аудармайды. Жеңгесінің менсінбегені соншалық тіпті, сәлемін алып, «аттан түс» демейді. Ат үстінде тұрған Буракең: “Кесір жеңге түбін де бір кесапатқа кезігерсің” деп жеңгесіне қатты көңілі қалып жүріп кетеді. Бұл кез Жетісу—Жаркент өңіріне атақты Жылысбай байдың елді Қытайға әкету дүрбелеңі басталып, Тоқаш Бокиннің оны райынан қайтару үшін айқасқан қатты ұрыс-шайқас уағы екен. Осы аласапыран дүрбелеңде Тоқаш

жағында болған Әбіш оққа ұшып өледі. Әуес жесір балалары жетім қалады. Бұрынғы тәкаппар келіншек осылай тосыннан қайғы-қасірет, тұрмыстың қорлық, азабына душар болады. Енді күн көріп, өмір серу қиынға түседі. Сөйтіп, қазақтың әмеңгерлік жолы бойынша байы өліп, бағы тайған Әуес қайыны Бураға қосылуға еріксіз көніп, онымен тұрмыс құрады. Қызық болғанда менсінбеген адамына Құдай Әуесті осылай қосады.

## 5. КИЕ КҮШТІҢ ДАРУЫ

**Б**ура молданың өмір-тағдыры бір - хикая, небір тосын оқиғаға толы болса ол кісіге дарыған кие күште тылсым жұмбағымен тандандырады. Буракеңнің жыланмен арбасып сөйлесуі, күй тартқанда түз тағыларын билетіп ойнатуы ел ішінде аңызға айналған. Бізге сыры жұмбақ “Жылан әлемінен” байланысы да тосын оқиғадан басталады. Бір жаңбыр жауып тұрған күні Буракең жаяу келе жатып, жолда өлімсіреп жатқан кездіктей жыланды аяп, өліп қалмасын деп оны қолымен көтеріп, жолдың жиегіндегі шөптің арасына апарып тастамақшы болады. Сүйем қарыс жыланды еңкейіп, жерден алып көтергенде ашық омырауынан қойнына сүңгіп кетеді. Тұла бойы қатты тітіркенеді. Ішінен енді мені шағып алса өлем ғой деп ойлайды. Бірақ жылан шақпайды. Бура мұны рым қылып (жақсылыққа жорып) жыланды үйіне әкеледі. Осыдан кейін ордалы жыландар түсіне кіріп, бір тылсым күш мазалап, аруақтардан аяп алып, соңында жылан көрсе олармен “сөйлесіп”, арбасуы басталады. Бура молданың жыландармен арбасуына байланысты оған өздері куә болған кісілердің әңгімесі кейінгі ұрпаққа жалғасқан.

## 6. “ЖЫЛАН ПАТШАСЫМЕН” АРБАСУЫ

**Б**ір жылы Қулақ тауының етегіндегі бір сайда жататын ордалы жылан оянып, мал-жанға қауіп төндіреді. Ақсақал, қариялар Бурекеңе келіп, “жылан жосуын” айтады. Бурекең ордалы жылан жатқан жерге келіп, шұбырып жүрген «ұлықтармен» сөйлесіп, олардың ішіндегі «патшасын» табады. Әйдік қара сұр, қос тілі ысылдаған “патша жыланмен” ұзақ арбасып, мән-жәйді біледі. Ордалы жылан жатқан жерге біреулер келіп, осы жерден мал айдап, олардың мазасын алса керек. “Патша жылан” Бураға осыны айтады. Соңында есімі Тиын екенін біліп, атын тапқан Буракеңе бас ұрып, енді бұдан былай жосып жүрмейтіндерін айтып, ант-тасады. Мекендерінен шықпауға уәде беріп, келісімге келеді. Ордалы жыланнан үрейленген ел тынышталады.

## 7. ЖҮСІПБЕК ҚОЖАНЫ ҚАЙРАН ҚАЛДЫРУЫ

**А**лбан ішінде өсіп, Баба руынан қыз алған атақты Жүсіпбек Қожа ақын ғана емес ғұлама молда, тәуіп, емші де болған. Өзі Албанға бір жағынан жиен көрінеді. Өйткені жақсы жайсаңдар жиналған ас-тойда Жүсекең: “Өзім Шәйхысылам әкем Жүсіпбек, Үйсінге келіп едім — нағашым деп” жиі айтып отырады екен.

Шығыс Түркістанда Буракең Қызай елінде бала оқытып жүргенде бұл үлкен кісіге кезігіп қалады. Жүсекең Бураның молда болып жүргеніне күмәнданады. Бойында қандай ерекше қасиет бар екенін білгісі келеді. Сөйтіп, бір жерде екінші рет жолыққанда “Бура молда қане, маған “құдіретінді” көрсет. Білім-ілімінді, оқу-дұғанды байқайын» - дейді пайғамбар ұрпағы. Бурекең жерге дөңгелек-шеңбер сызады да ортасына пышағын шаншып, махаммен дұға-аяттарын оқиды. Осы кезде шеңбердің ішіне қай жақтан шыққаны белгісіз бір жылан ирелендеп келіп пышаққа оралып, тұрып қалады. Мұны



көрген ғұлама, әулие: “Жақсы, жарайды, Құдай бойыңа күдірет дарытқан жан екенсің. Оған көзім жетті” деп күмәнді ойларынан қайтып, ризашылдығын білдіреді.

## **8. КЕР ЖЫЛАННЫҢ “КЕШІРІМ” СҰРАУЫ**

**Б**уракеңнің өте жақсы көретін жолдасының әрі жүйірік, әрі жорға - бір сәйгүлік аты бар екен. Жайлауда жайылып жүргенде осы атты жылан шағады. Иесі тез Буракеңді тауып: “Не қаласаңда ал, тор бестіге жылан тиді”, деп оны аты жатқан жерге әкеледі. Бура келгенде жылан шаққан ат тұра алмай, у бойға жайылғандықтан өлім халіне жақындап қалған екен. Буракең аттан кішкене алыстап отырып, бір ғажап сарынмен дұға оқи бастайды. Аз уақыт өткеннен кейін ирелендеп аттың жанынан неше түрлі жылан өтеді. Бір кезде кездіктей кер жылан басын қақшандатып, Буракеңнің алдына келіп, кешірім сұрағандай кейіп танытып, кетпей тұрып алады. Осы жыланмен Бурекең ұзақ арбасады. Сәлден кейін өлім халіндегі ат басын жерден көтеріп, артқы аяғын бауырына алады. Атты шаққан жыланды өзіне “тұтқын” қылып, онымен ұзақ “шайқасып”, арбасқан соң, кешке жақын ат орнынан тұрады.

Жалғыз жақсы атының өлмегеніне қуанған досы өмірбойы Бураның қасиетіне табынып, өмірден өтеді.

## **9. КӨЗБАЙЛАУШЫЛАР МЕН СЫЙҚЫРШЫЛАРДЫ ӘШКЕРЕЛЕУІ**

**Б**іреуді дұғалап, көзін байлап немесе “сыйқырмен” бөнер көрсетіп, пайда табатындарға Буракең қас болған және оларды жек көрген. Адамды арамдықпен дұғалап, дегеніне көндіргісі келетін “сыйқыршы әулиелерді Буракең тіпті, әшкерелеп, масқарасын шығарып отырған.

Атақты Қарқара жәрмеңкесіне тек саудагерлер ғана емес неше түрлі молда дұғагер, құшынаштар және сыйқыр жасап аңқау халықтың ақшасын қағып алатын желгір — зымияндар да келеді екен.

Жәрмеңкеде күй тартып, кейде суырып салып өлең айтып жүретін Буракең бір күні сыйқыр жасап тұрған өзбекті көреді. Өзбек бір ақ шүберекті өгіздің аузына тығып, оны артынан шығарады. “О, Құдірет” деп таң қалған халық сыйқыршының алдындағы дорбаға ақша салып жатады. Мұның дұғамен көзбайлау, сыйқыр екенін білген Бура молда білдіртпей тұрып, сыйқыршының “құдіретін” тоқтатады. Мұндай болады деп ойламаған “әулие” Бура молданың аруағы мысын басқандықтан “өгізінен” айырылып, кереметі ғайып болады.

Буракеңнің қатты дұғаланып, жынды болуға дейін барған адамдардың басындағы дұғаны алуы аңызға айналған. Алдап құмалақ ашатын қулар Буракеңнің атын естісе әшкере болатындарын біліп қашады екен.

## 10. БУРАНЫҢ КҮЙШІЛІК ӨНЕРІ “БҰЛБҰЛ КҮЙІ”

**О**рта Меркі дейтін суы мөлдір қарағай, қайыңды қалың бұлақ бастауы көп бір ғажап таулы өңір бар. Буракең жолаушылап келе жатып, бесін намазы кезінде осындағы судың бойына тоқтап, атынан түсіп, алып жүретін жайнамазын жазып жіберіп, “Иә, Алла” деп намаз оқуға ниет қылады. Осы кезде мүлгіген тыныштықты тербетіп бір “тылсым әуенге” салып Бұлбұл сайрады. Бұрынды-сонды естімеген ғажап әуен жанын тербеп, жүрегін дірілдетеді. Әсем әуен тосын “әуелеп”, қолына еріксіз домбыра алуға мәжбүрлейді. Буракең: “Құдай өзің кешіре гөр” деп құлшылықты қоя тұрып, қоржынындағы домбырасын алып, «Бұлбұл» әуенді домбыраға салып, бірнеше рет қайталап, “көңіл-жадына” жазып алады. Кейін далада намаз уақытында тосын туған “Бұлбұл” күйін әр жерде орындап жүреді. Қыздары Гүлсім мен Сәнияға жиі тартып беріп, «үйреніп алындар әкелеріңнің

“Бұлбұл” күйін» деп үнемі құлақтарына құяды. Өкініштісі, Гүлсім мен Сәния күйдің шығу тарихына қанық болғанымен оның “әуен-ырғағын” жадыларында сақтай алмайды. Олар Бурекеңнің “Бұлбұл” күйінің тек тарихын біліп, оны неге үйренбегендеріне күні бүгінге дейін өкінеді.

## 11. “ҚАСҚЫР КҮЙІ”

**Қ**асқыр — Көкбөрі түркілердің ежелден келе жатқан төтемі екені бұрыннан аян. Саятшы әрі аңшы Бурекең аң-құстардың арасында көп жүріп, олардың тілін білген ертегідегі кейіпкерлерді елестетеді. Домбырашының “Қасқыр күйі” ертегі желісі бойынша өмірге келген. Таудағы бір үңгірде елге тажал болып, адам етін жейтін қасқыр мекендейді. Одан қорыққан ел күнде кезекпен бір қызды оған тірідей апарып, “азық-тамағың” деп береді екен. Бір күні кезек жалғыз қарындасы бар бір жігітке келеді. Жігіт қарындасын апарып, қасқырдың үңгірінен шыға бергенде тажалдан қорыққан қыз шырылдап жылайды. Бұған шыдай алмаған жігіт қайта айланып, беліндегі садағын алып, талай батырлар өлтіруге тәуекел ете алмаған жалмауызды табанда жайратады. Қасқырдан қорқып, қыздың шырылдаған дауысы және ағасының елді еңіреткен жалмауызды өлтіру ерілігі күйге осылай арқау болады. Күй сарынында үрейленген қыздың үні жиі қайталанады екен. Мұрагері жоқ Бурекеңнің “Қасқыр күйі” де ұмытылған немесе біреулерге телініп кеткен. Бурекең Шығыс Түркістанда жүргенде аңызды елден естіп, соның негізінде осы күйді шығарса керек.

...Бірде Бурекең Үш Меркі жайлауында келе жатып, кездескен бір жолдасының қолқалауымен айдалада “Қасқыр күйін” тартады. Тауға қарай жортып бара жатқан арланның тоқтағанын көріп досы: “Қасқырды қалай сыйқырлап тоқтаттың” деп сұрапты Бурадан. Бура «күйге елтіді» депті.

## 12. МОЛДАНЫҢ БОСҚЫНДЫҚ МҰҢ ТОЛҒАУЫ

Отызыншы жылдары атыс-шабыс кезінде шекарада оққа ұшқан бауыры жайындағы Бурекеңнің толғауын тыңдағанда көзімізге жас келуші еді, — деп еске алатын еді Жұмаділ қария.

Бурекең “қызыл қырғынның” босқындық қасіретін жеріне жеткізе әшкерелеген ақын. Өкініштісі қолжазба жыр “Бураның босқындық толғауы” жоғалған. Толғаудың үзік шумақтары ғана туыстарының есінде қалса керек. “Халық жауының” қызыл саясатқа қарсы шығармасын кім жақсы көрсін. КСРО құлап қазақтың тәуелсіздік алғанына көп жыл болды. Мұраны іздеп, табу парыз.

Бурекең Кеңес үкіметінің түбінде баянды болмайтынын білген. Өмірбойы іштей теріс саясатқа ол кісі наразы болып өткен. Бейкүнә жанның басына шеңбер салып, арақ ішуге зорлаған белсенділердің қылығы Бурекеңнің жүрегінде қан болып қатқан. Әйтеуір, Аллаға сыйынуының арқасында молдакең аман қалған. Бурекеңнің Ұлы Қазақ Төңкерісінің 30 жылдық мерейтойы мереке жылында (1947 ж.) қайтыс болуы тегін емес. Молда саясатқа қатты налып, назаланған пірәдәр еді. Сондықтан большевиктердің Ұлы Қазан тойында жәйсіз жағдай көрсетіп өмірден өткен.

Көрген кісілердің айтуынша күздің алай-дүлей болып, түнерген аспаны ол кісіні жерлеуге әкелгенде бір сәт қана ашылып, соңында қайта бұзылады. Табиғаттағы тосын құбылыс Бураның жаратылыс мінезіндегі және өмір тағдырындағы қайшылықты жұртқа осылай ұғындырады.

## Оныншы тарау

### ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ ХАН ҚЫЗЫ ҚАЙҚЫ-АНА

Әлмеректің бұл ұлы Жәнібектің асқан батыр, құралайды көзге атқан мерген әрі сері, жомарт, уәдеде тұратын бидің белбаласы екені шежіре-деректен белгілі. Жәнібектің көнекөз ұрпақтары оны Әлмеректің тұңғыш ұлы дейді.

Мұны Жәнібек Ата шежіресін жазып, тірнектеп дерек жинап, “дәптер - том” толтырып жүрген Әбілқасым қария жақсы дәлелдейді. Отызыншы жылдары Шығыс Түркістанда атылған Әуезхан ақынның жырларын жатқа айтатын Әбекең ақынның ұлы атасы Жәнібекке қатысты толғауын былай айтады:

Жәнібек тұңғышы екен Әлмеректен,  
Қайтпайтын алған беттен, алған серттен.  
Байсейт Қойлыбай мен Пұсырман бай  
Бәрі де қамал бұзып батыр өткен.  
Шөбере Жәнібекке Пұсырман бай,  
Жаратқан дуалы ауыз етіп Құдай.

Әкесі Әлмеректен дарыған батырлық қасиет Жәнібектің тұлабойынан, мінез-әрекетінен әрқашан білініп тұрады екен. Сондықтан “Жәнібексіз жау жеңілмес” деген тәмсіл-мәтел текке айтылмаса керек.

Осы Жәнібек батырдың хан қызына үйленуіне байланысты шын оқиға мен аңыз ел ішінде неше түрлі өрнек - нұсқамен күні бүгінге дейін айтылып келеді.

- Ұлы бабаларымыз жайында аңыздан гөрі шындық оқиғаны айтқан жөн ғой. Сондықтан Жәнібек атамыздың хан қызына үйленуі жөнінде мен естіген шынайы әңгіме тіпті, басқаша, - дейді Жәнібекке өзінен бастағанда тоғызыншы

ұрпақ болып тоғысатын Шынсерік Жүнісжанов. Шықаңның әңгімесі шынында жаугершілік заманда болған Жәнібек батырдың өміріне қатысты шындық оқиғаны дәлелдеп, Әлмерек ұрпақтарына байланысты өткеннің бір тосын дерегін елестетті.

...Әлмеректің үш баласы Құрман, Баба және Жәнібек малдарын барымталап әкеткен ұры-қарақшылардың соңына түсіп, Іле өзенінің жағасына келеді. Бір жерге тоқтап атбасын тірегенде ертоқымы күмістелген екі жүйірік атты көріп, ағайынды үшеуі кідіреді. Жақындағанда аттан түсіп, демалып жатқан екі жігітті көріп, барымташылар осылар екен ғой деп оларды жатқан жерінде ұстап, қолға түсірмекші болады. Біреуі тез қимылдап, серігін тастап, жылдам атқа мініп, қаша жөнеледі. Екіншісі: “Артыңа бір қарамай кеттің ғой” деп өзіне-өзі сөйлеп қатты өкініп, бір орында тұрып қалады. Қойнынан алтын сапты көздігін алып, жерге шаншиды. Қашқанды Құрман қумақшы болады. Сонда қолға түскен бейтаныс жан: “Оны қумай-ақ қойыңдар. Бәрі-бір жете алмайсыңдар. Оның мінгені түркімен жылқысы” дейді оларға.

Басында жігіт болып көрінген бұл жан соңында сүйгенімен қашқан қыз екенін сездіріп қояды. Бір нәрседен секем алған Жәнібек оған “Сенің жүріс-тұрысың қызға ұқсайды. Кеуденді ағыт деп бұйырғанда: “Иә, батыр мен қызбын, қыз болғанда ханның қызымын. Ана кеткен жігіт әкемнің атақты жылқышысы еді. Оған ғашық болдым. Ханның қараға қыз бермейтінін білесің. Соңында сөз байласып, уәделескен соң, басқа елге кетуді жөн көріп, Қытай аспақшы болғанда сендерге тұтқын болдым. Ана сүйгенім артына бір қарауға жарамай тастап кетті. Ызадан өзімді кездікпен жарып тастауға аз қалдым. Тағдырым солай — енді сендікпін” дейді қыз Жәнібекке. Сөйтіп, жұрт біліп қоймасын деп еркекше киініп, сүйгенімен қашып келе жатқанда кездейсоқ тұтқын болған ханның қызы Жәнібекке бірнеше шарт қойып, Әлмеректің батасын алып, қырық күннен кейін оған үйленеді. Алып келе жатқан алтын - күмістерін сатып, Ақордада жабдықтап, хан қызына тән бекзаттықпен ер Жәнібекке жар болады. Хан — ақсүйекке тән салтпен ерін күтеді.

Жәнібек хандар киетін киім киіп, хандар ішетін тамақ жейді.

О бастағы аты басқа — жанама аты Қайқы хан қызынан белгілі батыр Байсейіт туады. Нағашылары хан тұқымы Байсейіт өжет, алғыр болып өседі. Ержеткенде Байсейіт біраз уақыт Жәнібектің бауыры Құрманның қолында жүреді. Бір жағдайларға байланысты жанжал шығып, қайтадан анасы Қайқының қолына келеді. Шешесі хан қызы Байсейіт тентектік жасап, Құрманның балаларымен сыйыспаса керек.

Қайқы-Ана Байсейіттен кейін бір қыз туады. Іштен мүгедек болып, өмірге келген қыз жас кезінде “мені Меккеге апарыңдар” деп жылайды екен. Байсейіттің бұл қарындасы бауырымен ойнап жүргенде із-түзсіз жоғалып кетеді. Аңыз бойынша қыз кептер болып, Меккеге ұшып кеткен.

Хан қызы Қайқы о бастағы азан шақырып қойған атын әдейі айтқызбаған. Өйткені қараға шыққанын әкесі (хан) естісе түбінде өлетінін білген. Басында Жәнібектің әкесі сол дәуірдің белгілі биі Әлмерек қыздан: «әкене барып, жағдайды айтып, алдымен құда- жегжат салтын жасасақ қалай болады» дегенде қыз “ балаңның басы кетеді” деп бұған үзілді-кесілді қарсы болады. Қыз — әкесі қай жүздің ханы екенін де білдірмеген. Өйткені қорқып, шыққан жерін, әкесінің атын айтпаған. Түбі Жетісуға Қаратау, Түркістан жағынан келгені сезіледі.

Хан қызының Жәнібекке қойған үш шартының бірі: өмір бойы қандай жағдай болса да ол үйде отырғанда ері баса-көктеп кірмеуі керек екен. Жәнібек бірде мұны ұмытып кетіп, үйдің есігін айқара ашып, ішке рұқсатсыз енеді. Әйелі о бастағы уәде-шартты бұздың ғой, батыр — бұл қалай” дейді. Сонда Жәнібек ашуланып:

“Ей, қойшы осы теріс әдетінді”-деп қарсы сөз айтады. Бұл тосын сөзге шыдай алмаған мінезі өктем Қайқы тез жиналып, үйден шығып кетеді, сол кеткенмен мол кетеді. Жәнібек оны іздемейді, Баяғы қойнынан жерге алып шанышқан кездікпен тасаға барып, өзін-өзі өлтірсе керек. Өмірдегі осы шынайы оқиға аңызға айналып, ханның емес перінің қызы Қайқы соңында көкке ұшып ғайып болады. Шындығы о бастағы

ғашығы қорыққаннан тастап кетіп, кейінгі қосылған жары Жәнібек көңілін қалдырған Қайқы ыза, наладан өлген.

Жәнібектің ұры — барымташы қуып жүріп, кездейсоқ хан қызына тап болып, оған үйленуі кейін талай хикая-аңызға айналғанын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Өйткені ұлы аналары Қайқыға байланысты бала кезінде естіген жоғарыдағы деректі оқиғаны (әкесі Жүнісжан шежіреші, білімді, білікті кісі болған) Шынсерік қолмен қойғандай қаз-қалпында айтады. Тоғызыншы атасы Жәнібектің бір әйелі хан қызы болғандықтан түп нағашыларына сүйеніп, өздерін кейде “хан тұқымына” санайтындарын да жасырмайды. Отызыншы жылдары Кеңес үкіметінің саясатына қарсы оқ атқан Жәнібек ішінде Байсейіттен тарайтын «банды» Жақыпберді, Әуезхандардың өздерін “хан тұқымымыз” деп ұрандауының сыры осында екен.

Әлмеректің немересі, Жәнібектің ұлы Байсейіт асқан батыр болған. Ойрантөбедегі қалмақтармен болған шайқаста Райымбек пен бірге тізе қосып соғысқан. Осы қанды шайқаста (Сөгеті маңы) Байсейіт қалмақтың біраз батырларымен жекпе-жекке шығады. Байсейіт батыр жайында Қытай қазақтарында үлкен дастан бар көрінеді. Жәнібек өлерінің шағында «шешесін жорықта маған Құдай қосқан Байсейіттің орны бөлек» деп айтып отырады екен.

Байсейіт ұрпақтарының бірі ауданға белгілі азамат марқұм Шынсерік Жүнісжанов Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аласапыран кезінде ауыл шаруашылығын көтеруге байланысты идея, іс-әрекеті осы салада ерекше серпіліс туғызған. Шықаң қазақ-қырғыздың арасындағы неше түрлі оқиғаны қызықты әңгімелейтін. Тоқтарбай Пұсырман - оқиғасына байланысты өз ұстанымы бар еді. Ал, шежіреге сұңғылалығы өзалдына. Таза шындық пен деректі ғана керекті деп біледі.

...Қулық тауында «Қайқы» деген асу бар екенін мұндағы ел түгел біледі. Қайқы Ананың рухы осы өңірде күні бүгінге дейін жаңғырып, әлі шарлап жүр. Қайқы-Ана аруағы мейірі түскен кейбір ұрпақтарына аян да беретін көрінеді.

Кейін Перінің қызы болып, аңыз-ертегіге айналған



Қайқы - Ана жайында Дәулетбек Байтұрсын қызық хикая-дастан жазған. Осы аңыз-дастанда мынандай шумақтар бар:

Жәнібек пен Пері қыз оқиғасын,  
Бертiнiрек менiң жыр етуiм.  
Жортуылмен жүргенде сапардағы,  
Серiктерi серiлер қатардағы.  
Жәнібекке Перiнi жұбай етiп,  
Таң қалдырды тағдырдың қатал заңы.

Жәнібектің әкесі Әлмеректің Покровкадағы қорым-мазары басында жұрт тыңдаған Дәулетбектің дастан-аңызы “Имандылық сыры” газетіне жарияланды. Хан қызы Қайқы - Ана жайындағы шындық оқиғаның аңызға айналған нұсқасын дастан етіп жазған Дәулетбектің жырында Жәнібектің арғы аталары Бозым, Жаншық және Әлмеректің аттары аталады. Ру атасы, батыр, тарихи тұлға Әлмерек бидің белбаласы Жәнібектің серілігі мен мергендігі аңызда жақсы суреттеледі. Аңыз-дастанның құндылығы сол Жәнібектің атағы жаңғырып, есімі ұрпаққа жалғасады.

Райымбек ауданында хан қызы Қайқымен қосылуы хикая, ажырасуы аңыз болған Жәнібек батырдың ұрпақтары тұрады. Байсейіт Жақыпбердіге сарбаз болған кісілердің балалары да бар. Жәнібек ішінде Қойлыбай ұрпағы Бейсебай Әлімжановтың есімі ауданға белгілі. Өмірге келуі өзіндік “хикая-тағдыр” Бейсекеңнің шешесі Жәмила 1929 жылы Қулық тауында жасақ жинаған Жақыпбердінің сарбаздарына тамақ, отын (тезек) тасыған “партизан” ана екен. Он үш құрсақ көтерген ананың балалары тоқтамай шетінен шетіней береді. Он төртінші болып Бейсекең туғанда баланың кіндігін Керей деген ер кісіге кескізіп, сәбиді сиырдың сүтімен бағады. Ұлы бабасы Жәнібектің аруағы қолдаса керек Бейсекең денсаулығы мықты, бала кезінде зерек, ержеткенде тепсе темір үзетін азамат болып өсіп, арнайы оқу орнын бітіріп, 26 жасында облысқа жауапты қызметке шақырылады. Өзінің туған елінде еңбек етуді мақсат еткен Бейсекең атамекенінен алысқа бармайды. Кеген ауданынан кетпеген. Өйткені Бейсекең адал қызмет еткен. Тоқырау жылдарында әпербақан партия хатшыларының қаржыны қалай болса солай жұмсауды мақсат еткен әрекеттеріне

қарсы болып, көпке дейін партияға өте алмаған. Жәнібек батырдың ұрпағы 1987 жылы Мәскеуде үш айлық, 1994 жылы Англияда Лондон қаласында бизнес саласында білімін көтеріп, ауылда өркениет үрдісі бойынша әрекет етіп жатқан білікті азамат. Әкесі соғыс ардагері болған Байсейіттің үрім-бұтағы Кегенбай Әшімов деген азамат бар.

Әлмеректің көкжал ұлы Жәнібектің бір ұрпағы Алматы облыстық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары марқұм Кеңес Әшіровтың өмірбаяны өзалдына бір әңгіме. Бабаларынан жалғасқан батылдық пен тәуекелдік және бекзаттық Кекеннің келбетінен көрініп тұрушы еді.

Қарадан шығып, хан қызын жар еткен Әлмерекұлы батыр Жәнібек тегін кісі болмаған. Батыр кейін қайтыс болғанда найза қалқаны тағы да басқа заттары бірге қойылса керек. Жәнібектің ұлы Байсейіт және оның атақты ұлдары Пұсырман, Тазабектердің жатқан жері Еңбекшіқазақ ауданындағы Байсейіт, Қорам және Қара шеңгел деген жерлер.

## Он бірінші тарау

# ӘЛМЕРЕКТЕН БАТА АЛҒАН РАЙЫМБЕК

**Райымбек — Ата басындағы тілек пен -  
дұғаның тылсым күші.**

**Б**ұл адам тағдырына байланысты таңғажайып оқиға сексенінші жылдардың басында болды. Арғы аталары Алжан оның ішінде Сырымбет батыр әулетінен тарайтын “емші Емегеннің” бір ұрпағы Садық шопан аяқ астынан тосын ауруға шалдықты. Далада қой бағып жүрген шопан кешкісін өң-түсі бұзылып, өзінен-өзі айбат шегіп, аласұрып, айқайлап ауылға келді. Оның дүлей күші дәуірім бақсыны елестетті. Екі сөзінің бірі Албандардың ұраны болған, киелі кісілер Әлмерек пен Райымбектің аттарын айғайлап айтып, “аруақ шақыру” болды. Қақ-соқпен ісі жоқ, өзі жаратылысынан момын, түрі келбеті, тау тұлғалы Садық ағаның бір таңғажайып күшпен өзін-өзі ұстай алмай сес көрсетіп, ешкімге бой бермеуі туыс, жақындарды үрейлендірді. Кей күндері “Райымбек атамның бурасы” деп, қатты дауыс шығарып, екпіндегенде бес-алты жігіт Сәкенді әрең сабасына түсіретін. Тылсым күш тынымсыз күйге түсірген Сәкенді ауданда емес Алматыда емдеу қажет болды. Ауқатты тұратын шопанның ержеткен балалары әкелерін жеңіл машинаға отырғызып, Айдарлы ауылынан Алматыға әкелді. Қалаға келгенде жол бұрынғы Ташкент көшесі қазіргі Райымбек даңғылына қарай бағыт алды. Ол кезде Райымбек батыр жатқан жерде кішкене төмпешікте қызыл гранит құлпытас қана қалқиып тұратын. Дәл осы тұсқа келгенде неге екені белгісіз машина ішінде естүссіз, мең-зең болып келе жатқан Сәкең “Райымбек ата” деп саңқ ете қалды. Бір нәрсені сезгендей Сәкең: “Мені түсіріңдер

машинадан” деп өзімен бірге келе жатқан балаларына бұйыра сөйледі. Сыртқа шығып, құлпытас тұрған жерге келгенде бойындағы дүлей күш бір сәт бәсендеп, Сәкең бір жайбарақат күйге түсіп, аруаққа тағзым етті. Жолда айтқанды тыңдамай, теріс қылықтары мен түсініксіз сөздері әбден мезі еткен Сәкеннің сау адам жасамайтын мына әрекетіне қасындағылар қайран қалды.

Сәкенді сол жылдары бір оралман молда емдеді. Бір түн онымен “алысып” ұлы бабаларындағы аруақ күшін, тосын келген тылсым құдіретті білді. Өкініштісі, Сәкен “аруақ елесі”, “Тәңір киесі” жоғалған заманда өзіне келген “рух құдіретін” ұстай алмады. Ұлы аталары Хангелді — Райымбектің және Әлмерек әулиенің елес беріп, “ғайып күш” дарытқанын білмеді. Соңында осы “сырқат” асқынып мерт болды. Оралман молданың айтуынша Райымбектің туысы, Сырымбет ұрпағы Сәкеңе ғайыптан “емшілік-тәуіптік” қасиет келген. Өйткені Сырымбеттің бір баласы Емеген (шын аты басқа) ерекше емші болған екен.

Райымбек батырға байланысты бір “аруақ күш” оқиғасы сол жылдары Садықты сырқат кылып, елді осылай дүрліктірген еді.

## ТӘҢІР — РУХ

**Б**ір жылы Райымбек кесенесі көтерілген жаз айының ортасында бұрын Қытайда қызмет етіп, білім саласы бойынша онда Кеңес Үкіметінің көмегін ұйымдастырған ғалым-оқытушы сөйлеп отырды. Ол жақта Батырды пір тұтатын Іле-Текес өңірін мекендеген Алжан елінде болыпты. “Батыр ауылы” атанған “әулет-рудан” дәм де татып, қымыз ішкен, көкпар көрген. “Райымбек, Райымбек” деп ұрандаған бәйге шабандозының сәйгүлік шабысын тамашалап, халықтың ежелгі салтына қайран қалады. Күллі ауыл келіндері Райымбек атын атамай “Батыр ата” деп ізет білдіреді екен. Аты-жөнін айтуды жөн көрмеген әлгі кісі кесене басында батыр аруағын аунатып, едәуір әңгіме-дүкен құрды. Бір үйде сақталған батырдың байрақ-туының жұқанасын

көргенін айрықша әңгімеледі. Арқардың мүйізінен жасалған жаугершілік құралы бір әулетте киеге саналып, әлі келе жатқанын айтып, ұрпақтарының тектілігіне тоқталды.

Бір кезде шырақшы батыр басына келіп, құрбандық шалушылардың “Құдайы тамағына” шақырды. Дәм үстінде отыздардағы жас жігіт “Мені Райымбек атаның аруағы қысып жатыр. Отыра алмаймын” деп осындағы ғимараттың бір бұрышына келіп, бақсылық сарыңға басты. О, бастан яғни, ежелден қазақтың қанында бар бақсылық қасиеттің белгісін мен осы жігіттен көрдім. Ғаламат дауысы бар екен. “Түркістанда Қожа Ахмет, Маңғыстауда Пір Бекет, Жетісуда Райымбек” деп аруақ шақырып, біраздан кейін өзіне келіп, тоқтады. Қанда бар бақсылықтың Тәңірлік үрдіс-рухын сезетін “дәуірімдер” қазір жоқ қой. Егер олар болғанда жаңағы жігіттің “пері жолын” ашып, әйгілі емші немесе “бақсы-тәуіп” етер еді. Бар бақсы-әулиелер рухынан қуат алады. Тәңірден медет сұрап, кие-күшке табынады. Өйткені Райымбек көп жағдайда батырдан гөрі әулие бейнесінде көрінеді. Оның сәуегейлігі, “жұлдыз-жорамалы”, “тылсым болжамы” көп жағдайда дәл келіп отырған. Батыр жорыққа шығарда түсін атақты жаурыншы, жұлдызшыларға жорытып, түсіндегінің өңінде келетінін қаперінде ұстайды екен. Әлмерек әулиенің бір ұлы Қаракісі Райымбектің жұлдызшысы болған.

## ТҮС — МЫЛТЫҚ

Қазақ жаратқанға жалынғанда “Құдай қолда, Аруақ онда” деген тәмсіл-нақылды жиі айтады. Сондықтан әулие, аруақты кісілердің басына барып, тағзым ету немесе түнеу ежелден келе жатыр. “Әулиесі бар ел бақытты”, “Әулие айтса әудемде келеді” деген мәтелде “тылсым түсінік” жатыр. Әулие Ата Райымбектің басына ұлы Жамбыл ақын да келіп, тағзым еткен, сәтінде суырып салып жыр арнаған.

Райымбектің әулиелілігіне байланысты аңыз, оқиға, әңгіме-тәмсіл өте көп және уақыт өткен сайын түрленіп жалғаса береді. Өткеннің оқиғалары өзалдына “әулие

қасиетін” дәлелдейтін нәрселер осы заманда да байқалады. Қыркыншы жылдары яғни, сұрапыл соғыс жылдары майданға баратын кейбір қазақ жігіттері әулие басынан топырақ алып, жауға аттанады. Кейін соғыс аяқталғанда солардың ішінде Құдай сақтап, дін аман келгендері де болған. Атақты батыр Бәукең (Бауыржан Момышұлы) де баба басына келіп, Аруақтарға сыйынып кетсе керек.

Аруақ таңғажайыбы жайында Болат Әбішұлы Назарбаев “Аға” атты кітабында бір тылсым оқиғаны еске алады. Шешелері көпке дейін құрсақ көтермей қиналып, жаратқанға жалынып жүреді. Сөйтіп, бір күні жолы түскенде әулие басына келіп, тағзым етіп, Құдайдан не тілеп жүргенін айттып, үйге қайтады. Айтпақшы, бұлағынан су да ішсе керек. Өйткені бұрын ескі кесене-мазардың жанында мөлдіреген бұлақ ағатын. Көп өтпей апа түс көреді. Түсінде судың астынан мылтық алады. Қазақ ырмында (түсте) мылтық өмірге келетін ер бала. Жақсы түс жабырқап жүрген ананың жанын жадыратады. Көп өтпей аяғы ауырлап, құрсақ көтереді. Өмірге Тұңғыш бала — Нұрсұлтан келеді. Бұдан кейін Әбіш әке мен Әлжан ананың перзент қуаныштары бірінен соң бірі жалғаса береді.

Райымбектің түп атасы Алжанды тәрбиелеп (“Ал, жаным” деп жақсы көрген) оған өсиетін айтқан Шоған абыз-әулие ғой. Райымбекке Тәңір құдіреті арқылы Шоған абыздың және Әлмерек әулиенің қасиеті ғайып күшпен жұғысты болған.

## АМАНТАЙ ҚАЖЫ АМЕРИКАҒА АТТАНДЫ

Алматыда Наурызбай батыр көшесінде атақты Амантай Қажы Хантемірұлы тұрады. Өзінің айтуынша “хан тұқымына” жатады. Қатаған Тұрсын ханға 7-8 атадан барып туысады. Шешесі өмірге келгенде үлкендер қыздың атын Қызтумас деп қойған екен. Құдайдың құдіреті күшті ғой ырым ат” періштенің құлағына шалынып, Қызтумас өмірінде қыз бала көрмей дүниеден өтеді.

“Аттандап” әлемді шарлаған Амантай қажының алғашқы акция-шеруі Райымбек жатқан жерден басталды. Семей полигонын жабуға байланысты Курчатов қаласына барарда Амантай қажы мен оның сарбаздары Райымбек даңғылы бойында “Алла жар” деп ұрандап, жорыққа шықты. Жортқанда жолдары болып, Курчатовтағы Кеңес генералдарын полигон жұмысын тоқтату жөніндегі құжатқа қол қоюға мәжбүрлеп көндірді. Басында сол кездегі “Невада-Семейдің” жетекшісі Олжекең (О.Сүлейменов) Амантайдың онда баруына қарсы болды. “Амантай әскерилермен ойнауға болмайды, Атып тастайды” деп ескерткен еді. Аруақ күшіне “әуле аянына” сенген қажы тәуекел етті. Алматыда Райымбектің, Түркістанда Қожа Ахметтің басында Құдайдан тілек тілеген оның жорығы атомдық сойқан жарылыстарды тоқтатудың батыл қарсылығы ретінде тарихта қалды. Бір жаз Райымбек әулие басында аруаққа тағзым етіп, Аллаға сыйынған оның жорығы кейін Мәскеуге жалғасып, Қызыл алаңда “шу” шығарды.

1994 жылы күзде Амантай қажы “Аттандап” Америкаға (АҚШ) барды. Біріккен Ұлттар Ұйымы алдында атомға қарсы акция өткізді. Осы жорық-сапарының алдында баба басына келіп, құрбандық шалып, жұма күні Құдайы дәм берді. Алдында серіктерімен келіп, түнеген де болатын. Аруақ жолын ашқан — Амантай кейін Түркия, Сирияға дейін барып, әлемді “шулатып” тағы атомға қарсы акция, шеруін тоқтатпады. Қазір “мафиямен” алысып жүр.

Жүріс-тұрысы, айғай-аттаны жұртқа ерсі, киімі әлем-жәлем ақ шапан, көк мұрағы қолпылдаған Амантай қажы алдын болжап түс көреді. Жорыққа шығардағы “аян түстерінің” көбінде әулилер елестейді. Олардың ішінде Райымбек—Ата да жүреді...

## СЫРЫМБЕТ СЫР БОЙЫНДА ЖАТЫР

**Р**айымбектің түп атасы Сырымбеттің сүйегі жаугершілік заманда Сыр бойында қалған. Жол жиегі — “Жөлек” өңірінде зираты жатыр.

Әулие басындағы шырақшылардың бірі Токқожа қасына бір-екі серік алып, онда барып құлпытас қойды. Ұлы жүз Сырымбет батырдың осында жатқанын “шежіре шалдардың” ежелден айтып келе жатқан дерегі бойынша білген болатын. Қазақтың түп-тегі, шыққан жері қасиетті Қазығұрт, Сыр бойы деген сөз — нақылда қате жоқ.

Сырымбет батыр ұрпақтары арқылы уақыт өте кейін рулы елдің әулет, “ұран-тегіне” айналады. Сырымбеттің тікелей ұрпағы ақиық ақын Мұқағали Мақатаев Райымбек жайындағы дастанында Сырымбет жөнінде де толғанып, тарих тұңғыығына тартады.

Өз дәуірінің ақындық еркіндігін, шабытты шарқ ұруын, жортып жолға шығуын салтқа санап, саясат заңын елемеген Мұқаң бірде салып ұрып Сыр бойына да келеді. Ауыл халқы құрметтеп, күнде ақынды қонақ қылады. Бір қызығы Мұқағали қағазға қарап жыр оқымайды, отырған жерінде суырып салып, айтып отырады. “Біз нағыз ақынды көріп отырмыз” деп “жыр елі” одан сайын құрмет көрсетіп, қошеметтейді.

Қазақ “Аруақ айдап келді” деп текке айтпаса керек. Мұқағалиды ұлы атасы Сырымбеттің рухы айдап, Райымбектің аруағы жебеп Сыр бойынан бірақ шығарса керек. Өйткені Мұқаң арнайы шақырусыз-ақ ақын серігімен онда тартып отырған ғой.

Қаратаудың етегіндегі кең көсілген жазықта, Сырдариядан онша алыс емес байтақ өңірде Екінші Мекке — Түркістан шаһары бар. Райымбек Асы — Алатау жайлауында қайтыс болғанда сүйегін Түркістанға апарып жерлеу жөнінде әңгіме болады. Мезгілдің жаз және жердің алыстығына байланысты ұсыныс орындалмайды. Қазақ хандары мен билері және толып жатқан әулие машайықтарға “мәңгі орын” болған Түркістан топырағы Райымбекке бұйырмады.



Сырымбет елінен Сыр бойына және Түркістанға бұрын діндарлар жиі қатынаған. Олар осындағы дін жолын қатты ұстаған қожа-молда, хазірет, дін басыларымен кездесіп, Қожа Ахмет Яссауидің даналық хикметтеріне ден қойып, әулиелерге тағзым еткен.

Арғы аталары Сырымбеттен тарайтын көп балалы ана ұзақ жыл Түркістан төңірегіндегі ежелгі елдімекенде тұрды. Әзірет Сұлтанның қызы Гауһар ана жатқан өңірде еңбек етті, он бала тәрбиелеп өсірді. Түркістанға тағдыр айдап келген, төркін жұрты Алжан — Сырымбет кейуананың аталары Хангелді батырмен бірге туған әулие атақты емші сәуегей еді.

Бірде ананың он жастағы ұлы аулада ойнап жүріп, Тәңір бұйырғандай “Райымбек, Райымбек” деп өзінен-өзі айғайлап, шапқылап, жүгірді. Әкесі молда, өзі Құдайсыз Кеңес дәуірінде Ораза ұстайтын әже періште бала қылығын жақсылыққа жорыды. Сол бала кейін үлкен азамат болып, Алматыдағы Райымбек зираты жайында тұңғыш жазба дерек тапты. Кеңес Үкіметі тұсында жұмыс істеген кішкене мешітке келіп, имам қариямен әңгімелесіп, Райымбек ата туралы білетінін айтты. Жетпісінші жылдары қараусыз қалып жоғалуға айналған қорымдағы Райымбектің сүйегін Кеңсайға көшіруге болама болмай ма деп молдадан сұрады. Ол кезде қуыршақ, пәтуа-билігі жоқ елеусіз адам молдекең ешнәрсе айта алмады. Құдай сақтағанда зират тапталып кетпей кейін қоршауға алынып, басына құлпытас қойылды.

## “ҚҰДАЙДЫҢ БАР ЕКЕНІНЕ КӨЗІМ ЖЕТТІ”

**Б**ала кезімде бұрынғы мазар-қорғанның түбіндегі бұлақтан талай су іштім. Бастау жиегінде кішкене тостаған тұратын. Тәу етушілер бастауға тиын тастайтын” — деп еске алады жасы сексенге жақындаған он баланың анасы, толып жатқан немере, шөберенің әжесі Нұрила атты кейуана, көп балалы ардагер ана. Бұл ана Райымбектің түп атасы Алжаннан

тарайтын ұрпақтың “Бұлақ көзі” және “ата-тек” жалғасы еді. Әулие шапағаты, ата-баба аруағы өзінің айтуынша ананы желеп-жебеп, соңында бір қауым әулетке жеткізген ғой. Өйткені отбасы құрғанда ата рухына тәу еткендердің бірі осы ақжарқын ана еді.

Әулие — ата дүние салған күннен бері ол кісінің басына келіп, зиярат етіп, тілек тілеу о бастан қазірге дейін үзілмей жалғасып келеді. Пендені табындырып, Тәңір — Аруақ құдіретін еріксіз мойындататын бір тылсым күш осында. Үш ғасырдан бері Райымбектің басында қанша мал сойылды, қанша ақтық байланды, қанша дұға-аят оқылды? Есебіне жету мүмкін емес. Тіпті, сойқанды Азамат және Отан соғысы жылдарында да қазақтың Тәңірлік құлшылығы бұл жерде тоқтамаған.

Басында бұл маң қорған-мазар, алма бағы, бұлақ суы бар жәннат, ғибадат орын еді. Кейін төбешікке айналып, бір елеусіз қалған қорым-зират болды. Бұрынғы мұсылман қорымы түгелдей тегістеліп, Құдайдың құдіретіне қараңыз — әулие жатқан бейіт қана аман қалды.

1980 жылы бұдан ширек ғасыр бұрын әулие басына (төбешік) қызыл граниттен құлпытас қойылды. Мұның алдында алпысыншы жылдардың ортасында зират шарбақ қоршаумен қоршалып, белгіленген еді. Сталин өлгеннен кейінгі “жылымықты” пайдаланған Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданындағы баба ұрпақтары ата аруағын көтеріп, тиісті орындарға хат жазады. Мөкен Болысов, Қабылбек Сауранбаев сияқты батыр ұрпақтары ешнәрседен аянбай аруақ жолында сауапты іске кіріседі. Міне, осы жарықтықтардың алғашқы талпыныс-талаптарының, өтініш-тілектерінің арқасында зым-зия жағалауға айнала бастаған қорым-зираттың (батырдың сүйегі жатқан) орны сақталып қалады. Құдай қолдаса, аруақтың өзі ондаса бәрі өзінен өзі-ақ болатын көрінеді. Осы жылдары әулие басында бір таңғажайып оқиға болды. Құрылыстың түсуіне байланысты жер тегістеуші бульдезерші әулие зиратына жақындап, топырақты ысыра бастағанда моторы өшіп тоқтайды. Мұны көріп тұрған осы төңіректегі қариялар “Бұл жерде әулие адам жатыр. Арты жақсы болмайды” деп оған ескертеді. Үлкендердің сөзіне құлақ аспай механизатор өшкен моторды қайта оталдырып, орнынан көзғала бергенде трактордың шынжыр табаны үзіліп, быт-шыты шығады.

Бір үрейлі күш үрейлендірген тракторшы трактордан түсіп, қаша жөнеледі. Оқиғаның болғаны рас. Сондықтан бұл жағдай кейін аңызға айналып кеткен. Аруақ оқиғасы үрейлендірген жерге келіп, бәрін көзбен көрген ұлты неміс құрылыс басқармасының бастығы: “Құдайдың бар екеніне осы жерде менің көзім жетті” деп жер тегістетуді тоқтатады.

## ҚҰЛПЫТАСТАҒЫ ЖАЗУ (1705-1780)

Ексенінші жылдардың ортасы еді. Дәл тамыз айының алғашқы күні осы маңда тұратын ұлты ұйғыр әже қойылғанына 3-4 жыл болған әулие құлпытасына келіп, топырақ алды. Әулие басында қол жайып құлшылық етіп, Тәңірге сыйынды, аруаққа тағзым етті. Қасына еріп келген немересі заман салты бойынша бір десте гүл шоғын қабір үстіне қойып, құлпытастағы жазуды әжесінің өтініші бойынша дауыстап оқыды. Сөйтіп, ондағы “Райымбек Хангелдіұлы 1705-1780” деген сөз бен датаны жаттап, есінде сақтау үшін даллада дауыстап, тағы бір-екі рет қайталады. “Балам, бұл үлкен әулие кісі. Бұрын төңірегі толған жеміс ағашы мен жеміс-жидек болатын. Жұрт айлап жатып түнеп, Тәңір-жаратқаннан тілек тілеуші еді” деп әже зират басында біраз әңгіме айтып, соңында жүрелеп отырып, тағы бет сипады. “Жақсы — бәріне ортақ” деген даналықты халық текке айтпаса керек. Әулие жатқан жер кезінде осы маңда тұратын барлық мұсылман үшін зиярат ететін қасиетті орынға саналған екен.

Құлпытастағы жазудың мұнда келушілердің жүрегіне жатталғанына қазір ширек ғасыр болды. Әулие, батырдың туған, өлген жылдары жөніндегі осы дерек-жазу шынайы тарихи датаға айналып кетті. Өйткені ширек ғасыр бойы мұнда толассыз әлі де келіп жатқан сан мың пенденің жадында осы “жазу-деректің” сана-зердеде тұратыны анық. Әсіре шежіре қаулап, бүйректен сирақ шығаратын, өлі “архивпен ауырған” кейбір зерттеушілер “дата-жылға” кейде күмән келтіріп, қызыл кеңірдек болып, жөнсіз дау да шығарады. Райым-

бек шыр етіп өмірге келгенде анасының жанында отырып, сәбидің кіндігін кескендей сөйлеп, орынсыз іске килігеді олар кейде.

Құлпытастағы Райымбек өміріне қатысты жыл датасы әбден зерттеліп, ойластырылып, сүзгі-ойдан өтіп, белгілі ғалымдардың бір тоқтамға келген келісімі бойынша “кітап-тарихқа” түскен темір қазық дерек.

Атақты академик Ақай Нүсіпбеков, тарихшы қаламгер Байзақ Қожабек және ұлы ғалым Әлкей Марғұланның, тағы да басқа марғасқалардың бір жерден шыққан ортақ пікірлерінің негізінде Райымбектің туған, өлген жылдары энциклопедияға еніп, тағы да басқа құндылықтарға қосылды. Сондықтан осы “жыл-дата” құлпытасқа қашалып жазылды.

Райымбектің туған әкесі батыр ұрпақтарының “ататек” шежіресінде Түке деген кісі. Райымбекке қатысты оқиға жауынгерлік жорық, бата, ас-той үрдістерінде әке есімі көп аталмайды. О бастан “Райымбек Хангелді” болып, ата есімімен аты жарыса шығады. Қазақ салты бойынша Хангелді батыр немересін бауырына басып, өзіне табиғи (бала) қылып алған ғой. Құлпытаста “Райымбек Хангелдіұлы” деп бұл да әулеттік салт үрдісі бойынша дұрыс жазылған. Ежелгі қазақ салт-дәстүрінен хабарсыздар мұны да Райымбек тегіне, өмірбаянына байланысты ағаттық деп ұғып, тағы теріс кетеді.

Бұдан ширек ғасыр бұрын шынайы “тарихи айналымға” еніп, әбден бекіп, қалыптасқан деректі теріс деуге балайды.

## “ТАМЫЗ ТАҢЫ”

*А*лматыдағы әйгілі Желтоқсан жаңғырығы әлі басылмаған, Димекен (Қонаев) орнынан түскен жылдардың аласапыраны ушыққан 1987 жылы белгілі қаламгер Жолдасбай Тұрлыбайдың “Тамыз таңы” атты кітабы баспадан шықты. О бастағы аты “Райымбек” еді. Сол кездің “ұлтшылдық” дейтін саяси сандырағы кітапқа кесірін тигізді. Автор романның атын өзгертуге мәжбүр болды. Өйткені “Райымбек” деген батырдың атынан біреулер сескенді. Сүйінші данасын алған автор кітаптың жалпы

халыққа тарайтын таралымының неге кешігіп шықпай жатқанын білмеді. Өйткені біреулер “кітап ұлтшылдықты үгіттейді” деген қызғанышты оймен Мәскеуге арыз жазған. Ар жағында кітап арқылы баспа ісінде шаруасы болмаған Қонаевты текке қаралаудың арсыздық әрекеті жатыр еді. Бәрі кейін белгілі болды. Бұл жерде бір айта кететін нәрсе елдегі ақсақалдар Райымбек батыр жатқан жерді бүлдірмеу жөнінде Димекеннің атына кезінде хат жазған болатын. Аңдысқан арызқойлар ілікті осыдан іздесе керек.

Алла-Тағала жолы ауыр болған авторды желеп-жебеді ме әлде әулие аруағы демеді ме кітапқа деген оқырман сүйіспеншілігі ерекше болды. Қырық мың дана болып шыққан “Тамыз таңы” тез таралып, аз уақытта өтіп кетті. Алматы облысындағы Қарқара, Шәлкөде, Асы және Үшқоңыр жайлауларында көшіп-қонып мал бағатын шопандардың үйлерінде, ауыл кітапханаларында “Тамыз таңы” кітабы тұрды.

Кеңестік кері кеткен саясаттан ебін тауып айналып өтіп Райымбек жайында тұңғыш кітап жазған Жөкеңнің есімін қазір халық жақсы біледі. Он бес жылдай дерек жинап, кезінде жартылай қызметін тоқтатып, соңында түбегейлі беріліп, батыр рухын, әулие аруағын көтерген Жөкең - жолашар қаламгер ретінде ұрпақ есінде қалатыны анық. Кітабында тек Райымбек емес батырға бата берген әулие Өз-Әлмерек және хан дәрежесіне көтерілген Төле би, тағы да басқа тарихи тұлғалар да көрінеді.

Қазақ хандық заманында кім батыр, шейіт, кім әулие, абыз, кім опасыз, яғни бір сөзбен айтқанда қазақ тарихын өте жетік әрі қоспасыз қаз-қалпында қолға ұстатып, көзге көрсететін қаламгер Мұхтар Мағауин екенін көп аңғара бермейміз. Автор алғаш қолжазбасын баспаға әкелгенде “белгілі тарихи тұлға, ел ұраны болған адам туралы тұңғыш кітап жазылып отыр. Міне, ерекшелігі осында. Сондықтан кітап жоспарға еніп, жарық көруі тиіс” деп өз пікірін айтып, кітаптың шығуына жанапшыр болады. Өзі әулие шалыс, Шыңғыс хан рухты Мұхаң әулие ата қорымының Алматының дәл қақ ортасында жатқан әйгілігінен-ақ Райымбектің тегін адам емес екенін о бастан білсе керек. Мұхаң Райымбек елінің азаматтарына кейде “Әй,

әулие атаның балалары” деп әзілдейтіні осыдан болса керек. Зерттеушілердің түсіне кірмеген Райымбек жайындағы дінге қарсы журналда жарияланған мақаланы Мұхаң “Қобыз сарынына” дерек қопарып жүргенде кездейсоқ кездестіреді. Оны Райымбек еліне бір іссапары кезінде қасындағы жол серігіне әңгіме арасында айтқаны бар.

“Тамыз таңының” авторы Жөкең кейін баба басына қазіргі кесене-кешенді салу жолында да сауапты шаруа, іс-характер, табанды жұмыс атқарды. Соңында кесене жанына әулие жайындағы аңызда айтылатын ақ түйе-мүсін болып шөкті.

## ӘУЛИЕ ЖӘНЕ ҚҰДАЙСЫЗДАР ҚОҒАМЫ

**Р**айымбек әулие қорым-мазарының вандализмді бастан кешіруі немесе Алматыдағы апатты жер сілкінісінің жаңғырығы жайында.

Орыстық отарлаудың XIX ғасырдың ортасындағы сойқан-сүргін кезінде қорған, қорым, мазарлардан білдірмей алтын іздеген яғни, атақты адамдардың бейітін тонаған имансыздардың болғаны рас. Алматы өңірінде талай сақ қорғандарының қазылып, тоналғаны бұрын айтылмады. Олжа іздеген оңбағандар “археологиялық зерттеу” деген зымыяндықты желеу етіп, Алатау етегінде бұрқыратып көр қазған. Мұны ақыр заман келді деп үкқан аруақ сенімді қазақтар қоныс мекендерін тастап, үрейленіп үдере көшеді.

Тек Райымбек емес оның маңында, тағы да басқа пірлі адамдар жатқан көне қорымды нысанаға алып, “көр қазғандар” біраз олжа жолын іздеп төңіректеген. Бірақ жолдары болмаған.

1916 жылғы ұлтазаттық көтеріліс кезінде және Азамат соғысы жылдарында қорым-зираатты атысып-шабыскандар, қашып-пысқандар таптап кете жаздайды. Ал, әулие жатқан жерді пана тұтып, мұсылмандар бас сауғалап, мұнда келіп олар қорғанады. Жатып түнейді.

1880-1890 жылдары көмбе алтын, мазар-қорған астында жатқан “мүрде-мүлік”, қымбат “қорым қазынасын” іздеген “көр қазғандар” (археологтар) Алматы өңірін мекендеген Албан, Дулат тайпаларының ата-бабалары жатқан жерлерді тінтіп қазып, аруақтарды “шулатады”. “Археолог” атанған — қорқау “шиөбөрілердің” шектен шыққан қылығы Құдайдың қаһарын туғызса керек. Көп өтпей Алматыда апатты жер сілкінісі (1887) болды. Арада көп өтпей зілзала тағы қайталанады. Көп аруақтың кейіс-назасы, Райымбек әулиенің кие қасиеті соңында осындай зор сойқан әкеледі. Бұл апат сырын әбден зерттеп, шынайы деректерді екшеп және жер сілкінісі болатынын алдын ала болжаған сәуегей-діндарлардың ұрпақтарынан естіп, білгеннен кейін айтып отырмыз.

Ақсақал, абыздар ежелден “Алланың нұры жауған Алатау” деп атаған таулы өңір Алматы кент шаһарындағы қорған-қорымдарды бүлдіру мен қорлаудың көкесі соғыс басталардың алдында болды. Дінге қарсы баспасөз мешіт пен әулие, абыздар жатқан қасиетті орындарды Құдайға құлшылық етудің сорақы көрінісіне санап, күлкі етіп, мазаққа айналдырды.

1941 жылы ақпанда Құдайсыздар Қоғамының “Анти-религиозник” атты журналы “Могила Райымбек — Ата” атты сорақы мақала жариялады. Мен бұл мақаланы 1975 жылы университетте жүрген студенттік кезімде кездейсоқ оқып, бұдан отыз жыл бұрын танысқан едім. Кеңес Үкіметі құлардың алдында ұлттық кітапханадан іздеп таба алмадым “Құдайсыз журналды Құдайдың өзі құртқан екен ғой” деп ары қарай іздеуге құлқым болмады. Журнал жөнінде Райымбекке байланысты дерек жинап жүрген Төлен аға Қауынбаевқа айттым. Төкең оны тапты. Көшірмесін Ресейден алдырды. Ф.Попов дегеннің Райымбек — Ата зираты жайында білмей жазған шалдыр-шатпақ, адам аттары мен жер-су атаулары дұрыс аталмаған, қазақ наным, сеніміне өлердей қарсы мақаласында автор аруақ қорлаудың көкесін көрсетеді. Әулие басына түнеп, құрбандық шалу, тұмар жазу, діндарлардың рым-жоралғысы, молдалардың дұға-уағызы, барар жері, басар тауы қалмаған бейшара ауру-сырқаулардың Тәңірден

тілек тілеуі діни көрсоқырлық ретінде әшкереленеді.

Әулие басына тек қазақтар ғана емес қасиетті адамды пір тұтып орыс және басқа ұлттардың да діндарлары келетінін де автор аямай түйрейді. Ерекше қасиетке, әулие-құдіретке айналып кеткен әулие Райымбекті масқаралап жоққа шығарады.

Құдайдың құдіретінен болған жойқын жер сілкінісіне қатысты Райымбектің «аруақ назасы» жөніндегі діни сенімді, ел аңызын надандықтың көрінісі деп дәлелдейді. Құрбан айт, ораза айт кезінде мазар басына топ-топ болып келгендерді де автор аямайды. Айтпақшы, Құдайдан қорықпаған Ф.Попов діни-наным сенімге қатысты ұлы Шоқанның да аруағына тиіседі. Қазақтар тек Райымбек — Ата басында ғана емес Қапал уезіндегі Қуны-Қуз (Қоянкөз. О.Қ.) өңіріндегі ұлы Шоқанның “қасиетті” қорым-зиратына да тәу ететінін тағы осы сарынмен сандырақтап, тоқтамайды. Алматылық Қожахмет Жазабеков есімді молданың діни әрекет, уағыз-әңгімелерін мысалға келтіріп, әжуалайды. Мақаласын қорытындылай келіп, атеист Ф.Попов Қазақ ССР Құдайсыздар қоғамының Республикалық Советі (Кенесі) дінге қарсы жұмысты күшейтіп, “Райымбек — Ата” зиратында аруаққа табынуды тоқтатуы тиіс” деп бұйыра сөйлейді. Ол кезде Орталық (СССР) баспасөзде сын мақала шықса міндетті түрде тексеріліп, тиісті орынға жауап жазылатын. Мүмкін мұны атеистер тексеріп, сын мақаладағы фактілер бойынша шара қолданып, аруақты тағы қорлап, әулиені тағы назаландырған шығар. Өйткені арада көп өтпей Алматы тұрғындары сұрапыл соғыстың басталғанын естиді. Мал емес, бас қайғы болған соғыс кезінде әулиені әр саққа жүгіртіп, әжуалап әшкерелеген, дінге қарсы жауынгер басылым “Антирелигиозник” алдымен жабылады.

“Могилы Райымбек — Ата” жарияланғаннан кейін журнал өмір сүруін тоқтатады. “Энциклопедиялық сөздікте” 1926 жылдан жарық көрген журналдың 1941 жылы шықпай осы кезден бастап аты өшкені көзге ұрып тұр. Журналдың жабылуы тек кездейсоқтық емес. Бұл Құдайды жоққа шығарып, жаратқан иеге жауша шүйліккендерге Құдай - Тағаланың берген жазасы еді.

1941 жылы маусымның 21-інде Самарқандағы Әмір-



Темірдің кабірін ашқанда ертеңінде соғыс басталғанын қазір әлем біледі. Бұл оқиға әбден дәлелденіп, кейін егжей-тегжейлі, күн, сағатына дейін көрсетіліп жазылды. Яғни, Әмір Темір мен әулие Райымбек аруағында тылсым күш бар.

Әулие, аруақтар жайында Жетісу елінде “Аруағы әлсізді демеген, назасы қапы кетпеген” деген тәмсіл-нақыл бар. Мұны әулие Әлмерек пен Райымбекке де қатысты айтады үлкендер.

Токсаныншы жылдың ортасында Райымбек күмбез кесенесінің ашылу салтанатында шырақшы ата әулие қасиеті жайында айта келіп, “Алла Тағала — Алатауға нұрын төгіп, Алматыда Райымбек әулие аруағы ел-жерін желеп-жебеп тұрғанда жер сілкінбейді” деп айтып еді. Содан бері көп жыл өтті. Құдайға тәубе, Оңтүстік астанада анда-санда дүмпу, тербеліс болғанымен апатты жағдайлар қайталанған жоқ. Сондықтан “Алла-Тағала өзің сақта, Әулие Райымбек рухы деме, Әлмерек, Дінмұхамед ата аруағы жар бол” деп тілейді, қазір Алланы еске алып, әулиелерге тағзым ететін діндарлар.

Аруақтарды көріп, олармен жүздесе отырып сөйлесетін, атақты Ванга әженің көріпкелдігі әлемге аян. Алматыда да осындай бір ғажайып қасиеті бар адамның аруақтармен байланысқа түсетінін жұрт біле бермейді. Ол жігіт Әлмерек әулие рухани ордасының жетекшісі, Райымбек ауылының түлегі, Мәскеуде өткен әлемдік көріпкелдік сайыста “Алтын белгі” алып, биыл Нострадомус атындағы әлемдік атаққа ие болған сәуегей. Аты-жөнін қазірше айтпаймыз. Өйткені ол жігіт өзін үгіттеуді жақсы көрмейді.

Осы көріпкелдің айтуынша Алматыда апатты, жойқын жер сілкінісі болмайды. Ләйім, солай болсын. Алдымен бар халықты Алла қорғасын, күллі әулие-аруақтар желеп-жебесін.... Жүз жасаған ақын, ұлы жырау Жамбыл тегін адам емес. Әулие Райымбек жайында Жәкең оның басына келгенде жырмен былай тағзым еткен екен:

Атыңнан айналайын, Рыйымбек,  
Келгем жоқ аруағыңды сынайын деп.

### *ӘЗ ТӘУКЕ ЖӘНЕ ӘЛМЕРЕК*

Бас иіп, тағзым етем бір өзіне,  
Тірлікте сынайтын Құдайым деп.

Жәкең мұны Райымбектің әулие, Тәңір күш деңгейіне  
жақындаған қасиетін білген соң — осылай айтып отыр.

## Он екінші тарау

### ҰЗАҚТЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ТӘМСІЛДЕРІ

#### 1. ҰРЫҒА ЖАЗАСЫ

**А**тақты Қарқара жайлауын ежелден Албандардың, Ал Қарқара өңірімен шектесіп жатқан Ыстықкөл маңын Қырғыз-Бұғылардың да ертеден қоныс еткені белгілі. Бірі қазақ, бірі қырғыз осы екі ру-тайпаның арасында ұрлық пен барымта, түрлі жанжал дау жиі болып тұрған. Қазақ қырғыздың, қырғыз қазақтың малын ұрлап, оның соңы қантөгіске әкелген. Әсіресе, ұрылардың үйір-үйірімен мыңмыңдап жылқы әкету оқиғасы тоқтамаған. Қырғыздың бір батыры білдірмей жылқы ұрлағаны былай тұрсын соңында тіпті, күш көресетіп небір сәйгүлік, жүйріктерді Қырғыз асырады. Соңғы бір сойқан ұрлық — барымтасына шыдай алмаған Албандар қорлығы шектен шыққан ұрыны өлтіруге мәжбүр болады. Сөйтіп, ел ұры-қарақшыдан құтылады. Бірақ мұнын соңы үлкен дауға, егес-тартысқа айналады. Кісі өлімі дәлелдеуді қажет етпейтін шындық болғандықтан қазаққа кісі өлімі үшін құн төлеу жазасын кеседі. Мұны Албан, Бұғының үстінен қарайтын Орыс ұлығы мақұлдайды. Енді қазақтар жағынан Жәмеңке би келіп, тиісті құжатқа “бармақ таңбасын” басып, осы шешімді дұрыс деуі керек екен. Белгілі себептермен Жәмеңке онда бара алмайды. Орнына Ұзақты жібереді. Батыр Ұзақ неден қорықсын. Қырғыз билерінің ордасына келеді. Қырғыздар қуанып, Ұзақ батырдың өзі келді деп мал сойып, төрге отырғызып, қымыз, бозасын құяды. Кішкене отырыстан кейін адам өліміне байланысты шығарған билердің шешім-жазасы жазылған қағазды бір қырғыз Ұзаққа оқып, беріп, енді қазақ бауыр, бармақ таңбаңызды

басыңыз дейді оған қарап. Бұл бау кеспе ұрының тобымен түнде жылқы айдап, ұрлық үстінде өлгенін білетін Ұзақ ана қырғызға қарап: “Өлген ұрыға күн кескен бидің әкесінің аузын, оны мақұлдаған ұлықтың әкесінің аузын...” деп ашуланып қағазды қақ бөліп жыртып, батыр орнынан тұрып кетеді.

Шындықты айтқан мінезі дүлей Ұзаққа қырғыздар не айтарын білмей отырып қалады.

...Билер мен ұлықтың ұрыны қорғап, оның өліміне құн төлеуді кескен “құжат қағазын” жыртып, Ұзақ ұрыға өз кесім-жазасын айтып, қазақты құн дауынан осылай құтқарады.

## 2. ҰЯ БАСЫП ЖАТЫР

Ұзақ ауылында өсіп, Сарбастау өңірінде ержетіп, Құрман Орынтай елінің береке - бірлігін көрген марқұм Маралбай қария Ұзақ батыр жайында қызықты әңгімелер айтатын. Бір қыста Ұзақтың әйелі босанып, сыртта әйел атқаратын шаруаларды /отын, су әкелу/ Ұзақтың өзі істеп жүреді. Ерте тұрып күйбендеп шаруа істеп жүрген Ұзақты көргендер:

- Батыр Мұныңыз қалай? - деп сұрайтын көрінеді. Сонда Ұзақ: - Әйелім ұя басып, балапан шығарды. Қиналған оған тыныштық керек. Балапанын бауырына қысып, ұйықтап жатқан ананың ұйқысын бұзуға болмайды, - деп жауап береді екен.

## 3. БОЗЫМНЫҢ КӨБІ ӨЗІМ

Албан ішінде Сүймендіден тарайтын ағайынды Айт-Бозым тайпасы іргелі ел. Көптігі жағынан Қызылбөріктен кейін осы жұрт болса керек. Ұлы жүзге жататын Оңтүстіктегі Сіргелінің ішінде де Айт-Бозым рулары бар. Албанда малы да жаны да өскен ата. Арғы аталары Бозымнан тарайтын Ұзақтың елі Құрманда көп өскен ел. Осыны білетін Ұзақ ас-тойда шежіре айтатын қарияларға “Албанның көбі Бозым, Бозымның көбі өзім” деп әзілдейді екен. Ұзақтың қыз алыспайтын өз елі көптігі жағынан «Қабырға жетпес қара Құрман» атанған.

## 4. ЖАБЫР ЖАЙЫНДА АЙТҚАНЫ

*М*үзкөлде туып, Жабырда мал жайып өскен Тоқан атадан тарайтын бір қария Ұзақ пен Жәмеңкенің жер бөліскені жайында жиі айтатын.

Жәмеңке би ақылды әрі айралы кісі емес пе тез қамданып жақсы жерлерді ерте иемденіп алады. Ұзақ батыр аңғалдығы бар әрі сенгіш адам ғой Жәмеңке жақсы деп көрсеткен жерлерді аралайды. Біраз жайлау, өрістерді көріп келе жатқанда бірге жүрген Жәмеңке батыр «мынау Жабыр деген жер. Жаңа алдынан өттің. Мына жақ соның сырты» дейді ол ұсқынсыздау қырканы Ұзаққа көрсетіп. Сонда Жабырға көңілі толмаған батыр: “Беті ары, көгі бері қарап жатқан жер ғой мынау өзі. Амал не — маған бұйырған екен. Жарайды» — деп батыр атын тебініп, бұл жерден тез жүріп кеткен екен.

## ЖЫН-ШАЙТАНЫҢ КЕТІП, БАҚ ҚОНАДЫ

*А*йт ішінде атағы шығып, Албанға белгілі болған Көтбай деген кісі жайында қызықты әңгіме, хикаялар көп. Көтбай өмірінің соңында атбегілік өнермен даңқын шығарған. Көтбайдың “көк бестісі” деген сөйгүлік ат күллі Албанның “көзінің құрты” болған. Ағайынды Ахмет, Көтбайдың баптаған сәйгүлік тұлпарына жететін жүйрік болмаған. Құдайдың Көтбайға берген бағы — оның бәйге қылқұйрықтары екен. Көтбай бозбала кезінде тентек, аузына не келсе соны — ойламай айтып қалатын, бұла-өсек біреудің еркесі болса керек. Бірде бір үлкен топ ішінде андымай Ұзақ батырға тіл тигізеді. Бұл ел ақсақалдары мен қариялары үшін ұятқа қалдыратын іс болады. Би – ақылмандардың ұйғарымы бойынша ол өзінің әкесіндей Ұзаққа тіл тигізгені үшін жаза-сын алуы керек екен.

Ұзақ атақты бір адамның үйінде топ адаммен қымызға бөртіп, қызып отырғанда тентек Көтбай білмей кіріп келеді.

- Батыр, аға тілі кыршаңқы бұзықтың өзі келді. Оған не істесеңіз өзіңіздің еркінде” дейі үлкендер.

Ұзақ Көтбайды жанына шақырып, , түріңе қарғанда “сен түбінде бір мықты боласың” деп керегеді ілулі тұрған қамшысын алып, жөн арқадан бір осып жібереді. Көтбай бұған былқ етпейді. Екінші рет тағы бір салып жіберіп: - Сендегі жын-шайтан осымен кетті. Енді саған бақ қонады” деп ұрсып үйден шығарып жібереді. Осыдан кейін Көтбайдың қиқар мінезі жоғалып басалқы қалыпқа түседі. Кейін Көтбай - бақ-дәулет қонып, соңында атақты адам атанды. “Көтбайдың көкбестісі” атанған сәйгүлік алдымен иесінің атын шығарады.

Бұл оқиғаны Көтбай: “Ұзақтың ұрғаны есімнен кетпейді. Өйткені мен кінәлі едім. Батырдың айтқаны дәл келді. Сол қамшыдан кейін маған бақ қонды” деп кейінгілерге айтып отырады екен.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың Албан көтерілісі жайында жазған “Қилы заман” шығармасындағы жауға қарсы шабатын Көтбай. Осы Көтбайдың өмірдегі әдеби бейнесі болса керек. Өйткені Қарақолға айдалған Жәмеңке, Ұзақтарды құтқару үшін “құтырынып” шығатын жігіттердің бірі осы Көкбай (Көтбай).

## БИ ЖӘМЕҢКЕГЕ КЕЛУІ

Еаурықтың тентек баласы атанып, тұтығып сөйлеуіне байланысты ел ішінде тағы бір жанама ат алған Ұзақ батырлығы мен қатар билік-мансапқа да ие болған адам. Сондықтан Ұзақ қалың жылқысы Қарқараны шиырлған үлкен байлардың біріне саналған. Өзіне тағы жүйрік, жақсы ат бітіп, ас-тойда атағы одан сайын артқан. “Ұзақтың керауыз жүйрігі” дейтін сәйгүлік қазақ, қырғызды тамсандырып, арғы беттегі қалмақтарға да оның даңқы жеткен көрінеді.

Жалайыр еліндегі үлкен аста Ұзақтың жаратқан керауыз бесті аты бас бәйгені (50 жылқы) алады. Жаратылысы жомарт Ұзақ осы көп жылқыны түгел елге таратып, шын мырзалық жасайды. Атының бәйгеден келгенін айтып, би Жәмеңкеге келіп, ол кісіге сәлем береді. Жәмеңке бұған риза болып, енді билікке араласуына болатынын айтып, бата береді. Осыдан

кейін Ұзақ би, болыс сайлауына түсіп, өзінің бағын сынауды бастайды.

## Он үшінші тарау

### **ӘЛМЕРЕК ЖӘНЕ МҰҚАҒАЛИ ӘЛЕМІ**

1973 жылы қаңтар айында біз бірінші курста оқып жүргенде “Ауыз әдебиетінен” лекция оқыған тамаша адам, ұстаз-ғалым Мәлік Ғабдуллин дүние салды. Қайғылы хабарды белгілі әнші, студент, қазақтың Алматыдағы жақсы-жайсаңдарымен, өнер жұлдыздарымен және ЦК-дағы дөкейлермен дос, әрі олармен жиі араласатын атақты Жәнібек Кәрменов жеткізді. “Жігіттер, жақсы ұстазымыздан, адамгершілігі айрықша ағадан айырылды” деп Жәнібек көзіне жас алды.

Ертеңіне қаралы рәсім болатын жерге бару үшін гүл алып, университеттің бас корпусына келдік. Тізіліп енді орнымыздан қозғала бергенде қайдан шыға келгені белгісіз, бөртіп алған Мұқағали қасында бір орысы бар біздің қасымызға келді. Мынадай қолайсыз жағдайда ақынның қызара бөртіп, теңселіп жүрген қылығы ұнаған жоқ. Бір кезде топқа жалт қарады да жігіттер ұстаған қаралы гүлді көріп, сезімтал ақын бұрылып кетті. Кетіп бара жатып бізге қайта қарады да: «Бүгін газетке менің: “Қырандар, қош болыңдар” деген өлеңім жарияланған. Соны оқындар» деп ерекше дауыспен бұйыра айтты. Ұстазымызды ақтық сапарға шығарып, онымен қоштасуға бара жатқанда Мұқағалидың табан астында түйсік арқылы тауып айтқаны бізді ерексіз қайран қалдырды.



## ЖАМАЛБЕК ЖАҚСЫ АҚЫН

Алматыны ол кезде ел “Ақын, жазушылардың ордасы” дейтін. Алматыда не көп, ақын көп. Жазушы деген жетеді. КазГУ-дің журфагында оқытындардың бәрі ақын. Жазушылар Одағына сыймай жүретін ақын, жазушыларға “студент перілер” қосылып қазіргі қоғамдық қозғалыстар сияқты неше түрлі жиын, кездесу, жыр кештерін өткізіп, гулеп жататын еді.

Жатақханада тек журфак пен филфактың ғана студенттері емес, басқа факультеттің де қыз, жігіттері белгілі ақын, жазушылардың жаңадан шыққан кітаптарын іздеп немесе авторларына жолығып, жалпы әдебиетті ерекше рухани серік етті. КазГУ-де “Жеті Муза” болды.

Алматыда айрықша көзге түсіп, жер-көкке сыймайтын Мұқағали абитуриент, студент ақындар келіп жолықса, олардың өлендерін тындап, соңында жастармен сыралатуды теріс көрмейтін. Мұқағалиға бір күні менің ақын досым жамбылдық Жамалбек Өзбеков барды.

“Жұлдызда” жұмыс істейтін Мұқан абитуриент ақынның өлендерін тындап, “жырларың жақын екен” деп, кейін “Жылқышы” атты өлеңін атақты журналға басты. Ол кезде жастардың “Жұлдызға” жариялануы айды аспанға шығарумен бірдей еді. Жөн сұрап, тегін білгеннен кейін Мұқағали Жамалбекке: “Өзің ысты екенсің, Ұлы жүз ұлы болуға тиіс” деп әзілдейді.

## ШАРАПТЫҢ БУЫ

Еңгі курста қазақ тілінен белгілі ғалым Манасбаев сабақ берді. Ерте тұра алмайтын еріншектер: “Өзіміздің Манасбаев қой” деп кейде ол кісінің таңертеңгі лекциясына келмейтін.

Бір күні Мәкең лекция оқып тұрған. Аудиторияға тосын Мұқағали кірді. Өзінің бойы аласа адам таудай болып

Мұқағали кіріп келгенде мысы басылып, бір түрлі болып қалды. “Бұларға лекцияны сіз емес мен оқимын. Бұлардың бәрі ақын”, - деді де бір шумақ жырын оқып, Мұқаң бұрқыраған күйі терезе жаққа өтіп барып, қайта қайырылып, аудиториядан тез шығып, Манасбаевты әбіржітіп мазаламады. “Мұнда мынаны кім әкелді” деп Мәкең студенттерге қарап, кейістік білдірді. Мұқағалидың мұнда келуін ұйымдастырған марқұм Жәнібек еді. Баспадан жаңа шыққан бір кітабын бір сомнан студенттерге сатып, алдыру үшін Жәкең ақынды университетке шақырған ғой. Қызып алған Мұқағали Жәнібекті тыңдасын ба, келген соң шарап буымен лекция өтіп жатқан аудиторияға кіріп кетеді.

Мұқағалидың көзінің тірісінде оның ақындық дарыны туралы Жәнібек және жерлесі, қазір белгілі ақын, журналист Батық Мұқаңның сол кездің өзінде өлеңдерін жатқа айтып, “Мұқағали түбінде Ұлы ақын атанады” дейтін “қағида бағасын” жиі қайталайтын. Жалпы сол кеңістік кезеңдегі белгілі жазушылардың шығармалары жөнінде пікір, айтыс кейде қыза-қыза ақын студент қызбалардың арасында төбелес төбесін көрсетіп қалатын. Біреуі Мұқағалиды мақтаған, біреуі Төлегенді (Айбергенов) жақтаған екі студент ақынның жағаласып, туған күнде топалаң жасағаны бар.

## ҚҰДІРЕТТІ КОМЕДИЯ

Жұмысшылар жатақханасында құрылыста істеп, сырттай білім алатын немесе кешкі бөлімдерде оқитын жастар қалада көп еді. Әсіресе “СМУ-15” деп аталатын жастардың жатақхана қалашығында жастық дәурені жалындап, қыз-жігіттердің үйлену тойлары өтетін. Қазіргідей көшедегі жастардың (қыздардың) анайы қылықтары мен ашық “сексе тәлімі” атымен жоқ еді. Бір жұмысшы жастардың жатақханасында Алтай жақтан келген ақын жігіт тұрды.

Өлеңдері жастар газетінде жиі жарияланды. Мұқағалиды көп оқитын осы “плотник ақын” бір күні баспадан жаңадан шыққан Мұқанның аударма еңбегі Дантениң “Құдіретті комедиясын” дүкеннен сатып алып, таң атқанша оқып шықты. Мынау “таңғажайып дүние ғой” деп тамсанып жүрді. Мінезі өте қызба, демалыс күндері сыралату мен ішуді жақсы көретін ол біреулермен ерегісіп, соңында төбслесіп жатақханадан шықты. “Жазасын” өтегеннен кейін қайта орналасты. Ол Мұхтар Мағауиннің “Қобыз сарыны” мен “Алдаспанын” жастанып жатып оқыды. Жастардың іздеп жүріп оқитыны осы жазушының әңгімелері еді.

Мұқағали баспадан аударма кітабы шыққаннан кейін “жуу” салтын жасап Мұқанды (Мағауин) қонаққа шақырады. Алдына тайдың шекесін қояды. Дәл ас дастарханға келгенде үйдің жарығы сөнеді. Сонда Мұқан баспа бастықтарының бірі қонағына қарап: “аузыңды табасың ғой, асай бер, Мұқа” деген екен кесек мінез Мұқағали.

Италия ақыны ұлы Дантениң атақты шығармасын аударған Мұқағалиға кейін шетелден делегаттар келуге байланысты үй беріледі. Оған дейін онда жөнді баспана болмаса керек.

## КЕҢ ДҮНИЕГЕ СЫЙМАҒАН

Екі – үш кітабы шығып талай әдеби сыйлықтардың лауреаты болған Қуандық Түменбай «Жұлдыз» журналында істеп жүргенде Жазушылар Одағының жолдамасы бойынша Мәскеуге Горький атындағы әдебиет институтына оқуға кетті. Кеңестік дәуірдегі орыстың небір жазушы ақындарымен, одақтас республикалардан барған белгілі қаламгерлермен Қуандық араласты, білісті. Мұқағалидың талантын Мәскеудің қаламгер мықтылары, аузын айға білеген атактылары бірден таныған. Мәскеуде екі жыл оқып, кейін оқымай кетіп қалған Мұқағалиды Мержаковский “Бұл ұлы ақын” деген екен. Кең дүниеге сыймаған Мұқағали ұлы астана Мәскеуге де сыймаған.

Қуандық Мұқағалидың “Майгүлге” деген өлеңінің кейбір шумақтарын студент кезінде жатқа айтатын. Ақынды өзі талай көрді. Шабыттана оқыған жырын тыңдады. Бірде Мұқағали моншадан шығып, асханаға кіреді. Қуандық бір курстасы екеуі тамақ ішіп отырса керек. Қолына ұстаған тордың ішінде газетке оралған іш киімдері көрінген Мұқағали олардың жанына жайғасады. Қуандықтың серігі оны байқап, “асханаға мына заттармен келгеніңіз ыңғайсыз ғой” дейді. Сонда Мұқағали оған қарап: “Жігітім еркекте етеккір болмайды, осыны біл” деп қайта өзіне ақыл айтады.

Баяғы Сәбең жүретін гүлзарда тап-таза киініп, әдемі жаздық жейдесі өзіне жарасып, кейде Мұқағали жалғыз отыратын. Жалғыз өзі ішінен толғанып, ол ақын емес бір тылсым күштің дұға сарынын қайталап отырған әруақты адамдай көрінетін. Өйткені кейіпкері әулие Әлмерек, атасы Райымбек қасиетті кісілер болған ғой. Табиғат жайлы бір өлеңінде оталған орман мен қиылған талға байланысты «әулие ата» ақынға аян береді.

Бұрын Лениннің ескерткіші тұрған, Димекен басшы болған Үкімет үйінің алдындағы осы алаң гүлзарда Мұқағали мен Шәмші бір жазды күні үйлеріне жете алмай “түнеген” екен.

...Бір күні жазға салым Мұқағали, тағы да басқа атақтылар жиі жолығатын немесе әңгімелесіп отыратын осы гүлзарға Қуандық келді. Далада отырып жазған бір шығармасын досына оқып, “қалай әңгіме ұнадыма” деді. Досы бірден “бәйге аласың, өте жақсы дүние екен” деді. Кейін Қуандық конкурс жариялаған бір Қордың жеңімпазы атанды. Әңгіме кейіпкерінің тағдыры Мұқағалиға ұқсайтын. Айтпақшы, Қуандық әңгімесін оқыған жер Мұқағали көп жүретін “Аққу” кафесінің маңы еді.

## “АҚҚУ”- МЕКЕН

**Х**антәңірі - Қарқара өңіріндегі көлдерде кезінде киелі құс аққу көп болған. Мұқаң досы Әбдікке Асановтың айтуынша аңшылық серуенді өте жақсы көрген. Саятшылықта жүріп, осы киелі құстың сұлулығы мен әдемілігін және тазалығы мен тәкаппарлығын әбден білсе керек. Ақындардың көбі аққу туралы жазған ғой. Ал, Мұқағалидың қасиетті құс жайында толғауы тосын философиялық ой, ауыр сезіммен аяқталады.

Гүлзардағы “Аққу” кафесіне Мұқағали Кеңшілік, Жарасқандар тобымен келіп, қазір көзі тірі Олжас Сүлейменов те анда-санда “мәскеулік достарымен” темекісін бұрқыратып отыратын.

Кішкене “көлшік айдынында” қос аққу жүзетін ақындардың “думан кафесі” бір жылдары жабылып иесіз қалды. Ақындар отыратын, студенттер дәм тататын бұрынғы тағам сусындары - арзан кафе қазір жоқ.

## “МӘСКЕУ ПРОПИСКАСЫ” НЕМЕСЕ “ПАТША АҚЫН”

*А*л, енді қоштасайық Сардар аға, мен ертең кетем ұшып сардалама деп басталатын Мұқағалидың Пушкинге арнаған өлеңі бар. Бұл жырды ақын Мәскеуде жүргенде жазса керек. Мұқағали жайында Мәскеуде оқып жүріп, ақынға байланысты оның “ерсі” жүріс-тұрысы мен мінезіне қатысты көп естіген Қуандық: «Бала-шағамды қатты сағындым» деп оқуды тастап кеткен» дейді. “Ақынның кейде даналығына таң қаласың, кейде балалығына таң қаласың» деп Еркебұлан (Сәкен) ақын жайында поэма жазған Ғабан (Мүсірспов) тамаша тауып айтқан ғой. Мәскеуден бала сияқты отбасын сағынып “қашқан” Мұқағали кетерде қала “пропискасынан” да шықпай, Алматыға тартады. Кейін дүние салғанда ақынды Кеңсайға жерлеу үшін жер алу қиынға түседі. “Паспорт пропискасы” Мәскеуде болғандықтан.

Кенес үкіметінің адамды кеңкелес қылатын заң, тәртібі көп еді ғой. Ақын қайтыс болған қаралы жағдайда атақты ақын Әбділда Тәжібаев “қаһарланып” шаруаны шешеді. Асқаровқа және қаладағы “хатшы-төрелердің” біразына звондап, Кеңсайдан жер алды. О, баста ауылдан келгенде ақынның дарынын танып, абыздық батасын берген Әбекең, соңында сүйікті інісін о дүниеге жөнелтудің де “имандылық рәсімін” жасады.

Мұқағали Әбекеңді пір тұтты, ақынға арқа сүйеді. Ақынның Әбділда шайырға арнаған белгілі өлеңін көп адам жатқа біледі.

Тұрғанда ұйқы-тұйқы ақ самайың,  
Мен қалай,  
Әбеке, сені жат санаймын.  
Абыржып, асанды ұстап отырғаның,  
Ашулы Грозный патшадайын.

Мұқағали Әбекеңнің кесек мінез болмысын патшаға теңейді. Әбекеңе қазақтың көп ақындары өлең арнады. Дәл Мұқағалидай теңеуін тауып айтқан ешкім жоқ.

Мұқағали жыр мен “ақ жалынға” өртеніп жүрген кезінде Әбекеңе академиктік атақ берудің мәселесі шешіледі. Бірақ

жеме-жемге келгенде, іс басқаша болады. Яғни, ғылыми атак Әбекене бұйырмайды. Біреулер ақынды іштей шалып, жолын кеседі. Ақын көңілсіз үйіне оралады. Қайдан естігені белгісіз аулада Әбекенді баладай пәк көңілмен Мұқағали күтіп тұрады. Жағдайды сезген Мұқа Әбекене қарап: “Арқырап ақын Әбділда тұрғанда, академик Тәжібаевтың маған қажеті жоқ” деп ерекше қарсы алып, жұбатады. Мұқағалидың осы сөзі ақынның көңіл-күйін көтеріп, бәрін ұмыттырып жібереді.

## ӘЛМЕРЕКЕТТІҢ БАТАСЫ

Әлмерек Мұқағалидың “Райымбек, Райымбек!” атты поэмасындағы тосын кейіпкер. Би, хандарды әдебиетте теріс үгіттейтін кеңестік дәуірдің саясатын аз да болса ұстанып, бірақ жағымсыз кейіпкер қылмай Мұқағали Әлмеректі еске алды.

Мұқағалидың ұлы аталары Сырымбет және Әлмерек өз дәуірінде ілік-жақын “қарға тамырлы қазақ” болған. Райымбектің атасы Ханкелді мен Әлмерек құдандалы, қыз берісіп, қыз алысқан жекжат жақындар еді. Әлмерек пен Ханкелді батырдың батырлық хикаялары мен жекжат-жұраттық қатынастары көбіне айтыла бермейді. Бұл өзалдына әңгіме. Ханкелді хас батыр болса Әлмерек ердің құнын екі-ақ сөзбен шешетін би әрі шешен, ел иесі, кеменгер кісі болған. Күні бүгінге дейін Сырымбет еліне келін болып түскен егде апалар Ханкелдіні - “батыр ата”, Әлмеректі - “би ата” дейді.

Мұқағали халықтың ішіндегі шежіре мен аңызды және шынайы оқиға деректерді көп естіген. Жоғарыда аталған поэмада Әлмерек Райымбекке бата берердің алдында былай дейді:

Ханкелдінің сауытын кигізіңдер,  
Қыннан алып, қылышын сүйгізіңдер  
Сырымбеттің туының алдына әкеп  
Тәубе еткізіп, басын да игізіңдер

Жорыққа кетіп бара жатқанда осылай жоралғы жасатып,

Әлмерек Райымбектің тілегін тілейді. Яғни, абыздың ақ батасы Алланың құлағына шалынады.

### ӨТЕГЕН КЕНТІ

**К**емпір өлген қазір Покровка деген ауылдың ар жағы бұрын ГРЭС деп аталатын. Қазір бұл кентке Өтеген батырдың есімі берілген. Мұқағалидың кейіпкері Әлмерек абыз Өтеген батырға батасын берген ғой. Өйткені Бәйдібектен тарайтын Албан, Дулаттың жақсылары мен жайсандары, батырлары мен бағландары ежелден етене араласып, туыстық байланыстарын үзбеген.

Әлмерек әулие жатқан жерде көне Үйсін дәуірінен қалған қорым, қорғандардың орны, үй-жайлардың сұлба белгілері әлі күнге дейін көзге түседі. Осы қорымда Албан, Дулат және Шапыраштылардың бұрынғы ата-бабалары да жатыр. Түстеп айта алмасақ та мұны түйсік арқылы сеземіз.

Осы маңнан өтетін жол арқылы Мұқағали Қапшағай теңізіне барған. Іле өзенін көрген. Әлмеректің ежелгі қара қонысы осы өңір ғой. Ақынды әруақ айдап келген. Өйткені бір күні Мұқағали әй-шәй жоқ тосыннан қысты күні “Қапшағайға балық аулауға барамын” деп сонда тартып отырады.

Қапшағайдың күншығыс терістігінде Өтеген атты өңір бар. Осы манда қайтыс болған батырдың сүйегі Қапшағай теңіз болмай тұрғанда бір төбешік қырқаның баурайында еді. Кейін мүрденің су астында қалып, бүлінуі сезілген соң Қордайдан батырдың ұрпақтары келіп, түнде ай жарығымен бейітті қазып, ата-мекеніне апарып қойғаны белгілі. Абылай ханның белгілі серіктерінің бірі болған Өтеген қазаққа жерұйық іздеген абыз батыр ретінде тарихта қалған. Өтегенді Жамбылдың қалай жырлағанын айтып жатудың қажеті жоқ шығар.

Мұқағалидың кіндік қаны төгілмесе де табанының ізі қалған Іле өңіріндегі Өтеген кентінде ақын аруағының жаңғырып тұрғанына қайран қаласыз. Осындағы мектепте Мұқағалидың мұражайы ашылды. Туған жері Қарасаздың жарты тарихы мен дерегі осында көшіп келіп, үлкен бір зал



Мұқағалидың мұражайына айналды. Жыл сайын ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты мұражайда қызықты шаралар жалғасады.

## ҚАПШАҒАЙ. ШОҚАН. «ШОЛПАН».

Жетпісінші жылдың басында Жетісу жерінде “ұлы теңіз” Қапшағайдың атағы шықты. Алматыдан көл жағасында демалу үшін қала халқы онда ағылды. Қапшағай бұрын зор көлдің орны - ашық далада пайда болған. Ілені бөгеу арқылы қолдан жасалған бұл “ұлы құрылыс” шөлді, суға айналдырған адамның құдіретгі ақыл-ой жемісі болғандықтан оны әдейі теңізге теңеп отырмыз. Қапшағайды ежелгі тайпа Албандар “Көкала жар” деп атаған. Бұл өңірде Шоқан болған. Қашқар сапарында Шоқан Албандар еліндегі Іле көпірінен өтіп, Қарқараға қарай бет алғанын жазады.

Қапшағай теңіз болғанда су астында талай қорым бейіт, тарихи мекендер қалды. Бір атақты абыз «Өтеген су астында қалады. Райымбек шу астында» қалады деп текке айтпаса керек.

Қапшағай өңірін картаға түсіріп, Іледен өтіп, Үш Меркі арқылы Қарқара, Шәлкөдеге келген Шоқан таулы өлкені әбден зерттеп, күнделігіне жазады.

Мұқағали кіндік қаны тамған жерге (Қарасаз-Шәлкөде) Шоқанның келгені жөнінде көп оқып, алған білім әсері бойынша “Шолпан” атты шығарма жазған. Ақын оттай жанған хан тұқымы Шоқанның жас кезін жақсы суреттейді. Жайлау түні, тау табиғаты, бай ордасы поэмаға біраз арқау болған кейіпкер. Шолпан қыз ақынның қиялынан туған сияқты.

## Он төртінші тарау

### ДИНМҰХАМЕДТИҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ

#### ӘЛМЕРЕК ЖӘНЕ ҚОНАЕВ РУХЫ

Екінші рет Меккеге қажылыққа барып, елге қайтып келе жатқанда Қонайдың ұлы, Жетісу елінде ғұлама молда атанған Жұмабай ата түс көрді. Түсінде “әулие” деп ел құрметтеген Азынабай мен оның әкесі Нұрманбет елестеді. Тағы да біраз ата-бабалары түске кіріп ойынан шықпады. Солардың бірі Нұрманбет болар-ұрпағы жасы елуден асқан Жұмабайға түсінде мылтық сыйлады. Ұлы Меңдіахметтің жұбайы, өзінің келіні Зәуре жүкті еді. Құдай қаласа немерелі болады екенмін деп түсін жақсылыққа жорыды. Қажылықтан келе жатқанда көрген түсі Алла-Тағаланың аяны сияқты есінде қатты сақталып қалды. Өйткені Жүмекең Алланың ақ жолынан айнымаған жүрегі таза, жаны пәк, тұлабойы нұрдан жаралғандай жан еді.

Жүмекең соңғы рет қажылықтан келгенде Алматыдағы күллі мұсылман қуанды. Қажының қолынан зәм-зәм суын ішуге келгендерде қисап жоқ еді.

Қуаныш жалғасып жатқанда Қонай әулетінде Құдай-Тағаланың күллі туған - туыс, ағайын - жекжатты, қалакенттегі мұсылман жамағатын таңдандырған оқиға болды.

Жүмекеңнің келіні, тегі қаңлының қызы, ай-күні жетіп отырған Зәуре келін босанды. Шекесі торсықтай ұл туды. Жүмекең көрген Алла-Тағаланның аян түсі айна - қатесіз келді. Бала өте көркем, маңдайы жарқыраған, арғы атасы Қонайға тартқан қараса көз тоймайтын келбетті еді. Сәби 12-

ші қаңтар сәрсенбінің сәтті күні шыр етіп жерге түсіп, кіндігі кесілді. Балаға ат қою қазақ салты бойынша ата-әжелердің қалауына байланысты болатын дәстүр еді. Немересіне атты Жұмабай қажының өзі қойды. Молда ата азаң шақырып “Балам, сенің атың Дінмұхамед, Дінмұхамед, Дінмұхамед” деп үш рет осы атты қайталап, сәбидің маңдайынан иіскеді. “Өмір жасың ұзақ болсын, қатарының алды бол қашанда” деп соңында бет сипап бата берді. Жүмекеңнің балаға Дін мен Пайғамбардың (Дінмұхамед) атын қатар қойғанының сыры түсінікті еді. Атасы Азынабайдан бастап, арғысы Бәйдібек биден тартып, Қонайдан бері жалғасқан ұрпақ ежелден қасиетті Дін жолын ұстанған діндарлар болатын. Қонай әулеті Мұхаммед пайғамбардың үмбеті екендерін бір сәт естерінен шығармайтын нәби рухтас мүміндер болатын. Сондықтан балаға осындай ат қою Жұмабай қажы үшін парызға саналды. Осылай деп ат қойғанына өкінген жоқ. Бала балдырған кезінен сабырлы, иманды, шыншыл, талапты, бәрін білуге құмар, қашанда бір тұңғыық ойда жүретін әкенің сүйікті перзенті еді. Ол көбінде мешіт жанында ойнайтын. Қиямпұрыс мінезі жоқ, әке-шешесінің қас-қабағына қарайтын баланың жанұядағы екінші аты, яғни ерке аты - Димаш еді.

Жүмекең сүйікті немересінің қызығын көре алмай арада көп өтпей өкінішті жағдайда дүние салды. Ең соңғы сөзді әл үстінде жатып айтты: «Мен енді бармын ба, жоқпын ба о жағын білмеймін. Енді сенің тілеуінді Алла- Тағала содан соң әжең тілейді» деп жатып үзілді. Жүмекеңнің жары Хадиша атына заты сай, көркіне ақылы сай, ғибадат құлшылығына жүріс-тұрысы, іс- әрекеті үйлескен ол да әулие шалыс ана, қала-кенттегі сыйлы жан еді. Немересі өмірге келгенде әженің де қуаныштан жүрегі жарыла жаздаған. Сөйтіп, Дінмұхамед сәби кезінде атаның бата сөзін естіп, ес біліп ержеткенде әжесінің тәрбиесін алып, жігіт болғанда әкесінің ақылын тыңдап, көп балалы отбасында есейіп ержетті.

## АЗЫНАБАЙДЫҢ АРМАНЫ

**Д**інмұхамед - Димаштың бесінші атасы, кейінгі Қонайдың әкесі Азынабай атты бай кісі еді. Қасиетті Қаратау өңірінде өмірге келген жарықтықтың түпатасы Зорбай (Ауызыүсіген) көше-көше аты аңызға айналған көшпелі болатын. Оның ұрпағы Азынабай Шу, Бақанас өңірінен көшіп Аягөз арқылы Шыңғыс таудағы тобықты елінен бірақ шығады. Ұлы Қонай тобықтыдан қыз алып, Құнанбай қажы еліне күйеу бала болып перзент сүйеді. Үйсіннен келген кірменің бақ жұлдызы жанып байды, атағы шығып мұндағы елдің күншілдігі мен қызғанышын қоздырады. Қонайға байланысты неше түрлі жағдайлар, дау-дамай мен өшпенділік өршиді.

Бір күні жасы келген Азынабай баласы Қонайдың алдағы өмірі мен тағдырын ойлап, атақты жауырыншы көріпкелге болашағын болжатады. Жауырыншы ә дегеннен “Азынабай сен жуықта дүние саласың, ұлың Қонай атажұрты Алатау жаққа көшеді. Ауыр, азапты жағдайларды көшіп бара жатқанда көреді. Ұрпағың бұл дүниеде қайғы-қасіретті, азап-қиындықты біраз бастан кешіреді. Сенің не төртінші не бесінші ұрпағың бір бала өмірге келеді. Сол ұрпағың сенің әулетіңе құт болып, дүние есігін ашады. Бала менің көруімше құжынаған халықтың ішінде жүр. Нұр мен сәулеге шомылып жүр”, - деп сәуегей көріпкелдік сөзін аяқтайды. Өмірге келуін жауырыншы сәуегей болжаған сол бала Қонайдың төртінші ұрпағы, Азынабайдың зәу-зәті Дінмұхамед Қонай (Қонаев) еді. Қонайдың ата-жұртын аралап кітап жазған Шона Смақанұлы көркем шығармасында осы оқиғаны келтіріп, Димекеннің ата-бабалары жөнінде қызық ой толғайды. Азынабайды - Қазынабай, Қонайды - Жанай деп аттарын өзгертіп алған Шона кітабында сәуегейдің Дінмұхамедтің өмірге келуі жөніндегі оқиғаны текке келтірмеген. Шөкен оқиға деректерді және сәуегейдің болжамын Қонайдың немересі ақын Мендіахмет ақсақалдан естіп, ол кісімен ұзақ әңгімелесіп жүріп, өмірден алған шындық бойынша шығарма жазған ғой.

## ҚОНАЙДЫҢ ҚҰРБАН БОЛУЫ

**Қ**онай Димекеңнің естелігінде батыр шалыс кісі ретінде суреттеледі. Жазушы Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі “Абай жолы” романында Қонай барымташыларға қарсы жігіт жинаған жасақ басшысы ретінде аты аталатын кітап кейіпкерлердің бірі. Романда кейіпкер бейнесі былай айшықталады: “ұзын сары келген, бойында артық қырым ет жоқ дейтіндей сүйекті, сіңірлі Қонайда кең жауырынды, қараңғы кештерде алпамсадай бойымен биік аттың үстінде ол түйе мінген кісідей көрінетін”. Димекеңнің өте биік, алып тұлға адам болғаны белгілі. Яғни, келбет-кескіні, түр-тұлғасы, сүйек-сыны бабасы Қонайға тартқан. Көркем шығармада азан шақырып қойған атымен есімі аталатын Қонай көп рулардың ішіндегі елге белгілі азамат ретінде танылады. Азынабай-Қонай Жетісудан Арқаға, қайтадан Арқадан Алатау мен Балқаш арасындағы кең сахара-далада үдере көшіп жүретін көшпенді қазақтардың нағыз өзі.

Арқада атағы шыққан Қонай кірме деген сөзді көтере алмай Алатау өңіріне келеді. Ол көшкен кезде оған кектенген дұшпандары артынан қуып келіп, қазіргі Қаскелең маңында өлтіреді. Жаулары бесін намазын оқып отырған кезінде білдірмей келіп, қапыда мерт қылып, кектерін алады. Қонай қазаққа ежелден тән “жер дауы мен жесір дауының” өршіп, соңы адам өліміне әкелген сойқанның құрбаны болып дүниеден өткен. Ол өзін сүйген біреудің жесірін алып қашады.

Жауы жанын алуға келгенде оқып отырған намазын бұзбаған Қонай Алла-Тағала ғибадат құлшылығына жан-тәнімен берілген жанқияр жан ретінде ел есінде қалған.

## ЖҰМАБАЙ ҚАЖЫНЫҢ ӨНЕГЕСІ

**Қ**онайдың бел баласы Жұмабай Арқада арғын елінде өмірге келеді. Жастайынан зерек, өте алғыр болып өседі. Әкесі Қонай өлгенде 7-жаста қалған жетімді әкесінің бауырлары бауырына басып, жеңгелері оған ана болып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай әлпештеп өсіреді. Өйткені, Қонайдан қалған жалғыз ұл ұрпақ осы бала еді. Жұмабайды сәби кезінде нағашылары алып қаламыз деп жанжал шығарады. “Бала мен бірге бақ дәулет, байлығымыз кетеді” -деп ойлайды. Сондықтан әкесі Қонай ұлын қайын жұртына білдірмей ұрлап әкетеді. Жұмабай Алматыда алғаш ашылған мешіт жанындағы дін мектебінде дін сауатын ашып, медресеге түседі. Димекеннің атасы Жұмабай қажының бала кезінде оқып, тәлім алған мешіт Тәуелсіздіктен кейін қайта қалпына келді. Алматы қаласының күн шығысындағы 19-ғасырдың ортасында салынған Татарка мешітінде екі қазақ баласы білім алады. Солардың бірі Қонайұлы Жұмабай еді.

Бала жасынан дін оқуына қатты беріліп, ерекше білімді молда атанған Жұмекең сол кездегі төменгі Іле болысы атанған елде бала оқытады. Қазіргі Балқаш, Іле аудандарының территориясы ол кезде осылай аталса керек.

Қырда қазақ арасында бала оқытқан Жұмекең сол кездегі Жетісуға әйгілі Сарыүйсін Қали бай мен татар көпесі Сқақ Ғабдуалиевпен, орыс алпауыты Пугасовпен, тағы да басқа атақтылармен араласады.

Басында молда, соңында медреседе ұстаз болған Жұмекең Сқақ байға туыстық жақындығы бар Хадиша атты өте көрікті бойжеткенге үйленеді. Құдай қосқан қосағыда дін жолындағы адал ана еді. Екеуі оннан аса ұл, қыз тәрбиелеп өсіреді. Жұмабай қажы мен оның жұбайы Хадишаның міскін, ғаріптерге, жетім жесірлерге көмектесіп, оларға әрқашан қамқорлық жасайтын мұсылмандық әрекеттері Алматы (Верный) қаласында өнеге-тәлім болып елге тарайды. Әсіресе,

1911 жылғы Алматыдағы апатты жер сілкінісі кезінде әкешесінен айырылған балаларды өз перзенттеріндей көріп, оларға пана болып, мейірімділік көрсетуі ел ішінде аңыз еді. Сондай-ақ бір жылдары “қара шешек” қаптаған індет ауруы кезінде Жүмекең мен Хадишаның науқастарды емдеген істері де оларды алғысқа бөлейді.

Жүмекеңнің қажылыққа екі рет баруы ол кезде өте діндарлықтың белгісі еді. Алғаш қажылыққа жаяу барса керек. Сондықтан ол кісінің қажылық сапары әулиелердің әрекетін елестетеді. Сондай-ақ Ресей заңы мен тәртібіне байланысты ел ішінде уағыз айтып, дін қағидаларын түсіндіру, қажылыққа қатысты жол жүру ережелерін, тағы да басқа қажылық сапарлары мәселелері бойынша іскерлік әрекеттерді ұйымдастыру Жүмекеңнің міндеті еді. Ел аузындағы әңгіме бойынша Жетісу мұсылмандары үшін Меккеде қоналқа (үй) салдырған Жұмабай қажы деген дерек бар.

Жұмабай қажының сүйегі өзі дін сауатын ашқан мешіттің күн шығысындағы қорымда жатыр. 60-шы жылдары Алматыдағы ай белгісі бар көне мұсылман қорымы құрылыс жұмыстарына байланысты ысырылып тегістелмекші еді. Көзі көргендердің айтуынша бульдозер өртеніп, тағы да басқа тосын жағдайлар болғандықтан мұндағы құрылыс тоқтайды. Жұмабай қажының ұлы Меңдіяхмет баласына (Қонаев) телефон соғып қорымдағы оқиғаны айтады. Ол кісі тиісті адамдарға ескертіп, ол жерге тиіспеуді айтып, онда ағаш егуге нұсқау береді. Қорым қазір Татарка маңында саябақ болып тұр.

## МЕҢДІАХМЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮСІ

**Ж**онайдың немересі, Жұмабайдың ұлы Меңдіахмет өте еңбекқор өз бетімен оқып үйренген, екі-үш тілде еркін сөйлейтін өз заманының зиялысы болды. Атақты Бауыржан Момышұлы кез-келген адаммен әңгімелесіп, сырласып, сыр бөліспеген ғой. Көпті көрген, сауда жасап дүниені шарлаған қазақ салты мен шежіре тарихына сұңғыла Димекеңнің әкесі мен Бәукең бірде ұзақ әңгімелеседі. Бұл жайында белгілі қаламгерлердің бірі жақсы жазды.

Отызыншы жылдардың ойраны кезінде Сқақ байға қатысты қылмыстық іс қозғалғанда Меңдіахмет атылып кете жаздап, әйтеуір құдай сақтағанда аман қалады. Өйткені ол осы атақты байдың қол астында қызмет еткен. Орыс тіліне жүйрік, іскер, адал, еңбекқорлығы аңызға айналған Мекең Алматы шаһарындағы әйгілілердің бірі еді.

Сауда жұмысымен Мекең Қарқара, Қоянды, тағы да басқа атақты жәрменкелерге келіп, сол кездегі мырза, әкім, бай, болыстардың көбімен таныс болады. Қазаққа белгілі ақын, әнші, жыршылардың талайын көреді. Жамбылмен кездесіп, жырын тыңдап, өленің жаттайды. Өзі де ақын Меңдіахмет ақындарды бағалаған және олар жөнінде көп білген. Өзінің туа біткен ақындығы бар Меңдіахмет ақындықты кәсіп етпей өз ісімен шұғылданып, бала-шағасын ‘бағып, оқытып-тоқытып оларға жақсы тәрбие берген әке тәлімгер болды. Ұқыпты, дарынды, әдепті, сабырлы Меңдіахмет егер мектеп көріп, жоғары оқу орнын бітірген болса - ғұлама ғалымдардың бірі болатын кісі екен. Шешен, суырып салып сөйлейтін, әзілқой, ел ішінде Ахмет атанған Мекең сонау 30-шы жылдардың қиын-қыстау, ашаршылық жайлаған кезінде он шақты баласын түгел оқытады. Олардың ішінде Дінмұхамедте бар. Ахаң (Меңдіахмет) мешітте дін сауатын ашып, әкесі Жұмабай қажының үйретуімен шарифат, хадис ілімін меңгереді. Құдайға құлшылық, ғибадатты бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін жалғастырады. Сауда сапарларында жүріп, намаз дұға-тілектерін ұмытпай Алла-Тағала



парызына адал мұндай адамдар ешкімге қиянат жасамайтыны анық. Сондықтан Аханды Алла-Тағаланың өзі бірнеше рет ажалдан арашалағаны шындық.

Кеңестік атейстік дәуірде партия қайраткерлері арасында әкелері намаз оқып, шешелері ораза ұстаған тек Қонаевтар әулеті еді. Ахаңның өзінің ұстаған құраны болған. Өмірден өткенде құранды Қызылордадан әкесіне көңіл айтуға келген Ыбырай Жақаевқа Димекеңнің өзі ырым қылып арнайы сыйлайды. Ыбекеннің немере ұрпағы жазушы Қуандық Түменбаев бұл жайында жиі әңгімелейтін.

Ахмет ақсақал Алла-Тағаланың аян түстерін көретін қасиеті бар кісі еді. 1962 жылы Димекеңді үлкен қызметтегі орнынан алып төмендеткен кезде Қонаев күйзеліп, қиянатқа төзе алмай қатты қапаланады. Көңіл-күйі болмай ұнжырғасы түседі. Бір күні ежелгі әдетінше әкесіне сәлем беріп, хал жағдайын білуге келеді. Кіріп келгенде түрінен реніш пен селқостықты сезген әкесі: “Балам, қапаланба. Мен бүгін түс көрдім. Түсімде үйдегі кең дастархан қайта жайылып, қонақтар келіп жағыр екен. Сен қайтадан өсіп, бұрынғы орныңа барасын. Жанашыр достарың риза болып, құттықтауға келеді. Сондықтан өткен іске өкінбе, балам. Құдай-Тағала бәрін көріп тұр” деп жұбатады. Арада екі жыл өткенде 1964-жылы Димекең бірінші басшылыққа қайта келеді. Осы жерде Аханды еріксіз әулие ғой деп айтуға мәжбүрсіз. Әкесі Ахаңнан дарыған қасиет болса керек Димекеңнің өзі де кілтпан іс- әрекеттерге қатысты және тосын оқиғаларға байланысты алдын ала түс көретін болған.

Ахмет қарияның көп құдаларының бірі ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» шығармасында аты аталатын, 1916-жылғы Албан көтерілісі көсемдерінің бірі Серікбай Қанайұлының ұрпақтары болатын. Ахаңның қызы Нәиля Дәулет Мырқасымұлы Серікбаевқа тұрмысқа шығады. Өскемен құрылыс-жол институтының тұңғыш ректоры Дәулет Мырқасымұлы Ахаңның ең жақсы күйеу балаларының бірі болды. Өкініштісі, ердің жасы елуге келген кемел шағында тосын өмірден өтті. Қайғы Ахаңның қабырғасын қайыстырып кетті. Дәулеттің қазасына арнап жазған Ахаңның өлеңінде мынандай шумақтар бар:

Немере Серікбайға Дәулет өтті,  
Жете алмай арманына ерте кетті.  
Елге ерекше танылып жүрген кезде  
Қу өлім орта жолда қуып жетті.  
Кісі еді ақылы мол, миға толық,  
Баспайтын жаманшылыққа мойын бұрып,  
Жақсылық қолдан келсе аямайтын,  
Кететін жан разы болып.

Мұнын алдында 30-шы” жылдары кеңес үкіметі жауларының қолынан қаза тапқан тұңғыш күйеубаласы Айтжан Түркебаевтыда өлімге қимай қатты жоқтайды. Ол Әмина атты үлкен қызының жұбайы еді. «Отымның жарығы, суымның тұнығы едің, қарағым» деп басталатын ақ өлең ұйқастары ол кісінің шешендік қасиетін аңғартады. Ахаңның әкесі Жұмабай қажы ауырып жатқанда шығарған толғауларының үзінділері алдыңғы жылы «Ақиқат» журналында жарияланды. Ахаң шешендігімен қатар отырған жерін күлдіріп отыратын әзілқой кісі еді. Бірде көкбазарда қымыз ішіп отырғанда баласының қызметте өсуін ойлаған туысы келіп: “Аха ана үлкен үйде отырған балаңызға айтып көріңізші. Менің баламның қызметін өсірсін” деп қолқа салады. Сонда Ахаң «Ол менің балам емес, үкіметтің баласы ғой» деп әзілмен жауап береді.

Ахаңның әйелі Қаңлы Еңке батыр елінің қазағы Зәуре атты момын, қақ- соқпен ісі жоқ, бір тоға жан еді. Қазақтың ежелгі салтымен діни ғұрпын әулеттегі бұл ана атейстік заманның өзінде бұзбай өмірден озды. Дәретсіз бала емізбейтін өте таза, мейірбан ана аналық қасиетімен қадірлі болды. Барға қанағат қылып, жоққа шыдаған анасы Зәуре жайында Димекен естелігінде егіле еске алады. Қазіргі көзі тірі қыздарының айтуынша он үш жасында тұрмысқа шыққан. Ахаңның әкесі Жұмабай қажы бір көргеннен ұнатып, құда түсіп, ұлына өмірлік жарды өзі таңдаған ғой.

Құдай қосқан қосағы Мендіахмет (Оң самайында ерекше меңі болған) екеуі өмір бойы шәйдеспей бірін-бірі құрметтеп, бірі қауым немере- шөберелерінің, ұлдарымен-қыздарының және сүйікті күйеу балаларының аялы алақанында сүйіспеншілікке бөленіп, бақиға аттанған анада арман жоқ еді.

## АЛЛАҒА СЫИЫНҒАН АНА

**Д**имекең басшы болып, атақ-даңқы дүркіреп тұрған жетпісінші жылдары “Қонаев қайын атасының басына күмбез орнатты. Сәкенді қорлаған, Кеңес үкіметінің жауы Шәріп Ялымовты ұлықтады” деген сияқты қауесет тарап, жел сөз үдеді. Бұл Димекеңді көре алмаған күншілдердің ісі еді. Ескерткіш-құлпытас Зухраның әкесіне емес дүниеден ерте кеткен анасына орнатылып, іштей аруақтарға дұға тілеген мұсылмандық парыз-сауапты іс еді. Амал қанша Құдайсыздардың аруақ қорлауы шеттен шыққан заман болды ғой. Дәлелсіз айыптау мен кінәлау Димекеңнің жары Зухраның жанын жаралап, жүрегін қан жылатты. Жұбайы Димекеңе ренжіп “Сенің биліктен биікке көтерілгенің менің марқұм болған бейшара анамның сүйегін сырқыратты-ау” деп қатты налиды. Өйткені әкесі халық жауы атанып, кейін Ташкентте қайтыс болған. Сүйегі осы қалада жатқан әкесіне Атбасарда құлпытас қойды деп Қонаевтың әйелі Зухраны кінәлаған ақымақтардың ісі шынында оңбағандық еді. Анасынан ерте айырылып, өгей шеше тәрбиесінде өскен Зухра жапа шегіп, қиындық көріп бойжетеді. Құдай-Тағала бағына ол кезде жас жігіт Дінмұхамедті кездестіріп, оған тұрмысқа шығуы - оның бағын ашады. Бақытты жанұя құрады. Туған шешесінен ерте айырылып, қыз кезінде қиындық көріп, үй шаруасымен қатар тұз шаруасына пысық болып есейген Зухра тігін тігетін, кілем тоқитын, колмашинада неше түрлі маталарға ою-өрнек салатын ісмердің өзі еді.

Бау-бақша күту, жеміс-жидектен неше түрлі тосап жасап, шырын сусын дайындайтын ол шын-шаруақор әйел үйдің берекесі еді. Сиыр сауып айран ұйыту, қаймақ, сарымай, құрт, ірімшік сияқты ежелгі қазақ тағамдарын да келістіріп бабына келтіру оның ынтыға істейтін шаруасы болған. Атақты атбазары Атбасарда туғаннан болар-Зухра ат құлағында ойнайтын шабандоз қыз атанған. Жары Димекеңде бала кезінде жүйрік, сәйгүліктерге құмар еді. Димекең жайлауда бала кезінде тай мініп, балалармен жарысқанын бір естелігінде еске алады.

Димекеңнің атасы сияқты Зухраның да атасы Меккеге қажылыққа барған, Құдай жолындағы жандар еді. Екеуін

алдымен Алла-Тағала, содан соң ата-баба аруақтары өмір бойы желеп жебеген. Өйткені өмірлерінің соңына дейін балдай тәтті ғұмыр кешті. Өкініштісі, бір перзентке зар болып кетті.

Зухра Шәріпқызы орта білім алған, мамандығы есепші-экономист болатын. Зухраның замандастары ол жөнінде жаман сөз айтқан емес. Бала кезінен үйдегі тәрбиенің әсерінен болар-ол да діндар, иманды, бір сөзбен айтқанда әйелдің бекзаты еді. Ананың атеистік заманда сыртқа сездірмей Алла-Тағалаға сиынып, құдайға құлшылық еткені кейін дін қайта оралғанда белгілі болды. Кітапты көп оқыған рухани жағынан бай Зухра ханым Араб елдеріне барғанда құран, тәспих және хадис кітаптарын іздейтін ерекше жан еді.

Қонаевтар әулетіне келін болып түскен татар қызы қазақ салты мен дәстүрін де берік ұстанды. Қазақша, татарша ән салғанда тыңдаушылар “Зухра тағы айтшы” деп қолқалайтын еді. Димекеңнің үйінде күйсандық пен қатар домбыра да тұрды. Зухра аздап күйсандықта ойнаған болу керек. Өйткені музыканы қатты ұнатып, оған ерекше берілген жан екенін Димекең естелігінде айтады.

Зухра ата күтіп, ене сыйлаған, аға ардақтап, келін тәрбиелеген әйел болды. Атасы Ахметті, енесі Зәурені қатты құрметтеп сыйлаған. Олар үшін үйде барлық жағдай жасауға тырысқан. Димекеңнің алты-жеті қарындасы болды. Солардың бәрімен тіл табысып, жанұяда татулықты сүйді. Зухра ханымның жұрт көп айтатын бір ерекше қасиеті бар еді. Ата-енесі ораза ұстап, намаз оқитын жандар болғандықтан оларды мешітке апару Зухраның міндетіне саналды. Олардың Құдайға құлшылық ету жолындағы әрекеттерін жақсы көрді. Атеистік заманда Зухраның атасын мешітке жұма намазға әкелетін сауапты ісі жөнінде айтсақ-бұған біреулердің сенбеуі мүмкін.

Зухра Шәріпқызының ақылдылығына кезінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовте риза болған екен. Қызы Ләйлә Димекеңнің інісі Асқар Қонаевқа тұрмысқа шығарда “қалың мал” салтын жасап, жолдасының іс-сапарда екенін айтып, құдалыққа атасымен бірге Зухрада келеді. Құда-жекжаттық сыйластыққа байланысты сөз айтылғанда “Төркіні жақынның төбесі биік келеді” - деп қыз берген құда жақтың тектілігі мен

мықтылығын меңзеп әңгіме бастайды. Бұған Мұқаң қатты риза болып, Зухраға барынша құрмет көрсетеді.

Аханның келісті келіні, Димекеннің ғашық болып қосылған сүйікті жары тоқсаныншы жылдың басында ауыр науқастан айықпай, төсек тартып жатып дүние салды. Үзілерінің алдында “Димаш бүгін мен бір жақсы түс көрдім. Сенің жұлдызын қайта жанады екен” деп соңында “Менің мәңгілік ұйқым тыныш болсын десең - бақилық ғұмырымдада бірге болшы” - деп бейітте бірге жатуды меңзейді. Арада көп өтпей Димекенде өмірден озды. Қалдырған өсиеті бойынша ағайын туыстары Димекеннің сүйегін Зухра жатқан қабірдың жанына әкеліп қатар жерледі.

## ҚОЖЕКЕ БАТЫРДЫҢ ҚЫЗЫ НЕМЕСЕ “ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗДЫ” КҮЙЕУ БАЛА

Күйеу бала Дәулет мезгілсіз өмірден өткенде Ахмет қарияның көпке дейін өксігі басылмай, қайғысы сейілмеді. Қонаевтар әулетіндегі бұл қайғы аса ауыр еді. Алапат соғыс, қырғын майданда бірнеше рет ауыр жараланып, қайтадан соғысқа кірген бұрынғы танкист, жүрек жұтқан батыр Дәулеттің кейін бейбіт күнде дүние салуы-Құдай-Тағаланың бір тосын ісі болды. Дәулет әйгілі Әлмерек батырға әже жағынан жиен ұрпақ болатын. Атасы Серікбай Қанайұлы 1916 жылғы Албан көтерілісі көсемдерінің бірі ретінде атылды. Оның әйелі Орыс, Қытайға бағынбай, бостандық жолында құрбан болған құрман Қожеке батырдың қызы Көкшегір ана еді. Әлмерекетің батыр ұрпақтарының бірі Қожеке өзінің жауға қарсы жорықтарын күйге айналдырған асқан күйші ретінде де белгілі: Дәулет бала кезінде әулие Әлмеректің тікелей ұрпағы Көкшегір әжеден тәлім-тәрбие алып өседі. Әжесі Албан кетерілісіне байланысты Қарқараға дерек жинауға келген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовты бір күн үйіне қондырып, қонақ қылып өзі көрген қанды оқиғаларды оған айтып берген зерек әрі әкесіне тартқан өжет, қайсар әйел еді. Жолдасы Серікбайды Қайқы асуы маңында солдаттар атып,

денесін далаға тастап кетеді. Елдің үрейленгені соншалық - Секеңді жерлеуге ешкімнің батылы бармайды. Өйткені қол бастаған Ұзақ, Жәмеңке және Әубәкірлер ұсталып қамалған болатын.

Көкшегір ана “Алла-Тағала өзің қолда, Әлмерек ата әруағы жебе” деп өлік жатқан жерге өзі келіп, ерген бір-екі жігітке қабір қаздырып, жұбайы Серікбайды өз қолымен жерлейді.

Дәулеттің бойында ата-жағынан да әже жағынан да дарыған ерен батырлық бар еді. “Ұядан не көрсең-ұшқанда соны ілерсің” деген. Дәулет ұлы әулеттен шыққан, Қыдыр дарып, бақ қонған елдегі дала қазағының өзі еді. Өз әкесі Мырқасым Жетісуда Кеңес үкіметін орнату жолында күрескендердің бірі болатын.

Сталинград шайқасына қатысқан, Қиыр шығыста Жапон басқыншыларын талқандауда ерлігімен ерекше танылған ол “Қызыл Жұлдыз” орденін, тағы да басқа жауынгерлік атақтар алған азамат еді. Таулы өңірде туып-өскен тау тұлғалы Дәулет Мырқасымұлы майданда байланысшы, бұрынғы жауынгер қыз Найля Ахметқызы Қонаевамен соғыстан кейін кездейсоқ кездесіп, жолыққан сайын білісіп, соңында 1949 жылы үйленеді. Қонай батырдың ұрпағы да аталарына тартқан батыр екенін майданда көрсетеді. Майданда болған жігіт пен қыздың үйленуі сирек оқиға. Бұл Қонаевтар әулетіндегі өзіндік ерекшелігі бар отбасы, әскери жанұя еді. Димекеннің екі қарындасы Найля мен Фазиляның соғысқа барып, жаумен шайқасқанын әскерилердің өзі біле бермейді.

Майданда танкист, соғыстан кейін Ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін бітіріп, содан соң аспирантурада оқыған Дәулеттің ғылым жолындағы еңбегі де ұшан-теңіз. Ол Өскемен қаласындағы Құрылыс жол институтының іргетасын қалап, соңында аталған оқу орнының тұңғыш ректоры болды. Заман талабына сай өзгерген қазіргі Шығыс Қазақстан Мемлекеттік техникалық университеті бұл күнде Дәулет Мырқасымұлы Серікбаевтың атымен аталады. Университетте ғалымның өмірі мен еңбегіне арналған мұражай бар. Осы Университеттің проректоры, техникағылымдарының докторы, профессор Ж.Құлсейітов Дәукең жайында шыққан “Тұңғыш ректор” атты естелік кітапқа

жазған алғы сөзінде оның жоқтан бар жасаған жанкешті еңбегін ерекше бағалайды. Өйткені оқу- орнына Дәукеннің аты текке берілген жоқ.

“Орнында бар оңалар” деген Дәукеңнің сүйікті балалары Даниял, Жанетта және Бахтияр әкенің баға жетпес байлығы, өмірінің жалғасы болып оның ұрпақтарын көбейтіп келеді.

## Он бесінші тарау

# ӘУЛИЕ ТӘҢІР ТАҒЫНДА ОТЫР

### Димекеннің дәл өзі

Күннің найза бойы көтеріліп, қақ төбеге келгенге дейінгі аралығын қазақ «сәске» немесе «сәске түс» дейді. Осы мезгілге байланысты Құранда Сәске («Дұха») деген сүре-аят бар. «Сәскемен ант етемін» дейді Алла Тағала.

Бауыржан батыр көшесі бойындағы ұлыстың ұлы күнінің мереке-қызығы дәл сәске түсте басталады.

Д.Қонаев атындағы колледждің ұжымы тіккен алты қанат ақ үйде наурыз көже ішіп, бір бейтаныс үлкен кісімен әңгімелесіп отырдым. Бір кезде таудай болып, тұлғасы Димекеннен айнымаған, түр-келбеті де ұқсаған дәу кісі кіріп келді. Төрде отырған мен орнымнан тұрып, «Мұнда келіңіз менің жаным бос» деп қошемет көрсетіп, қасыма отырғызып жөн сұрадым. Оралдың қазағы екен. Сол жақтан келіпті. Сөз арасында «Қонаевтың егіз сыңарындай ол кісіден айнымайды екенсіз» дедім. «Иә, көргендердің бәрі мені Қонаев» дейді. Қазақ былай тұрсын бізге жақын Ресейдің орыстары да мені «Қонаевтың егізі» деп барған жерімде қашанда төрден орын береді. Сен де мені төрге шақырдың ғой, інім» деді. Аты-жөнін сұрап, ескерткіш болсын деп суретке түстім. Таудай «Қонаевтың» жанында ол кісінің баласындай болып, фотоаппараттан бейнем көрінді. Жаңылмасам атын «Әмір» деп айтты. Аты-жөнін толық жазып ала алмадым. Қашанда қалтамда жүретін блокнотымды қас қылғандай бүгін ұмытып кетіппін.

Көп отырмай құдайы қонақ болған Қонаевтың «сыңары» кешірім сұрап, кетуге ыңғайланды. Түр-түсіне тағы қарадым. Егіздің сыңарындай – Димекеннен айнымайды. Әсіресе,



ұялы үлкен көзі мен мейірімді жүзі, сабырлы адамға тән орнықтылығы тәнті етті. Сұңғақ бойлы, кең иығы маңдай, мұрыны құйып қойғандай Димекене ұқсайды.

Қатар өмір – «тылсым әлемде» көріпкелдерге «рух-дидары» белгі беріп, кейде көрінетін әлдеқашан әулиеге айналып кеткен Димекен «сыңарын» Құранда айтылатын сәске түс кезінде, дәл ұлыстың ұлы күнінде көргенімді көпке дейін ұмыта алмай жүрдім.

Әлгі кісінің кескін-келбеті және үстіндегі келісті киімі, нұрлы жүзі әулие киесін елестеткендей еді.

Ол кісі үйден шығып кеткен соң – маған сөз берілді. Мен «Қонаев атындағы оқу орны киелі шаңырақ. Жаңа Қонаевтан айнымаған кісі үйге кіріп келді. Бәріміз тіріліп келген Димекенді көргендей әсерде болдық. Олай болса әлгі адам әулиенің ұқсас сыңары емес, рухы тірі, бейнесі мәңгі – Димекеннің дәл өзі. Сіздерге қайдан мен Димекеннің келбет-тұлғасын тірі кезіндей көрдім» дегенде төрдегі қария «шын айтады, үйге кірген Қонаев атамыздың өзі» деп мені қостады.

Ұлы сәскеде Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік шаралар жалғасып, күн еңкейіп, кешкі мезгіл болған сәтте «Димекенді» көрген жерде біраз жүріп, тағыда «дидар ғайып» әсерден айыға алмай соңында үйге қарай тарттым.

Құдайдың құдіреті сол – мен бақилық болған Қонаевтың өзін көрдім. Бұған біреу сенер, біреу сенбес. Тәңір таңғажайыбы дегеніміз міне, осы.

Димекен рухының түсте елестеп, бейсенбі-жұма қасиетті күндері кейбір «арқалы» адамдарға көрінетіні жөнінде көп естіп едім. Бейсенбі күні әулиеге байланысты Тәңір тылсым оқиғасы (21.03.2013 ж.) Наурыз – көтемде өзіме осылай көрінді.

### **Қонаевтың «қызы» немесе «ғайып-кейуана»**

Димекеннің ұқсасы арқылы өзін көрген мен бұдан төрт жыл бұрын 2009 жылдың қасиетті Ораза айында Қонаевтың «қызына» кездесіп, Құдайдың құдіретіне сонда тағы қайран қалып едім. Еріксіз сол оқиға есіме түсті.

...Димекеннің өмірден өткен күні 22 тамызда кеменгерді еске алу үшін оның ескерткіші жанына адам көп жиналды. Сондада дәл сәске түс еді.

Мен Димекең ескерткіші алдында бес-алты адамның ортасында отырған едім. Өзі бойшаң, қара торы, тұлғасы біздің ауылда дүниеден өткен Қазына атты кейуанаға ұқсаған, түрі суреттегі Димекеңнің әжесінің кескінін елестететін иман жүзді ана дәл менің алдыма келіп, бәрімізбен амандасты. Содан соң бәрімізге қарата «Қонаевтың үйін көрсетіп жіберіңіздерші, Таңертең әкем маған телефон соғып, үйге кел, қарағым» деп еді. Мен «Әкеңіз Қонаев әлдеқашан өмірден өтіп кеткен. Көрген түсіңізді айтып тұрған жоқсыз ба?» деп күлдім. «Әкем өмірден өткен жоқ, өлген жоқ. Құдайдың алдында, өзі патша болған адам Тәңірдің тағында отыр» деді жұлып алғандай. Димекеңе байланысты сәуегей, көріпкелдерден және діндарлардан мұндай «ертегі» әңгімені жиі еститін мен әлгі әйелді ертіп, Қонаев тұрған үйдің қақпасынан ішке кіргізіп, «Екінші қабатына көтеріліп, бесінші пәтерге кіріңіз – әкеңіздің бар-жоғын сонда білесіз» дедім. Дәу әже көп кідірмей қайта шықты. «Балам, пәтері жабық екен» деп көңілсіз кейіп танытты.

Жүріс-тұрысы ерсілеу, сөйлеген сөзі бірде он, бірде теріс, бірде дұрыс, бірде бұрыс бірақ жан дүниесінде кір жоқ аңқау, адал жанды ұнатып, әңгімеге тарттым. Кейуананың ру, ата-тегін, шыққан жерін түк қалдырмай сұрадым. Бетіме бажырая ойлана қарап, тіс жармады, жауап бермеді. Құдай қосқан жарынан баласы жоқ Димекеңнің өзіне ғашық болған бір әйелден «қызы бар» деген алыпқашты әңгімені естігенмін және бұл жайында жазғанмын. Сыртынан «Қонаевтың «қызы» осы болар» деп ойланып, соңында сыпайлап «Димекеңнің ұрпағы екеніңізді дәлелдеңізші, әже. Димекеңді хан көтерген халық Сізді де құрметтейді» дедім. Бұл жолы да ауыз ашып, ләм-мим демеді. «Балам, мен біреумен кездесуге уақыт белгілеп қойып едім, кейін саған бәрін басқа адам айтады» деп қоштасудың ебдейсіз ишаратын жасады. «Баратын жеріңізге тезірек жетіңіз» деп қалтама қол салып, ақша ұсынып едім – алудан бас тартты. Сөз айтпай, басын шайқады. Осы тұста одан тектілікті байқадым.

Шығарып салайын деп Димекең үйінің көше жағында өсіп тұрған шырша мен шәмшат ағашының жанына жақындағанымда қасымда келе жатқан кейуанадан көз жазып қалдым. Жер жұтты ма, әлде көкке ұшып кетті ме – соңында

ғайып болды.

Еуропада кейінгі кездері орманда келе жатқан адамдардың өзінен-өзі ғайып болып жоғалатыны жайында ақпарат құралдарында жиі айтылып жүр. Димекеңнің үйі тұрған Төлебаев көшесі аруақтардың ескерткіш-тақталары көп ілінген, өмірден өткен марқұмдардың рухы кезген сыңсыған саялы бақ жер ғой. Қонаев «тылсым әлеміне» қатысты болған тағы да басқа оқиғалар жөнінде кейін айтармын...

Қонаев о баста әулие болып туған. Киелі кісі атанып, өмірден періште болып өткен оның рухы осындай таңғажайып оқиғалар арқылы қазір елес береді, ғайып күштері арқылы, тіпті, көрінеді.

### Әулие «кескін-елесін» Ержан қалай көрді

Димекең бала кезінде басына келіп, бұлағынан су ішкен әулие Әлмерек басына тоқсаныншы жылдары неге екені белгісіз қауым-халық толастамай көп келуші еді. Бәрі молда, сопы, әулие, пірадарлар жайында қызына әңгімелеп, у-ду болып айтысатын. Дінге халықтың түбегейлі бет бұрған тұсы болатын. Қожа Ахмет Яссауи, Пір-Бекет, Райымбек және кесенесі тұрғызылып жатқан Әлмерек әулие жайында әңгіме күні бойы жалғасып, түнге ұласатын. Димекең – Дінмұхамед Қонаевта әулиеге саналып, оның қасиеті мен киесі жөнінде әңгіме жұртты баурайтын.

Құдайға сыйынып, әулиеге табынып келгендер көбіне Қонаевты түстерінде жиі көргендерін айтып, түстерін өздері жоритын.

Димекең күндіз өңінен, түнде түсінен шықпайтын бойында «биоэнергияның» мол қуаты бар Ержан атты жігітпен осы жерде, әулие басында таныстым. Бойындағы бір бұла күш бұлқынып тұратын. Маған айтқан бір көріпкелдік болжамы кейін дәл келді. «Сіздің үстіңізден бесік көріп тұрмын. Қызыңыз үйленіп, той жақсы өтеді, соңында немерелі боласыз» деген. Бәрі кейін оның айтқанындай болды.

Ержанның елі Ысты – Димекеңе туыс жақын, ысты Бөлтірік ақынға қабырға ағайын болып келеді. Неге екені белгісіз күн сайын Димекең оның түсіне кіреді. Тіпті, кейде өңінде де елестейтінін маған талай айтты.

Димекең рухына қатысты адам айтса сенгісіз тосын

оқиғаны ол өмірбойы ұмытпайтын шығар. Оқиға былай болған. Бірде таң алдында Димекеңнің атақонысы Балқаш маңында жолда көлігімен жүйткіп келе жатады. Кенет қарсы алдынан дәу «Камаз» көлігі шығып, не істерін білмей сасады. Дәл осы сәтте көзалдына сұлбасы тірі кезіндей көрінген Димекең «Балам, оңға бұрыл» деп қолымен оң жақты мензейді. Ержан тез оңға бұрылып, төніп келген апаттан аман қалады. Бұл таңғажайып құбылысты Ержан маған сәтінде, оқиға болған жерден «сотка» телефоны арқылы айтты. Мен Алматыда үйде едім. «Аға, Қонаев атамыздың қасиеті жөнінде жазып жүрсіз ғой. Есіңізде жүрсін. Мені оның рухы қорғады. Құдай сақтады. Димекеңнің рух-бейнесі, таң алдындағы кескін-келбеті әлі көзалдымда тұр. Құдіретке қайран қалып таңданамын» деп апаттан аман қалғанын айтып, қорғаушы періште «әулие атасы» болғанын әлсін-әлсін қайталады. «Аға, Балқаш маңында жол апатына түсе жаздап, көз алдыма Димекең келіп, аман қалғанымды сәтінде сізге айту маған парыз болды» деген сөзін мен де әлі ұмытқан жоқпын.

Бұл оқиға 2009 жылдың тамыз айында болған еді. Күнделігіме солай жазыппын. Енді күнделіктегі жазылған Ержанның сөзін келтірейін: «...Аға Сіз Димекең жайында тылсым оқиғаларды, таңғажайып нәрселерді жазып жүргендіктен сізге өтірік, маған шын осы оқиғаны сізге жеткізу Алла-Тағала бұйрығы болды. Қонаев – Ата рухы жебейтін шын әулие екен. Маған кескін-келбеті анық көрініп, өзі аян беріп, бір ажалдан құтқарғанын өмірбойы ұмыта алмаспын». 26.08.2009 ж. Сәрсенбі.

Астанада Қонаев даңғылы бар. Қазір Елордада еңбек ететін Ержан осы даңғылдан өткенде қашанда, «әулие атасын еске алып, ішінен рухына тағзым етеді. Жеті желпек пісіріп, дұға оқу және бейсенбі – аруақтарды еске алу күні сияқты діни жоралғылар кездерінде Димекеңе өзі арнайы дұға бағыштайды. Димекең Бурабайда демалғанда осында кемеңгерді көріп, әңгімелескен, шаруа-жұмыс мәселесіне қатысты жүздескен әйел ана Қонаев жайында оған көп өнегелі, ғибратты нәрселерді жыр қылып айтқан екен.

Бірде Қонаев даңғылында кетіп бара жатып маған айтқан бұрынғы жол оқиғаны тағы да еске түсіріп, Тәңір рухты кемеңгерге деген сүйіспеншілігін дұғамен аяқтады.

Астананың кең даңғылдарының бірі осы көше бойында кемеңгер рухын жаңғыртып тұрған «үй-нысан» бар. Қонаев даңғылы 12 үйдің, 12 қабатында рухына Димекен тағзым еткен әулие Әлмеректің бір ұрпағының жұмыс кеңсесі осындағы ғимаратқа орналасқан.

Әл-Фараби даналығында айтылатын кемеңгер патшаға тән 12 қасиет Димекене дарыған. Міне, сондықтан қазір «Қонаевтың 12 қасиеті» атты философиялық еңбек газет-журналдарда жиі жарияланады. Астанадағы 12 санды «үй нысанның» әулие рухын сездіріп тұрғанын ешкім аңғармайды. Бұл туралы тылсым таңғажайып оқиға уақыт келгенде жазылады. Өйткені, елбасы, бұрынғы оның шәкірті, дананың баласына саналған «өкіл бала» қазір ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қонаев даңғылымен жұмысқа келеді...

## Он алтыншы тарау

### БІЛІМ МЕН ІЛІМ

Бір жерде, бір салада қырық жыл еңбек еткендер санаулы. Солардың бірі Ысқақ атты ұлағатты ұстаз, ұжымның білікті басшысы, өнегесі, өзгелерге үлгі болған азамат. Сондықтан, алдымен әңгімені оның балалық шағынын бастағанды жөн көрдік.

Хан - Тәңіріне қарсы жатқан биік таулардың бірі «Қулықтың тауы» деп аталады. Осы таудың үстірт бөктерінде Бестөбе бастауыш мектебі болды. Ысқақ алты жасқа толмай осы білім ордасының есігін ашты. Бастауыш мектепті бітірген соң, «совхоз» орталағындағы Шырғанақ орта мектебін тәмәмдап, Алматыдағы № 142 кәсіптік училищеге түсіп, «электрогаз дәнекерлеуші» мамандығын алды. Ауылда шалғай елді мекенде өскен тау баласы өндірісте еңбек еткенді қалады. Сөйтіп, жолдамамен Қарағанды индустриалдық техникумына түсіп, өндірістік оқыту шебері мамандығына ие болды.

1974 жылы Армия қатарына шақырылап, Ленинград әскери округінде арнайы бөлімде борышын өтеді. Өйткені ол шетелдерге шығатын әскерилердің қатарында жүрді. Жауапты, өзіндік құпиясы бар әскери бөлімге кез келгенді алмайтын ол кезде. Ысқақтың туа біткеннен адалдығы және зеректігі мен орнықты мінез-құлқы әскерилерге ұнаса керек.

Техникумды бітіріп, армияда шындалған, яғни өзі практик әрі іскер маман 1978 жылы Алматы қаласындағы №41 кәсіптік училищеге өндірістік оқу шебері болып орналасты. Содан бері 40 жылға жуық бір орында тапжылмай қызмет етіп келеді. Кеңестік дәуірде қызмет ете жүріп жоғарғы оқу орындарында сырттай оқып, диплом алатын жақсы үрдіс бар еді. Ысқақ көп өтпей Алматы сәулет

институтын тәмамдап, өз кәсібінің нағыз шебері атанды. Бәрін төменнен бастаған ол басында шебер, кешкі бөлімнің бастығы, директордың орынбасары, соңында директорлық қызметке тағайындалды. Қызметкер басшыларды өсірудің кеңестік кезіндегі осы тамаша үрдісін ұстану қазір қоғамда жақсы жағынан дәлелденіп отыр.

Алғаш училищеге келгенде әрине, оңай болған жоқ. Проблема, қиындық дегендер жетіп артылатын. Тоқырау жылдарында білім ордаларында тәрбие жұмыстарына байланысты, білім сапасына қатысты, қандай күрделі жағдайлардың қалыптасқаны белгілі. Заман, заң, саясатта тұрақсыздық белен алды. Дүние күнде өзгеріп жатты. Кәсіптік білім беру жүйесі шырғалаңға тап болды. Түлектер жұмысқа орналасатын кәсіпорындар тоқтады, кейбіреулері тіпті жабылып жатты.

Токсаншы жылдардың аласапыраны, экономикалық дағдарыс және жоқшылық пен тапшылық білім ордаларын титықтатты.

Кәсіптік училищелердегі материалдық оқу базаларының нашарлығы, ұстаздар жалақысының төмендігі және педагогтардың еңбек ақыларын уақытында алмауы, күн көріс үшін олардың жаппай жұмыстан кетуі – шын дағдарыс еді. Әлеуметтік жағдайларға байланысты жұмысшы мамандығын меңгеруге деген теріс көзқарас пайда болды. Бұл сол замандағы қоғамдағы дерт десек артық болмас. Училищелер жаппай жабылғанда Ысқақ басшылық ететін білім ордасы аман қалды. Ұжым мен басшының арасындағы жақсы қарым- қатынас, түсіністік пен ауызбіршілік «күйреуге» жол бермеді. Директор үшін бәрінен бұрын бетімен жібермей, өз ұжымын сақтап қалу басты мәселе болды. Ол күндіз түні тыным таппай тұйықтан шығудың жолын іздеді. Ұлы атасы Әлмерек бидің рухына тәу етіп, жақын әріптес жора- жолдастарымен, тәжірбиелі, білікті, өз ісінің, өз кәсібінің майталман ұстаздарымен кеңесіп, сұқпаттасып, жанталасып, байыз таппады. Шетелдерге барып, тәжірбие алмасып, үйреніп, білу үшін ол ұзақ іс- сапарларға шықты. Кәсіптік білім жүйесі бойынша Ысқақ Германия, Франция,

Швеция, Оңтүстік Корея сияқты елдерге барып ондағы білім жүйесін көзбен көрді. Өзіне қажетті және пайдалануға болатын әдіс-тәсілдерді оқу жүйесіне енгізді. Көп өтпей бұл нәтижесін бере бастады. Эксперимент түрінде жаңа әдістемелер, бағдарламалар, жақсы оқу құралдары оқу жүйесіне енді.

2007 жылдар арасында ұжым ұстаздары әртүрлі халықаралық, республикалық жобаларға қатысты. Білім ордасындағы қызметкерлер алғашқылардың қатарында халықаралық дәрежедегі сертификаттарға ие болды.

2007 жылы Республика бойынша алғашқы 16 оқу орнында (әр облыста бірден) интерактивті оқыту орталығы ашылды. Алғашқы консультанттар мұнда Лондон қаласынан келді.

2007-2009 жылдары Алматы қаласындағы мектеп, лицей, колледждердің физика, математика, информатика пәндерінің мұғалімдері интерактивті техникаларды қолдану курсынан өтті. Қазақстан және Орта Азияда бірінші болып, «үйдің ішкі жұмысын әрлеу» мамандығы бойынша Германиялық «КНАУФ» фирмасымен бірлескен оқу орталығы ашылды. Қазір ол жұмыс істеп тұр. Шәкірттер бұл бойынша жаңа мамандық алады. Сондай ақ BOSN фирмасымен бірлісіп жұмыс атқарады. Қазақстанда мебель шығару және ағаш өңдеу саласында мамандар даярлайтын орталық ашылды. Бұл оталық ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен, 2014 жылы «мебель шығару саласына мамандар даярлау, және біліктілігін көтеру кластері» болып қайта құрылды.

Білім және Ғылым министрлігінің қолдауымен «дәнекерлеу ісі» мамандар даярлайтын, біліктілігін көтеретін өңірлік оқу орталығы осы колледжде ашылды. Бұл бағыттағы алға қойған нәрсе Францияның «Тотал» фирмасымен бірігіп, осы орталықта оқыған мамандардың деңгейін халықаралық стандартқа жеткізуді көздеген. Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен, ҚР жиһаз жасаушы және ағаш өңдеуші мекемелер қауымдастығымен бірігіп, Германияның Трир қаласының сауда және өндіріс палатасымен бірлесіп, осы салада мамандар даярлаудың



жаңа Қазақстандық моделін жасау жолға қойылды. Жас мамандар даярау оның ішінде құрылыс, автотранспорт, электроэнергетика сияқты техникалық мамандықтар болғандықтан осы саладағы болашақ жұмысшы мамандарының халық алдындағы беделін көтеру үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Колледж әртүрлі деңгейдегі өткізілетін конкурстарға белсене қатысып келеді. Конкурстарды Білім және Ғылым министрлігі, қалалық, облыстық Білім басқармасы және әртүрлі халықаралық ұйымдар ұйымдастырады. Мұндай бәсекелік үрдістегі конкурстарға қатысу әрбір оқу орнына бір жағынан сын болса, екінші жағынан өз деңгейін басқа оқу орындарына көрсетуге, саластыруға және үйренуге мүмкіндік береді. Бұл бағытта колледждің ауыз толтырып айтатын жетістіктері жеткілікті. Колледж Астана қаласында өткен (2006жыл) «дәнекерлеу ісі» бойынша Республикада бас жүлде (гран ПРИ) жеңіп алды. Сөйтіп студенттер Германияда өткен дүниежүзілік жастар арасындағы шеберлік сайысына қатысты. Биыл Астанада осы мамандық бойынша үшінші Республикалық конкурс өтті. Білім ордасы тағы да жеңімпаз атанды. Биылғы оқу жылында Қазақстанда бірінші болып «WORLD SKILLS» бағдарламасы бойынша колледж осы әлемдік конкурсқа қатысты. Бұл конкурста еліміздің намысын колледж студенті Нұрлыбек Мұхамедияров қорғады. Байқау Бразилияның Сан Пауло қаласында өтті.

2008-2014 жылдар арасында «ғимараттардың ішкі әрлеу жұмыстары» бойынша бес халықаралық конкурстың екеуі осы колледж базасында жұмысын жалғастырды. Бұлардан басқа Прага, Санкт-Петербург, Новокузнецк, Тула қалаларында және Европа және Россия елдеріндегі жарыстарға қатысып, студенттер көптеген жүлделерге ие болды. Осы игілікті істер мен жетістіктерді түйіндеп айтқанда бұл колледж басшысы Ысқақ Молдалімұлының еңбегі екенін айтуға тиіспіз. Әрине оны әрқашан ұстаздар ұжымы қолдайды және ол көтерген мәселені дер кезінде түсінеді. Басшы мен ұжым арасында өзара түсінісушілік, ауызбіршілік ежелден қалыптасқан. Ұжым жетекшісі Ысқақ

біраз үкімет марапаттарына ие болған. Ол Қазақстан Республикасы халықағарту ісінің үздігі, «ҚР Конституциясының 10 жылдығы», білім саласының құрметті қызметкері, «ҚР Конституциясының 20 жылдығы» белгілерімен марапатталған. Сондай-ақ ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хаттарын алған. Білім министрлігінің марапаттары өз алдына.

Қырық жыл бір білім ордасында ұстаздық еткен Ысқақтың еңбегі өз алдына ол үлкен бір қара шаңырақтың иесі, мейірімді отағасы. Ал, сүйген жары Тілеухан заңгер, отставкадағы юстиция кеңесшісі. Ысқақ мейірімді ата болса, Тілеухан алақаны аялы, жаны саялы әже. Үйдің тұңғышы Данияр мамандығы заңгер, ғылым кандидаты, Көкшетау университетінің проректоры. Келін Қарлығаш Қаманайқызы ол да ғылым кандидаты, университетте дәріс оқиды. Кенже қыз Айжан ағылшын тілі мамандығын алған. Ал оның жолдасы Керім Кәмілұлы жеке кәсіпкер. Ысқақтың немересі Бейбарыс Назарбаев интеллектуалды мектебінде оқиды. Жиен немересі Димаш ата-әжесінің ықыласына бөленген жеткіншек.

Ысқаққа байланысты ерекше тоқталып айтылатын нарсе- ол Әз-Тәуке хан тұсында өмір сүрген Әлмерек бидің тікелей ұрпағы. Өз әкесі Молдалім кеңестік дәуірде дінге шек қойылған заманда діни дастандар жазған ақын , елге аса сыйлы ақсақал еді. Ұлы аталары абыз, өз әкесі ғұлама молда болған Ысқақтың бойында адалдық, тазалық, қайырымдылық пен қарапайымдылық тынып тұр. Сондықтан ол ұжымды жан- тәнімен беріліп, адалдықты ту етіп, ұзақ жыл басқарып келеді. Осы жерде оның бойындағы дін рухына байланысты бір деректі айта кету артық болмас. Тарихқа құмар, тарихи орындар мен әулие әмбиелер жақтан жерлерге жиі саяхат жасайтын Ысқақ шежіреші көне көздердің дерегі бойынша , Әлмерек әулие ұстаған құранды тауып, құдайы тамақ беріп, әулие басында бұл оқиғаны шынайы баяндағаны менің көз алдымда әлі тұр. Бір- екі жылғы ізденістің нәтижесінде және Тәңірдің сездіріп, Самал атты сәуегей- психолог қыздың көмегі

бойынша «Әлмерек құранын» тапқаны тарихшылардың өзін тәнті еткен. Бұл жайында осы жолдардың авторы белгілі басылымдарға арнайы мақала жариялаған болатын.

«Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген даналық текке айтылмасқа керек. Асқаралы алпысқа келген Ысқаққа оның отбасы мен әулетіне Алла Тағаладан тек жақсылық тилейміз. Өйткені қасиетті Құрбан айттың қарсаңында ол Пайғамбар жасына жақындады. Биітен биікке, табыстан табысқа жете бер әйгілі Әлмеректің ұрпағы, Қойлыбай бидің зәу-зәті, Молдалім молданың бел баласы.

Он жетінші тарау

**ӘЛМЕРЕК ӨЛЕМІ НЕМЕСЕ  
ҚАЛАМҒЕР ЖАҚЫПБЕРДІ  
«БАНДЫНЫ» ҚАЛАЙ  
ЖАРЫҚҚА ШЫҒАРДЫ**

- Ораз аға, әңгімемізді Сіздің туып-өскен жеріңізден, отбасыңыздан бастасақ? Жазушылыққа қалай келдіңіз?

- Қасиетті қазақ жерінде Ұзынбұлақ деген жер-су атаулары өте көп. Алтайда, Еділ-Жайық, Сарыарқа өңірінде және қасиетті Қаратау сілемінде Ұзынбұлақ деген атаулар жалғаса береді. Менің кіндік қаным тамған Ұзынбұлақ – Хан-Тәңірінің терістігі (Алматы облысы) мен Үйсінтаудың ортасындағы бір шекарлы бейтарап аймақ. Ал, өсіп-ержетіп, мектеп бітірген ауылым – Райымбек ауданындағы Шырғанақ өңірі. Ұлы Шоқанның бір түнеп (1856 мамыр) қонған жері. Атам Қауғабайдың өмірге келіп, дүниеден озған жері Шоқан суретін салып, күнделігіне жазатын атақты Үш-Меркі жайлауы. Әке-шешем қазіргі Райымбек ауданындағы Түзкөл маңында туған.

Көп балалы отбасыдан шықтым. Әкем Дөңгенбай көргені көп, өзі шаруа әрі күйші еді. Құдайдың құдіреті сол – сексеннен асқан шағында ауырмай-сырқамай 2005 жылы Қадыр-Түні дүние салды. Домбырашы інім Әлімбек әкемнің «Терме», «Қос келіншек» және «Арман» атты күйлерін туыс-жақындар бас қосқанда жиі орындап, әкеміздің еске алып отыру – әулетте салтқа айналған. Әкем мен мектепке бармай тұрып, «Қыз Жібек» жырын және Абай өлеңдерін жаттатқызатын. Қарқара, Хан-Тәңірі өңіріндегі өмір сүрген би мен батырлар жайында және ақындар мен молдалар жайында өте көп айтушы еді. Әсіресе, Әз-Тауке хан тұсында би болған Әлмерек абыз мен Райымбек батырды аузынан тастамайтын. Менің әдебиетке деген құмарлығым мен ерекше құштарлығым о

баста отбасы және өскен орта тәрбиесінен басталған. Әже тәрбиесі «Құдайдың құлы, Мұхамедтің үмбеті» екенімді санама құйды.

**- Сіз, студент кезіңізден-ақ қазақтың әйгілі ғалымы Шоқан жайында ізденіп, мақалалар жазған екенсіз. Осы жөнінде біраз тарқатып айтып берсеңіз. Студент Ораз Қауғабайдың Шоқан сынды ұлы ғалым туралы қалам тербеуінің сыры неде?**

– Жоғарыда айтқан Әлмеректің бір ұрпағы Қашаған би Шоқан Қарқара өңіріне келгенде оның қасында жүріп, Қарқарадағы күллі жер-суды көрсетіп аралатады. «Әуелдің ұлы Қашаған, Құдай артық жасаған» деп ел құрметтеген Қашаған жайында және Шоқанның туысы Тезек төре туралы ақсақалдар жиі әңгімелеуші еді. Қарқараға Абылай ханның шөбересі Шоқанның келуі – ел ішінде кезінде гу-гу әңгіме болған. Мұны көнекөз қариялар айтатын. Байлар тай сойып Шоқанды қонақ қылған.

Шоқан туралы үшінші курста жүргенде іздене бастадым. Саяхатшының «Ыстықкөл сапары күнделігі» бойынша студенттік ғылыми жұмыстар мәслихатында дерек, оқиғалардың бәрін жаттап алғандықтан қағазға қарап оқымай бәрін жатқа айттым. Оқытушы әрі жазушы Қапан Қамбаров менің жұмысымды жоғары бағалады.

Кейін КазГУ-ді бітіріп, «Қазақстан мұғалімі» газетінде қызмет етіп жүргенде Шоқан өмір, өнегесімен түбегейлі айналыстым. «Шоқанның Үш-Меркіні көруі», «Шоқанның Қарқара сапары», «Шоқан және табиғат» деген эссетанымдық мақалаларым белгілі басылымдарда жарияланды. Орыс тіліне аударылды. Тоқсаныншы жылдардың басында «Қазақ әдебиетіне» жарияланған «Шоқан асқан тау» атты мақалам біраз дүрбелең тудырды. Мен мақаламның бір жерінде Шоқан суреттеп жазған таудың бір шоқысында отызыншы жылдардың ойранына қарсы жасақ жинаған Жақыпберді батыр жайында айтамын. Яғни, Кеңес Үкіметіне оқ атқан, қызылдардың барлаушы ұшағын Айырлы тауында атып түсірген, атақты сайыпқыран мергенді дәріптеймін. Аталған мақала өзіме сор болып, «Ораз Қауғабай Жақыпберді

бандыны жарыққа шығарды» деп елден шыққан отызыншы жылдардың коммунистері шулап, түбінде жазаланатынымды айтты. Сауатсыздықтары сонша «Шоқан Қарқара өлкесіне келген жоқ. Айырлы асуынан аспаған, Қулық тауын көрген жоқ» деп текке кінәлап, айыптады. Менің жазғанымды жоққа шығарып, қарсы мақала жазды. Шыны керек ойламаған жерден басым пәлеге қалып, үрей биледі. Бағыма қарай аяқ астынан «ГКЧП» болып, Кеңес үкіметі құлады. Сөйтіп, саяси жазадан Құдайдың өзі құтқарды. Өйткені Жақыпберді шекаралы аймақты шулатып, 1933 жылы Кеңес Үкіметінің астыртын әрекеті бойынша шетелде атылған, аты аңызға айналған батыр еді.

**- Кешегі қылышынан қан тамып тұрған, әсіре идеологияланған Кеңес заманында дін тақырыбы мүлдем айтылмады, ол туралы тіпті жазудың өзі қауіпті еді. Қаламгер ретінде Сіз сол кездің өзінде-ақ әулие Әлмерек жайында дерек жинап, ізденіс жолына түстіңіз. Әулие Әлмеректен басқа да бірқатар әулиелердің рухын тірілттіңіз. Мұндай тақырыптарды қозғауыңызға не себеп болды?**

– Әжем намаз оқитын. Нағашыларым Райымбек әулие-батырдың жақын туыстары болғандықтан атеистік кездің өзінде діни салтты ұстанды. Нағашы атам Әнәфия молда Құранды «кұшақтап» жатып ұйықтайтын еді. Ол кісінің бір ерекшелігі Құран сөздерін қазіргі заманның жағдайымен үйлестіріп әңгімелейтін. Алла Тағаланы ақылмен түсіндіріп, «еңбек етіндер, тіршілік жасаңдар» деп отыратын.

Әлмерек абызды жазуыма мына жағдай себеп болды. «Қазақстан мұғалімінде» жүргенде өте көп жазамын. Сондықтан бір лақап ат керек болды. Әрі ойланып, бері ойланып, бала кезімнен құлағыма сіңген «Әлмерек» деген қасиетті кісінің атын жанама ат қылып, киесін жаңғыртқанды жөн көрдім. Сөйтіп, сексенінші жылдары «О.Әлмерек» деген лақап атпен біраз мақалаларым шықты. Елдегі қариялар «Әлмерек әулие болған кісі. Аруағы жебесін» деп мені арқаландырды. Айтпақшы, Әлмерек екінші Мекке Түркістанға Жетісудан Әзірет-сұлтан рухына зиярат ету үшін

екі рет барған. Түркістан туралы да көп жаздым. Бұл өз алдына әңгіме.

Әлмерекке қатысты аңыз әңгімелер өз алдына – шопандардың бір тойында «әулие аруағын» ұрандап, аты бәйгеден келген қариямен кездестім. Ұзақ әңгімелесіп, осы оқиғаға байланысты мақала жаздым. Облыстық газетке жарияланды. Бірақ Әлмерек аруағына қатысты жерін қысқартып жіберіпті. Бұл маған айтпаса да түсінікті еді. Кейін Әлмеректің түс жоруы жайында бір қызық әңгіме жаздым. Ол еш жерде жарияланбады. Дін қайта оралған тоқсаныншы жылдардың басында (1993) бұл әңгіме облыстық «Жетісу» газетіне жарияланды. Әлмерек жайында және оның ұрпақтары туралы атеистік дәуірде мол деректер жинадым. Дін қайта оралғанда жолым ашылып, деректер мен оқиғаларды молынан келтіріп, үстін-үстін жаза бастадым. Жиырма жылға жуық ізденіп, тірнектеп дерек жинап, табанды еңбектенгенімнің нәтижесінде әулие Әлмерек жайындағы кітабым 2001 жылы «Қазығұрт» баспасынан алғаш жарыққа шықты.

Менің қайынжұртым бұрынғы Торғай қазіргі Қостанай облысы Амангелді ауданының орта жүз қазақтары. Әлмеректі жазып жүрген кезімде осы жақтағы әулие, ишандардың ұрпақтарын Құдай Тағала маған өзі кезіктірді. Қостанай-Торғай өңіріне аттары атақты Сатыбалды ишан мен Файзола ишан жайында Республикалық басылымдарға алғаш «эссе-мұғжиза» жазғанымды ол жақтың халқы біледі. Бұл сексенінші жылдардың соңы болатын. Сондай-ақ Димекеңе бата берген Бөйіт сопыны және Стамбұлда оқыған Бура молданы жарыққа шығарғанымға ризамын. Өйткені олардың ұрпақтары діндар аталарын қазір ұлықтап жатыр.

**- Сіз кезінде ядролық жарылыстарға қарсы мақалалар жазып, Мәскеу, Нью-Йорк, Стамбұл қалаларында өткен шерулерге қатысқандығыңызды білеміз. Бұған не түрткі болды?**

– «Қазақстан мұғалімі» басылымынан кейін мен «Халық конгресі» газетіне ауыстым. Олжас Сүлейменовтің құрған партиясы осылай аталды. Осы газетте бөлім меңгерушісі әрі «Невада-Семей» қозғалысының сарбазы болдым. Ядролық сынақ-

жарылыстарға қарсы барлық акцияларға қатыстым. Олардың ішінде Стамбұлда, қазір бүлініп жатқан Сирия шекарасындағы және Мәскеу мен Нью-Йорктегі акциялар қауіпті еді. Көп жерде Құдай сақтады. Әсіресе, «Америка жорығы» ауыр еді. Ол жақтан елге аман-есен келдік.

Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар ұйымы ғимараты алдындағы (1994) біздің Атомға қарсы ұран-акциямызды әлем ақпарат құралдары кезінде берді. БҰҰ-ға Семей полигонының қайғы-қасіреті жөнінде халықтық қозғалыс атынан құжат тапсырған топтың ішінде мен де болдым. Ядролық сынақ-жарылыстар жөнінде айтқанда Елбасы қолдаған антиядролық «Нева-да-Семей» қозғалысының ерлігін ұмытпау керек. Қазір Қазақстан Ядролық қарудан бас тартқан ел ретінде аты әлемге белгілі. Олай болса кезінде басын бәйгеге тігіп, Нью-Йоркте БҰҰ ғимараты алдында акция өткізген халықтық қозғалыс мүшелерінің «қарсылық жорығы» ерлік пен патриотизмді елестетеді. Жарыққа шықпаған «Атомға қарсы акция» атты кітабымда бұл оқиға егжей-тегжейлі баяндалған еді.

**- Сіздің өміріңізден ерекше орын алатын басты еңбегіңіз – «Таңғажайып Қонаев» кітабы. Халықтың алғысына бөленген біртуар қайраткердің азаматтық, тұлғалық қасиеттерін, ерекше болмысын қаншалықты дәрежеде аша алдым деп ойлайсыз?**

– Оншақты жыл ізденіп, үлкен еңбек пен табанды шығармашылық жұмыстың арқасында өмірге келген «Таңғажайып Қонаев» кітабы жайында көп айтуға болады. Бірақ бәрін қамту мүмкін емес. 2008 жылы шыққан кітап оқырмандар өтініші бойынша былтыр екінші рет басылды. Биыл қыста өз қаражатыма үшінші рет шығаруыма тура келді. Өйткені Димекеннің 100 жылдық мерейтойына байланысты кітапқа деген сұраныс көп болды. Бір ғана мысал. Саған сұхбат беруге дайындалған күні таңертең Қызылорда облысы, Шиелі ауданынан бір азамат келіп, кабинетімнен «Таңғажайып Қонаевты» алып кетті. Өзі журналист екен. Аты-жөні Оңалбай Садықов. Мұны айтып отырған себебім кітап өз алдына, халықтың Димекен деген сүйіспеншілігінде шек жоқ. Димекен бойындағы кемеңгерлік, данышпандық,



бекзаттық, қайраткерлік және қарапайымдылық қасиеттерді қалай ашып көрсеттім - ол кітаптың «Қонаевтың 12 қасиеті» деген тарауында баяндалады. Менің Димекең жайындағы еңбегім жөнінде сауал қойғаныңа рахмет, інім. Димекең жайында ұзақ жылдан бері жазып келе жатқанымды білетін Қонаев атындағы университеттің Ғылыми кеңесі алдыңғы жылы маған «Құрметті профессор» атағын берді. «Қонаевтың 12 қасиеті» атты зерттеу еңбегім бойынша білім ордаларында дәріс оқылады.

**- Әңгімемізді Сіздің бүгінгі атқарып жүрген қызметіңізге қарай бұрасақ. Қазір не жазып жүрсіз? Алдағы уақыттағы жоспарыңызбен бөліссеңіз?**

– 2006 жылы мен «Жұлдыз» журналынан «Ақиқатқа» ауыстым. Маған ерекше сенім артып, осы журналға өзі жұмысқа алған қазіргі «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры Жұмабек Кенжалин еді. Менің шығармашылықпен еркін айналысуыма ол кезде бас редактор Жұмекең көп көмегін тигізді. «Дін» және «Тылсым дүние» айдары бойынша номер сайын менің мақалаларым жарияланып тұрды. Қазір қайран қаламын – үш жылдың ішінде менің қырыққа жуық мақала, эссе, хикаяларым жарияланыпты. Жұмекеңнің ұсынып, сол кездегі бас директордың (Мереке Құлкенов) қолдауы арқасында «Қазақ газеттері» ЖШС-нің «Алтын қалам» сыйлығын тұңғыш (2008) мен алдым. Сол кезде жазып жүрген «Таңғажайып Қонаев» кітабының ең жақсы тараулары «Ақиқатқа» жарияланды. Менің шығармашылық әлемімді түсініп, қаламгерлік еңбегімді бағалаған және оған даңғыл жол ашқан Жұмекеңе қашанда ризамын. Өйткені қаламгерлік еңбегімнің қырық жылдық үрдісінде және мерейтой қуанышында да мұны айту – маған парыз.

Мен кеңестік дәуірдегідей том-том кітап жазып, жазушы болған жоқпын. Бар-жоғы төрт-бес әңгімем арқылы танылдым. Алғашқы тырнақалды әңгімем 1980 жылы 17 шілдеде «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жарияланды. Атақты Ақселеу Сейдімбеков өзі оқып бір сөзіне тимей қол қойып, номерге салып жіберген еді. 1984 жылы жас жазушылардың «Арман қанатында» атты

ұжымдық жинағына бір әңгімем кірді. Қуандық Түменбаев пен Нұрдәулет Ақышов жақсы баға берген Ұлар құс жөніндегі шығармам 1985 жылы республикалық конкурста сыйлық алды.

Қазір мен бүгінгі өркениет және уақыт талабына сай «эссе» жанрында жазамын. Димекең жайындағы кітап осы жанрда жазылды. Қысқа әрі нұсқа жазу – менің басты ұстанымым. Біраз шығармашылық жоспарым бар. Оған қалай кірісемін - оны уақыт көрсетеді.

**- Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан Дәуіржан Төлебаев**

«Ана тілі» 26.04.2012 ж.

## МӘҢГІЛІКТІҢ МӘНІН ЕРТЕ МЕҢЗЕГЕН

### Қаламгер Ораз Қауғабайдың шығармашылығындағы шындық пен тылсым әлем туралы толғаныс

Мен сексенінші жылдардың басында ол кезде «Қазақ ССР оқу министрлігі» деп аталатын ағарту мекемесінде қызмет еттім. Белгілі Республикалық «Қазақстан мұғалімі» газетіне жиі зерттеу мақала, эссе-очерктерім жарияланатын. Қазіргі белгілі журналист қаламгер, танымал қонаевтанушы Ораз Қауғабай атанған газеттің мектеп бөлімінің қызметкері еді. «Минпрос» өткізетін барлық шараларда, мәслихат, ғылыми жиындарда үнемі кездесіп жүрдік. Ал, оның жазғандарын үзбей оқитынмын. Кейде батыл сын мақалалар жазатын. Педагогикалық басылым болғандықтан көбіне оқу, тәжірибе жұмыстары жөнінде мәселе көтерілетін. Бірде жаңылмасам сексенінші жылдардың ортасында оның «Қасқасудың ұлары» деген эссе-әңгімесі жарияланды. Ұлар құс жайында автор ежелгі аңызды арқау етіп, өзінше ой түйіп, адам мен табиғат арасындағы байланысты шынайы суреттейді. Ораздың қаламдас достары Нұрдәулет Ақышев, Қуандық Түменбаев және Дидахмет Әшімханов педагогикалық басылымда жүріп табиғат тақырыбына қалам тартқан оның шығармашылық еңбегін бағалайтын. Осы әңгіме-эссесі кейін Қазақстан Журналистер одағы мен Табиғат қорғау қоғамының сыйлығын алды. «Қайнар» баспасынан шыққан «Аялы алақан» деген жинаққа енді. Тәңір – табиғат тылсым әлем ғой. Ұлар туралы баспасөзде әңгіме шыққан соң «ұлар» деген атау қаптап кетті. Алдымен «Ұлар» атты ансамбль құрылды. «Ұлар» әні радиода жиі қайтalandы. Соңында, «Ұлар» деген коньяк та шықты. Ал, «Ұлар үміт» атты зейнетақы қорын қазір білмейтін жан жоқ. Сөйтіп, Хан-Тәңірін мекендеген қазақтар арасында ежелден қасиетті құсқа саналған хайуанат киесі жаңғырды.

Ораз әңгімесінде құсқа қатысты тылсым әлем шынайы суреттеліп, оқиға жатық тілмен кестеленеді. Осы бір тосын әңгімесімен оқырмандарды ойлантып, әріптестерін елең еткізген жас жазушы тез таныла бастады. Ұларлы Қасқасу казіргі Елбасының жайлау-атақонысы ғой.

Ұлар құс жөнінде ұлы Шоқан еңбектерінде айтылады. Ораз табиғат тақырыбына қалам тарта жүріп, енді шығармашылығын «Шоқан әлемімен» байланыстырады. Сөйтіп, «Шоқан және табиғат» деген зерттеу мақала очерктерін жазды. Бұл тартымды, қызықты, танымдық еңбегі кейін «Жұлдыз» журналына жарияланады. Кеңістік дәуірде жалғыз әдеби басылым «Жұлдыз» журналына шығу деген – бұл зор мәртебе болатын. Өйткені атақты жазушылардың өзі шығармаларын әрең бастыратын. Жас қаламгер соңында «шоқантанушы» атанды. ҚазМҰУ-да жетпісінші жылдары оқып жүргенде студенттік кезінен-ақ Шоқанға ынтық болып, студенттердің ғылым-кеңестерінде баяндама жасады. Қапан Қамбаров деген ұстаз-қаламгер үшінші курс студентінің ізденісіне риза болып. Одан үміт күткен.

Жалпы, «шоқантанушылар» көп қой. Ораздың олардан ерекшелігі – ол тың деректер арқылы Шоқан жөнінде жаңалық ашып жазады. Мысалы, еш кітапта, жинақта жоқ «Шоқанның Қарқара сапары», «Шоқанның үш Меркіні көруі», «Айт-Бозым ауылының қонағы» сияқты зерттеу-жұмыстары ғалымдардың назарына ілініп, оқырмандарға ұнағаны соншалық пікір таластары жалғасты. Мысалы, «Айт-Бозымға» байланысты Алматы облысы Кеген ауданында, Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданында осы ру-шежіре тарихына қатысты талас туып, әңгіме гүледі. Яғни, Ораз оқырманды селт еткізетін тың деректері арқылы Шоқан рухын осылай жаңғыртты. Айтпақшы, оның «Қазақ әдебиетіне» жарияланған «Шоқан асқан тау» деген эссе-очеркі баспасөзде дүрбелең туғызып, авторға қоқан-лоқы жасаған шағым хат түскен. Қашанда шындық іздейтіндердің дау-дамайға талас-тартысқа тап болатындары – бұл ақиқат.

Кеңес үкіметі кезінде дінге шек қойылды. Хазірет, молда, иман әулиелер құбыжық болып, олар жөнінде жазуға тиым салынды. Оларды тек мазақтап, күлкі етіп, әруақтарын қорлап жазса ғана партияға ұнайтын. Ал, әулиелердің ерекше

қасиеттері туралы айту тіпті, мүмкін емес еді.

«Қазақстан мұғалімінде» жүргенде Ораз **Әлмерек әулие** жайында дерек жинай бастайды. Әжесі Айжан ораза ұстаған, атасы Маралбай намаз оқыған, мұсылман әулет ұрпағы ол бір тылсым күшке сенетін. Өзімен бірге қызмет ететін Есберген Естаев деген журналист екеуі үнемі дін туралы әңгімелесіп, «Егер дін болмаса, адам хайуанға айналады» дегенді екеуі жиі айтатын. Алғашқы «Ислам» анықтама кітапшасының кейбір тарауларын журналист Е.Естаев аударған. Әлмерек жайында бұл кісі жақсы білетін. Ал, Ораз бала кезінен бұл қасиетті кісі туралы небір аңыз-хикаяларды, қара өлең шумақтарын көп естіген. Газетке мақаласы көп жарияланатын Ораз әулие кісінің есімін лақап қылып «О.Әлмерек» деген атпен бұрқыратып, айызын қандыра мақалалар жазды. Мүмкін әулие рухы жебеп-желеген шығар, дін тақырыбына қалай түскенін кейін өзі де білмей қалды. Сексенінші жылдардың ортасында әулие Әлмеректің көрген түсі туралы эссе-әңгіме жазды. Райымбек батырдың қасиеті жөнінде мақала ойында пісіп жетілді. Әлмерек жайында жазғандарын белгілі басылымдарға ұсынып көрді. «Мынауыңда діннің иісі аңқып, молданың сәлдесі көрініп тұр ғой, жөндесең болмай ма» деген уәж айтылған соң ол редакциялардан жазғандарын бірнеше рет қайтып алды.

Қазақстан Тәуелсіздік алып, Дін қайта оралғанда Әлмерек әулие жайындағы жазғандары бірінен соң бірі жарияланды. Соңында Әлмерек және оның ұрпақтары туралы кітабы 2001 жылы жарыққа шықты.

«Ұлы әңгімені» Әлмеректен бастаған қаламгер 80-ші жылдардың соңында қостанайлық құранқари Файзолла ишан туралы республикалық баспасөзде алғаш Ораз жазды.

Алла-Тағала әулиелер жөнінде жазғандарын құптаса керек. Ол іссапарға шығып, алыс ауылдарға жол тартқанда оның алдынан ескі мазарлар мен қорғандар кездесіп, әруақтар рухы елес беретін. Өйткені, қасына ерген үлкен кісілер қорымда қандай қасиетті кісілер жатыр, мазардағы әулие абыз кім, оған әңгімелеп беретін.

Бірде қазіргі Қостанай облысының Амангелді кентінде «районадағы» шаруаларын бітіріп, бір танысымен келе жатады. Кенттің күн шығысындағы қорымда ерекше бір

кызыл күмбезге көзі түседі. «Бұл кімнің мазары» деп сұрайды. Амангелділік әлгі азамат «бұл Файзолла ишанның мүрдесі жатқан күмбез» дейді. Қалта дәптеріне деректі түртіп қояды. Шолпан, Хамбатша деген әжелерден Файзолла ишан туралы естіп, өмірбаянына қанығады. Аудандық газеттің редакторы Хамитбек Мұсабаевқа қолқа салып, оны ертіп, күмбезді тағы келіп көреді.

Келесі жылы дәл сол уақытта Қостанайға тағы жолы болып, Амангелдіге келгенде Файзолла ишанға арналған кештің үстінен шығады. Сөйтіп, қаламгердің республикалық баспасөзде Файзолла ишан, құранқари туралы тұңғыш мақаласы жарияланады. Горбачевтің қайта құру, демократиясы кезіндегі ақиқаттың айтыла бастаған кезі еді бұл.

Алаш арысы Міржақып ақталмай тұрғанда Жақан жайында беймәлім деректі Орекең алғаш естиді. Құранқари Файзоллаға арналған кеште термеші орындаған ақын-молданың «Міржақыпты жоқтау» дейтін жыр жоқтауын жазып алып, 80-ші жылдардың соңында «Қазақстан мұғаліміне» жариялағаны ерлікпен пара-пар еді. Өйткені, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев және Жүсіпбек Аймауытовтар ақталғанымен М.Дулатов туралы әңгіме қозғалмады. Амангелді батырға қатысты оның өзіндік себебі болатын. Жақан соңында 1990 жылы ақталып, баспасөзде суреті тұңғыш рет жарияланды. Жақанды жариялауға байланысты қаламгер оның амалын табады. Торғай облысына арналған арнайы макет-беттің көзге бадырайып түспейтін бір жеріне Жақан жайындағы оншақты шумақ «жоқтау жыр» өлеңді «тығып» жібереді. Редактор өте сенгіш және Оразды «күйеу бала» деп жақсы көретін Жәнабіл Темірбеков оған сеніп, беттің материалдарына оқымай қол қоя салады. Сөйтіп, Файзолла ишанның «Міржақыпты жоқтау» жыры осылай жарық көрген. Әлі ақтала қоймаған Міржақыпты кінәлайтын «кызыл көздердің» назарына жоқтау жыр ілінгенде біраз дау-дамай болатыны анық еді. Әйтеуір, дүрбелең тұмады. Қаламгер сыртқа білдірмей бәрін ішіне сақтады. Егер біреулерге мұны сыр қылып айтқанда, жазаланбаса да сөз еститіні анық болатын.

О баста әулие Әлмеректі зерттеп, соңында Сатыбалды ишан, Файзолла ишан және Бөйіт сопы мен Димекеңнің атасы

Жұмабай қажы жайында алғаш қалам тартқан Ораздың дін өкілдері мен діншіл тұлғалар туралы жазғандары құнды әрі күні бүгінге дейін тартымды. Сондықтан қазір басылымдарда көшіріліп, көп басылады. Әлмерек туралы ертеректе дерек жинап жүріп, Стамбұлда оқыған шын аты Мұхамедқанапия – Бура мола туралы естіп, зерттеп, соңында «Бура молда» хикаялары атты эссе-тәмсілін өмірге әкелді. Бұл еңбегі «Жұлдыз» журналында жарияланды. Қазір интернет сайттарында көп оқылатын осы шығарма. 80-ші жылдардың соңында ұлттық тәрбие мен халықтық педагогикаға қатты көңіл бөліне бастады. Ақын Мұқағалидың ауылы Қарасазда ол оншақты күн болып, осындағы мектептегі ұлттық-өнеге тірбиені, дәстүр-салтты зерделеп, «Қарасазда канат жайды» атты еңбегін жазды. Кейін кітапша болып шыққан еңбекті көмекші құрал ретінде Мұғалімдер білімін жетілдіру институты мектептерге таратты. Еңбегі елеңіп, ол «Қазақ ССР халық ағарту ісінің іздігі» белгісімен марапатталды.

1989 жылы антиядролық «Невада-Семей» қозғалысы құрылды. Көп өтпей «Халық конгресі» атты газет дүниеге келді. Қаламгер осы газетке қызметке шақырылды. Бас редакторы, қазақтың классик жазушысы Оразды арнайы қызметке шақырған Саин Мұратбеков болатын. «Полигон» бөлімінің меңгерушісі – ол атомдық жарылыстардың қасіреті мен зардабын әшкерелейтін мақалалар мен очерктерді әр номер сайын жариялады. Газет қызметкері, антиядролық қоғалыстың мүшесі әрі «жорық сарбазы» болып, акция-шерулердің барлығына қатысты. Мәскеудегі, Стамбұлдағы және Нью-Йорктегі қауіпті акция-митингілердің ішінде осы журналист жүрді. Мәскеуде Қызыл алаңдағы қарсылық митингісі кезінде қозғалыстың «жорық штабы» мүшелері Ленин мовзoleyі маңында тұтқындалады. Шетелдік атомға қарсы экологиялық ұйым басшыларының және халықаралық ақпарат құралдары журналистерінің араласуымен бір күн қамақта отырған оншақты адам босатылады. Әрине, олардың ішінде осы қаламгер де бар еді.

Шығыс Түркістандағы «Лабнор» полигонына қарсы Қытай елшілігі алдында өткізілген акция қауіпті еді. Қытай елшісі «бұл бассыздық», «бұзақылық» деп тиісті адамдардан жаза қолданылуын талап етеді. Атақты ғарышкер Гречконың

араласуы арқасында «жорық штабының» мүшелері минтингілерін одан әрі жалғастырады. 1993 жылғы Мәскеудегі, 1994 жылғы Нью-Йорктегі атомға қарсы акция-қозғалыстың сарбазы ретінде ол оқиға ортасынан шынайы дерек-ақпараттар бойынша сериялы очерктер жазды. Батыл қалам тартты. Сөйтіп, оның жазғандары Қазақстан Журналистер одағы сыйлығына ұсынылды. Белгілі қаламгерлер Сайн Мұратбеков, қазір көзі тірі Қалихан Ысқақов және марқұм Өтепберген Ақыпбеков қол қойған құжат ұсыныс әділқазылар тарапынан қолдау таппады. Өкінішті-ақ.

90-шы жылдардың ортасында журналист «Заман Қазақстан» газетіне бөлім редакторы болып келді. Осы басылымда апта сайын Ораздың оқырман жүрегін жаулаған эссе-очерктері, тарихи-танымдық мақалалары жиі жарияланды. Атомдық сынақ жарылыстарға қарсы жазғандары түрік, ұйғыр тілдеріне аударылды. 1996 жылы ол Стамбұлда, Анкарада және Сирия шекарасында жорық штабы («Аттан») құрамында және аталған газеттің тілшісі ретінде шетелдік сапарларын тағы да жалғастырды. Атом бомбасынан қасірет көрген қазақ бауырларына жанашыр болған түрік туыстар акция-шеруге тосқауыл болмады. Сарбаздарға қосылып, бірге ұрандады. Антакия өлкесіндегі түрік бауырлар атом бомбасының қасіретін естіп, білгенде тіпті, қорықпай шеруге ілесті. Жоспар бойынша атомға қарсы акция Түркия, Сирия, Йордания және соңында Сауд Арабиясына жалғасуы керек еді. Өйткені мұсылман елдері атом аждахасына қарсы Қазақстанды қатты жақтады. Ядролық сойқанға қарсы журналистің Таяу Шығыс сапары өткір сапарнама-очерктердің жазылуына себеп болды. Сирияға көрші Антакия өлкесінде шекарада қауіпті жағдай қалыптасып және «визаның» мерзімі өткендіктен кері қайтуға тура келеді. Антакиядан оралып, Анкараға келгенде мұндағы Қазақстан елшілігінде бір дипломат Оразды жеке шығарып, «жаман айтпай жақсы жоқ, бір жағдай бола қалса бәріне сіз жауап беретін боласыз» деп ескертеді. Өйткені, жетекші Амантай қажы ашуға булығып, өзін-өзі ұстай алмай шектен шығып кеткен болатын. «Лобнор» полигоны комитетінің төрағасы Азат Әкімбековке Стамбұлда Сауд Арабиясына ұшуға рұқсат етпейді. Сөйтіп, елге қайтуға тура келеді. «Ала



қап» арқалағандар көп мініп, артық жүк тиелгендіктен ұшақ көкте жолаушылардың зәре-құтын қашырып, бірде биіктеп, бірде кілт төмен түсіп, тербеліп-шайқалып жарты жолға дейін қауіпті елестетеді. Ұшақ ішіндегі бір молда көзін жұмып, Алла Тағалаға мінәжат етіп, дұға оқиды. Таң ата құдай сақтап, аман-есен келгендеріне жігіттер қатты қуанады. Бұл оқиғаны арнайы айтып отырғанымыздың сыры мынада. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ораздың шет елдерде қауіп-қатерлерді бастан кешіріп, оқиға ортасында жүріп, бәрін көзбен көріп, шынайы әрі тартымды дүниелер жазуында.

90-шы жылдардың соңында Түркиялық қазақ таэквандошы Мұстафа Өзтүрік дүние салды. Стамбұлда үйінде болып, оның шешесі Рәзиядан сұхбат алып, оны баспасөзде жариялаған Ораз Өзтүріктің өліміне қатысты күмәнді нәрселерді меңзеп, біреулерден сес көрсеткен сөз де естиді. Шешесінің көз жасын көріп, қайғысына ортақтасқан ол шамасы келгенше жұмбақ өлімнің сырын ашуға ниеттенеді.

Ораздың батыл, тәуекелшіл журналист екенін көбіміз біле бермейміз. 1988 жылы Ораз Қауғабайдың «Қарқараға қауіп төнді» атты дабыл көтерген ауыр сын мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланады. Мұхтр Әуезов суреттеп жазатын Қарқара жайлаулары жыртылып, тас-талқаны шыққан болатын. Соңында Қарқара өзеніне үлкен қауіп төнеді. Қырғыз ағайындар Ыстықкөлге Қарақара суын бұрып, азая бастаған көл суын толтырмақшы болады. Бұл экологиялық мәселе атақты Шыңғыс Айтыматовтың ұсынысы бойынша Мәскеуде шешіледі. Егер Қарқара Ыстық көлге қарай ағып, арнасын жоғалтса қазіргі Шарын өзенінің бойындағы орман-тоғай, суармалы жерлердің құритыны анық еді. Бұл болашақтағы үлкен экологиялық атапттың белгісі болатын. Міне, осының алдын алу үшін дабыл қағып, қазыла бастаған каналды көріп, тағы да басқа нәрселерді біліп, қаны сорғалаған сын мақала жазды. Мұны аудандық газет көшіріп басты. Сөйтіп, өлкеде үлкен қарсылық басталды. Нәтижесінде Қарақараға төнген қауіп сейілді, соңында тоқтады. Міне, нағыз журналистің батылдығы мен ерлігі деп осыны айту парыз болса керек. Бұл жерде ерекше айта кететін нәрсе ол кезде Шерхан Мұртаза мен Оралхан Бөкей басшылық жасаған «Қазақ әдебиеті» газетінің тәуелсіздік алдында ұлттың ұраншысы, жер-судың

қорғаушысы болғанын жадымыздан шығаруға тиіс емеспіз. Газеттің «Атамекен» айдары Ораздың «Шоқан асқан тау» атты мақаласының әсерінен өмірге келеді. Бұл жөнінде белгілі қаламгер, сол жылдары «Қазақ әдебиетінде» қызмет еткен Ертай Айғалиев жақсы біледі.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдар ортасында қаламгер қазіргі Райымбек даңғылы бойында жатқан Райымбек батырдың мүрдесіне байланысты «Батыр зиратының басында» атты эссе-әңгіме жазады. Мектеп бітіріп, Алматыға оқуға келгенде 1970 жылы ол осындағы көне қорымның ысырылып, жалғыз төмпешіктің қалғанын көреді. Кейін студент кезінде «Антирелигиозник» дейтін журналда 1941 жылы жарияланған «Могила Райымбек ата» деген мақаланы осы басылымнан оқиды. Онда Райымбек батыр басындағы құдайға құлшылық пен құрбандық шалу қатты сыналған екен. Сондай-ақ, атақты ғалым Шоқанның жатқан жеріндегі (Алтынемел) діни салт-дәстүрдің сорақылығын журнал ондырмай жамандайды. Ораз осылардан ой түйіп, батыр зираты жөнінде мәселе көтеріп, эссе-әңгіме жазған ғой. Сондай-ақ батыр басына күмбез орнатудың қажеттілігін де меңзейді.

Әулие жайында тұңғыш жазылған шығарма сарғайып жатып, 1987 жылы «Қазақстан мұғалімі» газетіне жарияланды. Қызылордадан, Оңтүстік Қазақстаннан авторға ризашылық білдірген хаттар келді. Райымбек батыр жайында атеистік журналға жарияланған мақаланы оқығысы келіп, жазушы Төлен Қауыпбаев бірде Оразға телефон соғады. 1941 жылы шыққан журналдың нөмірін, ай-күнін айтып «кітапханадан ізденіз» дейді. Өкініштісі, журнал жоғалып кеткен, еш кітапханадан табылмайды. Төкең Мәскеудегі Кеңестер Одағындағы атақты кітапханаға хат жазып, көшірмесін алдырады. Автордың өзі таба алмай жүргендіктен бір данасын қаламгерге сыйлайды. Сөйтіп, Райымбекке қатысты тарихи дерек кітапқа еніп, ғылыми айналымға түседі. Райымбек туралы роман жазған жазушы Жолдасбай Тұрлыбаевқа қаламгер бұл жайында әңгімелейді. Қаламгердің Райымбек батырға қатысты тың дерек тауып, жаңалық ашқанын әрқашан айтуға тиіспіз. Ораз қашанда тарихи тұлғалар туралы жазғанда тың дерек тауып, шынайы оқиғаларды келістіре келтіреді. Сондықтан оның жазғандарын оқырман іздеп жүріп оқиды.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» романындағы Әубәкір батырдың ұлы Баукейді тауып, оны жарыққа шығарған да осы қаламгер. Мұхтар Әуезовтың соңғы көп томдығындағы бір томға түсініктерді Ораздың жазуы оның шын зерттеуші екенін дәлелдесе керек. Иә, Ораз бал арасы сияқты дерек жинайды, зергер сияқты жазғандарын әдемі өрнектейді.

Қожа Ахмет Яссауи туралы көп жазылып жатыр, жазыла да бермек. Ал, ол кісінің бойындағы тылсым күш пен таңғажайып қасиеттер туралы арнайы жазылған жоқ. Ораздың «Қожа Ахметтің қасиеттері» дейтін зерттеу эссесі бұдан оншақты жыл бұрын «Ақиқат» журналына жарияланды. Шынайы деректер мен тылсым оқиғалар өте нанымды. Қызықты оқылады, әсерге бөлейді.

Ораз қазіргі заман әдебиетінің «интернет ақыл ой» және рух әлемін терең сезініп, эссе жанрында жаңаша жазып келе жатқан жазушы. Бос сөз, бас қатыратын мылжың ой оның шығармасында жоқ. Оқиға, деректер арқылы тоқ етерін айтады. Оның 1980 жылы сол кездегі «Социалистік Қазақстанға» жарияланған алғашқы әңгімесі мәшіңкеге басылған үш-ақ бет болатын. «Тәңір», «Құдай», «Жаратқан» деген сөздерді айтуға болмайтын заманда Ораз «Тәңір-табиғат» деп он сегіз мың ғаламды меңзеген. Алғашқы әңгімесінде ежелгі гректердің Артемида аңшылық Құдайы Алатау бөктерлерінің Үшқоңыр жайлау-шыңдарында елес беріп, суреттеледі. Бұл жерде аталған әңгімедегі автордың мифологиялық-философиялық ойлары мен Тәңір тылсымы жөнінде айтып отырмын.

Атеистік заманда Ораз Құдай құдіретін Тәңір-табиғат тылсымы арқылы жол тауып жазды. Өйткені, кеңестік дәуір әдебиеттерінде Құдай туралы айтылмайтын. Қаламгер жаратқан иені жүрегімен сезіп, көз алдына елестетті.

70-ші жылдардың соңында Ораз бір күні көкбазардың төменгі жағындағы бұрынғы көне мұсылман мешітіне келіп, Райымбек әулие батыр жайында әңгіме қозғайды. Жолдың бойында қараусыз қалған әулие бейітін ашып, сүйегін кеңсайға жерлеу жөнінде ойын айтады. Атейстік заманның молдасы еш нәрсе дей алмай, үнсіз қалады. Ораздың ойы мен ұсынысы Құдайдың құлағына шалынған шығар, кейін басына құлпытас қойылып, кесене орнату жөнінде мәселе

көтеріледі. Жоғарыда айтылған «Батыр зиратының басында» атты эссесесінің жазылуына осы оқиға себеп болған.

Қаламгер 15 жылдан аса Қонаев өмірін зерттеп, үзбей жазып келеді. «Таңғажайып Қонаев» атты роман-эссесі 2012 жылы үшінші рет жарыққа шықты. Д.Қонаев туралы жазып жүргендер аз. Ораздың өзгелерден артықшылығы Димекен бойындағы таңғажайып қасиеттерді терең біліп, тылсым күш тұңғиығына батып, Құдай құдіретін сезіп, Димекен дарыған даналық пен кемеңгерліктің сырына үніледі. Кейіпкердің өмірбаяны мен еңбегін емес, оған дарыған тылсым күштің, Алла-Тағала берген кие қасиеттің жұмбағын шешуге тырысады. Бұл өте қиын және бұрын қазақ рухани әлемінде болмаған «қаламгерлік-даралық» десек артық болмас. Бәрінен бұрын жазушының Димекен рух болмысына байланысты жаңалық ашып жазғаны қайран қалдырады. Мысалы, оның «Димекен және Дін» деген эссе-зерттеу еңбегін оқыған адам кемеңгер бойындағы мұсылмандық рух пен исламдық құндылықты және ерекше адалдықты сезеді. Өйткені, Димекен бала кезінде дін тәрбиесін алып, Алла-Тағалаға деген ұғымды санасына сіңіріп өскен ғой. Мешітте молдадан дін дәрісін алған Димекен өмірбаянында әлі айтылмаған дінге байланысты шынайы деректі, дәйек-түсінікті және «оқиға-аянды» осы қаламгер сезіп, біліп, соңында жазып, ел-жұртты елең еткізді.

Мен өзім Димекен бойындағы дін рухын өзімен отырып, жеке әңгімелескенде, емен-жарқын сырласқанда сезгенмін және қайран қалғанмын. Димекеннің өзінің құран оқу қирағатын өз аузынан естігенде ішімнен толқып, жан-дүнием мен жүйке-жүйем босаған. Мен араб тілі маманы болғандықтан «құран-қирағатын» университетте оқып жүргенде-ақ бойыма сіңіргенмін. Белгілі қоғам қайраткері, арабист Лениншіл Рүстембековтың айтқан ақылы бойынша біз студенттер араб тілін «құран қирағаты» сарыны негізінде үйренген едік. Міне, сондықтан Димекен аузынан естіген Құран әуен сарыны менің жадымда әлі жаңғырып тұр. Қаламгердің Қонаев бойындағы қасиетті дін арқылы, тылсым күштер мен таңғажайып деректер арқылы суреттеуі жазушының өзіне тән ізденісі екенінде дау жоқ. Қазір, интернеттердегі діни сайттардың көбінде қаламгердің «Димекен және Дін» деген зерттеу еңбегі жиі оқылады. Біз осыған дейін Димекенді Мемлекет қайраткері,

академик, Еңбек Ері деп білсек, енді Ораздың зерттеуінен кейін кемеңгердің ислам әлеміндегі ұлы тұлға екеніне көзіміз жетеді. Қаламгердің жоғарыда айтқан «Таңғажайып Қонаев» атты кітабының ішінде 1979 жылы Нью-Йоркте орыс тілінде шыққан Құран кітабының суреті бар. Бұл кітапты Димекен Еуропа елдерінің біріне іссапарға барғанда өзі 25 долларға сатып алған екен. Орыс тіліндегі Құран кітабы Кеңестер одағы кезінде тек Д.Қонаевтың кітапханасында сақталғаны күмән тудырмайды. Димекен байланысты тұрмыстық әңгіме қазір қасиетті Құраннан басталатын болды.

1974 жылы Димекен «жүрек демікпесіне» шалдығады. Мәскеуде ота жасатуға дайындалады. Зайыбы Зухра Шәріпқызы Димекен үйіндегі әр жылдары шыққан оншақты Құранның біреуін аппақ шүберекке орап, дәрігеріне былай дейді: «Димашты Алла-Тағала қорғасын. Мына Құранды ауруханада жастығының астына қой» деп өтінеді. Дәрігер айтқаның қабыл алып, солай жасайды. Мәскеуге ұшақ алып кеткен Димекен елге аман-есен оралады. Бұл оқиғаны мысалға келтіріп отырғанымыздың себебі Димекен әйелінің де Құдайға құлшылық қылған діндар ана екенін еске алу болатын. Көзінің тірісінде Құран кітабын көп жинаған Зухра апа болатын. Қаламгердің «Димекеннің мұсылмангершілігі» атты алғашқы эссе-мақаласы 2007 жылы Халықаралық Халифа Алтай қорының сыйлығын алды.

Бұдан 7-8 жыл бұрын жазушы Көктөбеде болашақта бой көтеретін 20 мың адамдық мешітке Дінмұхамед Қонаевтың атын беру жөнінде мәселе көтерді. Өкініштісі, белгілі себептерге байланысты мешіт салынбайтын болды. Осы идея-ұсынысты қаперге алған Ораздың жазғандары бойынша Димекеннің мұсылмангершілігіне көзі жеткен белгілі азамат Дәулет Әбенев былтыр Д.Қонаев атында мешіт салу жөнінде бастама көтеріп, оны баспасөзде жариялады.

Қаламгердің «Таңғажайып Қонаев» кітабын өзім қызыға оқып шықтым. Тартымды әрі, қысқа-нұсқа жазылған роман-эссе оқырман іздеп жүріп оқитын шығармаға айналған екен. Міне, сондықтан бұл кітап араға уақыт салып, жарыққа шығып жатыр. Димекен байланысты өтетін барлық жиын, мәслихаттарда осы кітапқа сілтеме жасалады. Бұл шындық. Олай болса «Таңғажайып Қонаев» кітабын әлдеқашан

құндылыққа айналған, ерекше эссе жанрындағы шығарма деп айтуға болады. Қызықты оқиғалар мен деректер, қарапайым тілмен қысқа қайырылып, кейде нұсқа айтылып, Димекеңнің бекзат бейнесі, кемеңгерлік болмысы шынайы ашылады осы кітапта. Өмірдегі Димекең боямасыз, әсірелеусіз, артық кетіп асыра дәріптеусіз, сол бекзат қалпында көз алдында тұрады. Болмысы мен ақыл-ойы, тұлғасы мен кемеңгерлігі, қарапайымдылығы мен бекзаттығы, көрегендігі мен кемеңгерлігі үйлесіп, шығарма өзіне үйіріп әкетеді. Міне, сондықтан шығарма биыл Мемлекеттік сыйлыққа текке ұсынылмаса керек.

**Бахтияр СМАНОВ,**  
**академик, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,**  
**педагогика ғылымдарының докторы, профессор.**

27.05.2014 ж.

## МАЗМҰНЫ

КІТАПТЫҢ КІРІСПЕ ТАРАУЫ .....	3
ӨЗ ТӘУКЕ ЖӘНЕ ӨЛМЕРЕК ӨЛЕМІ .....	3
Бірінші тарау .....	23
БАТЫР БАБА БАСЫНДА .....	24
Екінші тарау .....	31
ЖАУЖҮРЕК ЖӨНІБЕК .....	31
Үшінші тарау .....	34
ҚҰТ ҚОНҒАН ҚҰРМАН .....	34
Төртінші тарау .....	40
БАЙ-БАБА .....	40
Бесінші тарау .....	43
ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ ИЕСІ – ҚАРАКІСІ .....	43
Алтыншы тарау .....	74
ҰЗАҚ БАТЫР .....	74
Жетінші тарау .....	132
МЕРГЕН – САЙЫПҚЫРАН .....	132

Сегізінші тарау .....	141
ӘУЕЛҰЛЫ ҚАШАҒАН .....	141
Тоғызыншы тарау .....	152
ЫСТАМБҰЛДА ОҚЫҒАН .....	152
Оныншы тарау .....	164
ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ ХАН ҚЫЗЫ ҚАЙҚЫ-АНА .	164
Он бірінші тарау .....	170
ӘЛМЕРЕКТЕН БАТА АЛҒАН РАЙЫМБЕК ...	170
Он екінші тарау .....	186
ҰЗАҚТЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ТӘМСІЛДЕРІ .....	186
Он үшінші тарау .....	191
ӘЛМЕРЕК ЖӘНЕ МҰҚАҒАЛИ ӘЛЕМІ .....	191
Он төртінші тарау .....	201
ДІНМҰХАМЕДТІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ .....	201
Он бесінші тарау .....	215
ӘУЛИЕ ТӘҢІР ТАҒЫНДА ОТЫР .....	215
Он алтыншы тарау .....	221
БІЛІМ МЕН ІЛІМ .....	221
Он жетінші тарау .....	227
ӘЛМЕРЕК ӘЛЕМІ НЕМЕСЕ ҚАЛАМҒЕР ЖАҚЫПБЕРДІ «БАНДЫНЫ» ҚАЛАЙ ЖАРЫҚҚА ШЫҒАРДЫ .....	227



**Ораз ҚАУҒАБАЙ**

---

**ӨЗ ТӘУКЕ  
ЖӘНЕ  
ӘЛМЕРЕК**

---

Редакторы **Марал ЖЕЛДІБАЙҚЫЗЫ**  
Қате түзеуші **Іңкәр ТОҚТАРХАНОВА**  
Беттеуші дизайнер **Ерлан БЕРДІБАЕВ**  
Тех. редактор **Мереке ЕСЕНҒҰЛОВА**

ISBN 978-601-03-0333-2



ИБ №195

Басуға 30.03.2016 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі «Times New Roman».  
Көлемі 13,0 шартты баспа табақ.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 195

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы



Ораз ҚАУҒАБАЙ – белгілі әлмеректанушы. 1952 жылы туған. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Шырғанақ ауылының түлегі. 1977 жылы Қазақ ұлттық университетін (КазГУ) бітірген. ҚР мәдениет қайраткері. "Түркістан – 1500" конкурсының лауреаты. Д.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясының Құрметті профессоры. "Алтын қалам" сыйлығының иегері. 1994 жылы "Невада – Семей" қозғалысы атынан БҰҰ-ға (Нью-Йорк) Петиция тапсырған жеті делегаттың бірі.